

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ: 81'42

Қолжазба құқығында

БАЯДИЛОВА-АЛТЫБАЕВА АЙНУРА БАКТЫГАЛИЕВНА

Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты

6D020500 - Филология

Философия (PhD) докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші
филол. ғылым. док., проф.
Тектіғұл Ж.О.

Шетелдік кеңесші
филол. ғылым. канд., доц.
Карабаев М.И.
(Ресей, Уфа,
Башқұрт мемлекеттік ун-ті)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	6
1 ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ	12
1.1 Тіл мен таңбалар жүйесінің өзара байланысы	12
1.2 Мәдениет – таңбалар жүйесі	28
1.3 Тіл мен мәдениет ұлттың рухани коды ретінде	35
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	46
2 ТІЛ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТАРАТУШЫ ТАҢБАЛАУ ҚҰРАЛЫ	47
2.1 Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастық	47
2.2 Руникалық жазу мен ру таңбаларының тарихи-салыстырмалы тілдік сипаты	62
2.3 Таңбалар мен жазулар мәдениетті танытудың заманауи құралы	101
Екінші бөлім бойынша тұжырым	131
ҚОРЫТЫНДЫ	133
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	138
ҚОСЫМШАЛАР	145

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы №1045 қаулысы);

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 Қаулысы;

ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.);

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала 2017 жылғы 12 сәуір.

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Таңба (знак, character, symbol) – есептеуіш техникасында қолданалатын алфавиттің жеке символы. Арифметикалық амалдар таңбасы (знак арифметической операций; arithmetic operation character) – арифметикалық амалдарды анықтайтын алфавит белгісі (әдетте, +, -, *, /). Таңба – әлеуметтік хабардың материалдық көрсеткіші.

Таңба түрлері

Белгі таңба – заттардың өз бойындағы, одан бөліп алуға болмайтын белгісі (дене қызуының көтерілуі – адам ауруының белгісі);

Сигнал таңба – өз бойынан тыс, шартты келісім бойынша жасалған таңба (мектепте соғылған қоңырау – сабақ басталуы мен аяқталуының белгісі);

Символ таңба – дерексіз бейнелі ұғымдарды бейнелейтін таңба.

Тілдік таңба – тілдік мағынаны білдіретін тілдің бірлігі (морфема, сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем), ол шындықтың объектілерін немесе құбылыстарын және олардың қатынастарын белгілеу немесе күрделі белгілердің құрамындағы тіл элементтері арасындағы қатынастарды белгілеу үшін қызмет етеді;

Мәдени таңба – белгілі-бір қоғамның немесе әлеуметтік топтың мәдени құндылықтарын, нормалары мен мақсат-мұраттарын құрайтын таңбалар жүйесі.

Аktуалданған таңба – «виртуалды таңбаға» қарама-қарсы сөйлеу элементі.

Виртуалдық таңба – ауқымы жағынан көмескі, мазмұны жағынан айқын мағына.

Идеографиялық белгі – идеографиялық жазуда қолданылатын шартты бейне немесе сурет.

Жазуға дейінгі белгілер – жазу пайда болғанға дейінгі ауызша жеткізілетін хабардың орнына немесе соған қосымша қолданылған түрлі заттардың символикалық мағыналары.

Архетип – (грек. ἀρχέτυπον – бастапқы бейне, түпнұсқа, үлгі) прототип, бұл бастапқы модель, адам тәжірибесінен қалыптасқан алғашқы болып қалыптасқан түр.

Ассоциация – (лат. associatio – бірігу, өзара байланыс) психикалық құбылыстардың өзара байланысы. Адам санасында оның біреуінің пайда болуы екіншісінің де ілесе туындауына әсер етеді.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары.

Тілдік код – деректерді өңдеуде және байланыс кезінде тілдерді бейнелеуге арналған қысқа әріптік немесе сандық кодтар.

Мәдени код – мәдениетті анықтауға көмектесетін белгілердің жиынтығы.

Тілдік-мәдени код – тілдік код пен мәдени кодтың бірлігі негізінде ұлттық рухани-материалдық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі.

Тілдік сана – бұл адамның сөйлеу әрекетінің механизмдерін «басқаратын» когнитивті сананың құрамдас бөлігі.

Ұлттық код – әрбір ұлттың басқалардан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары.

Таным – бұл субъектінің бар шындық туралы сенімді білім алуға бағытталған ақыл-ой қызметі.

Символ – (грек. σύμβολον – танымдық белгі, таңба, рәміз, пернелеу) суреткер сомдаған кермек туындының түпнегізін төркіндеттіретін аса мәнді өзектердің бірлігінен, тектестігінен туындайтын деректі бейне.

Жазу – адамның ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі.

Трансляция – (лат. translatio – беру) мағлұматты, ақпаратты тарату процессі.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тіл – белгілі бір қоғамның мәдениетін бейнелейтін және ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін басты құралдардың бірі.

Тілдік таңба – тек адамдар арасындағы ақпарат алмасудың құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір этностың, қауымдастықтың немесе қоғамның мәдени болмысын бейнелейтін маңызды символдық жүйе болып табылады. Ол халықтың тарихи жады мен дүниетанымын, дәстүрі мен рухани құндылықтарын өз бойына сіңірген мәдени кодтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қызметін атқарады. Сонымен бірге тілдік таңбалар қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, саяси өзгерістердің айқын көрсеткіші – индикаторы ретінде де танылады. Яғни тілдегі құрылымдық, семантикалық немесе прагматикалық өзгерістер белгілі бір кезеңдегі қоғамдық трансформациялармен, құндылық жүйесіндегі ауыс-түйістермен тығыз байланысты болып келеді.

Таңбалар белгілі бір мағына мен ақпаратты сақтай отырып, мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі болып саналады. Әрбір тілдік таңба қоғамның құндылықтарын, дүниетанымын және тарихи тәжірибесін бейнелейді. Кез келген қоғам дамыған сайын оның мәдениеті де өзгеріске ұшырайды, бұл ең алдымен тілде байқалады. Мәдени трансформация кезінде кейбір таңбалар жаңаша мәнге ие болады немесе бұрынғы мағынасын өзгертуі мүмкін. Тілдік таңбалар арқылы ұлттың мәдени ерекшеліктері ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

Қазіргі әлемде жаһандану мен мәдени алмасу процестері көптеген тілдік таңбалардың өзгеруіне себепші болып отыр. Тілдік таңбалар – мәдениеттің өзгеруін бейнелейтін негізгі элементтер. Олар қоғамның тарихи, әлеуметтік және мәдени процестерін көрсету арқылы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қамтамасыз етеді. Тілдің таңбалық жүйесін зерттеу арқылы мәдени трансформацияның ерекшеліктерін, халықтың дүниетанымындағы өзгерістерді анықтауға болады.

Сонымен қатар, жастар арасында ұлттық рәміздерді, ру таңбаларын киімдерде, тұрмыстық бұйымдарда қолдану үрдісі ұлттық сананың жаңғыруын көрсетеді. Осы зерттеу жұмысы көне түркі жазуынан бастап, рулық таңбаларға дейінгі таңбалық жүйелердің эволюциясын, олардың мәдениетті танытудағы заманауи рөлін және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы маңызын лингвистикалық тұрғыдан қарастырады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі жаһандану және мәдени өзара ықпалдасу жағдайында тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды сақтау, өзгерту және тарату жүйесі ретінде маңызды рөл атқарады. Тілдік таңбалар мәдениеттің құрылымын қалыптастырып, оның өзгерістерін бейнелейтін басты көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан тілдің таңбалық сипатын зерттеу мәдени трансформация үдерісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда технологиялық даму, ақпарат алмасудың қарқынды жүруі және түрлі мәдениеттердің өзара әсері тілдің жаңа таңбалық құрылымдарының қалыптасуына ықпал етуде. Бұл процесс тілдік бірліктердің мағыналық

өзгерістеріне, кейбір дәстүрлі таңбалардың ұмытылуына немесе жаңа мәнге ие болуына әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің мәдениетті трансформациялаудағы таңбалық сипатын зерттеу ұлттық болмысты, дүниетанымдық ерекшеліктерді сақтау және жаңарту мәселелерін қарастыру үшін маңызды.

Қазақ тілінің таңбалық жүйесіндегі өзгерістерді зерттеу қазіргі қазақ қоғамының мәдени динамикасын түсінуге, ұлттық құндылықтардың көрінісін айқындауға және олардың заманауи жағдайдағы трансформациясын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері тіл білімінің, мәдениеттану мен семиотиканың өзара байланысын тереңірек қарастыруға үлес қосады.

Осыған байланысты тілдің мәдениетті трансформациялаудағы таңбалық сипатын зерттеу өзекті болып табылады, себебі бұл мәселе тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін жаңа қырынан қарастырып, ұлттық және жаһандық деңгейдегі мәдени өзгерістерді түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жаһанданудың осындай шарықтау кезеңінің нақты мысалы ретінде еліміздің латын әліпбиіне көшу идеясы мен жаңа «Ұлттық сезім» бастамасын атап өтуге болады. Аталған жаңа үрдістердің түпкі мақсаты – атадан балаға мирас болып қалған, бүгінгі күні бірте-бірте ұмытылып бара жатқан киелі, қасиетті түсініктерді тілдік санада рухани жаңғырту. Қазақ мәдениетіндегі рулық таңбалар мен көне түркі жазулары арасындағы байланысты, олардың таңбалық жүйедегі орны мен қызметін кеңінен талдау, сондай-ақ «Ұлттық сезім» бастамасы негізінде өткізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қазіргі жастардың ұлттық символикаға деген көзқарасы мен оны қолдану ерекшеліктерін қарастыру диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеудің басты мақсаты – тілдің таңбалық жүйесі арқылы мәдениеттің трансформациялану заңдылықтарын анықтау, тілдік таңбалардың әлеуметтік-мәдени өзгерістерді бейнелеудегі рөлін айқындау және олардың мағыналық динамикасын талдау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- тіл мен мәдениетті ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі ретінде қарастыру;
- зерттеу тақырыбына сәйкес трансляция, мәдени құрал, тілдік код-мәдени код-ұлттық код секілді негізгі түсініктерге сипаттама беру;
- тілдік таңбалардың мәдениетпен өзара байланысын, олардың тарихи дамуын және қазіргі заманғы өзгерістерге бейімделуін зерттеу;
- көне түркі жазуы мен руникалық таңбалар сабақтастығын ұлттық рухани (тілдік) және материалдық мәдениет үлгілері – ру таңбалары негізінде лингвистикалық тұрғыдан сипаттай отырып, олардың (рулық таңбалар) ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тілдік-мәдени код екендігін дәйектеу, қазақ тіліндегі таңбалардың мәдени өзгерістерге қалай ықпал ететіні мен олардың ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін қарастыру;

- таңбалар – мәдениетті танытудың заманауи құралы екендігін «Ұлттық сезім» бастамасы аясында өткізілген эксперимент нәтижелері арқылы талдау.

Диссертацияның зерттеу нысаны – қазақ халқының рулық таңбалары, көне түркі жазуы және тілдік таңбалардың мәдени трансформация үдерісіндегі рөлі мен қызметі.

Зерттеу пәні. Тілдің таңбалық жүйесі – мәдениетті трансляциялау құралы.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын таңбалық жүйе арқылы қарастырумен анықталады. Тілдің таңбалық сипаты ұлттық мәдени кодты қалыптастырушы жүйе ретінде сипатталып, көне түркі жазуы мен рулық таңбалардың мәдениетпен байланысы алғаш рет лингвистикалық тұрғыда кешенді зерттелді. Жұмыс нәтижелері семиотика, этнолингвистика және лингвомәдениеттану ғылымдарының теориялық негіздерін толықтыра түседі.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі төмендегідей еңбектерге сүйене отырып жазылды: семиотикаға арналған шетел ғалымдарының еңбектері (Фердинанд де Соссюр, Ч.С.Пирс, Р.Барт, Ю.Лотман, У.Эко, Э.Сепир, Ч.У.Моррис, А.А. Мустафин, Д.Попова, О.Ақсәткәлі, З.Самашев, Н.Базылхан, С.Самашев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, А.Сейдімбек, А.Вежбицкая, О.Р.Аверина, Н.М.Байков, Э.Кассирер, О.Р.Аверина, Б.Н. Майков, Н.Т. Кремлёв, Ю.П.Тен, Л.А.Уайт, А.Ф. Лосев, М.Фуко, Ч.У. Моррис, Д.Гарсия), тіл және мәдениеттің ара қатынасы туралы (Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Б.Базылхан, А.С.Кармин, Е.С.Новикова, Ж.Манкеева, Ф.Оразбаева, А.Салқынбай, Р.Авакова, И.П.Сусов, Г.Қ.Камешева, А.Айталы, С.Темирбеков, Д.Эверетт, Ф.Бродель, В.С.Степин, А.Н.Дубровский, В.М.Межуев, А.П.Садохин, Дэцидэма, С.В.Будаева, С.Г.Тер-Минасова, В.А.Маслова, А.А.Волков, Д.Гарсия, С.Темирбеков, В.В.Красных, В.Н.Телия, Н.Уәли, М.Арын), тілдік және мәдени код туралы (А.А.Биевич, Н.Лав, Ф.Н.Гукетлова, Т.В.Цивьян, Н.И.Толстой, С.М.Толстая, М.Л.Ковшова, М.В.Пименова, Р.Барт, А.П.Мынбаева, А.Б.Кудасбекова, В.Н.Телия, О.О.Селванова), жазу тарихына қатысты зерттеулер (А.Сейдімбек, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, С.Аманжолов, А.Аманжолов, О.Сүлейменов, Сартқожаұлы, М.Ескеева), қазақ ру таңбаларының жүйесі, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, руникалық жазулар және ұлттық мәдени кодтың қалыптасуы мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген отандық ғалымдар (Н.А.Аристов, М.Кашқари, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Тынышбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, А.Аманжолов, О.Қожанұлы, Е.Қажыбек, С.Жанғабылов, Т.Омарбеков, А.Мектептегі, Ш.Сейітханұлы, С.Самашев, О.Сүлейменов, Қ.Сартқожаұлы, М.Ескеева, А.Д.Мусаев, В.С.Ольховский, А.Е.Алимбаев, С.Қасиманов, Ә.Марғұлан, В.В.Востров, М.С.Мұқанов, В.З. Тулумбаев.), киімдегі жазу (Ю.Н.Караулов, Ф.Котлер, М.Н.Михайлова, А.А. Васильев, О.Е.Ионова, А.Е. Евремова).

Зерттеудің дереккөздері. Зерттеудің дереккөздері тілдік таңбалардың мәдени трансформация үдерісіндегі рөлін талдауға мүмкіндік беретін теориялық

материалдардан тұрады. Лингвистика, семиотика, мәдениеттану бойынша ғылыми еңбектер, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, тілдік таңбалардың қызметі, мәдени трансформация үдерістері туралы зерттеулер, қазақ және әлемдік ғалымдардың тілдік таңба мен мәдени таңба, код мәселелеріне қатысты Ф. де Соссюр, Ч. Пирс, Ю. Лотман, В.Н. Телия, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Хайдар, Ж. Манкеева, Н.Уәли, көне түркі жазба ескерткіштері мен рулық таңбаларға байланысты М. Тынышбаев, С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, А.Аманжолов, О. Сүлейменов, А. Сейдімбек, Қ. Сартқожаұлы, А. Мектеп-тегі, С.Қондыбай, М.Ескеева және т.б. ғалымдардың еңбектері, тарихи мәтіндер, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, «Ұлттық сезім» бастамасы негізінде өткізілген сауалнама материалдары, ұлттық рәміздер мен ру таңбалары бейнеленген киімдердің, тұрмыстық бұйымдардың суреттері.

Зерттеу әдістері. Жұмыста алынған мәліметтерді түсіндіруге, оларды жүйелеуге бағытталған бақылау, сипаттау, талдау, салыстыру және салғастыру секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Тілдің мәдени эволюциясындағы таңбалар (руникалық таңбалар, рулық таңбалар, символдар, жазу) – мәдениетті дамытудың құралы әрі тілдік-мәдени кодтың негізінде ұлттық кодты қалыптастырушы. Бұл зерттеу тіл мен таңбалар жүйесінің өзара байланысын және олардың ұлттық мәдениеттегі орнын жаңаша қырынан қарастырады. Ғылыми жаңалығы төмендегі аспектілермен сипатталады:

1. Көне түркі жазуы мен рулық таңбалар арасындағы байланыс алғаш рет кешенді лингвистикалық тұрғыда зерттелді. Бұған дейінгі зерттеулер тарихи және мәдени аспектілерге басымдық берсе, бұл жұмыс таңбалардың тілдік құрылымын, олардың жүйелілігі мен рөлін талдауға бағытталған.

2. Таңбалардың ұлттық сәйкестілік қалыптастырудағы рөліне жаңа көзқарас ұсынылды. Қазақ жастарының рулық таңбаларды киімдерінде, тұрмыстық заттарында қолдануы мәдени жаңғырудың белгісі ретінде қарастырылып, бұл үрдістің семиотикалық маңызы анықталды.

3. Қазақ рулық таңбаларының тілдік таңбалармен ұқсастығы анықталды. Ру таңбаларының дыбыстық-мағыналық сәйкестіктерін, олардың түркілік руникалық жазумен сабақтастығын айқындайтын жаңа теориялық тұжырымдар жасалды.

4. Этнолингвистикалық тұрғыдан таңбалар мен жазулардың ұлттық мәдениетті сақтаудағы қызметі сарапталды. Бұған дейін таңбалар негізінен тарихи және этнографиялық аспектіде қарастырылған болса, бұл зерттеуде олардың тілдік және мәдени коммуникациядағы қызметі тереңдетілген талдауға түсті.

5. Көне түркі жазуы мен руникалық таңбалар сабақтастығы ұлттық рухани (тілдік) және материалдық мәдениет үлгілері (ру таңбалары, қолөнер, ою-өрнек) арқылы сипатталып, таңбалар мәдениетті танытудың заманауи құралы екендігі «Ұлттық сезім» бастамасы аясында өткізілген эксперимент нәтижелері негізінде талданды. Жүргізілген сауалнама қорытындылары қазіргі киімдердегі жазу үлгілерінің тарихи рухани құндылығымыздың трансляциялануына орай жаңаша

форматқа ие болып, тілдік-мәдени кодымызды анықтаушы, өзін-өзі танып бағалаушы, ұлттық болмысымызды өзгеге танытушы құрал қызметінде жұмсалатындығы дәлелденді. Бұл зерттеудің нәтижелері тіл білімі, этнография және мәдениеттану салаларында таңбалардың рөліне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Ғылыми жұмыстың практикалық мәні. Зерттеу жұмысында алынатын нәтижелердің маңыздылығы мен қажеттілігі қолданбалы сипатында. Зерттеу нәтижелерін әлемді қабылдаудың аксиологиялық және когнитивтік моделі, тіл мен мәдениеттің арасындағы тілдік-мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау мақсатында, зерттеулердің кешенді әдістемесін (лингвистикалық, танымдық лингвистикалық) жасауда, тілдік-мәдени кодтың ұлттық кодты қалыптастырудағы қызметін зерттеуде пайдаланады.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, қағидалары мен қорытындылары лингвистикалық циклды қамтитын «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Мәдениетаралық коммуникация», «Мәдени қатысымның теориясы мен тәжірибесі» бұл бағыттағы тұжырымдар мен теориялық негіздер оқу пәндерінің мазмұнын жаңғыртуда, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, қазіргі заманғы мәдениетаралық коммуникация үдерістерін зерттейтін арнаулы курстарды құрастыру, жетілдіру және жаңарту барысында тиімді қолданылуы мүмкін. Мұндай курстар білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға, әртүрлі мәдени ортада еркін бағдар табуға, тіл мен мәдениет арасындағы тығыз байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар заманауи жаһандық үрдістерге бейімделген білім беру мазмұнын жасауда маңызды рөл атқарады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Тіл – мәдениетті таратудың ең маңызды құралы, рухани байлықты трансляциялаушы, яғни тілдік таңбалар жүйесінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің басты құралы;

2. Тіл мен мәдениет – ақпараттық-семиотикалық таңбалар. Тіл – қоғамда қарым-қатынас пен танымдық қызмет құралы ғана емес, ұғым мен тілдің, мәдениеттің жиынтығынан құралған, қоршаған әлем жайында жан-жақты мәлімет беретін ұлттық мәдени код пен мәдени ақпараттар көзі;

3. Тілдік код пен мәдени код – тарихи өзара сабақтас, ортақ мақсатқа бағытталған куммулятивті құбылыс;

4. Қазіргі қазақ қоғамында таңбалардың қайта жаңғыруы – ұлттық сана мен мәдени жаңғырудың бір көрінісі және қазіргі заманғы әлеуметтік-коммуникативтік мәдениеттің трансляторы.

Зерттеудің апробациясы

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Филология факультетінің Қазақ филологиясы кафедрасы (докторанттарға арналған «Ғылыми танымдық жұма»

(2021 ж.), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлесе ұйымдастырған «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинар (2022 ж.).

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. «Language is a Symbol System that carries Culture» // International Journal of Society, Culture & Language. P.1-12, <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.562756.2781>
Процентиль - 86%, Q1

2. «Language symbols for conveying culture», Xlinguae - Q1, Volume 16 Issue 1, January 2023, Процентиль - 87%, Q1, DOI: 10.18355/XL.2023.16.01.08, Қосалқы авторлар: Zh Tektigul, S. Sadykova, A. Trusheva, A. Orazova.

3. «Phytonyms of the Kazakh steppe reflecting the culture and sacred awareness» Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(2) (2023) 142-150, Процентиль - 85%, Q1, <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.902012>; Қосалқы авторлар: Sadirova K. K., Tektigul Zh. O., Abdirova Sh. G., Islamgaliyeva V. Zh., Zhazykova R. B., Sydyk P. S.

Қр ҒЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:

1. Тіл мәдени құндылықтарды тасымалдаушы құрал ретінде // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал. №7/2, 2019, 312-317 б.

2. The influence of interlingual links on the lexico-grammatical structure of Turkic languages // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал. №9/2, 2019, 358-361 б.

3. Жаһанданудың тіл мен мәдениетке ықпалы // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал. №12, 2020, 825-829 б.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Тіл мәдениетті трансляциялау құралы // «Қазақстандағы көптілдік білім берудің өзекті мәселері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Ақтөбе, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 24 сәуір, 2019 жыл;

2. Language as a means of delivering the cultural values // Материалы XVII Международной научно-практической интернет-конференции «Проблемы и перспективы развития современной науки в странах Европы и Азии», Украина, Переяслав-Хмельницкий, Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды, 30 июня, 2019 г.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі: Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалар мен қосымшалардан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 161 бетті құрайды.

1 ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

1.1 Тіл мен таңбалар жүйесінің өзара байланысы

Әлем халықтарының тарихына зер салсақ, көптеген мемлекеттер мен ұлттардың ғылым жолындағы алғашқы қадамдарын тіл мәселесін зерттеуден бастағанын байқауға болады. Себебі тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани өзегі, мәдениетінің айнасы әрі ғылыми танымның бастау көзі. Осы тұрғыдан алғанда, тіл саясатының мәні мен маңызы – оның күнделікті өмірде, түрлі әлеуметтік-мәдени салаларда қалай қолданылатынына тікелей байланысты.

Тілдің өміршеңдігі мен қолданыс аясы оның қаншалықты зерттеліп жатқандығымен және қоғамдағы қызметтік рөлінің ауқымдылығымен өлшенеді. Тіл – қоғам дамуының объективті көрінісі, ол бүкіл халыққа ортақ құндылық ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар тіл арқылы адамдар айналадағы шындықты, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, ішкі жан дүниесін, мәдени таным мен дүниетанымдық көзқарастарын жеткізе алады. Осылайша, тіл тек лингвистикалық зерттеу нысаны ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ғылымдардың тоғысқан тұсы болып табылады. Оның қолданылу аясы мен мазмұны – ұлттың даму деңгейі мен мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерінің айқын көрінісі.

Коммуникацияның ең маңызды құралы – тіл, яғни мәдениетті жеткізетін таңбалық жүйе. Бүкіл әлемдік энциклопедиялық сөздікте «тіл» ұғымына мынадай сипаттама берілген: «Тіл – адамдардың әлеуметтік топтың мүшелері ретінде және сол топтың мәдени құндылықтарын жасаушылар ретінде бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін ауызша немесе жазбаша таңбалар жүйесі. Адамнан басқа ешбір жануар айқай-шуын шартты белгілерге айналдырып, оларды таңбалар жүйесіне, яғни тілге айналдыра алған жоқ» [1].

Тіл қоғам өмірімен байланысты. Сондықтан жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау В.фон Гумбольдт, И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир-Уорф, А.Потебня т.б. ғалымдардың есімдерімен байланыстырылады.

Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Р.Сыздықова, А.Жапбаров, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, А.Ысқақов, Н.Уәлиев, Р.Әміров, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады. Тілді жан-жақты зерттеп, оның таңбалық сипатына алғаш қызығушылық танытқан А.Байтұрсынұлы болса, Қ.Жұбанов сол жұмысты жалғастырып, тереңірек ұғынып, зерделеген.

XX ғасыр басындағы тілді философиялық тұрғыдан зерттеуге бағытталған еңбектер жаңа танымдарға жол ашты. Бұған тілдің таңбалық табиғаты мен оның әмбебап қызметін тереңірек зерттеуге түрткі болған бірнеше маңызды себептер ықпал етті. Ең алдымен, тілдің адамның ойлау жүйесінің басты құралы екендігі. Ол арқылы адам өз ойын қалыптастырып қана қоймай, оны нақты түрде білдіре алады, әрі тілдің логикалық құрылымымен үйлесімді түрде қолданылуы таным процесінің анықтығын қамтамасыз етеді. Мұндай ұстаным логикалық

позитивизм бағытын ұстанатын философтар мен ғалымдардың көзқарасына сай келеді. Олар тілді логикалық дәлдіктің құралы ретінде қараса, оның құрылымдық жағынан анық әрі жүйелі болып келуін танымды түсіндірудің кілті ретінде санайды. Екінші жағынан, тіл тек қана ішкі ойды жеткізуші құрал ғана емес, сонымен қатар ол адам санасынан тыс, яғни трансценденталды болмысты да қамтитын күрделі феномен ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда тіл — жеке тұлғаның шеңберінен шығып, кең мағынада мәдени, әлеуметтік және онтологиялық деңгейде қызмет ететін жүйе. Ол — адам мен әлем арасындағы көпір іспетті, яғни ой мен болмысты байланыстырушы құрал.

Осы екі көзқарас — тілдің когнитивтік (оймен байланысты) және метафизикалық (ойдан тыс болмыспен байланысты) қырлары — тілдің таңбалық табиғатын және оның қоғамдағы, ғылымдағы, мәдениеттегі рөлін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Тіл — адамның ойы мен дүниетанымын білдіретін, қоғамда қатынас жасауға мүмкіндік беретін күрделі таңбалық жүйе. Тілдің негізгі бірліктері — сөздер мен сөйлемдер, ал бұлар өз кезегінде таңба ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл — таңбалар жүйесінің бір формасы, ал таңба — тілдің іргетасы болып табылады.

Таңба — белгілі бір ұғым мен мағынаны білдіретін материалды не рухани белгі. Тілдік таңбалар — дыбыстық немесе графикалық бейнелер арқылы ұғымды, ойды білдіретін құрал. Швейцариялық ғалым Фердинанд де Соссюр тілдік таңбаны екіжақты құрылым ретінде қарастырады: таңбалаушы (дыбыстық не графикалық форма) және таңбаланушы (мағына, ұғым). Осы модель тіл мен таңбалар жүйесінің ажырамас байланысын көрсетеді.

Семиотика ғылымында тіл ең күрделі таңбалық жүйе ретінде қарастырылады, себебі ол тек ақпаратты беріп қана қоймай, сол ақпараттың мағынасына, мәдени мазмұнына, контекстіне де ықпал етеді. Мысалы, бір сөздің немесе таңбаның мағынасы әртүрлі мәдени ортада әрқалай қабылдануы мүмкін. Бұл тілдің таңбалық сипатының көпқырлылығы мен мағынаның тұрақсыз, әрі контекстке тәуелді екенін дәлелдейді.

Сондықтан тіл мен таңбалар жүйесінің байланысы — тіл білімінде, семиотикада және мәдениеттануда аса маңызды мәселе. Тіл — тек таңбалардың механикалық жиынтығы ғана емес, ол — мағына тудыратын, мәдени контексте жұмыс істейтін динамикалық жүйе.

Тіл — дыбыс пен мағына бірлігінен тұратын таңбалар жүйесі. Тіл лингвистиканың нысаны болса, ал таңбаларды арнайы семиотика (кейде семиология) ғылымы зерттейді. Бұл терминді алғаш тіл біліміне енгізген швейцар ғалымы — Фердинанд де Соссюр. Семиотика XX ғасырдың 30-жылдарында дербес ілім ретінде қалыптасты. Мұның дербес ғылым ретінде қалыптасуына антикалық және ортағасыр ойшылдарының, сонымен қатар XIX ғасыр тілші ғалымдарының еңбектері айрықша. Оны хронологиялық тәртіпте атап өтетін болсақ, Аристотель, Демокрит, Дж.Локк, Ч.Сандерс, Ч.Моррис, В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Б. де Куртэне, Л.Ельмслев, Э.Кассирер, Р.О.Якобсон, К.Бюлер, Я. фон Юкскюлл, Т.Себеок, Р.Барт, У.Эко,

Ю.С.Степанов. Осылайша, дамып қалыптасқан семиотика ғылымы кейіннен зерттеушілер тарапынан кеңінен қарастырыла бастады. Мысалы, Ч.У.Моррис семиотиканың үш аспектісін ерекше атап көрсетті: семантика, синтактика және прагматика [2]. Мұнда семантика немесе семантикалық қарым-қатынас таңбаның білдіретін мағынасын, синтактика немесе синтаксистік қарым-қатынас таңбаның қарым-қатынасқа түсу негізін, прагматика немесе прагматикалық қарым-қатынас таңба мен таңбаны қолданушы арасындағы байланысты қарастырады.

Ф. Де Соссюр тілдің таңбалар жүйесінен тұратындығын, оның материалды және идеялық жағы бар екендігін атап көрсетеді: алғашқысы – таңбалаушы, соңғысы – таңбаланушы. Тілдік таңба құрылымы екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: таңбалаушы және таңбаланушы. Таңбалаушы – тілдік таңбаның сыртқы жағы, яғни дыбыстардың белгілі бір жүйеде тіркесуі арқылы жасалған дыбыстық кешен немесе сөздің естілетін/айтылатын формасы. Ал таңбаланушы – ішкі мағынасы, яғни осы дыбыстық форма арқылы санада бейнеленетін ұғым немесе мазмұн.

Ф. Де Соссюр бұл екі компоненттің бірлігін тілдік таңбаның іргетасы ретінде қарастырған. Ол таңбалаушы мен таңбаланушыны ешқашан бір-бірінен бөлек қарауға болмайтынын атап көрсетеді, себебі екеуі өзара тығыз байланыста, бір-бірін толықтыратын екі қыр ретінде қызмет атқарады. Бірі болмаса, екіншісі өз мағынасын жоғалтады: дыбыстық тіркес ұғымды білдірмесе, ал ұғымның өзі дыбыстық нысанда бейнеленбесе, коммуникация жүзеге аспайды. Осылайша, Ф.Де Соссюрдің көзқарасы бойынша, тіл – бұл таңбалар жүйесі, ал әрбір таңба – мән мен дыбыстың, яғни таңбалаушы мен таңбаланушының ажырамас бірлігі болып табылады. Бұл көзқарас қазіргі құрылымдық лингвистиканың, семиотиканың және жалпы тілтанымның теориялық негізін қалыптастырған. Ф.Де Соссюр өзінің тіл теориясын ұсына отырып, осы ілімнің негізгі ережелерін анықтайды [3].

Шын мәнінде, кейінгі кезеңдерде таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы байланыс бөлінбес біртұтас емес екендігі, бұл пікірдің қайшылықты сипаты туралы айтылып жүр. Бұл қатынастың біржақты әрі шартты ғана екендігін Л.Т.Ельмслев те атап өткен: «Бұл таңбалаушы мен таңбалаушының арасындағы сызықтықтағы қарым-қатынасы толықтай шартты, уәжсіз және мәні бойынша маңызсыз болып шығады» [4, с. 264].

Америкалық философ және логик Чарльз Пирс семиотика ғылымының негізін қалаушы ретінде белгілі. Ол таңбаны анықтай келе: «Кез келген ой – бұл таңба және кез келген белгі – бұл ой», – деген тұжырым жасайды [5].

Неміс ғалымы Готлоб Фреге таңбаның және оның өзі белгіленген объектіге қатынасына байланысты «денотат (Bedeutung) өрнегі мен оның мағынасы (Sinn) арасында айырмашылық болады. Денотат (референт) – бұл таңба қолданылатын заттың немесе құбылыстың өзі», – деп көрсетеді [6]. Таңба мен оның объектісінің байланысы туралы бұл да құнды пікір деп білеміз.

Қазіргі таңда таңба ұғымы тек тіл білімі саласында ғана емес, сонымен қатар философия мен мәдениеттануда да маңызды ұғымдардың біріне айналды.

Таңбалық немесе символдық қызмет – тек адамзатқа ғана тән қасиет. Жануарлар өміріндегі дыбыстық немесе мінез-құлықтық сигналдар эволюциялық дамудың нәтижесінде пайда болып, тұқым қуалау арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ал адам өзіне тән ерекше таңбалар жасап, оларды өзі меңгереді, мұндай ақпарат тұқым арқылы берілмейді. Таңбалар – адамзат мәдениетінің өмір сүру формасы мен болмыс көрінісі.

Тілдің таңбалық қасиетіне тоқталмас бұрын, жалпы таңба мен белгі туралы кеңірек түсінік беру қажет. Мұнда «белгі-таңба» тіркесінің қатар қолданылуы қазақ тілінің қосарлану үрдісінің нәтижесі емес. Бұл – тілдік контексте белгі мен таңбаның ара жігін нақты ажыратудың күрделілігінен туындайды. Өйткені тіл туралы зерттеулерде оның таңбалық табиғаты айтылғанымен, кей кездері белгі мен таңба ұғымдары синоним ретінде қолданылып жатады. Бірақ көптеген филологиялық, философиялық, мәдениеттану саласындағы оқулықтар, анықтама-сөздіктер мен мақалаларда ғалым-зерттеушілер «тілді таңбалар жүйесі» ретінде анықтайды.

«Таңба» ұғымы ежелгі жазбалар мәтінінің ең көне құрамдас бөлігі ретінде өз бастауын түркі тайпаларының қалыптасуына дейінгі ежелгі дәуірлерден алатыны белгілі. «Бұл термин XIII–XV ғасырларда Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс, Кавказ жерлерінде кеңінен таралып, көне атауы сақтала отырып, «ханның мөрі қойылған құжат» немесе «салық» дегенді білдіретін жаңа мәнге ие болған. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «тамға» (тамға, тамқа) деген терминдер қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың үндестік заңына сәйкес түрленіп, «м» дыбысы «ң»-ға, «ғ» дыбысы «б»-ға ауысып, «таңба» атауы қалыптасқан. Қырғыз тілінде «там» – «*тұтану*», «*от алу*». Қазақ тілінде де «там» – «тұтан», «жан» етістіктеріне синонимдес болып келеді. «Отты тұтату, жағумен байланысты қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «тамыз», «тамызу», «тамызық» сияқты сөздердің де түбірі *там* екендігі рас» [7]. Ал А.Мектептегі «таңба» сөзін «таңылған ақпарат» деген мағынамен байланыстырады [8].

Мұндай «таңба/тамға» сөзінің шығу төркініне байланысты пайымдауларды қазақ тіліндегі «Сексеуіл оты тамғанша, сексендегі шал өлер. Тамуына таз өлер, қызуына қыз өлер» қолданысы нақтылай түседі.

«Тамға» (таңба) сөзі бастапқыда ірі қара малдың, әсіресе жылқының сауырын күйдіріп басатын белгі деген мағына берген. Осыдан бұл сөздің түпкі негізі «там» екені байқалады, ал *-ға* жұрнағы аталған етістік түбірге жалғанып, есім сөз жасаған. Мұндағы *-қа*, *-ға* жұрнақтары (мысалы, тұтқа, жаңқа т.б.) өнімді жұрнақтардың қатарына жатады.

Ал «таңба» сөзінің шығу тегін анықтау үшін түркі тілдеріндегі деректер мен ғылыми зерттеулерге сүйенудің маңызы зор, өйткені «таңба» сөзі түркі халықтарының көпшілігіне ортақ. Мысалы, татар, қырғыз, башқұрт, өзбек, моңғол, түрік, түрікмен, Қырым татарлары тілдерінде – «тамға»; әзірбайжан тілінде – «дамға»; қазақ, қарақалпақ тілдерінде – «таңба», М.Қашқарида «тамдур» сөзінің түбірі «күйдіру» мағынасында кездеседі [9]. «Таңба» ұғымының осы аталған барлық тілдерге ортақ үш мағынасы бар: ен, мөр және белгі. О.Акчокраклы әзірбайжан тілінен «*damla*» – тамшы, «*tammak*» –

тамшылау, «*tamur*» – тамыр, «*tamgızmak*» – тамшылату сөздерін мысалға келтіре отырып, ол «*dağ* (даг)» түбірі «ыстық темірмен күйдіру» деген мағынаны білдіретін «*dağlamak* (дагламак)» сөзінен шыққанын атап өтеді. Сонымен қатар ол «дамга» сөзін «там» ұғымымен байланыстырып, оны «даглама» сөзімен сабақтастырады [10]. Ал А.Титце «*damga* (дамга) сөзін жануарға ыстық темірмен басылатын белгі» ретінде түсіндіреді [11].

Отандық ғалым Н. Базылхан ежелгі түркілер өз таңбаларын «*tamu'a*» деп атағанын айта отырып, бұл сөздің екі мағынада қолданылғанын көрсетеді: біріншіден, ол – ру мен тайпалардың таңбасы немесе белгісі; екіншіден, қағанның алтын мөрі, яғни билік нышаны ретінде қолданылған таңба.

«Аталмыш сөздің түп-төркіні **tap-* // * *tab* – (бірдеңенің ізі, қалдығы, із қалдыру – «таптау, табы, табандау») және *tam* – (тамызу, күйдіру, белгі-ен басу) дегенді білдірсе, *tam+ya* > *tamyan* (*tamya+n* / *tamya+čī* – мағынасы: мөр жасаушы, мөр таңба сақтаушы) > *taŋba* («таңба, таңбалау») деген бағытта дамып өрбіген, ал көне моңғол тілінде «*taba*» – тав (табы, ізі), «*tamaŋa*» – тамага, тамга (таңба) қалпында сақталған» [12]. Ал отандық түсіндірме сөздіктерде «таңба» сөзіне «дақ, белгі, ен, мөр» деген мағыналар берілген [13]. Сондай-ақ тілтанушылар «таңба», «тамға», «дамға» сөздерінің түрлі нұсқада кездесетінін метатеза құбылысымен байланыстырады [14]. Соған сәйкес Б.Базылхан «дыбыстардың өзгеруі мен өзара ауысуы нәтижесінде «м» мен «н» (ŋ), сондай-ақ «ғ» мен «б» дыбыстарының бірінің орнына бірі қолданылуына көне моңғол тілінен «тамақ-а», «тамақалағу», «тамақату» сөздерін мысалға келтіре отырып, олардың қазақ тілінде «таңба», «таңбалау», «таңбалы» түрінде көрініс тапқанын атап өтеді [15].

«Таңба» сөзінің термин ретінде қалыптасу кезеңдерін М.Қожанұлы төмендегідей төрт кезенге бөліп көрсетеді:

1. *Belgü* атауы б.з. VII-VIII ғғ. бастап қолданыста болған;
2. *Tuŋraŋ* атауы б.з. VII-VIII ғғ. қолданылған;
3. *Tamŋa* атауы б.з. V-VII ғасырлардан бері пайдаланылған;
4. *Mühür/möör/mör* атауы XIV ғасырдан бері тарихи деректерде белгіленіп, бізге жеткендігін айтады. Бұл төрт атаудың таралымы шамамен шығысы Хянган жотасынан, батысы Жерорта теңізі, Еуропаға дейінгі кеңістікте өмір сүрген түркі-моңғол халықтары арасында қолданылып келген [16].

Алтын Орда дәуірінде бұл термин Орталық Азия, Шығыс Еуропа, Таяу және Орта Шығыс елдері мен Кавказ аймағында таралып, «қағанның алтын мөр белгісі», «ақшалай салық» деген секілді мағыналармен толыққан. Бұған қосымша «Майқының таңбасы», «Нұра таңба» деген тіркестер де қалыптасқан.

Соның ішінде ру мен тайпалардың таңбасы немесе белгісі болып табылатын рулық таңбалар ғалымдар арасында жартасқа салынған суреттердің (петроглифтерден) ең ежелгі үлгілері ретінде қарастырылады.

Қазақтар арасындағы туыстық қатынастағы қауымдастықтар «ру» деп аталып, оның құрамындағы кіші бірліктер «тайпа» деп танылатыны белгілі. Н.А.Аристовтың пайымдауынша, ру мен тайпалардан бөлініп шыққан әр тармақ

және олардың бірлестігі «ұрық» деп аталады. Жалпы алғанда, қазақ халқы бірнеше ірі тайпаларға бөлініп, олардан кіші рулар құралады [17].

Қазақтың Ұлы, Орта және Кіші жүздеріндегі көптеген таңбалардың атауы сол рулардың атымен сәйкес келеді. Мәселен, ашамайлы, бағаналы, балталы, ергенекті, ошақты, сіргелі, тарақты, шанышқылы атаулары – әрі ру, әрі таңба атаулары ретінде қолданылады [18].

Ру атаулары мен таңба атауларының сәйкестігі нақты ғылыми тұрғыдан әлі терең зерттелмеген, соған орай бұл мәселе бойынша екі түрлі пікір қалыптасқан: бірі тайпа атаулары таңбалардың негізінде шыққан десе, екіншісі таңбалар тайпалардың атымен аталған дейді. Біздің ойымызша, ру атаулары ру таңбаларынан бұрын пайда болған деген тұжырымға келуге болады. Ал рулар таңба қолдана бастағаннан кейін, сол таңбалар ру атымен аталған деу қисынды. Алайда кейбір зерттеушілер ру атаулары бұрынғы таңба атауларынан туындаған деген пікірді ұстанады. Бұл көзқарас бойынша, ежелгі тайпалардың байрақтарында, қару-жарағында, киімінде бейнеленген таңбалар олардың қай тайпаға жататынын білдірген.

Көптеген философиялық зерттеулерде таңбалар белгілердің ерекше түрлері ретінде қарастырылады. Таңбалардың басқа белгілерден ерекшелігі – көпмағыналылығында. Таңбалардың полисемиясы олардың ішкі құрылымымен анықталады. Қарапайым тілде таңба – қандай да бір нәрсені, затты, құбылысты білдіретін және басқаларға жеткізетін құрылым. Таңба – өзінен басқа бір затты білдіретін және сол затты қабылдаушы (рецептор) үшін белгілі бір мағына беретін қызметіне байланысты айқындалады.

Тіл мәдениеттің таңбалық құралдарының негізгі түрлеріне жатады. А.Вежбицкая бұл туралы: «Әрбір тіл ұлттық ерекшеліктерге ие. Сонымен қатар тіл табиғи жағдайлар мен мәдени айырмашылықтарымен ғана емес, оны тасымалдаушылардың ұлттық сипатымен де ерекшеленеді», – деп көрсетеді [19]. Демек этнопсихология ілімін де тіл аясында мәдени факторларсыз анықтау, оның жете танылуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл барлық ғылымдардың тоғысындағы тілдің шешуші орнын нақтылай түседі.

Жалпы *таңбалар: табиғи, иконалық, конвенционалды, вербалды* және т.б. болып бөлінетіндігі белгілі. Ғалымдар таңбаларды әртүрлі негіздер бойынша жіктейді, бірақ олардың барлығын толық қамту бұл жерде мақсат етілмейді, әрі мүмкін де емес. Сол жіктеулердің ішінде вербалды таңбалар жүйесі ерекше орын алады – ол мәдениеттің семиотикалық іргетасын қалыптастырып, адамзат мәдениетінің негізін құрайды. Осылайша, тіл – басты әрі негізгі семиотикалық (белгілік) жүйе ретінде қарастырылады. Семиотика мен семиология өзара синонимдес, өйткені олардың зерттеу пәні ортақ, ол – таңба, белгі.

Функциональды таңбалар табиғи таңбалармен салыстырғанда өздері білдіретін белгілері арасындағы байланыс олардың объективті қасиеттерімен емес, аталған таңбалардың адамдар қызметінде орындайтын қызметтеріне себепкер болып келеді. Олар адамзат әрекетінде белгілі бір ақпаратты жеткізуші болғандықтан ғана таңбалар ретінде көріне алады. Мысалы, киім – қазіргі

заманғы Батыс мәдениетінде, өте нақты және айқын көрінетін функционалдық белгілер жүйесі.

Тіл білімінде таңбаның шығу тегі, мағынасы және оның қандай мақсатта қолданылғанын зерттейтін ғылым саласы семиотика деп аталады.

Ч.С.Пирс белгілердің келесі жіктелуін ұсынды:

1. Иконикалық белгі/таңба – белгілі бір объектінің кескіннің белгілі бір ұқсастығымен сипатталатын таңба.

2. Таңба-индекс – объект пен таңбаның іргелес болуымен сипатталатын таңба. Олардың арасында белгілі бір себеп-салдарлық байланыс бар, олардың байланысы объектімен жалпы сипаттама түрінде көрінеді (оқ атқаннан пайда болған тесік, атудың белгісі ретінде қабылданады).

3. Таңба-белгі мен объект арасында көрінетін байланыс болмаса да, негізі ортақ. *Simbolon* (грек) – екі бастаудың сәйкестігі, бірігуі, бірігуі, кездесуі» [20].

Иконалық таңба «eicon» қазақ тіліне «кескін», «сурет» (грек. εἰκών – сурет, бейне) деп аударылады. Иконалық таңба – белгі-кескін, белгі-бейне, өздері бейнелейтін заттармен ұқсастығы бар таңбалар, оның ішкі мазмұнын көрсетеді. Бұл таңбалар табиғи белгілерден өзінің жасандылығымен, артефактылығымен ерекшеленеді. Мысалы, қазақтар малына өз руының не атасының белгісі болып есептелетін рәміздік бейнені таңбалап салған. «Тайға таңба басқандай» деген тұрақты сөз тіркесі де соны аңғартады. Батыс мәдениетінің қазіргі заманғы бейнесі үшін осындай жасырын мазмұн маңызды, сондықтан иконикалық белгілердің ерекше түрі – символға жүгінуге тура келеді.

Индекс таңбалар бір нәрсенің белгілері немесе көрсеткіштері, яғни құмдағы із, оттан шыққан түтін, аурудың белгілері, индекс белгілері себеп-салдарлық байланыста болатын құбылыстарды таңбалайды.

Символ (грек. σύμβολον – танымдық белгі, таңба, рәміз, пернелеу) лингвистика, логика, математика ғылымдарында таңба ұғымын береді [21].

Символ (грек. σύμβολον, бастапқыда «сәйкестендіру белгісі», кейіннен кең мағынадағы «белгі», «символ») – форманың (символдың сыртқы түрі) және мазмұнның (символдың мағынасы) бірлігін білдіретін бейнелі мағынасы бар сурет [22], белгілі бір дәстүрде бекітілген, қандай да бір мағлұматты жеткізуші әлеуметтік-мәдени белгі. Символдың бойында үш семантикалық мазмұндық негіз орын алады: ақпараттық, коммуникативті және консервативті [23, 24].

Символ әлеуметтік-мәдени белгі болғандықтан, оның мазмұны феноменологиялық тұрғыдан қабылданатын идеяны білдіреді. Символдың мазмұнын әдетте ауызша жеткізу мүмкін емес, өйткені бұл мазмұн тақырыптық бейнені және оған енгізілген мағынамен интуитивті байланыс отнату арқылы ашылады. Таңба мен белгінің түбегейлі айырмашылығы-таңбаның мағынасы ол белгілеген объектіні тікелей көрсетпейді. Егер оны қолданған кезде символдық объектінің өзіне емес, осы объектімен белгілі бір дәрежеде конвенциялық түрде байланысатын мәндер спектрінде жалпы мағыналы реакция қабылданса, белгі символға айналады» [24, с. 79-86].

«Егер белгіге берілген мағынаны кез келген әлеуметтік қауымдастық қабылдап, ол жалпыға бірдей мазмұнды білдіріп, қабылданса, белгі символға айнала алады» [22, с. 183-184].

Таңба мен символ – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Сол себепті кейде олар бірінің орнына бірі қолданылатындай көрінгенімен, олардың арасында айқын айырмашылықтар бар. Символ ұғымы таңбамен салыстырғанда әлдеқайда кең әрі абстрактілі сипатқа ие.

Ал таңба – шынайы дүниедегі нысан мен оны қабылдайтын адам санасын байланыстыратын құрал. Адам қоршаған ортаны сезім мүшелері арқылы танып, оны өз санасында таңба арқылы, ең алдымен, тілдік сөздер арқылы бейнелейді. Осы себепті тілді *таңбалар жүйесі ретінде* қарастырамыз. Ал символдар – бұл кейбір объектіні бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар қосымша мағынаны да білдіреді: олар осы нысанды түсіндіруге қатысты жалпы идеялар мен түсініктерді білдіреді: эмблемалар, гербтер, ордендер, баннерлер; мұсылман дініндегі жарты ай және т.б.

Таңба-символ қосқабатты құрылымды болып келеді. Оның сыртқы, «бастапқы» қабаты – объектінің көрнекі бейнесі, ал «екінші», шын мәнінде символдық қабаты – бұл нысанмен (кейде оның мазмұны өте алыс) ақылға қонымды ұғым болып табылады. Символдар тілі барынша нақты көрнекі түрде дерексіз, абстракты идеяларды білдіреді [25].

Э.Кассирер ұғымдардың екі түрін ажыратты: символдық және функционалды. Функционалды ұғымдар объективті қасиеттерді сипаттаумен шектеледі. Символдық ұғымдар – сенсорлық және парасаттылықтан тыс мағыналар саласын қамтитын кең көлемге ие тәжірибе. Олардың мазмұны рухани көріністердің әртүрлі көріністерін қамтиды: эмоциялар, естеліктер, қиялдағы бейнелер және т. б. [26].

Конвенциональды (латын. *conventio* келісімшарт, келісім, шарт) таңба – субъектінің «шарт бойынша» белгіленуіне қызмет етеді. Конвенциональды таңбалар өздері айтқан нәрселеріне көп ұқсамайды, ол заттардың белгілі бір мағынаға ие болуы келісімнің, шарттың нәтижесі болып табылады. Конвенциональды таңбалар *сигнал, индекс* деп жіктеледі. Сигнал немесе ишаралар әрбір мәдениетке сай қалыптасады. Мысалы, біздер үшін бас шайқау ишарасы – әлденемен немесе әлдебіреумен келіспеу дегенді білдірсе, болгарлар үшін ол, керісінше, мақұлдау ишарасы болып табылады. Индекстер – ықшам, оңай көрінетін пішінге ие нысандар немесе жағдайлардың символдары және осы объектілер мен жағдайларды басқалардан ажырату үшін (диаграмма, график т.б) пайдаланылады.

Вербальды таңбалық жүйелер – адамдар жасаған таңбалар ішіндегі ең маңыздысы. Оларды жасанды тілдерден ажырату үшін «табиғи» тілдер деп атайды. Бірнеше мыңдаған табиғи тілдердің кез келгені – сол тілде сөйлейтін халықтың бүтіндей мәдени негізін жасайтын тарихи қалыптасқан таңбалар жүйесі, әрі онымен өзінің мәдени мәні жағынан ешқандай да таңбалар жүйесі теңдесе алмайды. Адамзат тілі адамның биологиялық табиғатының мүмкіндіктері негізінде қалыптасқанымен, бірақ адамдардағы тілдік қабылеттің

жүзеге асырылуы мен дамуы тек қарым-қатынас жағдайында ғана мүмкін болды. Дегенмен тілдің биологиялық алғашарттары болғанымен, өзінің мәні жағынан әлеуметтік феномен болып табылады.

Мәдениеттің даму тарихы тілдің тарихи дамуында көрініс табады, дегенмен мәдениет өзгерістерге қарамастан, ғасырлар бойы сол күйінде қалып, балалар ата-бабаларын, ал аталары немерелері мен шөберелерін түсінетін болады. Шындығында, тілдің тез өзгеріп отыратын лексикалық қабатымен қатар тілдің негізгі сөздік қоры – ғасырлар бойы сақталып қалған тілдің лексикалық «ядросы». Уақыт өте келе бастапқы сөздік қор өзгеріп отырады, мысалы, ата-бабаларымыз ежелгі дәуірде қазіргідей «жерді айдау» тіркесін «жерді ұру» жасалымында қолданған. Мысалы, көне түркі сөздігінде: үр – 1. ұру, соғу, сабау: ol anı urdı [9, с. 614]; 2. қою, салу: ойып алу: Нең нең сабым ерсер, беңгү ташқа уртым – (Айтар сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым [27]; Йаңылып үлесікіңін йеме бунта уртым) // Жаңылып, көшкенінді және сонда айттым [9, с. 678]. Бірақ бұл өзгерістер өте баяу жүреді, әйтпесе әртүрлі ұрпақ өкілдері бір-бірін түсінбес еді, әрі өткеннің тәжірибесі мәдениетте жинақталмаған болар еді.

Вербалды таңбалық жүйенің ішіндегі ең маңыздысы – жазу, яғни табиғи тіл, ауызекі сөйлеу тілі таңбаларын жазу жүйесі болып табылады. Таңбалар жүйесінің бұл түрлеріне сондай-ақ нота грамотасы, би қимылдарын жазу тәсілдері және т.б. жатады. Аталған таңбалар жүйесінің ерекшелігі – олардың сөйлеу тілі, музыка, би секілді басқа таңбалар жүйесінің базасында пайда болып, оларға қатысты екіншілік сипатта болатындығында.

Тілдің таңбалық сипаты сөйлеуді құрайтын элементтердің жиынтығына (морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем т.б.) және тілдік тұлғалардың құрылысына байланысты. Дыбыстық таңбалардың барлығы бірігіп келіп, бір жүйе – таңбалар жүйесін құрайды. Бірақ тілдегі таңбалық бөлшектердің жүйесін таңбалардың басқа түрлерімен, мысалы, жол бойы белгілерінің жүйесімен, цифрлар жүйесімен немесе әскери сигналдар жүйесімен бірдей деп есептеуге болмайды. Олардың арасында көп айырмашылық бар [28].

Тілдік бірліктердің таңбалық сипатын зерттеу тіл мен оның құрылымын тереңірек түсінуге көмектеседі. Әрбір тілдік бірлік таңба ретінде қызмет атқарады, және оның мағынасы мен құрылымы таңбалық жүйе арқылы беріледі. Тілдік таңбалар дегеніміз – тілдегі сөздер, дыбыстар, грамматикалық формалар және олардың өзара байланыстары, олар адамдардың ойларын, сезімдерін және ақпаратты бір-біріне жеткізу үшін қолданатын құралдары болып табылады. Төменде тілдік бірліктердің таңбалық сипатын қарастырудың теңгерімін жасауға болады.

1. Фонема және оның таңбалық сипаты. Фонема – тілдегі ең кіші дыбыстық бірлік. Ол өз бетінде мағына бермесе де, басқа фонемалармен салыстырғанда сөздерді ажыратуға қызмет етеді.

Фонема тілдің дыбыстық жүйесінде өзіндік таңбалық функцияға ие. Мысалы, «қала» және «кала» сөздеріндегі «қ» және «к» дыбыстарының айырмашылығы тек қана дыбыстық өзгеріс болып тұр, бірақ бұл өзгеріс сөздің

мағынасына тікелей әсер етеді. Демек фонема тілдің жүйесінде таңба рөлін атқарады.

Фонеманың таңбалық сипаты оның сөйлемдегі басқа элементтермен байланысына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, бір фонема өзгергенде сөздің мағынасы да өзгереді (қала/кала), бірақ ол өздігінен мағына құра алмайды – тек біріккен кезде сөздерге мағына беріледі.

2. Лексема және оның таңбалық сипаты. Лексема – бұл белгілі бір мағынаны білдіретін тілдік бірлік. Әрбір лексема өзіндік таңбалық мәнге ие.

Лексема тілдің семантикалық құрылымында таңба ретінде қызмет атқарады. Мысалы, «қала» лексемасы бір жағынан жергілікті тұратын орын (қала), екінші жағынан кең мағынада қоғамның мәдени ортасы болуы мүмкін. Әрбір лексема контекстке қарай өзгеріп, жаңа мағына ала алады.

Лексеманың таңбалық сипаты оның басқа сөздермен және сөйлемдермен өзара байланысынан туындайды. Бір лексема бірнеше контексте түрлі мағыналарда қолданыла алады. Мысалы, «жол» сөзі бірде физикалық жолды білдірсе, екінші контексте өмір жолы, білім алу жолы сияқты абстрактылы мағынаға ие болуы мүмкін.

3. Морфема және оның таңбалық сипаты. Морфема – тілдің ең кіші мағыналы бірлігі. Морфеманың таңбалық сипаты оның сөздің құрылымындағы орны мен функциясынан көрінеді.

Морфема сөздің мағынасына немесе грамматикалық құрылымына әсер етеді. Мысалы, «балалар» сөзіндегі «-лар» жұрнағы сөздің көптік мағынасына ықпал етеді, ал «бала» түбірі жас адамды білдіреді. Морфема тілдің құрылымында тілдің таңбалық бірлігі ретінде әрекет етеді.

Морфема сөзді құрастырушы элемент болып табылады және оның таңбалық сипаты көп жағдайда басқа морфемалармен байланысқа түседі. Мысалы, «оқушы» сөзі «оқу» түбірі мен «-шы» жұрнағының қосындысынан тұрады. Мұнда әрбір морфема белгілі бір таңбалық функция атқарады және олардың бірігуі сөздің мағынасын қалыптастырады.

4. Синтаксема және оның таңбалық сипаты. Синтаксема сөйлемдер мен сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымы мен мағынасының таңбалық аспектілерін білдіреді.

Синтаксема тілдің грамматикалық құрылымында сөздердің орнын және олардың арасындағы қатынасты анықтайтын таңба рөлін атқарады. Мысалы, «мен кітап оқимын» және «кітап оқимын мен» сөйлемдеріндегі сөздердің орналасуы мағынаға әсер етеді. Бірінші сөйлемде әрекет адамға бағытталған, ал екіншісінде әрекет объектіге бағытталған.

Синтаксеманың таңбалық сипаты сөздердің орын тәртібі мен олардың байланысынан туындайды. Синтаксема арқылы сөздер бір бүтінге бірігеді, бірақ әр сөздің таңбалық мәні сақталады. Мысалы, «мен кетемін» деген сөйлемде «мен» мен «кетемін» сөздері өзара байланысқа түсіп, бір мағына береді.

5. Таңбалық жүйе мен тілдік бірліктердің теңгерімі. Тілдегі таңбалар жүйелік түрде бір-бірімен байланысты болады. Әрбір тілдік бірлік өзінің таңбалық функциясын атқарады, бірақ оның мағынасы мен құрылымы

контекстке, құрылымға және басқа бірліктермен өзара байланысқа қарай өзгеріп отырады.

Тілдік таңбалар арасындағы тепе-теңдік, олардың бір-бірімен байланысы арқылы сақталады. Әрбір таңба өзінің контекстіне байланысты мағынаға ие болып, жаңа мағыналар туғызады. Мысалы, фонемалар мен морфемалар сөздердің мағыналарын құрастырады, ал синтаксемалар оларды байланыстырып, сөйлемдер мен мәтіндерге дұрыс құрылым береді.

Тілдік бірліктердің таңбалық сипаты олардың жүйеде алатын орнына, мағынасына және басқа элементтермен қарым-қатынасына негізделеді. Фонема, лексема, морфема және синтаксема тілдің таңбалық жүйесінің негізгі бөліктері болып табылады. Олардың таңбалық сипаты тілдің құрылымына және мағынасына әсер етеді, ал теңгерім әрбір бірліктің өзара әрекеттесуіне байланысты қалыптасады.

Ф.Де Соссюр тілдік таңбаны таңбаның басқа түрлерімен қатар қояды. Таңба деп – басқаға білдірмекші ойдың белгісін айтамыз. Таңбаның екі түрі болады. Біріншісі – тілдік таңба, екіншісі – көмекші таңба. Екеуі де қарым-қатынасты жүзеге асырады. Тілдік таңбаларға фонема, сөз, морфема, сөз тіркесі, сөйлемдер жатса, көмекші таңбаларға заттық, дыбыстық, сәулелік, ымдап-нұсқау белгілері т.б. жатады. Көмекші таңбаны өзгертуге болғанымен, тілдік таңбаны адам өзгерте алмайды. Тілдік таңба тілдің ішкі (интралингвистика) және сыртқы (экстралингвистика) даму заңдары арқылы ғана өзгере алады. Мысалы, *оғлан* – *ұл*, *сарыз* – *сары*, *қарлығаш* – *қара ала құс* болып өзгеруі, *аға* – туыстық атау, ал оның *аға* (старшый) болып мағына аясының кеңеюі тілдік заңдар негізінде жүзеге асқан [29].

Тілдік таңбалар – бұл тілдегі кез келген элемент, оның мағынасы мен функциясы арқылы сөйлесу және ақпарат беру қызметін атқарады. Тілдік таңбалар сөздер, дыбыстар, сөйлемдер немесе кез келген басқа тілдік бірлік болуы мүмкін, олар белгілі бір мәдениетте немесе тілде мағына береді. Тілдік таңбалардың негізгі компоненті – бұл таңба мен оның мағынасы арасындағы байланыс. Осындай тілдік таңбаларға бірнеше мысал келтіре кетуге болады:

1. Сөздер. Кітап – бұл сөз тілдік таңба ретінде, оның нақты мағынасы: оқу, білім алу құралы. Ағаш – бұл сөздің мағынасы белгілі: өсімдік, ағаштың түрі. Бұл мысалдар сөздердің нақты мағыналары мен қолданылатын контекстерінде тілдік таңба болып табылады.

2. Дыбыстар. «Ш» дыбысы – қазақ тілінде жиі кездесетін дыбыс, ол белгілі бір мағына жасайтын немесе айқын түсінік беру үшін қолданылады. Мысалы, «шүкір» сөзі – рахмет немесе алғыс білдірудің белгісі. «Б» дыбысы – кейде «білу» немесе «бала» сөздерінде белгілі бір мағына береді, бұл дыбыстың айрықша мағынасы белгілі бір контексте.

3. Қысқартулар (Акронимдер). «LOL» – Laughing Out Loud (көңілді жағдайды білдіретін интернеттегі акроним). Бұл таңба жастар арасында күлкілі жағдайды сипаттайтын таңба ретінде қолданылады. «SMS» – Short Message Service (қысқа хабарлама қызметі). Бұл да әлеуметтік, мәдени контексте қолданылатын таңба.

4. Сөз тіркестері. «Қош келдіңіз» – бұл тілдік таңба қазақ тілінде біреуге қошемет көрсету және оларды жақсы қарсы алу үшін қолданылатын стандартты сөз тіркесі. «Сізді түсінемін» – бұл сөз тіркесі адамның эмоциясын, жағдайын түсіну және біреумен ынтымақтастық жасау қажеттілігін білдіреді.

5. Идиомалар. «Көздің қарашығындай сақтау» – бұл идиома тілдік таңба болып табылады, себебі оның мағынасы нақты сөздермен емес, метафоралық түрде беріледі: өте бағалы, аса қымбат дегенді білдіреді. «Аяқ асты болу» – бұл да идиоматикалық таңба, күтпеген жағдай немесе кездейсоқ оқиға мағынасында қолданылады.

6. Сигналдық таңбалар. Қызыл жарық – бұл таңба жолдағы қауіп туралы хабарлайды және жүргізушілерге тоқтауды немесе сақ болуды ескертеді. Жасыл жарық – қозғалысқа рұқсат беретін сигналдық таңба.

7. Сөйлеу актілері. Сұрақ қою үшін айтылатын «Сіз қайда барасыз?» деген сөйлем тілдік таңба болып табылады. Бұл сұрақ арқылы белгілі бір ақпаратты сұрау мақсатында жасалған сөйлеу әрекетін көрсетеді. Тілдік таңбалар әртүрлі формада болуы мүмкін: сөздер, сөйлемдер, дыбыстар, белгілеулер, символдар, және олар белгілі бір мағынаны немесе ақпаратты жеткізу үшін тілдің белгілі бір ережелеріне сәйкес қолданылады.

Тіл тек сөздер мен сөйлемдерден ғана емес, сонымен қатар таңбалар мен символдардан тұрады. Бұл таңбалық материалдарды талдау лингвистикалық теория мен практика арасында көпір салуға көмектеседі. Сөздер мен олардың таңбалық мәні сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысынан анық көрінеді. Мысалы, «көңіл күйі» сөз тіркесі адамның психологиялық жағдайын білдіреді. Бұл тіркестің таңбалық мәні адамның эмоциясын, ішкі сезімін бейнелейді. Мұнда «көңіл күйі» тіркесі екі сөздің бірігуінен тұрады және бір бүтін ұғымды білдіреді. Бұл сөз тіркесі мәдени тұрғыдан адамның эмоционалдық жағдайын сипаттайды, әрі қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар қоғамда белгілі бір әлеуметтік топтар арасында қолданылатын тілдің ерекше белгілері мен символдары бар. Мысалы, интернет тіліндегі «LOL» сөзі (Laughing Out Loud) жастар арасында күлкілі немесе қызықты жағдайды көрсету үшін қолданылады. Бұл сөзді қолдану белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілі таңба болып табылады. Лингвистикалық талдау жасайтын болсақ, «LOL» сөзі – бұл акроним, әрі оның мағынасы белгілі бір әлеуметтік контексте түсінікті. Ол әртүрлі мәдениет пен әлеуметтік топтардың өзара қатынасындағы тілдік таңба рөлін атқарады. Бұл таңба – жаңа заманның цифрлық коммуникациясының бір бөлігі, әрі лексикалық бірліктердің уақыт пен кеңістік аясында өзгеруін көрсетеді.

Олай болса, теориялық мәселелерді практикалық тұрғыдан түсіндіруде тілдік және таңбалық материалдар маңызды құрал болып табылады, сол арқылы теориялық ұғымдарды нақты тілдік деректермен байланыстырып, олардың күнделікті өмірде қалай қолданылатынын көрнекі түрде көрсетуге болады.

Тілді тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада алғандағы тіл дегеніміз – адамдардың күнделікті өмірде қарым-қатынас жасауына негіз болатын құрал болса, кең мағынада тіл таңбалар жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Тілдің бұл сапалық қасиеттерін тарқатып алатын болсақ, И.В. Сусов негіздеген жүйеде:

1) адамзат тілі – дүниежүзіндегі адамдар сөйлейтін тіл (тіл білімінің нысаны ретінде);

2) этникалық тіл – бір кезеңдерде өздігінен пайда болып, дамып, белгілі бір этностың (субэтнос немесе этностар тобы) қарым-қатынас жасауына қызмет ететін тіл;

3) қарым-қатынастық тіл – (көбіне пиджиндер), яғни этникалық байланыстың негізінде табиғи тілдердің араласуы нәтижесінде пайда болған тіл. Мұндай тіл бірде-бір этностың ана тілі болып есептелінбейді және уақытша қарым-қатынас жасау үшін ғана қолданылады;

4) жасанды тіл – адамдардың бір-бірімен оңай қарым-қатынас жасауына негізделген қолдан жасалған тілдер. Мысалы, эсперанто, идо, воляпюк, клингон т.б.

5) ым тілі – бұл даму мүмкіншіліктері шектелген адамдардың ымдап-нұсқау арқылы сөйлеу тілі;

6) арнайы тіл – ақпараттық технология (компьютер) тілі (Алгол, SQL);

7) жануарлар тілі;

8) таңбалар жүйесіне (көмекші таңбалар) негізделген тіл (жолда жүру таңбалары, рәміздер, рулық таңбалар, гүл таңбалары т.с.с.).

Осындай «әртүрлі таңбалар жүйесін пайдалана отырып тіл адамдар арасындағы коммуникацияны жүзеге асырады, қоршаған ортада болып жатқан жағдайлардан хабардар етеді, ойынды, сезімді, толғанысыңды білдіреді, қарым-қатынасқа түсушімен ақпарат алмасуға негіз болады» [30].

Тілдік таңбаларға қатысты пайымдауларды қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінен де көптеп кездестіруге болады. Бұл тұрғыда, ең алдымен, қазақтың тұңғыш лингвист-ғалымы Қ.Жұбановтың еңбегін атап өтуге болады. Ғалым: «тілдің өзіндік ерекшелігі – затқа ат қою, ол аттарды бір-бірінен айыру. Мысалы, жылқы – түйе емес, қой – сиыр емес, сиыр – жылқы емес. Атаулардың мағынасын осылайша айыруды «сигнификация» дейміз. Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз» деп түсіндіреді [31]. Осы пікірі арқылы Қ.Жұбанов тілдік таңбаның пайда болу негізін ашып тұр деп айта аламыз. Себебі таңба болу үшін алдымен оның өзіндік атауы болуы керек. Ол атау бір таңбаны екінші таңбадан айырып тану үшін қажет. Сонда сигнификация да, номинация да таңбаның белгі-бедерін белгілеуге қызмет етеді. Таңбаның аталуын қамтамасыз етеді. «...тіл элементі атау қызметін өтесе-сөз болғаны, хабар беру қызметін өтесе-сөйлем болғаны» дейді Қ.Жұбанов [32]. Осы уәжді пікірге сүйене отырып, бұл жерде *таңба* атау, яғни жеке сөз қызметін атқарып тұр деуге болады. Сөздің атқаратын қызметіне қатысты да Қ.Жұбанов: «Сөздің бір басында екі функция болады, біріншісі – хабар беру қызметі, екіншісі – таңбалау қызметі, норматив функция не сигнификация» деп нақты анықтама береді [33].

Тілші ғалымдар К.Аханов, Т.Қордабаев, Ф.Оразбаевалардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, Г.Камешева өз жұмысында дыбыстық тіл таңбалары мен дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды былай көрсетеді:

1. Дыбыстық тіл таңбалары да, дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар да адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етеді, адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады;

2. Дыбыстық тіл таңбалары мен дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар да белгілі бір нәрсе туралы хабарлайды, алайда дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар арқылы берілген хабар шартты түрде болуы мүмкін;

3. Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, адамдар арасындағы қатынастың кең көлемде қолданылатын, айналадағы өмірді танып-білудің, ойды қалыптастырып, дамытудың күрделі құралы. Оны қоғамдағы бүкіл адамдар өмірдің, іс-әрекеттің барлық саласында қолданады. Ал басқа таңбалар жүйесінің қолдану өрісі тілге қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз болады.

4. Тіл мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге адамдардың хабарланатын жайға қатысын, қалай қарайтынын, ұнатуын немесе ұнатпауын, эмоциясын т.б. оның түрлерін білдіреді. Мысалы, стилистикалық синонимдер сөздердің эмоционалды және экспрессивті сапасына негізделеді. Салыстырыңыз, «қуаныш» дегеннен гөрі «шаттық» дегеннің эмоционалды-экспрессивті жағы күштірек.

5. Дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар жүйесінде таңбаның бір ғана предикаттық мәні бар түрі болады. Өз жүйесіндегі басқа таңбалармен мағыналық байланыста болмағандықтан, әр таңбаның өзіне белгіленген бастапқы мазмұны өзгермейді, басқа таңбалар мазмұнына әсері болмайды. Мысалы, «%» белгісін біз «пайыз» деп білеміз, оның өзге мағынасы жоқ.

6. Дыбыстық тіл таңбаларына қызметті белгілі біреулер немесе шағын бір қауым алдын ала жасаған келісім бойынша белгілеп бермейді. Ол белгілі бір тілде сөйлейтін (қазақ, орыс, ағылшын) бүкіл қауымның табысы, сондықтан ол тілдік қауым мүшелерінің барлығына да белгілі, жалпыхалықтық болады.

7. Қызметі жағынан алғанда дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар алдын ала белгілеп қойылған белгілі бір жайды ғана хабарлап білдіреді. Олардың коммуникативтік рөлі сапалық жағынан да, сандық жағынан да мейілінше шағын болады.

8. Дыбыстық тілге жатпайтын таңбалар жүйесі қолдан жасалады. Олар келісім бойынша өзгере алады. Таңбалардың мұндай жүйесі қоғамдағы барлық адамның қатысуымен емес, сол мамандық өкілдерінің қатысуымен және олардың келісімі бойынша жасала береді.

9. Ал дыбыстық тілдің дамуы қоғам мүшелерінің еркіне бағынышты емес. Әрбір жаңа ұрпақ қоғамдық тілдің біреуін немесе бірнешеуін үйренуі мүмкін. Мысалы, рим цифрларының жүйесі араб цифрларының жүйесімен ауыстырылып, жаңадан нөл таңбасы енгізіледі. Дыбыстық тілге жатпайтын

таңбадағы мұндай өзгерістер стихиялық түрде емес, саналы түрде, келісім бойынша болады. Дыбыстық тіл бұлайша өзгере беруге көнбейді. Ол өз дамуының заңдары бойынша өзгереді, өзінің дербес қасиетін сақтайды [34].

Проф. Б. Сағындықұлы тілдің құрылымдық бөлшектерін беске бөліп, оған алтыншы бірлік ретінде «түбіртек» ұғымын енгізеді. Бұл түбіртек – барлық тілдердің ортақ архетиптік негізі, яғни сөздің ең алғашқы мағыналық өзегі. Архесиллабиялық модельге (дауысты+дауыссыз) негізделіп отырып, адамзат тілінің ең көне кезеңіне дейін баруға ұмтылады. Түбіртек – әмбебап, ғаламдық (универсалды) сипатқа ие, ол арқылы тілдер арасындағы туыстық байқалады [35]. Б.Сағындықұлының түбіртек идеясы арқылы тілдер арасындағы терең байланысты көруге болады – бұл тілдің универсалдығының дәлелі. Мифолог С.Қондыбай «ң» дыбысын адамзаттың алғашқы сөзі/дыбысы ретінде қарастырады. Бұл – мифтік, архетиптік деңгейдегі тұжырым. «ң-ң» дыбыстық қайталамасын ақиқат, нұр, болмыстың заңы деп таниды. Символ арқылы дүниені тану – мифолингвистиканың басты әдісі. Тілдің таңбалық табиғатын миф пен символика арқылы түсіндіреді [36]. Ал ғалым Б.Хасенов символдық формаларды (шеңбер, нүкте, сызық) адамның дүниетанымымен, өмір сүруімен байланыстырады. Тілдің бастауында табиғи таңбалар мен символдар тұр деп есептейді. Бұл – таңба мен тілдің тұтастығын дәлелдейтін көзқарас. Халықтың дүниетанымын символдар арқылы бейнелеу – тілдің болмысқа қатысын айқындайды [37]. Тілші Ш.Бекмағанбетов «тілдік таңба мен жазу – біртұтас жүйе, олардың негізінде адамның ғарыштық (ғаламдық) дүниетанымы жатыр, алғашқы таңба – «шар-қоршау» бейнесі, бұл бейне алғашқы сөздің (Ғалам – «УП/ОМ») негізінде жатыр, жазу – тілдің сыртқы көрінісі емес, дүниені бейнелеудің, түсінудің алғашқы құралы» деп тұжырым жасайды [38].

Тіл – таңбалар жүйесі ғана емес, болмысты, ғаламды, адам санасын бейнелеудің архетиптік және символдық құрылымы. Қазақ лингвистикасындағы Б.Сағындықұлының «түбіртек» ұғымы, С.Қондыбайдың дыбыс архетиптері, Б.Хасенов пен Ш.Бекмағанбетовтің символдық-мифологиялық көзқарастары тілдің таңбалық сипатын кең көлемде, терең тарихи-философиялық негізде түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер тілдің таңбалық сипатын – тек коммуникациялық емес, дүниетанымдық жүйе ретінде қарастыру қажет екенін көрсетеді.

Тіл – адам мен басқа семиотикалық жүйелер арасындағы делдал. Тілдің көмегімен осы жүйелерді оқыту, жеке белгілерді құру және жою, сондай-ақ қандай да бір жүйені енгізу мен оның қолданылуын тоқтату жүзеге асырылады.

Тілдік жүйені осы тілдің барлық спикерлері қолданады және кез-келген тіл иесі таңбаларды жасаушы және қабылдаушы бола алады. Ал басқа семиотикалық жүйелерде бұл жоқ.

Тіл әмбебап таңбалар жүйесі ретінде, делдал ретінде келесі қасиеттерге ие:

1. Тіл өзін-өзі сипаттау қабілетіне ие, яғни оны сипаттайтын басқа семиотикалық жүйе жоқ.

2. Тілді әркім игере алады, сондықтан оның материалы жай ұйымдастырылып, әрқашан пайдалануға дайын болуы керек.

3. Тілдік таңбалардың мазмұны, әдетте, ана тілінде сөйлейтіндер үшін біркелкі және бірыңғай түсінетін мазмұнда болады.

Тілдік таңбаның әр авторы өз аудиториясы таңбаны жасау тәсілін дәлірек анықтай алатындай етіп белгі жасауы керек. Тіл таңбаларының саны оның әмбебаптық делдалдық рөліне байланысты шектелмеуі керек.

Тілге қатысты таңба терминін келесі тармақтармен анықтауға болады:

1. Таңба материалдық, яғни кез-келген нәрсе сияқты сенсорлық қабылдауға қол жетімді болуы керек.

2. Таңба мән-мазмұнға бағытталған жағдайда ғана маңызды.

3. Таңбаның мазмұны оның материалдық сипаттамасымен сәйкес келмейді, ал заттың мазмұны оның материалдық сипаттамасымен анықталады.

4. Таңбаның мазмұны аналитикалық түрде ерекшеленетін және ажыратылмайтын белгілерінен бөлінетін оның айрықша белгілерімен анықталады [39].

Тілдік таңба – адамзаттың тарихи тәжірибесін сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін құрал. Ол қоғамдық игілік ретінде үздіксіз әлеуметтік даму мен мәдени сабақтастықты қамтамасыз етеді. Табиғи тілдердің барлығы – тарихи жолмен қалыптасқан белгі-таңбалық жүйелер. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан алғанда, тілдің таңбалық жүйесі басқа кез келген таңба түрлерінен ерекше және басым сипатқа ие. Тіл – әрі қолайлы, әрі үнемді таңбалар жүйесі. Алайда ол сырттай қарапайым көрінгенімен, шын мәнінде күрделі құрылымға ие, көпқабатты, тармақталған және иерархиялық жүйе екенін ұмытпау қажет.

Мәдени жадының тұқым қуалау арқылы, яғни ген арқылы берілмейтіні белгілі. Сондықтан ол тек таңбалар арқылы сақталып, келесі ұрпаққа жеткізіледі. Егер таңба мен белгіні кең әрі қарапайым тұрғыда қарастыратын болсақ, олар белгілі бір зат немесе құбылысты бейнелейтін не олардың орнын басатын элементтер болып табылады. Адамзат жинақтаған білім, шеберлік, дағды, мінез-құлық нормалары мен салт-дәстүрлер нақты мәдени жүйеде қалыптасады. Ал таңбалық белгілер осы мәдени ақпараттарды әр жаңа ұрпаққа сақтау және жеткізу үшін қажет. Мұра ретінде тасымалданатын ақпараттың түрлері әртүрлі болуы мүмкін (мысалы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер және т.б.), дегенмен олардың ішінде ең маңыздыларының бірі – тіл екені сөзсіз.

Адамзат тарихында адам әрекетінсіз елестету мүмкін емес сансыз көп белгі-таңбалар жасалған. Әрбір адам үшін осы таңбаларды немесе олардың жүйесін меңгеру – басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың басты алғышарты болып табылады. Өздігінен ешбір таңба құнды немесе мағыналы емес. Олардың мәні тек белгілі бір таңбалар жүйесіне енгенде және өзара байланысқа түскенде ғана айқындалады. Мысалы, адамдар арасындағы сәлемдесудің түрлі таңбалық жүйелері бар. Біз бір-бірімізбен қол алысып, кеуде қағысып амандасамыз, ал кейбір халықтарда тәжім етіп иілу дәстүрі бар. Бұл әрекеттердің өзі жеке алғанда ерекше құндылыққа ие емес, бірақ олар адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды рәсімі ретінде символдық мағынаға ие болып, әлеуметтік байланыстарды нығайтады.

Барлық таңбалар жүйесі бірлесіп, белгілі бір қоғамның белгілі бір уақыттағы мәдениетін қалыптастырады. Әр таңбаға өзіндік мағына жүктелген, яғни ол белгілі бір қызмет атқарып, мазмұнға ие болады. Таңбалар күрделі әрі көпқырлы ақпаратты қамти алады. Таңбалық жүйеге енген әлем – бастапқы нұсқасынан айырмашылығы бар, метафораланған жаңа шындыққа айналған әлем. Кез келген семиотикалық зерттеуде таңба ұғымына сыни тұрғыдан қарау қажет. Осы арқылы оның анықтамасын жасау, тарихи даму үдерісін талдау, басқа таңбалық жүйелермен байланысын және олардың арасындағы орнын анықтау қажеттілігі туындайды.

1.2 Мәдениет – таңбалар жүйесі

Мәдениет – бұл өзіндік күрделі таңбалар мен символдар жүйесі бар өзін-өзі дамыту жүйесі. Ю.П.Теннің пікірінше, мәдениет таңбалық-символдық жүйе ретінде қоғамның қызметін анықтайтын идеяларды, нормалар мен құндылықтарды білдіреді, ал әртүрлі халықтардың мәдени символдарын зерттеу олардың семантикалық мазмұнын ашып, мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлері мен адам қызметінің әртүрлі, яғни тілдік, діни, әлеуметтік, этникалық, көркемдік, экономикалық салаларының өзара әрекеттесуіне қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді [40]. Өз кезегінде таңба да – мәдениет ұғымының бір көрінісі. Оны ұлттық мәдениеттен, қоғамнан бөліп алуға болмайды.

«Мәдениет – қоғамдық өмірмен жан-жақты байланысты, көп мәнді, күрделі құбылыс. Сондықтан да оны құрылымы жағынан «рухани» және «материалдық» деп, болмаса «бұқаралық» және «жоғарғы мәдениетке» бөлген» академик А.Айталы айтып отырған мәдениеттің рухани, материалдық, бұқаралық, жоғарғы мәдениет деп келтірілген аспектілерінің бәріне «таңба» деп сипаттаудың әсері бар [41].

Тіл мәдени артефакт болғандықтан, оны түсіну үшін мәдениеттің не екенін анықтау керек. Эверетт Дэниел мәдениетті абстракция деп санап, оны тек жеке индивидтерден табуға болатындығын атап өтеді. «Бұл – «гештальттың» (бейне, форманың) көрінісі. Мәдениет осы бейне, формалардың құрамдас бөліктерінен туындайды және тұтастай алғанда оның бөліктерінің қарапайым қосындысынан үлкен. Мәдениетті түсіну тіл эволюциясын түсіну үшін өте маңызды» [42]. Эверетт Дэниел өзінің мәдениет теориясын жасап, онда «қоғам емес, жеке тұлға мәдениеттің тасымалдаушысы және білім қоймасы» болып табылатынын анықтауға тырысады. Мәдениеттің ұлттық және жергілікті қауымдастықтарға, жеке адамдар мен олардың тілдеріне қандай әсер ететінін мына мысалдар арқылы қарастыруға болатынын көрсетеді: сыныптағы мұғалімнің рөлі, бизнес пен қауымдастықты ұйымдастыру. Ғалым тіл эволюциясы үшін ең маңызды идеялар – құндылықтар, білім және әлеуметтік рөлдер» деп көрсетеді [43].

Адамдардың құндылықтары, рөлдері мен білімдері неғұрлым көбірек түйісіп, олардың ортақ байланыстары неғұрлым көп болған сайын, олардың мәдени желімен байланысы да соғұрлым күшті болады. Олар ұрпақ желісін құра алады. Сондықтан мәдениетке жеңіл-желпі, үстіртін қарауға болмайды. Біз бәріміз тіл арқылы белгілі бір құндылықтармен бөлісеміз. Мәдени релятивистер

екі бірдей ұқсас мәдениет жоқ деп мәлімдейді. Құндылықтары, әлеуметтік рөлдері немесе білім құрылымдары бірдей екі мәдениет немесе жеке тұлға болмайды.

Мәдениет семиотика, тарих, әлеуметтану, антропология, аксиология, лингвистика, этнология, фольклористика сияқты ғылымдар саласында зерттеледі. Мәдениет өзінің құрамдас элементтері – ғылым, дін, өнер, саясат және т.б. күрделі жүйелерден тұрады, ал жалпы мәдениет өзі де күрделі қоғамдық жүйе ретінде жұмыс істеп, оның ішкі жүйесі ретінде әрекет етеді. Сондықтан мәдениет қоғаммен, оның әлеуметтік, саяси, экономикалық, діни, құқықтық, көркемдік, техникалық және басқа да ішкі жүйелерімен тығыз байланысты дамиды.

Мәдениеттану ғылымы мәдениетті жүйелі бірлік ретінде зерттеп, жүйелілік тәсілін қолданады. Мәдениеттің негізін қалайтын жүйе құраушы элементтер көбінесе рухани және материалдық құндылықтар, дағдылар мен білімдер арқылы анықталады. Материалдық қызмет саласына техникалық, экономикалық және тұрмыстық мәдениет кіреді. Ал рухани қызметтің элементтері мен оның өнімдері ретінде моральдық, эстетикалық, құқықтық, ғылыми, саяси мәдениет, білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениеті бар. Жүйелік тәсілдер арқылы мәдениетті жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туады. Мәдениеттің мәнін талдай отырып, оның қоғам өміріндегі маңызды рөлін түсінеміз. Өйткені мәдениет адам тәжірибесін жинақтап, сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы ретінде қызмет атқарады.

Мәдениеттің ең маңызды функциясы – адамның қоршаған ортаға, қоғамның құндылықтары мен мінез-құлық формаларына бейімделуіне мүмкіндік беретін қызметі. *Бейімделу қызметі*, біріншіден, адамның сыртқы әлемнен арнайы бір құралдардың (материалдық және материалдық емес мәдениеттің) көмегімен қорғану мүмкіндігінен көрінеді, бұл бір жағынан оған сенімділік сезімін береді. Екінші жағынан, адам өз қиялында жасайтын ерекше деп саналмайтын қоршаған ортаны қорғау құралдары-бұл оның идеалды бейнелі әлемі, сол арқылы адам қоршаған шындықты қабылдайды. Ол өзінің әлем бейнесі туралы идеяларына сәйкес алынған ақпаратын қолайлы немесе қауіпті деп бағалайды.

Мәдениеттің танымдық, аксиологиялық қызметі адамның іс-әрекетін құндылықтар жүйесі арқылы реттеуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық және коммуникативті функция адамға әртүрлі мәдени коммуникация құралдарымен (вербалды және вербалды емес) қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас процесінде тек табиғи тілдер ғана емес, сонымен қатар жасанды тілдер мен кодтар да қолданылады: логикалық, математикалық, компьютерлік символдар мен формулалар, сондай-ақ басқа да таңбалық жүйелер.

Мәдениеттің нормативтік (реттеуші) *функциясының* көмегімен барлық саладағы (күнделікті өмір, жұмыс, отбасылық, тұлғааралық қатынастар және т.б.) адамдардың өмір салты қалыптасады. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін *мәдениеттің білім беру және тәрбие қызметінің* орны ерекше. Тәрбие мен білім берудің мәдени жүйелері адамды өнер

туындыларын түсінуге баулиды, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытады, ана тілі мен шет тілдерін еркін меңгеруге ынталандырады.

Дүниетанымдық функция мәдени кеңістікті тану эмоционалды қабылдау мен бағалау арқылы табиғат пен қоғам туралы көзқарастар жүйесін қалыптастырады.

Мәдениеттің символдық жүйесі символдардың алуан түрлерін зерттей отырып, нақты бір қоғамның құндылықтарын, нормаларын, стандарттарын, идеяларын білдіреді: әлеуметтік, діни, көркемдік, этникалық, саяси, мемлекеттік, мифологиялық. Мәдениет кеңістігін бағдарлау үшін сіз осы мәдениеттің өзіндік тілін, яғни адамдарға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін таңбаларын, символдарын, кодтарын білуіңіз керек.

Мәдениет – адамзаттың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын, құндылықтарын, рухани және материалдық мұрасын бейнелейтін күрделі құрылым. Ол бір ғана заттар жиынтығы емес, сонымен қатар түрлі таңбалар арқылы берілетін мағыналар жүйесі ретінде де қарастырылады.

Мәдениеттің ақпараттық-семиотикалық тұжырымдамасының дамуы Л.Уайт, Э.Кассирер, Ю.Лотман, Ф.Бродель, А.Моль, В.Степин, Д.Дубровский және басқа да зерттеушілердің есімдерімен байланысты.

Зерттеушілердің пікірінше, мәдениет – бұл таңбалар жүйесі, яғни адамдар арасындағы қатынасты, ақпаратты, дүниетанымды жеткізу үшін қолданылатын белгілер мен таңбалардың тұтас бір құрылымы. Бұл таңбаларға тіл, жазу, салт-дәстүр, өнер, миф, киім үлгісі, архитектура, музыка сияқты мәдени элементтердің барлығы кіреді. Әрбір мәдени нысан – бұл белгілі бір мағынаны білдіретін таңба. Мысалы, ұлттық киім тек матадан тігілген бұйым емес, ол – белгілі бір халықтың дүниетанымы, эстетикалық талғамы, өмір сүру салты туралы ақпарат беретін таңба. Сол сияқты мифологиялық әңгімелер де тек ертегі емес, олар терең символдар мен мағыналарға толы мәдени мәтіндер.

Мәдениеттегі таңбалар жүйесі әрқашан код арқылы жұмыс істейді, яғни белгілі бір қоғам мүшелері сол таңбаны түсіну үшін ортақ кодты, яғни ережелер мен түсіндірмелер жүйесін меңгеруі қажет. Бұл тілге ұқсас механизм – бір таңбаның артында тұтас ұғым, мағына жатыр, ал оны дұрыс түсіну үшін сол мәдениеттің «тілін» білу керек. Сондықтан мәдениет – бұл таңбалар мен мағыналардың динамикалық жүйесі. Ол арқылы қоғам өз тәжірибесін, ой-санасын, құндылықтарын сақтайды және келесі ұрпаққа жеткізеді.

Л.Уайт алғашқылардың бірі ретінде мәдениеттің мәнін адамның «символизация қабілеті» – нәрселерге, құбылыстарға, процестерге мән немесе мағына беру қабілетімен байланыстырды [44]. Символдану арқылы олар адам ағзасымен физикалық өзара іс-қимыл жасайтын нысандар ретінде ғана емес, сонымен қатар адам салған мағынаның символдары, тасымалдаушылары ретінде де әрекет ете алады. Осы аспектіде қаралатын заттар әлеуметтік ақпаратты білдіретін таңбалар мен мәтіндер ретінде көрінеді.

Л.Уайт оларды «символданған заттар» немесе «символаттар» деп атайды. Ол символаттардың негізгі үш түрін ажыратады: материалдық нысандар; сыртқы іс-қимылдар; идеялар мен қатынастар. Л.Уайт: «Символаттар/символдар әлемін

– мәдениет, ал оларды зерттейтін ғылымды – мәдениеттану»деп атайды. Л.Уайттың тұжырымдамасына сәйкес бейнелеу (символизация) – мәдениетті қалыптастыратын нәрсе. Адамның бойында мәдениет пайда болады, ол дамиды, сөйтіп ол адамның ақыл-ойы арқылы сыртқы заттарды нышандарға айналдырады, солардың көмегімен істеп жатқан нәрселерді белгілейді, түсінеді және түсіндіреді [43, с. 173–188].

Ф.Бродель «символ қоғамның күнделікті материалдық өмірінің шындығын – тұрғын үйді, тұрмыстық заттарды, аспаздық заттарды, техникалық өнертабыстарды, ақшаны, сауданы және т.б.заттар мен мағыналарды біріктіре отырып, мәдени ортаны құрайтынын, ал адам сол заттардың тәуелді тұтқынына айналатынын» көрсетеді [45].

Аталған авторлардың пайымдауларына сүйене отырып, мәдениеттің акпараттық-семиотикалық тұжырымдамасының үш негізгі ережесін көрсетуге болады: мәдениет – артефактілер әлемі; мәдениет – мағыналар әлемі; мәдениет – таңбалар әлемі.

Мәдениет артефактілер әлемі ретінде адамнан тәуелсіз өмір сүреді, адам қызметінің арқасында қалыптасады, сақталады және дамиды. Табиғатта барлық заттар мен құбылыстар табиғи жолмен пайда болады, ал мәдениетке қатысты барлық нәрселер жасанды түрде адамның ақылы мен қолы арқылы жасалады. Адам қызметінің өнімдері мен нәтижелерін, заттар мен құбылыстарды артефактілер (лат. arte – жасанды және factus – жасалған) деп атайды, бұл термин белгілі бір физикалық сипаттамалары бар, сондай-ақ символдық немесе символдық құрамы бар кез-келген жасанды нысанды білдіреді [46]. Адам баласы артефактілерді жасай отырып, өздері үшін «табиғаттан тыс», жасанды мәдени өмір сүру ортасын жасақтайды. Адамзат өзіне тәуелсіз өмір сүріп жатқан табиғат әлемі мен өзі құрған мәдениет әлемі (адами қызмет әлемі, артефактілер әлемі) сияқты екі әлемнің шегінде өмір сүреді.

Мәдениеттің мағыналар әлемі адамдардың өз қызметімен жасалған барлық әрекеттері негізінде туындайды. Бұл орайда артефактілердің мәдениет нысандары – табиғи түзілімдерден еш айырмашылығы жоқ. Алайда адам өз жаратылысында пайда бола алмайтын нәрселерді енгізеді. Артефактілер – мәдениеттің нысандары ретінде екі жақты айқындыққа ие: бір жағынан, оларда *объективті* анықтылық, яғни оған тән объективті қасиеттермен сипатталатын шындық бар; екінші жағынан, артефактілер өзгеше *субъективті*, оларда «мағына», «мән» бар. Бұл субъективті айқындылық адамның жәдігерлерге өзінің түсініктерін, мақсаттарын, тілектерін және т.б. «енгізуінің» арқасында пайда болады. Қандай да бір өздігінен алынған заттар, егер олардың адамға деген қатынасы болмаса, олардың ешқандай мәні жоқ. Мысалы, Мысыр пирамидасының мағынасы оның пішінінде емес, оның мәдениет туындысы болуында. Оны түсіну үшін тек пирамиданы ғана емес, сол мәдениетті де зерттеу керек. Сол сияқты қазақтың рулық таңбаларының тұлғалық және мағыналық сипаты мен маңызын түсіну үшін халқымыздың халық, ұлт ретінде қалыптасуына негіз болған үш жүздің рулық тайпаларының тарихы мен

мәдениетін, тілдік қолданысы мен әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін жақсы білуіміз керек.

Мәдениеттен адамдар тек сөздер мен заттарды ғана емес, сондай-ақ өз мінез-құлықтарын – жеке қылықтарын да, тұтастай өмірін мағынаға бөлеуге мүмкіндік алады. Сондықтан өткеннің мәдениетін білмей, ата-бабаларымыздың мінез-құлқын түсіну қиын. Соған орай адам заттардың материалдық әлемінде ғана емес, мағынаның рухани әлемінде де өмір сүреді, әрі ол үнемі кеңейіп, байып отырады.

Мағыналар түсініктер мен ұғымдарда жүзеге асырылып, дербес ойлау нысандарына айналады, сөйтіп неғұрлым абстрактілі мағыналардың пайда болуына алып келеді. Жаңа мағыналар жасау адамдардың рухани мәдениет саласындағы – діндегі, өнердегі, ғылымдағы, философиядағы қызметінің мәніне айналады. Мағыналар әлемі – адамзат ойы өнімдерінің әлемі. Бұл адамзаттың күш-жігерінің арқасында пайда болып, жоғары интеллектуалды сана негізінде дамып, кеңейіп келе жатқан «екінші ғалам». Адам – осы ғаламның жаратушысы. Оны құрып, дамыта отырып, ол сонымен бірге өзін-өзі қалыптастырады және дамытады. Ал енді мәдениетті таңбалар әлемі ретінде қарастырсақ, онда таңба – бұл басқа заттар туралы ақпаратты тасымалдаушы ретінде әрекет ететін және оны сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және беру үшін пайдаланылатын зат болып табылады. Артефактілер белгілі бір мағынаның иесі бола отырып, *таңбаларға* айналады. Өмірде, тұрмыстың әр саласында қолданыста жүрген таңбалар шоғыры өте мол. Мағыналардың жиынтығы келіп таңбаны құраса, таңба да өз кезегінде мағынасын ашып «сөйлей алады».

Мәдениет саласын алатын болсақ, бұл салада қалыптасқан алуан түрлі таңбалар жүйесі бар екендігіне көз жеткіземіз. Ол таңбалар жүйесі әр кәсіби бағытқа сәйкес спецификаны ескере отыра кодталғандығы да байқалады. Мәселен, тілді алсақ оның мынадай таңбалану жүйелерін көреміз: табиғи (сөйлеу, вербальды) тілдер – қазақ, орыс, ағылшын және т.б., сондай-ақ әртүрлі жасанды тілдер – математика тілі, химиялық символика, «машиналық» тілдер және т.б. маңызды таңбалар жүйесі болып табылады. Таңбалы жүйелерге түрлі сигнализация жүйелері, бейнелеу өнері, театр, кино, музыка тілдері, этикет ережелері, діни символдар мен салттар, геральдикалық белгілер және қандай да бір мазмұнды білдіру үшін құралдар бола алатын кез келген заттар жатады.

Осылайша, мәдениет құбылыстары – әлеуметтік ақпарат көздері «шифрланған» таңбалар мен таңбалар жиынтығынан тұрады («мәтіндер»), яғни адамдар оларға мазмұн, мән, мағына берген. Мәдениеттің қандай да бір құбылысын түсіну – оның «көрінбейтін», алайда санамен сезілетін субъективті мағынасын қабылдау дегенді білдіреді. Дәл осы тұста, құбылыс тек байқап қана қоймай, оны түсінуді қажет ететін белгі, нышан, «мәтін» ретінде көрінетіндіктен, ол мәдениет деректеріне айналады. Шындығында, біз тек заттар әлемінде ғана емес, таңбалар әлемінде де өмір сүріп жатырмыз. Егер мәдениетті адамзаттың құндылықтар қызметі әлемі ретінде қарау оның материалдық көріністерін, ал мағыналар әлемі ретінде қарау оның рухани мазмұнын ашатын болса, онда мәдениет таңбалар әлемі ретінде біздің алдымызға материалдық және рухани

бірлікте көрініс береді. Шынымен де, таңба сезіммен қабылданатын материалдық зат, ал оның мәні (мағынасы, ақпараты) – адамдардың рухани қызметінің өнімі. Таңбалар адам ойының, сезімінің, тілегінің өзіндік «материалдық қабығы» болып табылады. Адамның рухани қызметінің өнімдері мәдениетте сақталуы, кейінгі ұрпаққа берілуі және қабылдануы үшін олар осы таңбалы қабатта көрініс табуы, кодталуы тиіс. Мән мен таңбаның байланысы мәдениеттің рухани және материалдық аспектілерінің ажырамас бірлігін анықтайды. Осы жағынан мәдени таңба тілдік таңбалармен сабақтасады. Тілдің де екі жағы бар: 1) тілдік дыбыстар таңбаның сыртқы материалдық қабығын құраса, 2) мағына оның ішкі жағын, яғни рухани дүниетанымының көрсеткішін құрайды.

Мәдениет дегеніміз – әлеуметтік ақпарат, оны адамдар маңызды деп саналатын таңбалық құралдардың көмегімен жасайды, жылдар бойы жинақтап, қалыптастырып, санада сақтап, қоғам өмірінде пайдаланады. Сөйтіп жеке тұлға емес, қоғамдық мәдени-әлеуметтік ақпаратқа, тілдік-мәдени кодтан ұлттық кодқа ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа трансляцияланады.

Оған дәлел ретінде біздің зерттеу жұмысымызға өзек болып отырған мәселе – өз бастауын ежелгі пиктографиялық жазулар мен иероглифтерден алатын көне түркі жазулары мен қазақтың негізгі рухани көрсеткіштерінің бірі – рулық таңбалардың өзара мәдени-тілдік сабақтастығын, формалық және семантикалық ортақтастығын айта кетуге болады. Мұндай кешенді ортақтастық кеңістік пен уақыт аралығында түрлі символдық мәнге ие болған белгілер, соның ішінде рулық таңбалардың бүгінгі ұрпақ үшін өте маңызды көне түркілік таңбалардың сыртқы таңбалық, мағыналық мазмұнын сақтап қалуына, әрі рухани материалдық мәдениетіміздің тасымалдаушысы қызметінде жұмсалыуына мүмкіндік берген.

Адам бойындағы ақпараттар ағыны үнемі және үздіксіз даму үстінде болады. Адамзат қоғамындағы мәдениет компьютердегі ақпараттық қамтамасыз ету бағдарламасы сияқты құрылғыға ұқсайды. Ол құрылғыға машина тілі, жады, ақпаратты қайта өңдеу бағдарламалары кіретіні белгілі. Ал адамзаттың сөйлеу тіліне келсек, оның да санада сақталған ақпараттарды компьютер жадында сақталғандай кейіпте көрсететудің жанды жүйесі, мәдениеттің өлшемі екендігіне көз жеткіземіз.

Адамзаттың рухани жетістіктерін сақтайтын әлеуметтік жады, көптеген ұрпақтардың тәжірибесін көрсететін адами мінез-құлық бағдарламалары сияқты ұқсас компоненттер мәдениетті де сипаттайды. Осылайша, мәдениет қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуші ретінде әрекет етеді (дегенмен компьютерге ақпараттық қамтамасыз ету сырттан салынса, ал қоғам оны өзі құрады). Сондықтан мәдениет – адам қоғамының дамуының ғана емес, сондай-ақ өмір сүруінің қажетті шарты.

Олай болса, мәдениет семиотикасы дегеніміз – әлеуметтік ақпарат кодталатын таңбалар құралының жиынтығы [47]. Қандай да бір мәдениетті түсіну дегеніміз – оның семиотикасын түсіну, оларда қолданылатын таңбалардың мағынасын ұғынып, берілген мәтіндерді ақпаратты тасымалдаушы

ретінде тани білу [48]. Сондықтан әрбір адамға аз немесе көп мөлшерде болсын, оның туған мәдениетінің семиотикасы түсінікті. Өзге мәдениетті өз туған мәдениетіндей түсіну қиын болады. Әр мәдениеттің тілі өзгеше, әрі бірегей, дегенмен олардың бәрінде де кез келген мәдениетті түсінуге қажетті бір тектес, бірдей таңбалар мен таңбалар жүйесі қолданылады.

Бір де бір мәдениет оқшауланған жағдайда өмір сүрмейді. Өзінің өмір тәртібіне сәйкес ол әрқашан да не өзінің өткен тәжірибесіне, не басқа мәдениеттердің тәжірибесіне бет бұрады. Басқа мәдениеттердің тәжірибесіне еліктеу, мойын бұрып қарау «мәдениеттердің қарым-қатынасы» деп аталады [49]. Халықаралық қатынастардың ұлғаюынан әр түрлі мәдениеттердің қарым-қатынасы ұлғайып, дамиды, өздеріне назар аудартады. Бұл – қоғамдық заңдылық. Олай болса, адам қоғамында болатын барлық таңбалар және таңбалы жүйелер қандай да бір мәдениетті, социумды құрайды. Әрбір таңбада өткен ұрпақпен қалдырған қандай да бір мән, мағына бейнеленген. Бұл кез келген таңбаның өз формасы мен мазмұны болатынын көрсетеді. Соның ішінде тіл мәдениеттің таңбалық құралдарының негізгі түрлеріне жатады.

Тіл білімінде трансляция мәселесі немесе рухани құндылықтардың таралуы мәселесі де тіл мен мәдениеттің маңызды аспектілерін құрайды. Тіл мәдениетті объективтендірудің ең маңызды құралы бола отырып, шындықты рухани игерудің барлық сатыларына (жеке адам пайдаланатын рухани құндылықтарды өндіру мен сақтауда, оларды тарату мен қабылдауда) белсенді түрде қатысады. Өйткені тілдің таңбалық жүйесі ғана мәдениеттің рухани құндылықтарын тасымалдап, таратудың ең тиімді құралы бола алады, әрі ұлттық сана арқылы «белгілі бір ұлттық қауымға енетін адамдардың идеалдарын, мәдени нормаларын, дәстүрлерін, тұрмыстық стереотиптерін меңгеруін, сондай-ақ, олардың жалпы қоғамдағы осы әлеуметтік-этникалық топтың мүдделері мен жағдайларын түсінуді сипаттауға» ықпал етеді [50].

Тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынасты бөлшек пен бүтіннің қарым-қатынасы ретінде қарастыруға болады, өйткені тіл әрі мәдениет компоненті, әрі мәдениет құралы болып табылады. Алайда тіл бүтіндей алғанда мәдениетке қатысты дербес және тәуелсіз дербес семиотикалық жүйе ретінде де қарастырылуы мүмкін. Тілдің негізгі қасиеттерінің біріне оның ішкі мәдениет пен мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әмбебаптығы жатады.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы. Тілдің коммуникативтік функциясына сәйкес адамдар кез-келген қарым-қатынас түрлерін пайдалана алады. «Тілді қарым-қатынасқа арналған және оның негізгі құралы деп атауға болады. Соған ұқсас мәдениет те қоршаған ортаға бейімделудің өзіндік адами тәсілі болғандықтан, оны да коммуникация деп атауға болады, әрі бұдан тіл, мәдениет және коммуникацияның өзара байланысының табиғи және ажырамастай бірлікте екендігін көруге болады» [51]. Сонымен қатар тіл мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы, әрі қуатты таратушысы (трансляциясы) ретінде де қызмет етеді.

Мәдениеттің таңбалық сипатына қатысты ғалым Ж.Манкеева «мәдениеттің таңбалық негізі тілмен, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиялық түрімен, сакрализация тәсілімен сипатталатындығын» анықтай отырып, «соның ішінде мәдениеттің коммуникативтік, мұрагерлік табиғатына сәйкес оның ашық жүйе ретінде сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, жаңғыруы, танымы игерілуі, жетілуі тіл арқылы іске асатынын» атап өтеді. Ғалым «тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этнотаңбалық белгісі тілден тыс көріне алмайды. Осыған орай тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі бір әлеуметтік, мәдени, танымдық мәні бар) құрал. Демек, тіл бірден бір коммуникативтік құрал ғана емес, тілдік қарым-қатынас негізінде мәдениетті де анықтайтын кешенді ұғым. Сондықтан тіл арқылы мәдениетті танытуда аксиологиялық (құндылықтар теориясы), психологиялық және герменевтикалық (түсіндірмелік) қағидаларға сүйенеміз» деп көрсетеді.

Соның негізінде ұлттық мәдениеттің мәні ұлттық санада ұжымдық (этностық) тұтастық, әлеуметтік интеграция, рухани кеңістік қалыптастырумен сипатталады. Оның айқын көріністері сакрализация тәсілі мен ұлттық психологиялық негіздегі сан қырлы рәміздік жүйе мен тілде көрінеді. Соның нәтижесінде мәдениеттің негізгі арқауы сақталады, жаңа сапада жаңғырады, ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Шын мәнінде, қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау, әрі қарай дамыту арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда, мәдени ақпараттар салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. рәміздік жүйемен қатар тіл арқылы, сөз өнері, сөз мәдениеті арқылы жүзеге асады [52]. Осылайша, тіл арқылы мәдениеттің барлық компоненттері көріне алады. «Тілден тыс мәдениет жоқ, ал мәдениет өз дамуының әр кезеңінде символикалық түрге ие болып, өз көрінісін тілден ғана таба алады» [53].

1.3 Тіл мен мәдениет ұлттың рухани коды ретінде

Әрбір халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдар: «Әрбір халықтың тілі тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері, барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама берген [54]. Соған орай «Тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты бөлшек пен бүтіннің қатынасы ретінде қарастыруға болады. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі де, мәдениеттің құралы. Алайда тіл жалпы және тұтас алғанда мәдениетке қатысты автономды болып табылады, әрі оны тәуелсіз автономды семиотикалық жүйе ретінде қарастыруға болады [55]».

Ендеше қазіргі қазақ тіл біліміндегі кеңінен қолданылып жүрген «ұлттық мәдениеттің негізі тілде» деген қағиданың мәні де, маңызы да осында. Тіл – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этносты, ұлтты қалыптастыратын қуатты қоғамдық қару [56].

«Тіл адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы үшін маңызды, өйткені өмір

сүру арқылы адамдар бірігіп, өз қалауы бойынша әртүрлі мәдениеттерді жасай алады» [53, р. 19].

«Тілге жәй әншейін ғана бір ойды айтып беруші деп қарамау керек. Ол – ең әуелі сол ойды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, құрап беруші орган. Бұған В. Гумбольдт үлкен мән бере келіп: «ұлттың өзіне тән, іштей дамидын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш – тіл» деп көрсетеді [57].

«Ұлт пен тіл еш уақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті – қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау деген нәрсені құрайтын – тіл. Осыдан тиісті қорытынды жасауға болады. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл – тіл емес. Мысалы, дүние жүзінде жасанды тілдер бар. Біреудің, басқа бір ұлттың тілін жаттап алып, сол тілде өз ойыңды білдіруге болады. Бірақ ол тілдерді рухтанған, рухы бар тіл деп айтуға болмайды». Сондықтан «ұлтымыздың өркениеттілігі, мәдениеттілігі жалпы ұлттық мәдениеттілігі тілдің мәдениеттілігімен тікелей байланысты» екенін ұмытпауымыз керек [58].

Дамыған адамның көрсеткіші – ол өз мәдениетінің тілін еркін және терең меңгеруі, өйткені адам өзінің мәдени ұлттық байлығын тіл арқылы ғана жеткізе алады. Осы аксиомаға қарамастан, қазіргі уақытта қазақ тілінің байлығы сұранысқа ие емес. Бұл жалпы мәдениеттің белгілі бір деңгейінің жоқтығынан және тарихи сөйлеу технологияларын қолдана алмауынан ғана емес, сонымен қатар мәдени және тілдік кодтардың өзара байланысын және олардың ұлттың жалпы мәдени дамуына әсерін түсінбеуінен туындайды. Р.Авакова: «Әлемді бір бүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда»деп тұжырым жасаса [59], А.Салқынбай: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу, ең әуелі, тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [60].

Тіл мен мәдениет – ұлттың рухани әлемін, болмысын, дүниетанымын танытатын негізгі тіректердің бірі. Олар халықтың тарихи жадын, өмір сүру салтын, ұлттық мінезін және құндылықтар жүйесін бойына сіңірген күрделі семиотикалық жүйе ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен мәдениет – ұлттың рухани коды қызметін атқарады.

Тіл – ұлттың рухани қазынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін бірегей құрал. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесі, наным-сенімі, дүниеге көзқарасы көрініс табады. Мысалы, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен бейнелі сөздер – ұлттың ойлау жүйесінің, рухани болмысының көрінісі. Тіл арқылы ұлт өзінің тарихын жадында сақтап, мәдени мұрасын ұрпағына жеткізеді. Ал мәдениет – сол руханияттың сыртқы әрі ішкі бейнесі. Ол тек өнер мен дәстүр емес, сонымен қатар адамның табиғатқа, қоғамға, өмірге деген

қатынасын білдіретін таңбалар мен мағыналар жүйесі. Мәдениет – халықтың рухани тіршілігінің көрінісі ретінде тілмен тығыз байланысты.

Сондықтан да тіл мен мәдениет – жай ғана қарым-қатынас құралы немесе тұрмыстық шеңбердегі құбылыс емес, ұлттың ішкі жан дүниесінің, тарихи жадысының, рухани болмысының коды. Бұл кодтар ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтап, мәдени бірегейлігін нығайтуда шешуші рөл атқарады.

Мәдени-тілдік кодты зерттеу мәселесі қазіргі уақытта көптеген ғалымдарды алаңдатады, өйткені олар мәдениет пен тілдің өзара байланысы әр адамның жеке және әлеуметтік өміріне қатты әсер ететін құрылым екенін түсінді. Мәдени-тілдік кодты зерттеу тілдер мен мәдениеттердің құрылымы мен қызметіне де, жалпы әлемдік тәртіптің көріністерін түсіндіруге де көмектеседі.

Тіл әрқашан ақпаратты сақтауға, өңдеуге және жеткізуге арналған таңбалар жүйесі деп есептелді. Бірақ бұл – қазіргі заманғы зерттеушілер қабылдай бермейтін біржақты, «нақты» «материалдық/заттық-тұрмыстық/болмыстық» анықтама. Атап айтқанда, А.А.Волков: «Тіл – әмбебап семиотикалық жүйе, өйткені барлық таңбалар, соның ішінде тілдің өзі де сөздер арқылы бекітіледі» деген анықтаманы бере отырып, тілді рухани, материалдық және дене шынықтырумен байланыстырады [61].

«Тіл – тарих пен мәдениеттің өзара сабақтастығында белгілі бір құрылымдық ережелер жиынтығымен ұйымдастырылған сөздер жүйесі» [61, с. 68]. Д. Гарсия тілге өте ерекше анықтама береді: «Тіл– бұл жеке адамның өз ойын білдіріп, оны біреудің қабылдауына мүмкіндік беретін ерекше таңбалар жүйесі» [62].

Мәдениет таңбалар әлемі ретінде материалдық және руханилықтың бірлігі ретінде көрініс беретіндігі жөнінде жоғарыда айтып өттік. Шынында да, таңба – сезім арқылы қабылданатын материалдық зат, ал оның мағынасы (мәні, ақпараты) – адамдардың рухани іс-әрекетінің өнімі. Таңбалар адамзат ойының, сезімінің, тілегінің «материалдық қабығы» ретінде көрінеді. Адамның рухани іс-әрекетінің өнімдері мәдениетте сақталуы үшін, басқа адамдар арқылы жеткізіліп, қабылдануы үшін олар осы таңбалық қабықта кодталуы, көрінуі тиіс. Мағына мен таңбаның байланысы мәдениеттің рухани және материалдық аспектілерінің бір-бірінен ажырағысыз бірлігін анықтайды.

«Кейбір факторлар, мысалы, ұрпақтан-ұрпаққа, бір адамнан келесі адамға жеткізудегі қоғамдағы ақпарат пен білім, әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік қатынастар, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты факторлар маңызды болып табылады. Сонымен мәдениет – қоғам мүшелерімен өндірілетін, әлеуметтік тұрғыдан қабылданып, қолданатын және ұрпақтан-ұрпаққа өту қабілеті бар рухани, әрі материалдық өнімдерден құралған белгілі бір күрделі жүйе» [63].

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін тілдің маңызы айрықша екендігі белгілі. Өйткені адамдар қауымдаса өмір сүре отырып, өздерінің ыңғайына қарай түрлі мәдениетті қалыптастыра алады. Сондықтан тіл коммуникативті қасиетке ие ақпарат беруші таңбалар жүйесінен ғана тұрмайды, ол ұлттық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі, әрі мәдениеттердің өзара әрекеттесуін байланыстырушы құрал болып табылады. Олай болса, тілдік

таңбалар арқылы жеткізілетін әртүрлі мазмұн мен мағыналар белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениетін білдіреді. Осыған орай С.Темірбеков: «Мәдениеттің қалыптасу кезеңі адамның адам болуынан, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қажет қарапайым норма, ереже, тыйым, бұйрықтардан басталады, мұндағы тіл, әдебиет, өнер, дін, бұқаралық ақпарат құралдары, киім, құндылықтар сияқты элементтер адамдарды бір-бірімен байланыстыратын басты факторлар» деп көрсетеді [64].

Тілдік және мәдени кодтың тарихи сабақтастығы ұлттық кодты қалыптастырады. Ұлттық код «алдымен, тілімізден, содан кейін дәстүріміз бен салтымыздан, мінезіміз бен дінімізден, ұлттық мәдениетімізден көрінеді. Қазақ баласының танымы мол тарихында мәдени, рухани болмысы ізгілік пен әдептілікке, қайырымдылыққа толы, сондықтан рухани кодымызда ұлттың ішкі жан дүниесі жатыр [58, б. 19]. Осыған орай тіл секілді мәдени кодтың бойында ұлттық рух бар деп айтамыз. Олай болмаған жағдайда ұлттық код код ретінде мағынасын жояр еді.

Құрылымдық лингвистика мен семиотика аясында табиғи тілге қатысты код былайша анықталады:

1) тіл жүйесі; таңбалық бірліктер мен оларды қолдану ережелерінің жиынтығы (И.В.Арнольд, Ф. де Соссюр, У. Эко, Р. О. Якобсон және т. б.).

2) В. А. Лазарев, Л.А.Шестак, У.Эко, Р.О.Якобсон кодты тілдің бір түрі ретінде түсіндіре келіп, оларды соған сәйкес «коммуникативті» кодтар – адресант коды мен адресат коды; ұлттық тілдің әлеуметтік немесе аумақтық біртектілігін көрсететін кодтар; «деңгейлік» кодтар – морфологиялық код, грамматикалық код, фонологиялық код түрлеріне ажыратады;

3) Г.П.Мельников кодты және жеке (индивидуальды) тілді теңдестіре қарайды: өзара қарым-қатынас актілерінің көптігінен ұжымның барлық мүшелерінің кодтары (яғни тілдері) іс жүзінде бірдей болады;

4) У.Эко «код әртүрлі таңбалардың (сигналдардың, таңбалардың) тіркесімі арқылы хабарламаның қалыптасуын анықтайтын ереже болып табылады. Код жөнінде айтылған бұл пікірлердің қай-қайыссысы да өзекті деп білеміз» дейді [65].

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көрініп тұрғандай, лингвистика мен семиотикада код көбінесе тілмен теңдестіріледі, өйткені семиотика терминдерінде тіл мен код таңбалық жүйелер болып табылады. Алайда қазіргі лингвистикада мұндай сәйкестендіру жиі сынға ұшырауда. Н.Лав тіл – код емес деп мәлімдей келе, ғалым біріншіден, тіл коды – мәтінді түсіндіру үшін жеткіліксіз, мұнда адресант пен адресат кодтарындағы айырмашылықтар туралы фондық білім қажеттігін, екіншіден, ақпаратты бір формадан екіншісіне түрлендіру үшін вербалды емес ойлау формалары, яғни тілдік емес код қажет болатындығын атап өтеді. Үшіншіден, код – тілдік ой ұғымымен үйлеспейді, ал «тілді қолдану әлемдегі маңызды белгілі бір феномендік шығармашылық операцияларды жүзеге асыру үшін олардың семиотикалық жағына мән беруімен анықталады» [66].

Ю.М.Лотман «код» және «тіл» терминдерін ажырату қажеттілігі туралы былай деп жазады: «іс жүзінде «тіл» терминін «код» терминімен ауыстыру соншалықты қауіпсіз емес. «Код» термині жаңадан құрылған, жасанды және жедел келісімде енгізілген құрылым туралы түсінік береді. Код тарихты білдірмейді, яғни психологиялық тұрғыдан бізді жалпы тілдің идеалды моделі ретінде болжанатын жасанды тілге бағыттайды. «Тіл» бейсаналық түрде бізге тіршіліктің тарихи ауқымы туралы түсінік береді. Тіл – бұл код және оның тарихы» [67].

Кез келген код, ең алдымен, өзіндік синтаксис заңдарына сәйкес ұйымдастырылған шартты таңбалардың (символдардың) ақпараттық жүйесі болып табылады, демек код тіл болып табылады. Тиісінше, мәдени код – бұл мәдениет таңбаларының ақпараттық жүйесі (оның символдары, артефактілері) немесе өзінің хронотопындағы белгілі бір этникалық контексте белгілі бір маңызы бар мәдениет тілі. Код – мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистикада код ұғымы мәдениетпен тығыз байланысты. Көптеген лингвистер атап өткендей (М.Л.Ковшова, В.А.Маслова, В.Н.Телия, С.М.Толстая және т.б.), ұлттық тілде негізі қаланған ұлттық «мәдени» ақпарат сөздің семантикалық құрылымында, оның ішкі формасында, грамматикалық феномендер семантикасында, синтаксисінде «кодталған», сондықтан «тілде вербальданған мәдени құбылыс бір адамның тілдік немесе сөйлеу болмысы шеңберінен шығып, жалпыұлттық игілікке айналған кезде ғана ұлттық-мәдени код мәртебесін алады» [68].

Сонымен қатар қазіргі зерттеушілер Әлем моделін қалыптастырудағы тілдің кодтық рөліне назар аударады. Бірқатар ғалымдар, соның ішінде Т.В.Цивьян мен Г.А.Левинтон әлем моделінің проекцияндағы тілдің қос аспектісін көрсетеді:

1) Тіл әлем моделінің метакоды ретінде, барлық басқа кодтар үшін «*lingua franca*»;

2) Тіл – әлем моделінің тәуелсіз коды, әлемнің барлық моделі толық көлемде жазылған, символдық жағы басым ерекше түрдегі код [69]. Байқағанымыздай, символдық мәнге ие әлемнің белгілі бір бейнелері мен фрагменттері әртүрлі кодтардың негізіне айналады, әрі олар белгілі бір мағынада мазмұны жағынан біртұтас болып келіп, әлемді адами тұрғыдан сипаттайды. Осыған байланысты қазіргі тілтанымдық зерттеулерде мәдениет мазмұнының ерекшеліктері мен оның тілдегі көрінісін зерттеуде мәдениеттің кодтар жүйесі қолданылады.

Н.И.Толстой, С.М.Толстая, Г.А.Левинтон және басқалардың еңбектерінде мәдени код сана архетиптерінің таңбалық жүзеге асырылуының көрінісі ретінде анықталады. Мұндай түсіндіру бойынша кодтар тек тілдік мәтіндерде ғана емес (яғни тіл деңгейінде), сонымен қатар әлеуметтік институттардағы, материалдық мәдениет ескерткіштеріндегі адам мінез-құлқының әртүрлі формаларының нәтижелеріне жататын мәдениеттің басқа мәтіндерінде де көрінеді. Н.И.Толстой мен С.М.Толстаяның түсіндірмесі бойынша «мәдениет – бұл әртүрлі кодтардың иерархиялық ұйымдастырылған жүйесі, яғни әртүрлі формалар мен материалдық құралдарды қолдана отырып, бірдей мазмұндағы осы қоғамның дүниетанымын, «әлем бейнесін» кодтау үшін қолданылатын екіншілік таңбалар жүйесі» [70].

Екінші рет қолданылатын таңбалар тек тілдік сипатқа ие болумен қатар, тілден тыс: олар адам жасаған заттар (заттық код), әрекеттер (акциональды код), әртүрлі табиғи нысандар (астральды, жануарлар, өсімдіктер коды) және т. б. сипатта болуы мүмкін. С.М.Толстой, Е.Л.Березович пен этнолингвистика саласының бірқатар басқа да зерттеушілерінің пікірінше, кодтарды екі түрге бөлуге болады: айтылым жоспарының ортақтығы негізінде оқшауланған *субстанциялық код*, яғни материалдық, кодты құрайтын таңбалардың материалдық, субстанциялық табиғаты (мысалы, әдет-ғұрыптың пәндік коды); элементтердің (концептілер, идеялар, мотивтер) семантикалық ортақтығы негізінде анықталған, мағынаның әртүрлі материалдық инкарнацияларымен (өсімдік коды, зоологиялық, аспаздық және т. б.) байланысты болуы мүмкін *тұжырымдамалық (концептуальдық) код* [71]. Бұл жіктеуде вербалды (тілдік) код ерекше орын алады. Ол мәдени кодтар жүйесінің тәуелсіз элементі (субстанциялық) және басқа кодтарды ауызша мәтіндерге аударуды жүзеге асыратын оның метакоды (тұжырымдамалық) болуы мүмкін.

Қазіргі лингвомәдениеттануда «мәдениет коды» термині әртүрлі жолдармен анықталады. Мысалы, М.Л.Ковшова, Д.Б.Гудков, В.Н.Телия мәдени кодтарды екінші реттік таңбалармен теңдестіреді: «осы зерттеу тұрғысынан мәдениет мәдени кодтардың кеңістігі ретінде, яғни әртүрлі материалдық және формальды құралдардың көмегімен мәдени мағыналарды немесе дүниетаным процесінде адам қалыптастыратын құндылықтар мазмұнын білдіру үшін қолдананылатын екінші реттік таңбалар жүйесі» ретінде түсініледі [72].

М.В.Пименова «мәдениет коды – бұл жалпы категориялық қасиетімен біріктірілген әлем суреті нысандарының сипаттамалық макрожүйесі» деп санайды; бұл сонымен қатар «табиғи және адам қолымен жасалған объектілер (биофактілер мен артефактілер), сыртқы және ішкі әлем объектілері (физикалық және психикалық құбылыстар) біріктірілген әлем суреті элементтерінің таксономиясы» ретінде түсінсе [73], В.В.Красных мәдениет кодын мәдениет «қоршаған әлемге шашып тастайтын, оны бөлетін, санаттайтын, құрылымдайтын және бағалайтын» «торға» ұқсатады [74].

Осылайша, мәдениет коды мәдениеттің мазмұндық саласы, ұялы ұғымдық тор ретінде және әлемнің бейнесін вербальды жеткізетін тіл құралы ретінде түсініледі. Тұтастай алғанда, этнолингвистика және лингвомәдениеттану шеңберінде мәдениет кодтары жүйелі метафора арқылы қарастырылады, онда «мотивтенген (уәжделген) бірліктер жүйесі толығымен болмыстың басқа саласына ауысады да, екінші номинациялық функцияға ие болады» [71, с. 528]. Бұл, біздің ойымызша, «мәдениет коды» термині семиотиканың негізгі тұжырымдамасынан ерекшеленеді. Мәдени кодтауға қатысты әртүрлі көзқарастарды ескере отырып, В.А.Маслова мәдени кодқа ең дәл анықтама ұсынады. Ол Е.С.Кубрякованың «контейнер» тұжырымдамалық метафорасына сүйене отырып, кодты терең мәдени кеңістік, «контейнер» деп түсінеді. Одан әртүрлі тілдік субъектілер әртүрлі мәдени мағыналарға ие болады, әрі оларды толтырады, соның негізінде код қалыптастырады. Яғни кодтар мәдениеттің таңбалары болып табылмайтын бірліктерді де қамтуы мүмкін, бірақ кодтың

ақыл-ой кеңістігіне енгеннен кейін олар да код болып қалыптасады. Мысалы, жолда жатқан тас – бұл жай ғана табиғи болмыс (Аристотельдің айтуы бойынша), бірақ егер ол қабірге орнатылса, ол мәдениеттің белгісі – ескерткішке айналады [65, с. 10].

В.Н.Телияның пікірі бойынша, мәдениет кодтары, әдетте, қасиетті мәтіндерде, паремияларда, метафораларда, фразеологиялық бірліктерде жүзеге асырылады, өйткені олар жоғары дәрежелі символизмге немесе қайталама семантикаға ие болып келеді: «тілдің фразеологиялық құрамы тіл арқылы жүзеге асырылатын концептілер – мәдениет тілі үшін неғұрлым ашық, айқын болып келеді өйткені фразеологиялық бірліктердің бейнелі негізінде дүниетанымның сипаттамалық белгілері ана тілінде сөйлейтіндердің осы тілмен байланысына сәйкес рефлексивті түрде көрсетіледі» [75].

Сондықтан ғалым мәдениеттің әртүрлі кодтарын фразеологиялық бірліктерде қарастырып, олардың мәдени және ұлттық коннотацияларының мағынасын анықтайды. Осылайша, халықтық менталитеттің сипаттамалық белгілерін жасайды.

Мәдениеттің әртүрлі формаларында табиғи тіл мен басқа да таңбалардың негізінде тілдің мазмұнын білдіруге бейімделген жеке тілдер пайда болады. Мұндай тілдер семиотикалық жүйенің ең жоғары деңгейін білдіреді. Мәскеу семиотикалық мектебінің өкілдері Ю.М.Лотман, В.В.Иванов, А.Успенский мен басқа ғалымдардың еңбектерінде бұл «қосымша таңбалар жүйесі» атауына ие болды. Оларды сондай-ақ «қосымша моделдеуші жүйелер», «мәдениеттің қосымша тілдері», «мәдени код» деп те атайды. Соның бір мысалы, қазіргі рулық таңбалардың мәдениетімізде қайта жаңа форматта жаңғырып, үлкен қолдауға ие болуы, күнделікті өміріміздің бір ажырамас бөлшегіне айналуы, яғни киім үлгілерінде, рәміздік белгілерде, ұлттық атрибуттар ретінде т.б. көрініс табуы тіл мен мәдениеттің «қосымша таңбалар жүйесіне» айналуының бір дәлелі ретінде көрсетуге болады. Басқаша айтқанда, «табиғи тіл мен басқа да таңбалардың негізінде тілдің мазмұнын білдіруге бейімделген жеке тілдер» деп тануға әбден лайықты.

Қазақ тіл білімінде Н.Уәлидің пайымдауынша, тілдік таңба екі түрлі кодтан тұрады: *біріншісі – тілдік, екіншісі – мәдени код*. Тілдік таңбалардың мағынасын мәдени тұрғыдан зерттегенде, осы екі деңгейлі мәнді – яғни тілдік және мәдени мазмұнды – бір-бірінен дұрыс ажырата білу маңызды [76].

Р.Барттың пайымдауынша, «код – өткеннің ізі» [77]. Ю.М.Лотман мәдениет кодтарының бірі ретінде семантикалық немесе символдық типті қарастырады [67, с. 402]. Ол «Басында сөз болды» (В начале было слово) деген тіркесті былайша түсіндіреді: әлемнің өзі – сөз, яғни болмыстың бастауында таңба жасау әрекеті жатыр. Ал мәдениетті Ю.М.Лотман мәтіндер жиынтығы немесе күрделі мәтін ретінде сипаттайды. Бұл жерде «мәтін» ұғымы мәдени жадтың бір түрі ретінде қарастырылады – ол мағына конденсаты, яғни мәтіннің барлық түрленуіне қарамастан өзгермейтін мән. Ал мағына дегеніміз – мәтін арқылы көрінетін, оған дейінгі ақпарат. Егер мәдениет Ю.М.Лотман ұсынғандай, энтропияны (тәртіпсіздікті) ақпаратқа айналдыратын жүйе болса, онда оны

адамзаттың біртұтас шығармашылық туындысы ретінде қарастыруға болады. Осы себепті мәдениетті кең мағынадағы тіл ретінде сипаттауға болады. Сонымен бірге мәдениет – бұл мәтіндер жиынтығы немесе құрылымы күрделі мәтін. Осы ой тізбегі мынадай логикаға әкеледі: Мәдениет → Тіл → Мәтін → Өмір → Мәтін → Жад. [67, с. 391-398]. «Осы тұрғыда Н.Уәли мәтінді тілдік код деп көрсетеді. Тілдік кодты ашу үшін оның аялық білімі тілдік кодты аша алатындай болу керек. Біздің зерттеуіміздегі мәдени-тілдік құзыреттілік тілдік код пен мәдени код аясында жүргізіледі. Бірақ біздің тұжырымдауымыз бойынша, мәдени код бірінші пайда болады да, содан тілдік код қалыптасады. Себебі мәдени кодтар адам санасында өңделіп, танымында тілдік кодқа айналып, ұлтқа тән мәтін пайда болады. Сонда мәдениет – сана – тіл – ұлт айналасында үдеріс жүреді» [77, с. 135].

Қазіргі лингвомәдениеттануда мәдени код мәдениет субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттесу механизмі арқылы жасалады деген ереже қабылданды. «Тілдік құзыреттілікті мәдени құзыреттілікке айналдыру мәдени код категорияларындағы тілдік таңбаларды түсіндіруге негізделген» деп жазады Мәскеу лингвомәдениеттану мектебінің негізін қалаушы В.Н.Телия [78].

Субъективті мағынаны объективтендіру таңбалар мен символдардың көмегімен мәдени артефактілерді құру процесінде жүзеге асады. Өзіндік синтаксистік заңдары бойынша біріктірілген мәдени таңбалар мен символдар жүйесі мәдени тілді немесе мәдени кодты – мәдени ақпаратты сақтау және тарату, трансляциялау тәсілі, мәдени жадтың аналогын құрайды. Адамзат ұрпақтары символдық кодталған және мәдени таратылатын ақпаратпен қамтамасыз етіледі [79].

Е.А.Селиванова мәдениет кодын «белгілі бір этностың мәдениетімен байланысты және табиғи тілдің семиотикалық жүйелерінде, этникалық топ мүшелерінің адамгершілік нормаларын, мінез-құлқын, өнерін, әдет-ғұрыптарын, нанымдарында көрінетін адамның ішкі тәжірибесі мен ішкі әлемін бағалау желісі болып табылатын табиғи тілдің фрагменттері» деп анықтайды» [80].

Мәскеу этнолингвистикалық мектебінің өкілдері мәдениет тілінің терең деңгейінде сол делдал тілдің жатқандығын мойындайды, бірқатар таңбалар сериясын біріктіретін функционалды символдық инварианттар жүйесін, «мәдениет тілінің парадигмасын анықтау – «изофункционалды» ретінде әрекет ететін бірліктердің бірдей символдық мағынаға ие бола алатын синонимдік қатарларын тану идеясын қолдайды» [74, с. 92].

С.М.Толстая мәдени кодты қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың қатарында оның таңбаларының біртектілігін (гомогенді), жүйелілігі мен конвенционалдығын, яғни, басқаша айтқанда, ондағы символдар жүйесінің болуын атайды. Ал Э.Кассирердің адамзат мәдениеті философиясы теориясының негізінде символды адам табиғатының ерекшелігін, оның қабылдауы мен ойлауын түсінудің кілті ретінде қарастыру жатыр. «Адам туралы тәжірибе. Адамзат мәдениеті философиясына кіріспе» еңбегінде неміс философы «адам символдар жүйесін ақиқат шындықты өз өлшемі негізінде қабылдаудың тәсілі ретінде құрды. Дәл осы қабілет адамды анықтайды,

сондықтан оны *Homo sapiens*, емес *Homo symbolicus* деп атау қажет» дейді [81].

Э.Кассирер символизмнің негізгі принциптеріне әмбебаптықты, маңыздылық пен жалпы қолданылымдықты жатқыза отырып, символды ерекше адам әлеміне, адамзат мәдениеті әлеміне есік ашатын бейнелі түрдегі кілт немесе «Сезам, аш!» сиқырлы сөз-парольмен теңдестіреді [82]. Символдың таңбалық ерекшелігін зерттеген А.Ф.Лосев оның көп өлшемді мәдени-философиялық бірлік екенін ескертеді [83].

Символдың семиотикалық ерекшелігі оның полисемиялылығында, оның мұндай сарқылмайтын қасиеті сөйлеушінің түрлі жағдайға қатысты ақпаратты өзінше түсіндіре алуына мүмкіндік береді.

Символ – тікелей мағынасы жоқ жалғыз таңба. Символдың мағынасын түсіну үшін бұл таңбаны жүйеде, контексте, кодта анықтау қажет, онсыз ол метафоралық, эксплицитті түрде оқылмайды. Мәдени кодты дешифрлеу нәтижесінде мәдениеттің заттық символдары – артефактілер үйлесіміндегі хабарламаның мазмұны белгілі болады. Мағынасы мен таңбаның байланысы (немесе басқаша айтқанда, онда жазылған және таратылатын ақпарат пен код) мәдениеттің рухани және материалдық аспектілерінің, оның артефактілерінің диалектикалық ажырамастығын анықтайды.

Мәдениет тілінің өзіндік синтаксисі бар, соның арқасында бірқатар қарапайым заттар хабарламалық мағынаға ие болады. Бұл ою-өрнектердің, көйлек пен сүлгіге тігілген кестенің, Пасха жұмыртқасы мен керамикадағы, тұрғын үй мен қасиетті ғимараттардың архитектуралық формаларындағы және т.б. символдық мағынасы болуы мүмкін. Мәдени кодтар адамзаттың Ғалам құрылымына қатысты ежелгі архетиптік идеяларымен байланысты және бұл білімді жаңа ұрпаққа жеткізеді. Олар табиғаты жағынан әмбебап, бірақ субъективті (дәстүрлі этникалық) фактормен анықталады. Сондықтан мәдени кеңістікті кодтау әрқашан ұлттық сипатқа ие және әр этносқа тән [77, с. 232].

М.Фуко мәдени кодтардың адам өміріндегі маңыздылығына қатысты: «оның тілін, қабылдау схемаларын, алмасуларын, айтылу мен елестету формаларын, құндылықтарын, тәжірибелерінің иерархиясын басқаратын мәдениеттің негізгі кодтары әр адам айналысатын және бағдар алатын эмпирикалық тәртіпті анықтайды» [84].

Мәдениетті семиотикалық жүйе ретінде танып, оның мазмұнын түсіну үшін Ч.Моррис ұсынған семиотиканың зерттеу принциптерін, яғни мәдени таңбаларды талдау әдістерін: олардың синтаксисін (бірліктер арасындағы қатынастар), семантикасын (таңбалар мен олардың мағыналары арасындағы қатынастар) және прагматикасын (семиотикалық жүйені (мәдениет тілі, мәдени код) пайдалануға қатысты ережелерді қолдануды талап етеді [85].

Қазіргі лингвомәдениеттануда мәдени кодтардың сипаттамасы бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Олардың ішінде архетиптік, компоненттік, дистрибутивтік, этимологиялық, мәтіндік-интерпретациялық талдау, басқа мәдениеттердің кодтарымен типологиялық салыстыру, сондай-ақ тұжырымдамалық модельдеу әдістемесі бар. Бұл әдістер мәдени кодтардың құрылымын, мағынасы мен функцияларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік

береді.

Бүгінгі ғылымда мәдени кодтар жүйесін, олардың типологиясы мен интеркодтық метафоралық ауысуларын талдаудың шұғыл қажеттілігі туындап отыр. Заттық тілдер табиғаты жағынан диффузияды және олардың арасындағы шекара айқын болмайды. Мәдениет кодтарының өзара ену механизмдерінің бірі – оларды онтологиялық тұжырымдамалық метафора негізінде қайта түсіндіру, яғни таңбалардың бір кодтық жүйесінің белгілерін басқа белгілерімен қайта кодтау. Бұл қасиет ұрпақтардың мәдени сабақтастығы үшін де, өнердің барлық түрлеріндегі символдық метафораларды қайта түсіндіру үшін де сарқылмас мүмкіндіктер береді. Осылайша көп деңгейлі мәдени кодтар өздерінің символдық негіздеріне байланысты екі қарама-қарсы функцияны орындайды: бір жағынан, дәстүрлерді сақтау және қайта жаңғырту арқылы қоғамның тұрақтылығын қолдайды, ал екінші жағынан, шығармашылық инновациялар арқылы оның даму динамикасын қамтамасыз етеді. Мәдени кодтар жеке тұлға мен қоғамның, ескі мен жаңаның, өзінікі мен өзгенің, нормативтік пен жағдаяттылықтың қайшылықтарын жоюға мүмкіндік береді. Мәдениет өзінің кодтарында тарихи жад қорын сақтай отырып, адамның тіршілік ету ортасымен кері байланысын қамтамасыз ететін ақпараттық ішкі жүйе ретінде көрінеді.

Жоғарыда айтылғандар біздің жұмысымызда сөз болатын рухани кодты бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Біз мұнда рухани код ретінде терең кеңістікті, ұлттың қалыптасу процесінде жасалған ұлттық рухани-адамгершілік заңдылықтарды, құндылықтарды, көзқарастар мен ұстанымдарды сақтап, білдіруге арналған «контейнер» деп түсінеміз. Қазақстанның білім беру саласында бұл термин көбіне Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық бірегейлікті сақтау және ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу міндеттерін іске асыру мақсатында қолданылған.

Рухани код – бұл адамның немесе ұлттың рухани-мәдени болмысын, құндылықтарын, дүниетанымын және тарихи жадын бейнелейтін ұғым. Бұл код белгілі бір қоғамның моральдық-этикалық нормаларын, дәстүрлерін, тілін, дінін, ұлттық идеясын және тарихи жадысын қамтиды, яғни рухани код – бұл әр адамның ішкі мәдени және моральдық негізі, ал халық үшін ұлтты біріктіретін идеологиялық іргетас.

Сонымен ұлттық мәдениет этностың рухани және өндірістік тәжірибелерінде әртүрлі мәдениет кодтарының тұрақты жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Олардың әрқайсысы негізгі мәдени ерекшеліктердің жойылмауының кепілі болып табылады, сонымен бірге мәдениеттің ерекше белгілерін көрсетеді. Алайда кодтар көрінісі, белгілі бір мәдениеттегі белгілі бір кодтың үлес салмағы, сондай-ақ оларды жүзеге асыратын таңбалар әрқашан да ұлттық детерминирленген және белгілі бір дәстүрмен байланысты.

Бұл тіл мен мәдениеттің функцияларын кеңірек байыптап, жоғарыда аталған кешенмен байланысты барлық процестерді мұқият зерделеу қажеттілігін туындатты.

Тілдің болашағы ұлттың мәдени кодына тікелей байланысты. Мәдени-тілдік құрылымдағы ауытқулар барлық қоғамдық жағдайларға әсер етеді, әрі біз мұны

бүгіннен байқай бастаймыз. Әрбір ойшыл адам кез келген сөздің генетикалық формула екенін есте ұстауы керек.

Сонымен қатар Д.Гарсияның айтуынша, мұндай формула адамның белгілі бір комбинаторлық – генетикалық ортамен, макроәлеммен байланысты микроәлемінің бір түрі болып табылады. «Сонымен қатар, тілдегі кейбір сөздер тек белгілі бір параметр туралы ақпарат беретін микроформулалардың бір түрі ретінде әрекет етеді, ал басқалары генетикалық макроформулалар болып табылады, яғни, күрделі ақпаратты бір мезгілде бірнеше параметрде тасымалдай алады». Сөздер мен олардың компоненттері ішкі семиотикалық ақпаратты ғана емес, сонымен бірге болашаққа бағытталған генетикалық ақпаратты да қамтиды. [86].

Мифологиялық бағдар мен мәдениеттің өзіне тән сипаты тіл мен мәтіндердің арасындағы аралық буын мәтін-кодтың пайда болуына алып келеді. Сондықтан қазіргі тіл мен мәдениет концепцияларында код пен таңбаны анықтаудың маңызы зор. Мұнда таңба, бір жағынан, мәдениеттің негізгі, бастапқы, генеративті белгісі ретінде ұсынылса, атап айтқанда, таңбалау режимін, таңба жүйесін құру, екінші жағынан, таңба, соның ішінде тілдік таңба мәдени кодты рәсімдеу тәсілі ретінде әрекет етеді. Сондықтан тіл мен мәдениетті семиотиканың нысаны ретінде түсіндіру ешқандай қарама-қайшылық тудырмайды. Олай болса семиотика тілді қоршаған ортаны бейнелейтін және құрастыратын таңбалар әлемі ретінде қарастыра отырып, тілді оның дамуы мен өмір сүруінің детерминистік параметрлерін айқындайтын кодтық-таңбалық жүйе ретінде ажыратып, зерттейді. Ал адам этномәдени транслятор, осы жүйенің тасымалдаушысы мен қолданушысы ретінде анықталады, әрі зерттеледі.

Таңбалар теориясында тіл – ұлттық-детерминистік қоғамның когнитивті-мәдени кеңістігінде ақпаратты жинақтаушы, әрі таратушы. Сонымен қатар тіл сөйлеу әрекетінің түрлі деңгейлерінің генеративті-интерпретациялық процесінде конвенциялық таңбалар жүйесі ретінде код функциясына ие болады. Таңбалық жүйе қызметі тұрғысынан қарағанда, тіл ұлттың мәдени коды ретінде қоғамның мәдени өміршендігін сақтап, оның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін негізгі механизмдердің бірі болып табылады. Тіл, өз кезегінде, мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Ол ұлттың мәдени мұрасының тірегі әрі кепілі ретінде қызмет атқарады, себебі тіл әрбір ұлттың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін және мәдени құндылықтарын бейнелейді. Сонымен қатар тіл этно-мәдени бірегейліктің негізінде қалыптасатын адамдардың тілдік санасының дамуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде әр халықтың өзіндік ерекшелігін сақтауға көмектеседі. Демек тіл мен мәдениеттің арасындағы тығыз байланыс ұлттың ішкі бірлігін қалыптастыруға, оның тарихи және мәдени тамырларын сақтауға қызмет етеді. Олай болса, тілдік код пен мәдени код – тарихи өзара сабақтастықта ортақ мақсатқа бағытталған куммулятивті құбылыс. Ал, бұл өз кезегінде тіл мен мәдениеттің мазмұн мен тұлғалық формалық тығыз байланысы ретінде тілдік-мәдени кодтың қалыптасуына, ал тілдік-мәдени код кейіннен ұлттық кодтың қалыптасуына алып келеді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші тарау бойынша сөз қозғағанда ғалымдардің пікірі таңбалар жүйесін аталған еңбектерінде әуелі тілдік әлеммен байланыстырады. Мысалы, Лотманның пікірінше, «біз тіл кеңістігіне тастай батып, судай сіңіп кеткенбіз. Әлбетте, қай жағынан алып қарастырсақ та, біз тілдік кеңістіктен қаша алмаймыз. Біз оның бір бөлшегіміз, ол да біздің бір бөлшегіміз. Бұл ретте тілмен арақатынасымыз жайбарақат деп айта алмаймыз: тілдің шегінен тысқары шығу үшін бар күш-жігерімізді саламыз, жалған мен өтірікті, ауытқушылықтарды, кемістіктеріміз бен олқылықтарымыздың денін дәл осы тілге артып қоямыз» [87]. Тілмен күресу әрекеттері өзінің бастауын өте көне кезеңдерден алады. Тарих, бір жағынан, осы талпыныстардың ешқашан сәттілікке жетпейтінін, яғни тілдің өзін өзгерту немесе жою әрекеттерінің нәтижесіз екенін көрсетсе, екінші жағынан, тілдің өміршеңдігінің, оның дамуы мен өзгеруі мүмкін еместігіне де куә боламыз. Тілдің тұрақтылығы мен мәңгілік сипаты – оның адамзат қоғамындағы фундаментальды рөлі мен қажеттілігіне негізделген. Тілдің табиғаты мен оның қоғамдағы орнына деген талпыныстар қанша күш-жігер жұмсалса да, оның ұзақ мерзімді өмірі мен дамуын тоқтату мүмкін емес екендігі уақыт өткен сайын айқын бола түсті.

Сонымен тілдік-мәдени код дегеніміз – тілдік код пен мәдени кодтың бірлігі негізінде ұлттық рухани-материалдық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі. Мұнда адам әлемінің бейнесі көбінесе ол сөйлейтін тіл жүйесімен анықталады, ал тілдік категориялар сөйлеушінің ойларын жеткізу құралы емес, оның идеяларын қалыптастырушы және сөйлеу әрекетін басқарушы құрал ретінде қызмет етеді. Бұл жағдайда тіл код ретінде жалпылама айтылатын халық жанының айнасы емес, өзіндік ерекшелігін модельдейтін мәдениеттің айнасы ретінде әрекет етеді. Сол жағынан алғанда тіл мен мәдениет синкретті деген тұжырымға келуге болады. Сондықтан тілдің кез келген деңгейінде кездесетін тілдік категориялар мен процестерді зерттеу барысында ұлттық-мәдени детерминизмді, сондай-ақ әлеуметтік-этникалық және геосаяси контексті ескермеу нәтижелердің сенімділігі мен айқындығын күмәнді етеді. Тілдің құрылымы мен дамуын толық түсіну үшін оның қоғамдағы орны, мәдени және әлеуметтік факторлары, сонымен қатар саяси және географиялық жағдайлар ерекше маңызға ие. Тек осы аспектілерді назарға алған жағдайда ғана тілдік процестер мен категорияларды зерттеу дұрыс әрі объективті болмақ.

Тұжырымдап айтатын болсақ, тіл – ұлттың мәдени коды. Қай халықтың болса да тілі олардың ұлттық мәдени коды екендігін зерттеудің объективті себептерін ашатын тәсілдері көп, бағыттары да баршылық.



2 ТІЛ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТАРАТУШЫ ТАҢБАЛАУ ҚҰРАЛЫ

2.1 Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастық

Тілдік код пен мәдени кодтың сабақтастығынан пайда болатын тілдік мәдени (ұлттық рухани) код мәселесін тарихи даму және қазіргі заманғы тұрғысынан қарастыру аса қажет. Егер біз эректус мәдениеті, олардың құндылықтары, сенімдері мен әлеуметтік рөлдері туралы айтатын болсақ, онда бұған қосымша мәдениетте құралдардың пайда болуы мен олардың мәдениет үшін маңызы жайындағы сұрақтар туындайды. Құралдар дегенде материалдық және бейматериалдық құндылықтарды бейнелеп көрсететін құралдарды айтамыз. Мұндай құралдар мәдени білімге толы, сондықтан оларды көп ғасырлық тарихты бойына жинақтаған мәдениет деп айтуға болады. Бұл материалдық құралдар: күрек, кескіндеме, қалпақ, қалам, табақ немесе тіпті тамақ т.б. болуы мүмкін. Бірақ материалдық емес құралдар да өте маңызды. Мұндай бейматериалдық құралдардың ішінде тіл – адамның ең маңызды құралы болса, мәдениеттің өзі де – осы тектес құрал. Құралдарға негізделген тілдің табиғаты тарихтан, тарихи деректерден айқын көрінеді. Тіл құрал ретінде тарихи материалдар (формалар) түрінде де кездеседі. Адамдар ұзақ уақыт бойы жазуды бір ғажайып ретінде көрді, соған орай көптеген халықтар жазуды құдайлар немесе Құдайдың ата-бабалары жасаған деп санады. Соған қатысты «Ислам доктринасы бойынша араб жазуын Алланың өзі жасаған. Құранның (651) алғаш рет жазылуына негіз болған таңбалар Алланың аяны сияқты бастапқыда аспанда пайда болған» [88], «жалпы таңбалар бастапқыда ата-баба құдайларының немесе меценаттар рухтарының бейнелері болған, содан кейін ғана қарапайым геометриялық фигуралардың пішіндерін алып, оларды ою немесе өртеу үшін ең ыңғайлы етіп қабылдаған рулық меншік белгілеріне айналды» [89] деген пайымдаулар орын алған. Келе-келе «мұндай жазудың сакралданылуы жазу мен мәтінді қоғамның ақыл-ой мүдделерінің орталығына айналдырды. Бұл өз кезегінде мәдениеттер тарихындағы орта ғасырдың ежелгі әлем мен кейінгі ғасырларға қарағанда сөзге барынша назар аударғандығын дәлелдейді» [90].

О.Сүлейменов «сөз жасаушылар ата-бабаларынан өзіндік атауларымен бірге жеткен қасиетті иероглифпен жұмыс істей отырып, оның символикасын ашуға тырысты. Олар бұл таңбаларды қандай да бір табиғи объектінің, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өкілі немесе басқа табиғат құбылысының графикалық көрінісі ретінде қабылдап, иероглифтің атын Құдайдың жердегі бейнелері ретінде көрсетті. Сондықтан иероглиф жаңа ұрпаққа Құдайдың белгісі – тайпаның қамқоршысы ретінде берілгендіктен, оның кескіндемесі мен атауын өзгертуге жол берілмеді. Дәстүрге деген осындай ерекше сенгіш көзқарастың арқасында алғашқы иероглифтер бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз сақталды. Миллиардтаған түрлі сынақтардан өтсе де, олардың атауларындағы дыбыстық тіркесімдер өзінің дыбыстық реттілігін, саны мен сапасын жоғалтқан жоқ. Таңбалардың бірінші атауы, мүмкін, екеуі де жалпылама, ортақ болды. Енді оны қалпына келтіру мүмкін емес, дегенмен, бұл атау акустикалық түрде емес, тек идеограмма арқылы көрсетілуі мүмкін» екендігін жоққа шығармайды [91].

Түркілерде тамга ежелгі уақытта пайда болған. Ол кезде жазу әлі болмаған, әрі барлық жерде, соның ішінде геральдикада да қолданылған. Ежелгі түркі таңбалары бастапқыда өздерінде сиқырлы, қасиетті элементтерге ие болып, рудың қамқоршылары болды («сұльдэ»). Кейінірек олар рулық және меншіктік белгілерге айналды [92]. В.С.Ольховский да «ежелгі түркілік таңбалар синхронды руникалық алфавиттерден ерекшеленгенімен, олардың арасында руналарға ұқсас таңбалар бар екендігін жоққа шығармайды [93].

Академик А. А. Шифнер неғұрлым келешегі бар, яғни түркі «руникасының» ежелгі түркілердің рулық таңбаларынан шыққандығы туралы болжамын ұсынды. Н.А.Аристов Орхон алфавитінің 38 таңбасының 29-ы түркі тамғаларымен сырттай ұқсастығын анықтады [94]. Орыс шығыстанушысы Н.А.Аристов А.Шифнердің түркі руналарының жергілікті көзі ру таңбалары екендігі туралы гипотезасын негіздесе, Н.Маллицкий мен И.А.Соколов, кейіннен И.А. Батманов та Орхон-Енисей жазбасының шығу тегі «жергілікті тамғалар мен басқа да идеограммалар» деген пікірді қолдады. Д. Н. Соколов сондай-ақ әрбір түркі руникалық таңбасының түркі рулық таңбалары арасында өз егізі бар деген пікірін білдіреді [92, с. 338]. Осы орайда А.Аманжоловтың пікіріне сүйенуге болады: «Мысалы, қазақтың балталы руының таңбасы: Р немесе Ч балта деп аталса, бағаналы руының таңбасы  немесе  – бақан «айыр ұшты бақан –, қоңырат руының таңбасы  – босаға, қаңлы тайпасының таңбасы  – көсеу «көсеу» және т.б. руникалық таңбалардың түркілік этимологиясын ұсына отырып,  j, 'j (aj «ай(аспан денесі), ай(30 тәулік)»),  oq, uq (oq «оқ») және  b, üb (eb «үй, киіз үй»), В.Томсен сонымен бірге руникалық таңбаларға қатысты мұндай этимологияларды өте күмәнді деп санады  1, äl (el «қолдың саусағы»),  r, äg (er «еркек, ер адам»),  n, äp (en – «төмен түсу, түсу», ср. en «астыңғы, түсу»),  y, äy (ay «ау, тұзақ, тор, балық аулау құралы»),  t, at (at «ат») және  s, aš (ešik «есік»)» [94, с. 286].

«Түркі рундарының шығу тәркіні жағынан идеограммаларға (дәлірек айтқанда, бейнелеу логограммаларына) қаншалықты қатысты екенін айту қиын, өйткені олардың палеографиясы жеткілікті зерттелмеген. Дегенмен, нақты руникалық таңбалар  lt,  rt и  nt әріпке дейінгі жазудан шыққан деп болжауға жеткілікті негіз бар» [94, с. 290].

Рулық таңбалар, рәміздер XIII ғасырда Орта Азиядағы моңғол шапқыншылығына ұшыраған барлық елдерде, Кавказ бен Закавказьеінің кейбір елдерінде, Таяу және Таяу Шығыста таралды, онда бұрынғыдан басқа жаңа мағыналарға ие болған, мысалы, «хан мөрі бар құжат», «ақшалай салық» [92, с. 75-86].

Кейбір теорияларға сүйенсек, ірі түркі тайпаларының таңбасының пайда болуын түркі көшпелі халықтары арасында христиандық тез тарала бастаған кезеңмен де байланыстырады, яғни V-X ғасырға тән деп таниды. Киелі Інжілдің

латын тілінде жазылуы түркі тайпаларындағы ежелгі руникалық таңбалардың біртіндеп қарапайым таңбаларға айналуына алып келеді.

Тарихта «әдетте, үш «ақпараттық төңкеріс» болғандығы туралы айтылады:

1) шамамен б.э.д. 3000 жыл (яғни шамамен 5 мың жыл бұрын) Оңтүстік Двуречье (қазіргі Иракта) ежелгі шумерлер сөйлеу тілінің дыбысталуын жеткізетін сына жазуын жасаған»;

2) 1453 жылы Германияда басталып, Еуропада жедел түрде кеңінен тараған кітап бастыру ісі;

3) 1970 жылдардың басында АҚШ-та бір адамның пайдалануына арналған шағын дербес компьютерлер (ЭЕМ) жасалды. Кейінгі екі он жылдықта оның орталықтандырылған көпжақты (түрлі бағыттағы) жүйесі құрылып, жаңа қосылым миллион дербес компьютерлердің басын біріктіретін – Интернет деңгейіне жетті» [95].

«Үш ақпараттық төңкерістің» әрқайсысы өзіне дейінгі уақыт ішінде маңызды оқиғаларға толы дайындық кезеңдерінен өтті. Мысалы, ежелгі Шумер өркениетінде пайда болған сына жазуы алғашында суретке ұқсас бейнелерге жақын формада болды. Ал кітап басу ісіне дейін, яғни әріптерді жеке-жеке теріп бастыру әдісі толық қалыптаспай тұрып, XIV–XV ғасырлардағы Еуропада гравюра техникасы дамып, тұтас бейнелер мен мәтіндерді баспа нұсқасында түсіру кең таралған болатын. Бұдан кейінгі кезеңде, дербес компьютерлер пайда болмай тұрып, шамамен 30 жыл бойы ғылыми-зерттеу мекемелерінде ұжымдық түрде қолданылатын ірі есептеуіш машиналар (ЭЕМ) кеңінен пайдаланылды. Сол кезеңдерде ақпарат алмасу мақсатында бірнеше ЭЕМ-ді өзара байланыстырып, біріктіре пайдалану қалыпты тәжірибеге айналды [96].

Демек «Бірінші ақпараттық төңкеріске» әлеуметтік семиотикалардың ең көне түрі ретінде саналатын – ритуалды жатқызуға болады. Осы ритуал негізінде магиямен және культпен тығыз байланысып кеткен алғашқы өнер түрінің семиотикасы, әсіресе би өнері қалыптасқан. Кейін бұл негізден дыбыстық сөйлеу тілі, сондай-ақ адам мінез-құлқындағы түрлі семиотикалық таңбалар – ым-ишара, қимыл, мимика сынды коммуникация құралдары дамып шығып, күрделі тілдік және мәдени жүйелердің пайда болуына жол ашты [95, р. 171]. Солардың қатарында бірнеше ғасырлар бойы зерттеушілердің назарын өзіне аударып келе жатқан ежелгі түркі таңбалары мен символикалық белгілер бар. Бұлар біртұтас байырғы түркі мәдени кешенінің ажырамас бөлшегі болып табылады.

Еуразияның далалы аймақтарында өмір сүрген халықтардың жазу таңба-белгілері, олардың шығу тегі, даму кезеңдері, өркендеуі мен трансформациясы туралы жүргізілген ғылыми зерттеулер әлі де толық емес және терең әрі тұшымды түрде зерттелмеген. Бұл мәселенің маңыздылығы мен өзектілігіне қарамастан, осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелері әлі де ғылыми қауымдастық үшін қол жетімсіз және көптеген жағдайда зерттеу аясынан тыс қалып отыр. Бұл жағдай, өз кезегінде, байырғы халықтардың жазба мәдениетін толықтай түсіну мен бағалауды қиындатады, сондай-ақ, олардың тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген сұрақтар ашық қалуда.

О.Сүлейменов соған қатысты «идеограммаға айналған идеограммалар – елтаңбалар, эмблемалар, ою-өрнектер – бастапқыда діни және заттық мағыналы бейнелі жазулар болып, кейіннен олардың атаулары сөзге айналған. Таңба мен Сөздің діни қызметкерлері ұрпақтан-ұрпаққа берілетін алғашқы иероглифтерді түсіндіре отырып, соның негізінде мозаикалық түрдегі миф, философия, ғылым, өнер секілді алғашқы білімнің қалыптасуына мүмкіндік беретін жаңа ұғымдарды тудырды» деп көрсетеді [91, с. 79].

Қазақ жерінде жазу өнерінің алғашқы іздері тас дәуіріне тән екені белгілі. Бұл кезеңде жазу-сызудың алғашқы нұсқалары, негізінен, еңбек құралдары мен тұрмыстық заттарда бейнеленген таңбалар мен өрнектер арқылы көрініс тапқан. Тасқа қашалған ойықтар мен түрлі бейнелер, сондай-ақ өрнектелген белгілер осы уақыттағы алғашқы жазу жүйелерінің айқын дәлелі болып табылады. Мұндай таңбалар мен белгілер тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар дүниетанымдық, мәдени және әлеуметтік мәні бар ақпараттарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қызметін атқарған.

А.Алимбаев та аталған көне түркі жазбаларын түркі халықтарының алғашқы графикасы ретінде көрсетеді: «Turkologist scholars called the inscriptions on the monument rune writing. Rune means «secret» or «unknown». The stone images and monuments prove that ancient rune inscriptions were used on the territory of Kazakhstan during the VII-IX centuries. The inscriptions have been the first alphabet used by the ancient Turkic people» [97].

Адамзат баласының алғашқы таңбаларды сызу және бейнелеу өнері арқылы өз ойын, идеяларын білдіру әрекеті, әсіресе Каспий теңізі жағалауындағы Қосқұдық ескерткішінде айқын көрініс тапқан. Бұл ескерткіш саналы түрде сызылған нобайлар мен таңбалар арқылы адамзаттың ерте мәдениеті мен рухани дүниетанымының көрінісі болып табылады. Уақыт өте келе бейнелеу өнерінің дамуымен таңба түсіру, сурет салу, қашау, бояу қолдану сияқты тәсілдер пайда болып, осы үрдістер көне түркі таңбалары мен белгілерінің үлгілерімен жалғасқан.

Түркі таңбалары мен бейнелерінің этномәдени сипаты мен олардың мағыналық болмысын зерттеу бүгінде халықаралық ғалымдардың қызығушылығын тудырып, зерттеу нысанына айналууда. Бұл таңбалар мен белгілер тек мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар этникалық сәйкестілік пен рухани дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырылууда.

Байырғы түркі халқының мәдени жетістіктерінің жарқын көрінісі – еуразиялық кеңістікте таралған таңба жазулы мәдени ескерткіштер. Бұл ескерткіштер еліміздің шығысынан бастап, Алтай, Тарбағатай, Ұлытау, Алатау, Мерке сынды киелі тауларда, сондай-ақ Ертіс, Сырдария, Талас, Жем сияқты өзендердің бойында кездеседі. Мәселен, 1960 жылы Ертіс өзенінің оң жағалауынан сақ дәуіріне жататын, б.з.д. V-IV ғасырларға тиесілі марал сүйегінен жасалған тұмарға жазылған жазба ескерткіш табылды. Бұл жәдігер байырғы түркілердің жазу мәдениетінің тереңдігін және сол дәуірдегі халықтың өзіндік жазба дәстүрінің болғандығын айғақтайды. Ол жазбаны

түркітанушы ғалым А.Аманжолов оңнан солға қарай «Ақ сықын» – «Ақ марал» деп оқыған [98].

Есік қаласы маңындағы «Алтын адам» қабірінен шыққан күміс тостағанның сыртына жазылған 26 таңбалы екі жол жазуды зерттегенде, бұл жазулар байырғы түркі руна жазбаларына да, Жерорта теңізі жағалауындағы көне алфавиттерге, атап айтқанда, грек пен арамей әріптеріне ұқсас екені байқалады. А.Аманжолов осы жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқып, оның мазмұнын былайша түсіндірген: «Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)». Бұл жазу өз кезегінде көне түркі жазба мәдениетінің және тілінің дамуын, сондай-ақ мәдени алмасулар мен байланыстарды зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады» [99].

А.Аманжоловтың зерттеуіне сәйкес, Есік қаласындағы «Алтын адам» қабірінен табылған күміс тостағанның сыртына жазылған жазу түркі тілінде жазылғандығы анықталған. Бұл жазу сақ дәуірінің ескерткішіндегі жазу түркі тілінде екендігін, яғни бұдан 2500 жылдан астам уақыт бұрын түркі тілдес сақ тайпалары таңбалап жазуды білгендігін көрсетеді. Ғалымның тұжырымы бойынша, бұл жазу түркі тіліндегі алғашқы жазбалардың бірі болып табылады және көне түркі жазба мәдениетінің бастауларының бірін құрайды [100].

Жазу өнері – адамзаттың дүниежүзілік мәдениетке қосқан маңызды және үздіксіз дамып келе жатқан үлестерінің бірі. Түркі халықтары да осы жазу өнерін жетілдіріп, өздерінің қажетіне сай пайдаланған, атап айтқанда, руна жазуын ойлап тауып, оны кеңінен қолданған. Соңғы екі жүз жылда байырғы түркілердің руникалық жазуларының таралу ауқымы едәуір кеңейіп, Қазақстан мен Орталық Азиядағы сақ обалары мен жартас беттерінен руна тәрізді жазбалар табылған. Осылайша, бұл жазбалардың географиялық ауқымы кеңейген сайын «орхондық», «таластық» немесе «Орхон-Енисейлік» руналар деп аталатын терминдер пайда болды. Руна жазбаларының негізгі ошағы әлемнің үш елінде – Ресейдің Саян-Алтай аймағында, Моңғолияда және Қытайдың Шыңжаң аймағында шоғырланған. Қазақстанда руна жазуларын зерттеуді жалғастырған ғалымдардың бірі – Н.Ф.Катановтың шәкірті С.Е. Малов болды.

Енисей жазуларын әлемге таныстырған Мессершмидт болса, Н.М.Ядринцев олардың мәнін ашуға мүмкіндік туғызды. Ал В.Томсен жазудың тілін және әріптерін анықтап, В.В.Радлов мәтіндердің мазмұнын түсінуге қол жеткізді. С.Е.Малов болса кеңес түркітанушыларының мектебінің негізін қалап, Л.Р.Қызыласов байырғы Енисей жазбалары мен руникалық палеографияны зерттеу арқылы тарихи сананың қалыптасуына үлес қосты.

Тарихи тұрғыдан қарағанда, жазу таңбалары қоғамдық құбылыс ретінде бірнеше даму кезеңдерінен өткен. Тас дәуірінің әртүрлі кезеңдерінде қолданылған таңбалар мен символдар белгілі бір жерлерді, киелі орындарды, қару-жарақ пен басқа да заттардың қызметін айқындайтын индикатор ретінде қызмет еткен. Алайда тас дәуірінің палеолит және неолит кезеңдерінде

қоғамдық институттардың толыққанды дамымауы, этноәлеуметтік қатынастардың жеткілікті реттелмегендігі мен өзара айырмашылықтарының болуына байланысты таңбалардың жазу ретінде кеңінен қолданылуы туралы нақты бір қорытындыға келу әлі де терең әрі жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Көптеген мәдениеттерде жазу тек қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, сондай-ақ ғұрыптық және діни байланыстардың негізінде пайда болған эзотериялық сипаттағы құрал болып есептеледі. Адамдар жазуды көптеген ғасырлар бойы құдайлардың жасаған дүниесі ретінде қабылдаған. Сонымен қатар, жазу жасаушылар туралы мифтер де пайда болып, мифопоэтикалық дәстүрдің аяқталуына себеп болған.

Жазу таңбалық жүйесін ойлап табу адамзат ойының ең үлкен жетістіктерінің бірі болып табылады. Әсіресе жазудың пайда болуы мен дамуы адамзат мәдениетін алғашқы, қарапайым қалыптан алып шығуға көмектесті. Жазусыз ғылым, техника, өнер, құқық және т.б. дамуы мүмкін болмас еді. Жазудың алғашқы белгілері қарабайыр қоғамда пайда болып, «тақырыптық хат» деп аталды. Онда хабарларды (мысалы, бейбітшілік белгісі ретіндегі зәйтүн бұтағы) беру үшін белгілі бір нысандар пайдаланылды.

Жазу тарихының алғашқы сатысы сурет түріндегі жазу (пиктография) болса, келесі сатыда суреттер неғұрлым жеңілдетілген және сызба сипатқа ие болатын (иероглифы) идеографиялық жазу пайда болды. Ең соңғы үшінші сатысында сөздерден емес, олардың ауызекі сөйлеу тілінің дыбыстық құрамын білдіретін салыстырмалы түрдегі аз ғана жазу таңбалар жиынтығы – әліпбилік (алфавиттік) жазу қалыптасты.

Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті болып табылатындығын жоғарыда айтып кеттік. Арғы заманнан бастау алған жазудың түп-тамыры сурет пен бейнелеуден қалыптасқанын тарихи зерттеулер көрсетеді. Пиктографиялық жазу, яғни заттар мен құбылыстарды сурет түрінде бейнелеу арқылы жасалған алғашқы жазу жүйесі уақыт өте келе дамып, идеографиялық жазуға – таңбалар мен идеограммаларға (бейнемен байланысты шартты белгілер) айналды. Бұл жүйе жеке сөздер немесе олардың атаулары мен бөліктерін белгілеуге мүмкіндік берді.

А.Мектептегі «біздің бағзы таңбаларымыз – даналарды тәрбиелейтін жазу дегенге саяды. Себебі, әрбір таңба құлыпқа салынған мағынаны білдіреді, орысша айтқанда (кодový письмо)» [8, б. 10] деп көрсетеді. Ғалым М.Ескеева: «алғашқы таңбалар адамның жеткізбек ойына қатысты қоршаған ортадағы нақтылы заттарға бейнесін елестете отырып, оның сұлбаларын түсіру арқылы пайда болды. Бара-бара нақтылы зат бейнелері сол затқа қатысты қимылды білдіретін абстрактылы ұғымдарды да бейнелей бастады.

Таңбалардың шарттылық-символдық сипаты да осы кезеңнен басталады. Тікелей ойға, ұғымға қатысты алғашқы жазу таңбаларының біртіндеп шартты таңбаларға ауысуы, мағыналық шаңбері тарылып, фонемалық мағынаға ие болуы, дыбыстық жазудың пайда болуына ықпал етіп, әріптердің қалыптасуына негіз болды. Ұлттық тіл ретінде танылудың негізгі атрибуттарының бірі – жазба тілдің орнығуы алғашқы жазу таңбаларының пайда болуынан бастап қазіргі

таңдағы жазу үлгілеріне дейінгі ұзақ жылдарға созылған даму процесін камтиды» деп көрсетеді [101].

Кестелі және символдық бейнелердің, кейіннен толық шартты белгілердің қолданысы жазудың графикалық өнерден айрықша ерекшеленуінің негізгі факторларының бірі болды. Жазу мен бейнелеу өнерінің арасында шекара қалыптасып, жазудың өзіне тән тәсілдері мен белгілері дамыды. Бұл даму кезеңінде жазу таңбалық сипатқа ие болып, өз мәні мен қызметі жағынан бейнелеу өнерінен алшақтай бастады. Яғни, жазудың графикалық бейнелеу сипаты мен өнердегі көркемдік тәсілдер арасындағы айырмашылық айқындала түсті.

Қазіргі уақытта, дыбыстық-әріптік жазу жүйесінде әріптер тек дыбыстардың немесе фонемалардың шартты белгілері ретінде қызмет етеді, ал олардың суреттік немесе бейнелеу сипаты толықтай жойылды. Бұл жазу жүйесі тілдің дыбыстық құрылымын көрсететін құрал ретінде қарастырылып, бейнелеудің көркем тәсілдерінен түбегейлі бөлек сипатқа ие болды.

Жазу пайда болғаннан кейін халықтар дамуында мифологиялық кезең аяқталды. Жазудың тарихы жазу коммуникациясы аумағының географиялық және әлеуметтік кеңістікте артуымен байланысты болды. Бұл жазу қарым-қатынасының демократизациялануына алып келді. Жазудың (барлық түрлерінде – пиктографияда, иероглификада, әріптік-дыбыстық жазуда) «төңкерістік» іс-әрекеті уақыт пен кеңістік аралығындағы ақпарат жеткізу мүмкіндігіне негізделді.

Алғашқы жазу түрі фразеографиялық сипатқа ие болған, яғни бұл жазу жеке сөздерге бөлінбей, тұтас бір хабарды немесе мағынаны жеткізетін формада болды. Мұндай жазу жүйесі ең алғашқы кезеңдерде символдық таңбалар мен бейнелер арқылы жүзеге асқан. Бұл таңбалар белгілі бір ұғымдарды, оқиғаларды немесе нысандарды суреттеудің тиімді әдісі болды.

Қолдану аясына қарай, фразеограммаларды екі негізгі санатқа бөлуге болады: біріншісі – бейнелеу түріндегі пиктограммалар, яғни заттар мен құбылыстарды көрнекі түрде бейнелейтін суреттер, екіншісі – шартты белгілер, олар нақты бір мағынаны немесе ұғымды білдіретін абстрактылы таңбалар болып табылады.

Көне шартты белгілердің әртүрлі түрлері болған және олар әлеуметтік өмірдің түрлі салаларын көрсететін маңызды рөл атқарған. Мысалы, рулық және тайпалық таңбалар белгілі бір этникалық немесе әлеуметтік топты айқындауға қызмет еткен. Сонымен қатар, тотемдік таңбалар да кездеседі, олар белгілі бір жануарлар мен өсімдіктерді немесе табиғат құбылыстарын құдайлық күштермен байланыстырып, соларға табынудың белгісі ретінде қолданылған. Тағы бір маңызды шартты таңба түрі рулық немесе тайпалық меншікті көрсету үшін қолданылған таңбалар болды. Бұл таңбалар тек қоғамдағы меншікке қатысты емес, сонымен қатар сол топтың әлеуметтік мәртебесін, қауымдастықтағы орны мен жағдайын да білдірген. Мысалы, жануарларға салынған таңбалар белгілі бір руға немесе тайпаға жататын малдың меншігін көрсеткен.

Шеберлердің өз қолөнер бұйымдарына салатын таңбалары да ерекше маңызға ие. Бұл таңбалар олардың жасаған қолөнерінің сапасын, шебердің мәртебесін және бұйымның қайдан шыққанын көрсетуге қызмет еткен. Сонымен қатар, әскер басылардың мөрлері, теңгелер мен елтаңбалар да көне кезеңдерде белгілеу және сәйкестендіру функциясын атқарған. Сондай-ақ сиқыршылық пен діни мақсаттағы белгілердің де орны ерекше. Бұл таңбалар белгілі бір күштерден, зұлымдықтан немесе аурудан қорғау үшін пайдаланылған. Тыйым салу белгісі немесе қорғау символдары сол кезеңдердегі халықтың дүниетанымын, діни сенімдерін және рухани әлемін сипаттайды. Осылайша, шартты оқшауланған таңбалар, олардың мәні мен қызметі қоғамның әлеуметтік, мәдени және діни өміріндегі маңызды аспектілерді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл таңбалар тек жазудың алғашқы түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ауыз әдебиеті, археологиялық қазбалар, ескі кітаптар мен жазбалардағы мұқабалар, тараулар мен бөлімдер арасындағы өрнектер мен суреттер, жұлдызшалар мен айшықтар, сондай-ақ батырлардың қару-жарақтарындағы арнайы таңбалар мен белгішелер – бұл барлығы халықтық тарихи-этнографиялық мұралардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл белгілер мен өрнектер қазақ халқының рухани мәдениетінің көрінісі ретінде сақталып қалған және ұрпақтан ұрпаққа мұра болып берілген символдық жүйелерді білдіреді.

Атап айтқанда, ауыз әдебиетінде, эпикалық жырлар мен аңыз-әңгімелерде кездесетін бейнелі сипаттамаларда, суреттемелерде сол уақыттың әлеуметтік-мәдени құрылымы мен дүниетанымы айқын көрініс тапқан. Одан бөлек, археологиялық қазбалардан табылған ескі қолжазбалар мен кітаптарда кездесетін айшықтар мен жұлдызшалар да осы мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұлардың барлығы – халықтың өткен ғасырлардағы тарихы, дәстүрлері, қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар мен этникалық бірлігін көрсететін негізгі белгілер. Қарулары мен әшекей бұйымдарындағы таңбалар да жеке назар аударарлық маңызға ие. Әсіресе батырлардың қару-жарақтарында бейнеленген таңбалар мен өрнектер оларды тек әскери күш ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік мәні бар рәміздер ретінде сипаттайды. Бұл таңбалар ұлттың күш-қуаты мен жауынгерлік дәстүрлерін бейнелейтін символдар ретінде кеңінен таралған. Сондай-ақ, халықтың күнделікті өмірінде қолданылған ру таңбалары мен ен-таңбаларының элементтері де кеңінен кездеседі. Бұл таңбалар тек этникалық және әлеуметтік топтардың өзара айқындалуын ғана емес, сонымен қатар олардың мәдени байланысын, наным-сенімдері мен тарихи түп-тамырын да айғақтайды. Осы таңбалар арқылы халықтың ерте кезеңдерде қалай өмір сүргені, қандай әлеуметтік құрылымға ие болғаны, және қандай дәстүрлер мен ережелерді ұстанғаны туралы құнды деректер алуға болады. Бұдан өткен заманнан қалған таңбалар мен өрнектер халықтың мәдени мұрасын зерттеуге үлкен мүмкіндік беретініне көз жеткізуге болады. Олар ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін және қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасын, өмір сүру салтын

айқындайтын басты дереккөздер болып табылады. Сондықтан бұл таңбаларды жинап, зерттеу халықтың тарихи процесіндегі маңызды кезеңдер мен қоғамдық дамудың белестерін түсінуге ықпал етеді.

Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері тек сәндік элементтер ретінде ғана емес, терең мағыналық жүк арқалаған символдық жүйе ретінде де қарастырылады. Бұл өрнектердің атаулары мен мазмұны олардың қай табиғи құбылысқа немесе затқа негізделіп жасалғанына байланысты жіктеліп, бірнеше тақырыптық топқа бөлінеді. Әрбір топ белгілі бір дүниетанымдық, экологиялық немесе әлеуметтік түсініктерге негізделіп, халықтың өмір сүру салтымен тығыз байланысты.

Аспан әлеміне қатысты өрнектер – бұларға ай, күн, жұлдыз сияқты аспан денелеріне байланысты өрнек түрлері жатады. Мұндай бейнелер ғарышқа, табиғи циклдерге деген құрмет пен олардың өмірлік мәнін тануға негізделген.

Малға және оның дене мүшелері мен іздеріне байланысты өрнектер – бұл топқа төрт түлік малдың мүйізі, тұяғы, ізі, жүнінің бедері сияқты элементтерден алынған өрнектер кіреді. Олар көшпелі өмірдің, мал шаруашылығының рухани және материалдық мәдениеттегі орнын көрсетеді.

Аңдарға қатысты өрнектер – бұл санатқа жабайы аңдардың дене бөліктері мен іздерінен алынған бейнелер кіреді. Аңшылықпен байланысты өрнектер күш, айлакерлік, ерлік сияқты ұғымдарды бейнелеуге қызмет етеді.

Құрт-құмырсқалармен байланысты өрнектер – мысалы, «құмырсқа ізі», «жұлдызқұрт» сияқты өрнектер кіреді. Бұл өрнектер табиғаттағы ұсақ тіршілік иелерін бақылап, оларды символикалық мәнге ие еткенін көрсетеді.

Құстарға қатысты өрнектер – қанат, тұмсық, қауырсын сияқты элементтерді бейнелейтін өрнектер бұл топқа жатады. Құстарды бейнелеу – еркіндік, шабыт және табиғатпен үндестікті білдіретін рәміз.

Жер, су, өсімдік әлеміне байланысты өрнектер – гүл, жапырақ, бұтақ, тамыр, толқын сияқты табиғи элементтерден құралған өрнектер. Бұл топ табиғатқа деген ілтипатты және экологиялық ойлаудың көрінісін береді.

Қару-жарақ пен құрал-саймандарға байланысты өрнектер – мысалы, балта, найза, қалқан сияқты заттардың бейнелері. Бұл өрнектер ерлік, қорғау және еңбек тақырыптарын меңзейді.

Геометриялық өрнектер – сызықтар, дөңгелектер, үшбұрыштар, ромбылар сияқты пішіндерден құралған өрнектер. Бұл санаттағы бейнелер абстрактылы ойлаудың, математикалық танымның дамуын да аңғартады.

Осы тақырыптық жіктеу ою-өрнектердің тек декоративтік көркемдік құрал емес, сонымен қатар терең танымдық, дүниетанымдық мазмұнға ие екенін көрсетеді. Олар арқылы қазақ халқы табиғатты, қоршаған ортаны, жан-жануар мен аспан әлемін тану және бейнелеу тәсілін қалыптастырған [100, с. 39-42].

Қазақтың ұлттық болмысын айқындайтын бейнелі ою-өрнектердің қалыптасуы көшпелі өмір салтының, табиғатпен етене байланысқан тіршіліктің және жорықшылық дәуірдегі тұрмыстың тікелей көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл өрнектердің мазмұны мен формасы халықтың табиғатты бақылауы, күнделікті өмірдегі құрал-жабдықтарды тануы, аңшылық пен шаруашылық тәжірибесінен туындаған ұғым-түсініктердің негізінде дамығаны

анық байқалады. Мәселен, «Баған бейнесі» немесе кейде «бақан» деп аталатын өрнек тірек, дінгек сынды ұғымдарды тұспалдап көрсетеді. Бұл өрнек тек физикалық құрылымды ғана емес, сонымен қатар символикалық тұрғыда тұрақтылық пен берік негізді білдіреді. Ал «балға» мен «балта» бейнелері нақты еңбек құралдарының суреттелуінен туындағанымен, олардан жасалған өрнектердің семантикалық аясы одан да кең – олар еңбек, күш және ісмерлік ұғымдарымен сабақтасады. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, мұндай бейнелер шеберлердің өз қолөнер бұйымдарына арнайы таңба қою мақсатында пайдаланған символдары болуы мүмкін. Яғни, шеберлер өз еңбегінің «қолтаңбасын» қалдыру үшін өз руының таңбасын өрнек түрінде қолданған болуы ықтимал. Бұл – қазақтың заттық мәдениеті мен таңбалық жүйесінің өзара байланысын көрсететін маңызды жайт. Сол сияқты «бес дөңгелек», кейде төртбұрыш тәрізді болып келетін геометриялық өрнектер де белгілі бір ру-тайпаларға тән көне таңбаларды немесе төрт түлік малға басылатын меншіктік таңбаларды еске салады. Бұл өрнектерде символдық, әрі практикалық қызмет қатар өрілген. Сондай-ақ, «құмырсқа», «шөміш», «қос дөңгелек» сынды өрнектер де халықтың мал шаруашылығымен айналысқан дәуіріндегі ентаңбаларынан туындаған болуы ықтимал. Бұл өрнектер малға таңба салу тәжірибесінің эстетикалық түрде ою-өрнекке айналғанын, яғни тұрмыстық тәжірибенің рухани мәдениетке ұласқанын дәлелдейді. Осылайша, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері тек көркемдік мақсатта жасалған суреттер ғана емес, олар – этникалық, әлеуметтік, шаруашылық және дүниетанымдық кодтарды бойына сіңірген, ғасырлар қойнауынан жеткен күрделі мәдени-символдық жүйе [102].

Уақыт өте келе, ертедегі қазақ ою-өрнектерінің семантикалық элементтері тек сәндік-көркемдік сипатта ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіретін таңбаларға – идеографиялық жазу жүйесінің бір түріне айнала бастағаны байқалады. Бұл үрдіс – бейнелі өрнектердің абстрактылы мәнге ие болып, белгілі бір ақпаратты шартты белгілер арқылы беру қабілетін меңгеруімен байланысты. Мысалы, шеңбер немесе дөңгелек тәрізді өрнектер ежелден күннің символы ретінде қолданылып, «күнтаңба» атауын алған. Бұл бейне тек астрономиялық құбылысты ғана емес, жарық, өмір, энергия секілді кең мағыналы ұғымдарды да білдіреді. Сол сияқты ирек сызықтар – су стихиясының белгісі ретінде қабылданған. Бұл таңба өзеннің ағысы, судың қозғалысы мен тіршілікке қажеттілігін бейнелейді.

Крест немесе айқыш белгісі де терең мағыналық жүк көтереді, ол дүниенің төрт бағытын, төрт бұрышын, яғни кеңістіктің тұтастығын және әлемнің құрылымын білдіретін рәміздік таңбаға айналған. Мұндай таңбалар алғашқы қауымдық қоғамда кеңістікті, табиғат күштерін тану мен бейнелеудің қарапайым, бірақ әсерлі жолы ретінде қалыптасты. Осы символдардың біртіндеп тұрақты графикалық бейнеге айналуы – жазу жүйесінің дамуы жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл бейнелеу өнерінен идеографиялық жазуға, ал одан әрі дыбыстық-әріптік жазуға өту барысындағы өтпелі саты ретінде қарастырылуы тиіс. Сондықтан қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері мен ежелгі

таңбалары тек көркемдік мұра ғана емес, сонымен қатар халықтық таным мен ойлау жүйесінің тарихи куәсі ретінде ерекше маңызға ие.

Алғашқы жазу түрлері мен көне ою-өрнектер арасындағы өзара байланыс тарихи-мәдени зерттеулерде аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Егер қазақ халқының ру-тайпалық таңбалары мен ендерін идеограмма, яғни идеографиялық жазудың бір түрі ретінде қарастыратын болсақ, онда бұл белгілердің пішіні мен олардың мағынасы, сондай-ақ таңбалардың аталуы мен бейнесі арасында тікелей байланыс бар екендігін аңғару қиын емес.

Бейнелік идеограммалар көбіне нақты заттық пішіндерден, күнделікті өмірдегі көріністерден туындайды. Мысалы, арғын руының «көз таңбасы» немесе қоңырат руының «босаға таңбасы» сынды таңбалар тек рәміздік белгілер ғана емес, сонымен қатар белгілі бір ұғымды, тарихи-әлеуметтік рөлді білдіретін ақпарат көзі болып табылады. Бұл белгілердің сыртқы формасы мен мазмұны – сол дәуірдегі адамдардың дүниетанымы мен болмысын, қоғамдық құрылымын бейнелейтін символдық жүйенің көрінісі. Осыған сәйкес архаикалық дәуірден жеткен ру-тайпалық таңбалар мен олардың мазмұндық ерекшеліктерін жинақтап, жүйелеп зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл таңбалардың тарихи кезеңдерде атқарған нақты қызметін анықтау, олардың әлеуметтік маңызын белгілеу – қазақ халқының этногенезін, яғни тарихи қалыптасу үрдісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан да ен-таңбалар тек этнографиялық нышан ретінде ғана емес, тарихи жазба мен мәдени кодтың бір түрі ретінде зерделенуі тиіс [98, б. 65].

Мұндай рулық таңбалар мен ою-өрнектер идеографиялық жазудың ежелгі үлгісі болумен қатар, көне түркі жазба ескерткіштерінің бастауы бола отырып, алғашқы жалпытүркілік тілдік таңбалар жүйесінің қалыптасуына түрткі, негіз болған деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында жүргізілген археологиялық және этнографиялық зерттеулер нәтижесінде тас беттеріне қашалып салынған мыңдаған көне ен-таңбалар мен түрлі ұлттық өрнектер, мысалы, қошқар мүйіз, түйетабан сынды ою-өрнектер табылып отыр. Бұл бейнелер мен таңбалар ежелгі қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің терең тамырын көрсетіп, сол дәуірлердегі әлеуметтік құрылым мен меншіктік қатынастардың сипатын аңғартады.

Ен мен таңбаның пішіндік үлгілері де, олардың атаулары да, сол атаулар негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер де – тіл тарихын, сонымен қатар халықтың этномәдени даму тарихын зерттеуде аса құнды дерек көзі болып табылады. Мысалы, халқымыздың арасында кең таралған «Таңбасыз тай, енсіз қой» деген тіркестің астарында ен мен таңба қолданыла қоймаған ежелгі кезеңнің сипаты жатыр. Бұл тіркес сол уақыттағы мал-мүліктің белгілі бір руға не тайпаға емес, тұтас қауымға ортақ меншік ретінде қарастырылғанын білдіреді. Қазақтар осы дәуірді сипаттағанда: «Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда...» деп бастайтын эпикалық үлгідегі сөз тіркестерін қолданған. Бұл сөйлем қазақ халқының этникалық тұтастығы мен

меншік жүйесінің эволюциясын білдіретін ауызекі тарихи сананың көрінісі болып табылады [103].

Қазіргі таңда ғылымға белгілі таңба нұсқаларын саралай отырып, алғашқы кезеңде ірі тайпалардың өзіне тән айрықша таңбалары қалыптасқаны аңғарылады. Уақыт өте келе сол ірі тайпалардың құрамында болған жекелеген рулар бастапқы тайпалық таңба негізінде өздеріне тән рулық таңбаларын жасап шығара бастаған. Бұл үдеріс таңба жүйесінің тарихи дамуы мен сабақтастығын айқын көрсетеді. Белгілі зерттеушілер Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, М.Тынышпаев және С.Аманжолов өз еңбектерінде осы үрдісті нақтылай түсіп, әрбір ірі тайпаның бірегей, тұрақты таңбасы болатынын алға тартады. Ал кейін осы тайпалардан бөлініп шыққан немесе басқа жақтан келіп, сол тайпа құрамына сіңісіп кеткен рулар сол негізгі таңбаны негізге ала отырып, оған белгілі бір қосымша белгі немесе элемент енгізу арқылы өздеріне жаңа, дербес таңба қалыптастырған. Бұл тәжірибе тайпалар мен рулар арасындағы тарихи сабақтастықты, ортақ этникалық тамырды және бірлікті білдіретін символдық жүйе ретінде қарастырылады [104].

О.Сүлейменов те қазақтың рулық таңбаларының ішінен *Altyn* тайпасының рулық таңбасын анықтай отырып, «бұл белгі бір кездері *altu* – алты (каз) деп аталғанына сенімдімін. Ру атауының тайпаның атауына ауысуы – тұрақты құбылыс. Көптеген қазақ тайпаларының этнонимдері рулық таңбаның атауынан шыққан. Түркі таңбалары бірқатар әлемдік алтылықтарда өз орнын ала алатындығын» атап өтеді [91, с. 99].

Тайпалардың табиғи жолмен көбейіп, дамуына байланысты олардың жайлау мен көші-қон аумағын кеңейту қажеттілігі туындаған. Бұл кеңістікке деген сұраныс кейде бейбіт жолмен емес, күшті тайпалардың әлсіздерге жиі-жиі шапқыншылық жасауымен жүзеге асқан. Мұндай жағдай әлсіз тайпаларды қорғану мақсатында өзара бірігіп, тайпалық одақтар құруға итермеледі. Алғашқы қоғамдық құрылымдарда жиі кездесетін бөлшектену (дифференциация) мен қайта бірігу (интеграция) үдерістері бір-бірімен араласып, нәтижесінде жеке тайпалар саны азайып, есесіне тайпалық бірлестіктер іріленіп, күшейе түсті.

Тайпалар мен рулардың аттарын атап көрсету және олардың таңба белгілерін салыстыра отырып зерттеу арқылы ежелгі кезеңдерде жеке-дара өмір сүрген этностардың қайсысынан қазақ халқының түбі тарайтынын анықтауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, Гродеков, М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан сияқты көрнекті ғалымдардың еңбектеріне сүйену маңызды. Аталған зерттеушілердің ғылыми мұралары қазақтың ру-тайпалық құрамын тек өз ішінде емес, бүкіл түркі тілдес халықтармен салыстыра отырып, терең зерттеуге мүмкіндік береді. Мәселен, Н.Аристов өз еңбектерінде таңба белгілеріндегі ұқсастықтар арқылы көне ру-тайпалар арасындағы туыстық және тарихи жақындықтарды анықтауға болатынын атап көрсетеді. Бұл тәсіл этнографиялық және тарихи тұрғыдан қазақ халқының қалыптасу жолын зерделеуде маңызды құрал ретінде қарастырылады [90, с. 283].

С.Аманжолов өз зерттеуінде қазақ халқының ру-тайпалық құрылымын тереңінен қарастырып, көптеген рулар мен тайпалардың таңба белгілерін өзара салыстыра отырып, бірқатар маңызды тұжырымдар жасайды. Оның пікірінше, кейбір тайпалар мен рулар үш жүздің барлығына ортақ болуы мүмкін, бұл қазақ халқының этникалық құрамының біртұтастығын аңғартады. Осы ойды негізге ала отырып, ғалым қазақтың негізгі әрі тарихи маңызы зор тайпалары мен руларын нақтылап атап өтеді және олардың әрқайсысының таңба белгілерін көрсетеді. Мысалы, Қаңлы руының таңбасы – «I», ол «көсеу таңбасы» деп те аталады; Дулат руының белгісі – «O», яғни «дөңгелек тостаған» бейнесінде; Жалайыр руының таңбасы – «III», бұл «тарақ» таңбасына ұқсас; Арғын руының таңбасы – «OO», ол «көз таңбасы» деп те аталады; Қоңырат руының белгісі – «II», яғни «босаға» таңбасы; Қыпшақ руында да «II» белгісі бар, ол «қос әліп» деп аталады; Найман руының таңбасы – «V»; Шанышқылы руының белгісі – «↓↑», бұл «қолтаңба» ретінде сипатталады; ал Жаппас руының таңбасы – «Z», ол «түйемойын» атауымен белгілі. С.Аманжолов осы таңбалар арқылы ру-тайпалардың шығу тегі мен таралу аймақтарын да сараптай отырып, олардың тарихи байланыстарын, өзара қатынастарын көрсетеді. Бұл зерттеу қазақ халқының қалыптасу процесінде ру-тайпалардың орны ерекше болғанын дәлелдейді және олардың таңбалары тек қана таңба емес, сонымен қатар тарихи-мәдени мұраның айғағы екенін айқын аңғартады.

Қыпшақ руы – қазақ халқының этникалық құрылымындағы іргелі, басты тайпалардың бірі. Таңба белгілерін салыстырмалы түрде қарастырғанда, алшын мен найман тайпаларының таңбалары арасында ұқсастықтар бар екені байқалады. Бұл ұқсастық, бір жағынан, таңбалардың бейнеленуінде бағыттың, яғни таңбаның төңкерілуі, жантайып немесе қисайып салынуы аса маңызға ие болмауымен де түсіндіріледі. Мұндай ерекшеліктер таңбалардың қолданылуындағы икемділікті көрсеткенімен, бұл мәселе әлі де терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Алшын тайпасы да қазақ халқының негізгі тайпаларының бірі ретінде аталады. Оның құрамына таздар мен жаппас сияқты рулар кіреді. Бұл рулардың таңбалары сыртқы пішіні жағынан *Z (зет)* әрпіне ұқсайды, алайда бұл ұқсастық үстіне тағы бір сызық қосу арқылы өзгереді. Осылайша, толыққанды алшын таңбасы (*A*) қалыптасады. Яғни, *Z* тәрізді таңбаға қосымша бір сызық қосылу арқылы алшын рулы таңбасының түпкі нұсқасы пайда болады.

Алшынның құрамындағы Әлім руының таңбасына келер болсақ, ол екі алшын таңбасының бірігуі нәтижесінде пайда болған. Бұл таңба сыртқы көрінісі жағынан *M* әрпіне ұқсап тұрады. Мұндай құрылым таңба бейнесінің тек ру белгісі ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы туыстық және тарихи сабақтастықтың да белгісі екенін білдіреді [105].

Кейбір ғалымдар С.Аманжоловтың пікірімен келіспейтін мәселе ретінде алшының тек таз бен жаппастан құралмайтындығын алға тартады. Ә.Марғұлан Алты ата әлімді, Он екі ата байұлын, Жеті ата жетіруды қосқандағы 25 аталықты Алшын дейді [106]. Ортағасырлық деректерде Үйсін тайпасының таңбасы көбіне «үш әліп» түрінде бейнеленгені байқалады. Бұл – олардың сол дәуірдегі ру-

тайпалық белгісі ретінде қолданылған таңбалық нұсқасы. Ал кейінгі кезеңге жататын мәліметтерге сүйенсек, атап айтқанда, «Қазақтың көне тарихы» атты еңбектегі деректерде қазіргі қазақ құрамындағы үйсін тайпасының таңбалары мүлде басқаша сипатта берілген. Онда үйсіндердің таңбасы ретінде «ту» мен «ағын су» бейнелері ұсынылады. Бұл таңбалар – заманауи қазақ рулары арасындағы үйсіндердің өзіндік ерекшелігі мен танымдық белгілерінің жаңаша көрінісі іспетті. Мұндай айырмашылық таңбалардың уақыт өте өзгеріп, түрлі мағына жүктеуін, сондай-ақ тарихи даму үдерісі мен мәдени ықпалдарды да көрсетеді [107].

«Сіргелі тайпасының таңбасының біріншісі: «қурай» – далада өсетін өсімдік атауы, екіншісі – керейдің таңбасына ұқсас. Үшіншісі – бұрынғы ноғайлы тайпасының руы үш таңбалының таңбасына ұқсас» [108].

Керей – қазақ халқының құрамындағы тарихи жағынан ірі және маңызды тайпалардың бірі болып саналады. Бұл тайпаның өзіндік ерекшелігі оның таңбасынан да байқалады. Керейдің рулық таңбасы – «+» (ашамай) таңбасы, бұл таңба өзінің пішіні мен мағынасы жағынан өзгеше, яғни басқа қазақ руларында жиі кездесетін белгілерге ұқсамайды. Ашамай таңбасы – көшпелі өмір салтында кеңінен қолданылған ер-тоқым құрылғысының бір бөлігі ретінде, мықтылық, тұрақтылық және тірек ұғымдарын білдіреді.

Бұл таңбалар тек ру мен тайпаға тән белгілер ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың тарихи дамуы, мәдениет пен дүниетаным ерекшеліктерін сипаттайтын этнографиялық дерек көзі ретінде де маңызды. Рулық таңбалар жүйесі қазақ этногенезінің көпқырлы құрылымын танудағы негізгі құралдардың бірі болып саналады [106, б. 115]. Мұндай «руларды аймақ бойынша орналасуына байланысты бөлу, яғни жеке ру мен тайпалардың экономикалық мүддесі жағынан бірігуіне байланысты» [103, б. 35].

Дулат руының таңбасы көбінесе дөңгелек пішінді «О» түрінде бейнеленеді. Бұл таңбаның бірнеше нұсқалық (вариативті) түрлері бар, және олардың әрқайсысы белгілі бір ру тармақтарына немесе тарихи байланыстарға мензейді. Мысалы, «О» таңбасы кейде шөміш пішінінде көрініп, оны шөмішті табын руының таңбасы ретінде тануға болады. Ал «Ш» таңбасына ұқсас бейнелер тарақты табын руымен байланыстырылып, жалайыр руының тарақ тәрізді таңбасына жақын келеді. Бұдан бөлек, «І» (әліп) таңбасы қаңлы руының таңбасымен сәйкес келеді.

Бұл таңбалар тек графикалық символ емес, олар тарихи-этникалық процестердің де куәсі. Мысалы, табын руының кей тармақтары кезінде Дулаттан бөлініп шыққан деп есептеледі. Сондықтан да, Кіші жүз құрамында табын руы негізгі, іргелі ру ретінде саналып, өзге руларды одан тараған деп қарастыратын көзқарас қалыптасқан. Бұл рулар мен таңбалар арасындағы тарихи сабақтастық пен реттік қатынас – қазақ этногенезін зерттеуде маңызды дерек көзі болып табылады [103, б. 115]. С.Аманжоловтың пікірінше, бірқатар тайпа мен ру үш жүздің барлығында ұшырасады, сондықтан оларды белгілі бір жүзбен шектеу қиын.

Қазақтың жүзге бөлінуіне қатысты В.Зернов, А.И.Левшин, Н.А.Аристовтың еңбектеріне сүйене отырып, М.Тынышпаев өз еңбегінде қазақты үш жүзге бөліп көрсетеді [107, с. 3], яғни Ұлы, Орта, Кіші орда деп айқындайды. Мұндағы «Орда» деп тұрғаны «Жүз» екені белгілі. Сонда «орда» мен «жүз» атаулары – синонимдес атаулар. М.Тынышпаевтың пайымдауынша, бұл екі ұғым туыстық та, территориялық бөліністі айқындамайды, қазақтың үш ордаға, одаққа біріккен үлкен мемлекеттік деңгейдегі, тілі мен мәдениеті қалыптасқан этнос, халық болғандығынан мәлімет береді [107, с. 64].

С.Аманжоловтың зерттеулеріне сүйенсек, көптеген ру-тайпалар үш орда құрамында да кездеседі, яғни белгілі бір ру тек бір жүзге ғана тән емес, олар бірнеше жүзде қатар өмір сүрген. Осыған қарап ғалым маңызды тұжырым жасайды: қазақ халқының үш жүзге (немесе үш ордаға) бөлінуі – этникалық немесе туыстық негізде емес, географиялық орналасу мен әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты қалыптасқан құбылыс. Яғни, жүзге бөліну – жеке ру мен тайпалардың туыстық тегіне емес, олардың белгілі бір аймақта шоғырланып, ортақ шаруашылық мүдде мен өмір сүру салтына бейімделуіне негізделген. Бұл, өз кезегінде, қазақ этносының құрылымындағы жүздік жүйенің икемді әрі тарихи-жағрафиялық сипатта ұйымдасқанын көрсетеді [105, с. 35- 36].

Ойымызды қорытындылай келе, қазақ халқының тілдік және мәдени коды – ұлттың рухани болмысының, тарихи жадысының және мәдени сабақтастығының көрінісі. Бұл код сан ғасырлық тарихтың, ата-бабалардан қалған мұраның негізінде қалыптасқан. Ежелгі түркі жазулары, тасқа қашалған руникалық жазулар, ою-өрнектер мен ру таңбалары – барлығы ұлттың дүниетанымы мен өмір сүру салтының көрінісі ғана емес, сондай-ақ ұлттық сананы ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші киелі белгілер болып табылады. Жазу мен таңба – жай ақпарат жеткізудің құралы емес, ол халықтың тарихи жады мен рухани мәдениетін сақтап, өркендететін құрал ретінде ерекше мәнге ие.

Тіл мен жазудың киелі сипат алуы, олардың сакралды мағынада қолданылуы ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Бұл жазулар мен белгілер арқылы ұлт өзінің болмысын, рухын, ойлау жүйесін және өмірлік философиясын бейнелеп отырды. Бүгінгі таңда бұл рухани кодтың көп қыры ұмытылып бара жатқанымен, оның негіздері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, жаңғыртылуда. Бұл – ұлттың өзін-өзі тануы мен болашаққа бағыт алуы үшін маңызды қадам. Сондықтан қазақтың тілдік және мәдени коды – ұлттық руханияттың тірегі, халықтың төлтума келбетінің айғағы. Оны терең танып, қастерлеу – мәдени тұтастықты сақтау, тарихи сананы жаңғырту және ұрпақ сабақтастығын жалғастырудың маңызды жолы. Бұл кодты сақтау мен жаңарту – ұлттық рухты жандандырып, қазақ халқының болашақтағы рухани дамуының кепілі болмақ. Бұл пікірдің де жаны бар, «Руластың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген сөз бекер айтылмаса керек. Ауылдас деп тұрғаны шынымен де экономикалық мүддесі бір адамдар. Олармен күнде қарым-қатынасқа түседі, іскерлік байланыс та орнатады. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына

дейін көптеген рулар бір-бірімен қоңсы отырып, тайпалық одақ құрғанын да ұмытпауымыз керек.

2.2 Руникалық жазу мен ру таңбаларының тарихи- салыстырмалы тілдік сипаты

Руникалық жазудан ру таңбаға ұласқан сабақтастықтағы символдық мәнді ғылыми тұрғыдан қарастыру үшін тарихи хронотоптық кезеңдерге бөлгенде, мәдени, тілдік және әлеуметтік даму процестерін ескеру маңызды. Бұл тұжырымды жасау барысында бірнеше негізгі кезеңдерді саралап, символдық мәнің өзгеру барысын, тарихтағы маңызды оқиғалар мен олардың ру таңбаларына әсерін қарастыру қажет.

Ежелгі кезең. Руникалық жазудың пайда болуы және оның символдық мәні. Руникалық жазу – көне түркі тілдерінде пайдаланылған көне жазба жүйесі болып табылады, ол негізінен тасқа немесе ағашқа ойылып жазылған. Бұл кезеңнің хронотопы VI-VIII ғасырлар аралығын қамтиды. Руникалық жазу, түркі халықтарының алғаш жазба дәстүрі ретінде, белгілі бір әлеуметтік құрылымның және рухани дүниетанымның белгісі болды.

Руникалық жазу символдық тұрғыдан өте терең мазмұнға ие болды. Бұл жазу жүйесі әдетте адамзаттың өмірлік тіршілігін, соғыс пен бейбітшілікті, табиғат құбылыстарын және қоғамның тарихи кезеңдерін бейнеледі. Руникалық таңбалар, әсіресе «бұл әлем» мен «арғы дүниенің» байланысын бейнелеу үшін, табиғаттың, ғаламның, рухтардың заңдылықтарына қатысты діни және дүниетанымдық түсініктерді символизирлеу арқылы қолданылды.

Орта ғасырлар кезеңі. Ру таңбаларының қалыптасуы. Ру таңбаларының шығуы және қалыптасуы орта ғасырларда, әсіресе түркі және монғол халықтарының саяси бірігуі мен әскери құрылымдарының дамуы кезінде кеңінен орын алды. Бұл кезең X-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Ру таңбалары көне түркі қоғамында ру мен тайпалардың өзіндік ерекшеліктері мен бірегейлігін білдіретін символдар болды. Әрбір ру таңбасы оның өкілдерінің әулеттік немесе қоғамдық мәртебесін, сондай-ақ әлеуметтік рөлін бейнеледі. Мысалы, әрбір ру өзінің тарихы мен дәстүріне байланысты таңбаларын қалыптастырып, оны өзінің тұрмыс-тіршілігінде, әскери жорықтарда, мәдени іс-шараларда пайдаланды. Бұл таңбалар көбінесе туыстық байланыстарды, ерлікті және ұлттық рухты көрсететін символдар ретінде қолданылды.

Жаңғыру және ұлттық мемлекет кезеңі. Ру таңбаларының саяси мәнінің пайда болуы. Ру таңбалары мен олардың символдық мәні XVI-XVIII ғасырларда жаңғырып, ұлттық мемлекеттердің құрылуы мен этникалық топтардың бірегейлігін анықтауда маңызды рөл атқарды. Бұл кезеңде түркі, монғол, славян және басқа да халықтар өздерінің ұлттық сәйкестіктерін көрсету үшін ру таңбаларын пайдаланды. Бұл кезеңде ру таңбалары қоғамдық және саяси жүйе тұрғысынан да маңызды рөл атқара бастады. Олар жеке адамның емес, бүкіл рудың немесе ұлттың мәдениетінің, тарихының, рухының символына айналды. Ұлттық идентичтілікті сақтаудың бір құралы ретінде ру таңбалары жиі

қолданылып, мемлекеттердің сыртқы саясатын қалыптастыруда этникалық өзара әрекеттесулерді бейнеледі.

Қазіргі кезең. Ру таңбаларының мәдени және рухани мәнге ие болуы. Қазіргі кезеңде (XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасыр) ру таңбаларының мәні бұрынғыдай күшті саяси функцияларды атқармайды, бірақ олар мәдени және рухани тұрғыдан маңызды болып қала береді. Ру таңбалары көбінесе ұлттық мәдениеттің, дәстүрлердің және тарихи сананың символдары ретінде қарастырылады.

Бүгінде ру таңбаларының символдық мәні көбінесе тарихты, мәдени мұраны, ұлттық рухты сақтауға бағытталған. Олар адамның ұлтына, руына немесе тегі бойынша байланыстарды бейнелейтін белгіге айналған. Сонымен қатар, ру таңбаларының қазіргі заманғы танымалдылығы мәдени туризмнің, этнографиялық зерттеулердің және ұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды элементі болып табылады.

Руникалық жазудан ру таңбалары арқылы жалғасын тапқан символдық мән уақыт өте келе өзгеріп, жаңа әлеуметтік және мәдени жағдайларға бейімделді. Ру таңбаларының символдық маңызы тек көне мәдениеттерде ғана емес, қазіргі қоғамда да сақталып, ұлттық, мәдени, тіпті жеке тұлғалық бірегейлікті білдіретін маңызды белгі болып қала береді. Хронотоптық кезеңдер арқылы таңбалардың мәні тек жазба мәдениетінің дамуына ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани және саяси құрылымдарының өзгеруіне сәйкес қалыптасты.

Руникалық жазудан ру таңбаға ұласқан сабақтастықтағы символдық мәнді зерттеу барысында архетиптік, тарихи-шежірелік және этнологиялық мәселелерді қарастыру өте маңызды. Бұл мәселелер әртүрлі кезеңдерде қалыптасқан мәдени кодтарды, халықтың дүниетанымын және тарихи жадын түсінуге мүмкіндік береді. Төменде әрбір аспект бойынша нақты мысалдар келтіруге болады:

1. Архетиптер – қоғамдық және мәдени бейнелердің түпнұсқасы. Архетиптер – бұл адамзат мәдениетінде ғасырлар бойы қайталанатын әмбебап символдар мен бейнелер. Руникалық жазу мен ру таңбалары, негізінен, әртүрлі мәдени архетиптерді бейнелейді. Бұл архетиптер негізінен табиғат пен қоғамның терең құрылымдарымен байланысты: табиғаттың элементтері, жануарлар, өсімдіктер және басқа да тіршілік иелері арқылы бейнеленген символдар.

Табиғат архетиптері. Руникалық таңбаларда жиі табиғаттың элементтері көрініс табады. Мысалы, ағаш, су, тау, аспан сияқты символдар түрінде кездеседі. Бұл таңбалар көне түркілердің дүниетанымында маңызды орын алып, олардың табиғатқа деген құрметін, табиғатпен үйлесімділікті білдірген. Бұл архетиптер ру таңбаларында да өз ізін қалдырған: ағашты немесе табиғи күшті көрсету үшін таңбалар қолданылған.

Ағаш түркі дүниетанымында өмір мен өлімнің шексіз циклі, рухани өсу мен жаңарудың белгісі болып табылады. Орхон жазбаларында бұл символ табиғаттың күштерімен байланысып, ал көшпелі түркі қоғамында қасиетті символ ретінде қызмет етті. Әсіресе Түркі қағандығының билік жүргізген

кезеңдерінде ағаш таңбалары аруақтар мен анимизмдік нанымдармен тығыз байланысты болды.

Әлем халықтарының мифологиясындағы әлемдік ағаш архетипі – әлемнің үш бөліктен тұратындығы туралы түсінікті көрсететін әмбебап таңбалардың бірі. Бұл таңбаның біртұтас түсіндірмесі оның әлемнің жаратылуы туралы алғашқы мифтер пайда болған кезден бастап әлемдік ағаштың таумен немесе өзенмен бірге қасиетті орталыққа, өмір көзіне, басқа әлемге жол көрсетуімен байланысты. Мифтерде түркілердің әлемдік ағаш архетипі туралы сюжеттер кездеседі, мысалы, Бәйтерек Әлемдік ағаш ретінде ғаламның үлгісі болып табылады. Түркілердің ғарыш туралы мифологиялық түсінігі бойынша ағашты тігінен алғанда, ол әлемді үш бөлікке бөліп жарып өтеді, яғни аспан-жоғары әлем, келесі жер-орталық әлем және жердің асты-төменгі әлемді жалғастырып тұратын киелі мифологиялық бейне ретінде танылған. Сонымен қатар тау және сәукеленің де болмысына қатысты дәл осындай түсінік түркі халықтарының арасында кеңінен тараған.

Қазақтарда тілдік-мәдени кодын құраушы ағаш архетиптік тұжырымдамасын күнделікті өмірде қолдану білімді ұрпақтан-ұрпаққа таратудың негізгі әдісі болды. Кодталған ақпарат, әсіресе ежелгі кезеңге жататын ақпарат, яғни әлемдік ағаш бейнесі – ежелгі әмбебап символдық жүйе. Әлемдік ағаштың символдық табиғаты салт-жоралар мен рәсімдерде ерекше қызмет атқарып, қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес жүйесі ретінде әрекет етті. Ежелгі уақытта салт-жоралар ағаштың жанында жүргізіліп, осылайша әлемдік тәртіптің – жаратылыс актісінің қайталануын имитациялады, кейінірек көптеген салт-дәстүрлерде әлемдік ағаштың аналогы – микромодельмен ауыстырылды, мысалы, қазақтарда бұл модельді – мама ағашы (атбайлар), бақан (тіреу), яғни таяқ орындады.

Жануарлар архетиптері. Көне түркі қоғамында ру, тайпалардың символдары ретінде көбінесе жануарлардың бейнелері қолданылды. Мысалы, қасқыр, барыс, айғыр және басқа да жануарлар түркі халықтарының мифологиясында, архетиптік бейнелерде маңызды рөл атқарды. Қасқыр түркілердің көне мифологиясында батырлық пен ерліктің символы болып табылады. Қасқыр – күш, ерлік, еркіндік, жауынгерлік рухтың символы, қауіпті аң. Мысалы, көшпелі түркі халықтары өздерінің әскери елтаңбаларында қасқырды қолданған, себебі қасқыр олардың қоғамындағы күш-қуатты, әскери жетістіктерін бейнелеуші таңба қызметін атқарды. Архетиптер арқылы көне түркі халықтарының өмір салты мен психологиясы, олардың табиғатпен тығыз байланысы мен рухани түсініктері көрінеді. Ру таңбалары мен руникалық жазудың символдық мәні осы архетиптермен тығыз байланысты, себебі олар арқылы халықтың танымы мен дүниетанымдық көзқарастарын көрсету мүмкін болды.

2. Тарихи-шежірелер. Көне жазбалар мен ұрпақтар жалғастығы. Тарихи-шежірелік аспектілер ру таңбалары мен руникалық жазудың сабақтастығы мен мәдени дамуын зерттеуде маңызды орын алады. Руникалық жазу түркі халықтарының алғашқы жазба дәстүрі болғанымен, оның ішінде тарихи

шежірелерді, тайпалық құрылымды, жеке тұлғалардың және рулық әулеттердің тарихын сақтау маңызды орын алды.

Тарихи жазбалардың рөлі. Түркілердің көне жазбаларында, әсіресе Орхон жазбаларында, мемлекеттік құрылымдар мен шежірелік дәстүрлерді көрсету мақсатында ру таңбаларының мәні ерекше болды. Мұндай жазбаларда ру таңбалары белгілі бір ұрпақтың, ру немесе тайпаның әулеттік байланысын көрсетіп, олардың тарихи маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл таңбалар көбінесе әскери және әлеуметтік мәртебені, сондай-ақ тайпа басшылары мен ата-бабалардың даңқын көрсету мақсатында пайдаланылды. Орхон жазбаларын көне тарихи шежіре ретінде қарастыруға болады. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішінде Күлтегіннің әскери ерліктері мен сол дәуірдің тарихи оқиғалары туралы мәліметтер бар. Бұл жазбалар түркілердің шежірелік мұрасын сақтап, халықтың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін маңызды болды.

Шежірелік байланыс. Рулық таңбалар мен шежірелер түркі халықтарының өткенін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы ретінде қызмет етті. Шежірелік деректер арқылы ұрпақтардың тарихын, олармен байланысты маңызды оқиғаларды сақтап, ұлттың мәдени мұрасын жаңғыртуға мүмкіндік берді. Мысалы, белгілі бір тайпаның таңбасы оның әскери жорықтардағы жеңістерін немесе саяси билігінің күшін білдіру үшін қолданылған.

Түркі халықтарының көне кезеңдерінде ру таңбалары тек тайпалардың, рулардың бірегейлігін ғана емес, олардың тарихи шежірелерін де бейнеледі. Өрбір тайпа немесе ру өз тарихын таңбалар арқылы білдірді. Мысалы, Түркі қағанатының билік құрылымында ру таңбалары тек әскери ерліктер мен мемлекеттік билікке ғана емес, сондай-ақ олардың шежірелік мұрасына да қатысты болды.

Тарихи шежіре тұрғысынан ру таңбалары тек жеке тұлғалар мен әулеттердің емес, тұтас тайпалар мен халықтардың тарихын сақтап, мәдениеттердің сабақтастығын көрсететін маңызды құрал болды.

3. Этнология – ұлттың рухани мәдениетінің айнасы. Этнологиялық тұрғыдан алғанда, ру таңбалары мен руникалық жазудың пайда болуы мен олардың мәні түркі халықтарының рухани мәдениетінің айнасы болып табылады. Бұл таңбалар халықтың өзінің ұлттық сәйкестігін сақтап, халықтың бірлігін нығайтатын негізгі этникалық белгілерге айналды.

Рулық құрылымның этнологиялық маңызы, түркі қоғамындағы ру таңбаларының белгілі бір әлеуметтік құрылым мен тәртіпті бейнелеуінен көрінеді. Ру таңбалары көбінесе рудың әлеуметтік мәртебесі мен саяси ықпалын көрсетіп, белгілі бір қоғамдағы жеке тұлғаның орнын анықтауға көмектессе, этнологиялық тұрғыдан бұл таңбалар рудың бірлігі мен оның тарихи және мәдени негіздерін сақтауға мүмкіндік берді.

Мысалы, көне түркі таңбаларының бірі – «О» (тостаған) және «І» (әліп) таңбалары табын руының таңбасы ретінде қолданылған. «О» таңбасы – дөңгелек, тостаған тәрізді пішінімен байлық пен берекенің, күн мен жарықтың символы ретінде қарастырылса, ал қарапайым, тік сызықты «І» таңбасы – ежелгі

түркілердің көшпелі өмір салты мен олардың жауынгерлік (жебе,оқ) мәдениетін бейнелеген.

Түркі халықтарының қолөнері мен таңбалары көшпелі түркілердің қолөнерінде ру таңбалары да маңызды орын алған. Мысалы, қолөнершілер бұйымдарында, киімдерде немесе киіз үйлерінде рудың таңбасын пайдаланып, өздерінің әлеуметтік тегін, яғни тарихи және мәдени байланыстарын білдірген. Бұл таңбалар, әсіресе, дәстүрлі қолөнер туындыларында жиі кездеседі, мысалы, кілемдер мен өрнектерде.

Ру таңбалары этнографиялық тұрғыдан халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, діні мен философиясын бейнелейтін символдарға айналды. Түркілердің көне мәдениеті мен діні таңбалар арқылы көрініс тапты, ал таңбалар өз кезегінде ұлттық мәдениеттің бөлшегі болып қалды. Мысалы, белгілі бір рудың таңбасы оның мәдениетін, діни нанымдарын, тіпті оның өмір салтын көрсетуге мүмкіндік берді.

Түркілердің рухани-мәдени архетиптері Еуразия құрылығының автохтонды тұрғындары – жартылай көшпелі көне тайпалардың рухани-мәдени құндылықтар әлемінен бастау алып, түркі халықтарының қалыптасу тарихындағы сан ғасырлық уақыт елегінен, халықтық тәжірибенің сүзгісінен өтіп, сұрыпталған кешенді жүйенің негізін құрайды.

Кеңістік пен уақыт аралығындағы архетип. Тілдік жүйе мен мәдениеттің негізі. Мәдениет иесінің рухани-шығармашылық қазынасы – қоғамдық сана [98, б. 127]. Бұл санадан тыс, анық емес ақыл-ойдың құрамдас бөліктері «архетиптер» деп аталады. Архетиптер деп адамның рухани дүниесін априорлы құрайтын және жалпы оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін және құндылық қажеттіліктерін анықтайтын құралдар саналады. Олардың негізінде адам өзінің «Мен» санасына ие болса, этнос жалпы уақыт пен кеңістік сферасын иемденеді.

«Архетип» ұғымының негізгі белгілері – уақыт пен кеңістік. Өйткені ол тікелей хронотоптық сипатқа ие және уақыт пен кеңістіктегі мәдени дүниені адамның бойына сіңіруінің басты шарттарының бірі болып табылады. Архетип (грек, *agche* – бастау, *tipos* – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа. Мәдени тұлғаның рухани-шығармашылық қазынасын қауымдық тылсымдағы архетиптер құрастырады. Оларға адамның рухани өмірін априорлы (тәжірибеге дейін) қалыптастыратын және оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осының негізінде адамда «мендік» сезім, этноста ортақ уақыттық-кеңістік өрісі пайда болады. Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде архетиптеріне жиі оралады. Мысалы, Қазақстанда соңғы жылдары мәдениет пен өнердің әр саласындағы «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен тұстас [109].

Архетиптік уақыт, жазба тілі жоқ мәдениеттен алғашқы жазба мәдениеттің қалыптасуымен байланысты болды. Оның табиғи кванттары жадының қасиеттерінен гөрі, *кодтық мәтіндерге* негізделген. «Ауызша мәтіннің белгілі бір жері мен уақытына деген сүйіспеншілік, – дейді Ю.Лотман, – олар тек пұттар мен киелі орындар арқылы расталады (дәстүрлі де, күнтізбелік тұрғыда да қасиетті пұттың белгілі бір мәдениет аясындағы функциялары тек қана оның

уақыты мен өлкетанудың мәніне айналған белгілі бір уақытта ғана өмірге келді), жергілікті жердегі жазба мен сауатсыз мәдениеттердің әртүрлі формаларында көрінеді. Жазбаша мәдениет Құдай немесе Табиғат жаратқан дүниені мәтін ретінде қарастырып, ондағы ақпаратты оқып тануға ұмтылады» [67, с. 251].

Архетип – белгілі бір халықтың немесе бүкіл адамзаттың тарихи жадында сақталған ежелгі бейне, символ, үлгі. Бұл ұғымды К.Г.Юнг енгізгенімен, ол этнолингвистикада жиі қолданылып, тілдегі тұрақты образдарды, таңбалық жүйелерді түсіндіруде қолданылады.

Лингвистикалық тұрғыдан архетиптерді:

- сөзжасам архетиптері (түбірлер, етістік/есім тудырушы форманттар),
- мәдени-символдық архетиптер (ата, ана, көк аспан, жер-ана, от, су т.б.),
- семиотикалық архетиптер (таңба, символ, белгі) ретінде қарастыруға

болады.

Архетип – таңбаның тілдік негізі мен мағыналық іргесі. Архетип дегеніміз – қайталанатын, тұрақты бейне. Таңба атауларының архетипке негізделуі мынадай себептермен жүзеге асады: таңба тек визуалды белгі емес, ол терең мәдени мазмұнға ие; әр таңба белгілі бір рудың болмысын, қызметін, мінезін білдіреді; осы болмыс архетип арқылы тілде бейнеленіп, түбір сөзбен аталады. Мысалы, Ашамайлы – «аша» – айыр, екіге бөлінген құрылым. Ашамай – көшпелілер үшін жүк тиеу, жол жүрудің символы. Бұл таңба жол, қозғалыс, бірлік архетипіне меңзейді. Таңбаның атауы арқылы ру бейнесі семантикалық символ ретінде тілде көрініс табады.

Таңба – визуалды бейне, тілдік атау архетипке сілтеме болып табылады. Таңбаның өзі – визуалды код, ал оның тілдік атауы – архетиптің вербалды коды. Мұнда екі деңгей бар: семиотикалық (таңбалық) таңба арқылы ру өзін басқа рулардан айырып көрсетеді; лингвистикалық (атаулық) атау арқылы ру архетиптік мәнге ие болады. Мысалы, Балта таңбасы – балта қаруының бейнесі. Балта – ерлік, қорғаныс архетипі. «Балталы» руы – жауынгерлік, күштілік бейнесінде қабылданады. Бұл атау ұлттық сананы кодтайды, таңбаның қызметін тілде сақтайды.

Руникалық жазудан ру таңбаға ұласқан сабақтастықтағы символдық мән архетиптік, тарихи-шежірелік және этнологиялық тұрғыдан алғанда өте терең және көпқырлы болып табылады. Бұл таңбалар халықтың дүниетанымын, тарихи жадысын және мәдени бірегейлігін сақтауда маңызды рөл атқарған. Архетиптік бейнелер мен таңбалар арқылы түркі халықтары өздерінің мәдени коды мен рухани ұстанымдарын білдірді, ал тарихи шежірелер мен этнографиялық ерекшеліктер осы таңбаларда сақталған ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін қолданылды.

Ежелгі архетиптер мен ру таңбаларының өзара байланысын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу – тарихи семантика, этнолингвистика, семиотика мен тарихи ономастиканың тоғысында жатқан күрделі, әрі қызықты сала. Бұл зерттеу таңбалардың тек әлеуметтік-мәдени ғана емес, тілдік негіздерін, мағыналық эволюциясын, символдық мәнін ашуға бағытталады. Бұл мәселені бірнеше лингвистикалық қырынан қарастыруға болады.

Ру таңбалары – белгілі бір ру немесе тайпаның белгісі. Бұл таңбалар тек көрнекі-символдық жүйе ғана емес, тілдік таңба ретінде де қарастырылады, өйткені:

- Таңба семиотикалық үштікке (таңбалаушы, таңбаланушы, нысан /мән) ие.
- Рулық таңбалар вербалды түрде атауға ие: ашамайлы, тарақты, балталы т.б.

- Таңбалар метафоралық жүйеде тілде сақталады: «тайға таңба басқандай», «таңба басу», «таңбасы айқын», «таңбасы танылған» т.б.

Ру таңбаларының тілдік сипатын тереңірек ашу үшін таңба мен тілдің өзара байланысы, таңбаның семиотикалық және лингвистикалық тұрғыдан қалай қызмет атқаратынына назар аудару қажет. Бұл мәселе семиотика, лингвистика және этнолингвистика салаларының түйісінде қарастырылады.

Ру таңбалары – көрнекі белгі ғана емес, тілдік құбылыс. Ру таңбалары тек қана визуалды символдар емес, олар тілде атаулы, мәнді, әрі мәдени мазмұнды белгілер ретінде өмір сүреді. Таңбалардың вербалды (тілдік) атауларға ие болуы оларды таза семиотикалық деңгейден шығарып, лингвистикалық жүйеге енгізеді, таңба мен тіл арасында мағыналық байланыс орнатады. Мысалы, Ашамайлы, Балталы, Тарақты, Ошақты – бұлар рудың аты ғана емес, сол рудың таңбасының атауы. Осы жағынан таңба атауының өзі түпкі мағынасымен, яғни этнолингвистикалық архетиппен байланысқан.

Әрбір ру таңбасы Фердинанд де Соссюр ұсынған семиотикалық үштік тұрғысында қарастырылуы мүмкін: (кесте 1).

Кесте 1 - Фердинанд де Соссюр ұсынған семиотикалық үштік бойынша

Семиотикалық элемент	Ру таңбасы ретінде
Таңбалаушы (signifier)	Таңбаның визуалды бейнесі (мысалы, айыр пішіні)
Таңбаланушы (signified)	Ру немесе тайпаның өзі (мысалы, ашамайлы руы)
Мән (мағына) (meaning)	Бірлік, қозғалыс, береке – архетиптік-мәдени мән

Таңбаның дәл осы қабілеті мағына, мән деп аталатын таңбаның өзіндік қасиеті болып табылады, Соған қатысты В.З. Тулумбаев «рулық таңбаның өзі «жай ғана зат, нәрсе». «Жай нәрсені» таңбаға айналдырудың барлық «құпиясы» оның кез-келген затқа қатысты мағынаға ие болуында» деп көрсетеді [110]. Басқаша айтқанда, таңбаның мәні оның салыстырмалылық қасиетінде, яғни ол да белгілі бір объектілер жүйесімен байланысқа түсу арқылы адресат белгілеген затқа қатысты мағынаны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе алады.

О.Сүлейменовтің пайымдауынша, адам жазуының алғашқы белгілерінің бірі болып табылатын осы ежелгі кезеңдердің даму кезеңдері бейнелеу өнерінің екі бағытының – натурализм мен символизмнің Мәңгілік үздіксіз күресін бейнелейді:

- 1) тіл дамуының бастапқы кезеңі – ономотопеялық;
- 2) жазу дыбысталған графикалық таңбаға ұқсас дыбыссыз нысандарды атауға мүмкіндік берді» [91, с. 82].

Осылайша негізгі сөзжасам моделінің схемасы пайда болған: «таңба + атау + таңбаны түсіндіру = сөз-ұғым». Бірде-бір тіл осы механизмнен аттап өткен жоқ. Барлығы-бастапқыда алғашқы жазуды білді, әйтпесе олар бұл күнге жетпес еді [91, с. 84].

Тілдегі таңба атаулары архетипке негізделген. Таңба атаулары қазақ тілінің төл сөздік қоры негізінде жасалған, көне түбірлерді сақтаған (мысалы, «аша» – екі, айыр; «балта» – қару; «ошақ» – от архетипі). Бұл атаулар архетиптің тілдік коды болып табылады, яғни таңбаның визуалды бейнесі тілдік атауы арқылы архетипке сілтеме жасайды.

Таңбалар тек бейне ретінде емес, сөзбен атау арқылы да өмір сүреді. Олар тілдік жүйеде өмір сүріп, семантикалық, тарихи және мәдени мағынаға жүктейді. Оны төменде берілген ру атауларының лингво-мәдени танымдық кестесінен көруге болады: (кесте 2).

Кесте 2 - Ру атауларының лингво-мәдени танымдық кестесінің мысалы

Таңба атауы	Түбір сөз / атау	Мәні (архетиптік негізі)
1	2	3
Ашамайлы	аша	Айыр, қозғалыс, көш – жол мен бірлік бейнесі
Балталы	балта	Қару, күш – қорған, ерлік, батырлық
Ошақты	ошақ	От, ошақ – жылу, бірлік, шаңырақ, отбасы
Тарақты	тарақ	Үйлесім, тәртіп – тазалық, жинақылық
Арғын	ар/ер	Ар, ерлік, биіктік, тектілік – арқар бейнесі (түркілік архетип)
Қаңлы	қаң (арба)	Арбалы – көшпенді өмір, қозғалмалы тіршілік, тіршілік көші
Ысты (Усұт)	ыстық / исут	Жылу, энергия – тіршілік нәрі, рухани жылулық
Саңлы (Санглы)	саң	Ерекше, таңдаулы – мәртебе, ерекшелік белгісі
Жағалбайлы	жағал/айбалта	Соғыс, ерлік – айбалта таңбасы арқылы батырлық нышаны
Сіргелі	сірге (атқа байлау)	Атымен байланысты – сыйлық беру, бауырластық, сенім
Бағаналы	бағана	Тірек, ұстын – тұрақтылық, шаңырақтың негізі
Шанышқылы	шанышқы	Айыр құрал – күш, бағыт, шешім қабылдау нышаны
Шапырашты	шапыраш (көзі шапыраш)	Айырықша белгілілік – даралық, ерекшелік
Шекті	шек	Шекара – қорғаныс, шекараны сақтаушы, тәртіп
Маңғатай	маңғы (маң)	Кеңістік, өріс – еркіндік, кең дала, бостандық символы
Жалаңтөс/Жал айыр	жалай	Соғыс тәжірибесі – көсемдік, жауынгерлік
Қыпшақ	қыпшақ	Түркі этнонимі – тарихи жауынгерлік, күштілік
Қоңырат	қоңыр + ат	Көсемдік, байлық – дәстүрлі бейбіт тайпа
Керейт	керей	Байырғы түркі тайпасы – билік пен көсемдікке жақын архетип
Шеркеш	шер + кеш	Жауынгерлік тайпа – «шер» (батыр), «кеш» (өткен)

2 - кестенің жалғасы

1	2	3
Телеу	теле (түркілік ру атауы)	Түпкі түркінің бір тармағы – бастапқы негіз, арғы ата-баба
Сунақ	сунақ (мүмкін, су+нақ)	Сулы жермен байланысты – тіршілік, ырыс нышаны
Шымыр	шымыр	Мықтылық, беріктік – денсаулық пен тұрақтылық символы
Төре	төр	Билеуші, төр сұлтандары – биік орын, мәртебе архетипі
Таз	таз	Тазалық, айқындық – адалдық, рухани биіктік
Адай	адай (ядай)	Айрықша – даралық, қайсарлық архетипі
Керей	керей	Түркі тайпасы – тәуелсіздік пен көшбасшылық негіз
Уақ	уақ	Шағын, бірақ іргелі ру – жеңіл қозғалыс, бейімделу
Найман	найман (сегіз)	Көптік, бірлік – күш біріктіру архетипі
Қаракерей	қара + керей	Қара – күш, бедел; Керей – көсемдік нышаны
Сарыүйсін	сары + үйсін	Ашықтық, сары түс – бейбітшілік, даналық
Қарасақал	қара + сақал	Даналық, ақсақалдық – билік пен ақыл белгісі
Ботбай	бот + бай	Бота – ұрпақ, нәзіктік; бай – байлық, мейірім
Қызылқұрт	қызыл + құрт	Қызыл – өмір, қан; құрт – ұсақтық, бірақ күш – ұйымшылдық
Бекболат	бек + болат	Бек – мықты, билік; болат – берік – жауынгерлік архетип
Самбет	сам + бет	Аңыздық бейне болуы мүмкін – даралық, шыққан тұлға атауы

Ру атаулары – тіл мен тарихтың тоғысқан көрінісі. Қазақ халқының ру атаулары жай ғана атау емес, олар – көне түркі, моңғол, араб-парсы, т.б. тілдерден енген этнонимдер, тотемдік таңбалар, әскери-әлеуметтік рөлдердің көрінісі. Әр ру атауы белгілі бір түпкі мағынаға, тарихи оқиғаға, батырлыққа, кәсіпке, немесе табиғат құбылысына байланысты қалыптасқан.

Мысалы:

- Қаңлы – «арбалы», яғни көші-қон мәдениетінің белгісі;
- Ошақты – отбасылық бірлік пен ошақтың киелілігі;
- Арғын – ар, ер, арлан сияқты ұғымдармен байланысқан тектілік архетипі.

Архетиптік негіз – миф пен танымның өзегі ретінде. Көптеген ру атаулары архетиптік бейнелерге негізделген. Архетип – халық санасында терең сақталған бейсаналық, әмбебап үлгі, яғни, халықтың ішкі жан-дүниесін, түсінігін бейнелейді.

Кесте 3 - Архетиптік негізі мен мазмұндық кестесі

Архетип түрі	Мысалдар	Мәні
1	2	3
Батырлық	Балталы, Шапырашты, Қыпшақ	Күш, ерлік, жауынгерлік

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тектілік, биіктік	Арғын, Төре, Қаракерей	Рух, ар, көсемдік
Отбасы, бірлік	Ошақты, Бағаналы, Сіргелі	Ошақ, шаңырақ, тұрақтылық
Тазалық, тәртіп	Тарақты, Таз, Шымыр	Үйлесім, моральдық тазалық
Табиғи кеңістік	Маңғатай, Сунақ, Қызылқұрт	Табиғатпен байланыс, тіршілік негізі
Тотемдік (аң/жануар)	Арқар (Арғын), Ботбай (бота)	Тектілік, ұрпақ символы

Кестені талдайтын болсақ, мұндағы:

1. «Батырлық» архетипі: Балталы, Шапырашты, Қыпшақ.

- Мәні: Бұл архетип ерлік, жауынгерлік, қорғаушы тұлға бейнесін білдіреді. Ру атаулары қару-жарақпен (балта, айбалта), көз ерекшелігімен (шапыраш көз) немесе батыр тайпалармен (Қыпшақ – атақты жауынгер ел) байланысты.

Балталы – балта таңбасы арқылы қорған, күш символы.

Шапырашты – шапшаң, айрықша белгісі бар батыр әулет.

Қыпшақ – ортағасырлық түркі әлемінде жауынгер халық ретінде танылған.

Мәдени мәні: Батыр архетипі арқылы ру мүшелері ерлік, еркіндік, ел қорғау сияқты қасиеттерді мұра етеді.

2. «Тектілік, биіктік» архетипі: Арғын, Төре, Қаракерей.

- Мәні: Бұл архетип рухани биіктік, тектілік, көсемдік сипаттарды білдіреді.

Атауларда «ар», «төр», «қара» сияқты мағыналық маркерлер бар.

Арғын – «ар» мен «арлан» түбірі → арқар (биік тауда тіршілік ететін аң) → рух, биіктік, тектілік.

Төре – хан тұқымы, ел басқарған әулет → билік, төрге шығу нышаны.

Қаракерей – «қара» (күш, байлық) + «керей» (көсем тайпа) → бедел, басшылық.

- Мәдени мәні: Бұл рулар ел ішінде абыройлы, жетекші, рухани көшбасшы ретінде танылған.

3. «Отбасы, бірлік» архетипі: Ошақты, Бағаналы, Сіргелі.

- Мәні: Бұл архетип отбасы, үй, ошақ, ұрпақ сабақтастығы сияқты ұғымдарды бейнелейді. Рулық атаулар үй құрылымына (ошақ, бағана), ат символикасына (сірге тағу) байланысты.

Ошақты – оттың киесі, отбасының өзегі.

Бағаналы – үйдің тірегі, ұстын → тұрақтылық символы.

Сіргелі – тайға сірге тағу салты → сенім, бауырмалдық, бірлік белгісі.

- Мәдени мәні: Бұл рулар рухани тұтастықтың, шаңырақтың сақтаушысы ретінде қабылданған.

4. «Тазалық, тәртіп» архетипі: Тарақты, Таз, Шымыр

- Мәні: Архетип ішкі және сыртқы тәртіп, рухани тазалық, жинақылық қасиеттерімен байланысты. Атаулар күнделікті құрал-саймандар мен сипаттық сөздерден шыққан.

Тарақты – тарақ таңбасы → жинақылық пен тәртіптің белгісі.

Таз – тазалықтың лексикалық нұсқасы → рухани пәктік.

Шымыр – дене мықтылығы → тәртіпті болу, салауаттылық.

- Мәдени мәні: Бұл рулар қоғамдық тәртіп пен моральдық тазалыққа басымдық берген.

5. «Табиғи кеңістік» архетипі: Маңғатай, Сунақ, Қызылқұрт.

- Мәні: Табиғатпен байланыс, кеңістік еркіндігі, тіршілік қайнары. Бұл атаулар жер-су, қоршаған орта, тіршілік жағдайымен тығыз байланысты.

Маңғатай – маң (кең дала) + тай → кеңістік пен еркіндік.

Сунақ – су+нақ → судың қасиеті, ырыс көзі.

Қызылқұрт – табиғаттағы ұсақ тіршілік иесі → ұйымшылдық, тіршілік қайнары.

- Мәдени мәні: Бұл рулар табиғатпен үндес, даламен етене өмір сүрген.

6. Тотемдік архетип (аң/жануар): Арқар (Арғын), Ботбай (бота)

- Мәні: Аң мен жануарға табыну, тотем ретінде қабылдау – көне түркілік дүниетаным негізі. Бұл архетип ру тегі мен қасиетін табиғи болмыстан іздеу үлгісі.

Арқар (Арғын) – биіктік, тектілік, айбындылық → көшбасшы архетипі.

Ботбай – бота (балалық, мейірімділік) → ұрпақ жалғастығы мен қамқорлық.

- Мәдени мәні: Тотемдік бейнелер арқылы ру мүшелері өз тегін киелі жануарлармен байланыстырған.

Архетиптер – қазақ ру атауларының мәдени негізін, тарихи бейнесін, рухани мазмұнын терең сипаттайды. Бұл архетиптер:

- ру мүшелерінің мінез-құлқын, тарихи миссиясын, дүниетанымын анықтайды;

- халықтың ұжымдық жадысын, рухани құндылықтарын сақтап жеткізеді;

- ұрпаққа ұлттық тәрбие мен мәдени өзіндік сананың негізін қалайды.

Таңба – ру руханиятының символы. Қазақтың әр руының өз таңбасы бар. Бұл таңбалар – бейзаттық жазу жүйесі, семиотикалық мағына береді. Олар ру мүшелерін біріктіруші, айырмашылықты білдіруші, және қасиетті символ ретінде қолданылған. Мысалы, Жағалбайлының таңбасы – айбалта → жауынгерлік пен қорғаныс белгісі. Тарақтының таңбасы – тарақ → тәртіп пен үйлесімділіктің символы

Түбір сөз – тілдік танымның ізі. Көптеген ру атаулары қазақ тілінің көне түбірлерінен тұрады. Бұл – тарихи лексиканың сақталып, этнолингвистикалық жадыны ұрпақтан ұрпаққа жеткізгенін көрсетеді. Мысалы, Тарақ → Тарақты – тазалық, жинақылық, тәртіп;

Ошақ → Ошақты – отбасы, ошақ, оттың киесі;

Бағана → Бағаналы – тірек, тұрақ, бастау.

Кей атаулар күрделі тұлғада келеді: Қаракерей, Сарыүйсін, Қарасақал – мұнда түр, түс, тұлға сипаттары қосылып, белгілі бір тарихи не символдық мәнді көрсетеді.

Ру атаулары – әлеуметтік-тарихи жүйенің айнасы. Қазақ қоғамындағы ру, тайпа құрылымы тек генеалогиялық (шежіре) ғана емес, ол – әлеуметтік

ұйымдасу, тәрбие, ұрпақ жалғастыру, ел қорғау сияқты міндеттерді жүктеген жүйе. Әр ру атауы:

Белгілі бір кәсіппен (мысалы, көшпенділік – Қаңлы),

Әскери қабілетпен (мысалы, Балталы, Шапырашты),

Рухани ұстаныммен (мысалы, Төре, Арғын),

Моральдық нормамен (мысалы, Тарақты, Таз) байланысты қоғамдық рөл атқарған.

Қазақ ру атаулары – бұл ұлттың тарихи жадын, рухани болмысын, және дүниетанымдық жүйесін білдіретін лингвомәдени кодтар. Олар арқылы біз халықтың өмір сүру салтын, моральдық ұстанымдарын, архетиптік бейнелерін және әлеуметтік құрылымын тани аламыз.

Қазақ халқының ру, тайпа атаулары – бұл жай ғана тарихи аттар емес, ұлттың рухани, әлеуметтік, мәдени болмысының көрінісі, тіл мен дүниетанымның тұтас символдық жүйесі. Әрбір ру атауының түп-төркінінде ежелгі түркілік таным, көшпенділердің өмір салты, этникалық жады, және архетиптік бейнелер жатыр.

Бұл атауларда халықтың:

- әлеуметтік ұйымдасуы (батырлар, билер, төрелер);

- тарихи тәжірибесі (соғыстар, көші-қон, кәсіп);

- рухани құндылықтары (ар-намыс, отбасы, тазалық, ерлік),

- мәдени кодтары (ошақ, айбалта, тарақ, арқар, тай) терең бейнеленген.

Қазақ ру атаулары – ұлттың мәдени коды. Ру атаулары – бұл:

- шежірелік жады – ата-баба тарихы мен тектіліктің ізі;

- семиотикалық таңба – әр рудың символы, танымдық бейнесі;

- архетиптік сана – батыр, ана, көсем, жауынгер, шырақшы сынды ұғымдардың жинақ бейнесі;

- тілдік мұра – көне түркі, араб-парсы, моңғол элементтерін сақтаған тіл қабаты;

- ұжымдық таным – бүкіл халықтың мәдени бірлігі мен дүниетанымның көрінісі.

Танымдық және тәрбиелік маңызы. Мұндай атаулар жас ұрпаққа:

- тектілік пен рухани сабақтастықты сезіндіреді;

- өзін ұлттық кеңістікте танып, тарихи санасын дамытады,

- ар мен намысты, батырлық пен тәртіпті үлгі етеді;

- ұрпақты ата-баба жолын ұстануға, мәдени мұраны сақтауға тәрбиелейді.

Қорытындылай келе, қазақ ру атаулары – бұл мәдениет тілімен жазылған шежіре, ата-баба аманаты және ұлттық болмыстың айнасы деп тұжырымдауға болады. Оларды зерттеу – өткенімізді тану ғана емес, болашақ ұрпаққа рухани жол көрсету, мәдени сабақтастықты сақтау және ұлттық танымдымызды жаңғырту жолындағы маңызды қадам.

Келтірген ру атауларының лингво-мәдени-танымдық кестесі – бұл қазақ ру аттарының этнолингвистикалық, семантикалық және архетиптік мәндерін түсінуге бағытталған зерттеу үлгісі. Жалпы талдау жасай келе, мұндағы мәдени

код – ру баласының азаматтыққа қадам басуы, көшпенді өмірмен тұтастануы. Таңбаның вербалды атауы – рудың болмысына тіл арқылы берілген мәдени код.

Таңба атаулары атрибутивтік тіркес арқылы жасалады: ашамайлы, бағаналы, тарақты (осыған ұқсас: қанатты сөз, қылышты батыр). Бұл семантикалық модельдер арқылы таңба тілде кодталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Тілдік атау арқылы таңба концепт ретінде тұрақтанып, тілдік санада архетипті жаңғыртады. Таңба атауларының архетипке негізделуі – таңба, тіл, мәдениет үштігінің сабақтастығын көрсетеді. Бұл атаулар – тек ру белгісі емес, халықтың мәдени жады, тарихи тәжірибесі мен дүниетанымының тілдік көрінісі. Таңба атауы арқылы ру тек белгіленбейді, оның архетиптік мәні ұрпақ санасында сақталады.

Таңба – тек визуалды белгі емес, тіл арқылы мәдени архетипті жеткізуші құрал. Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасындағы байланыс пен ұқсастықтарды қарастырсақ, рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында бірнеше маңызды байланыс бар. Олардың ұқсастықтары негізінен графикалық құрылымы, қолданылу мақсаты мен мағыналық мазмұны арқылы анықталады.

1. Графикалық құрылымы бойынша ұқсастықтар. Көне түркі руникалық жазбалары мен қазақтың ру таңбалары арасында белгілі бір символикалық және сызықтық ұқсастықтар байқалады. Ру таңбалары көбінесе қарапайым геометриялық пішіндерден тұрады, олар көне түркі алфавитінің әріптеріне жақын. Мысалы, таз руының таңбасы (𐰚) – бұл белгі таз руының таңбасы ретінде белгілі және көне түркі жазуындағы «Т» немесе «Ш» әріпіне ұқсайды; қоңырат руының таңбасы (𐰝 немесе П тәрізді) – бұл символ түркі руникалық әліпбиіндегі кейбір әріптермен ұқсас; есентемір руының таңбасы (У немесе Ү тәрізді) – бұл белгі руникалық жазулардағы «Й» немесе «Ч» әріпіне сәйкес келеді де, жағалбайлы руының таңбасы (Т тәрізді) – түркі жазуындағы «Т» әріпіне ұқсайды. Екі жүйе де, яғни рулық таңбалар мен руникалық жазбалар абстракттілі символдардан тұрады: тік сызық, доға, нүкте, үшбұрыш, крест, таға пішіндер. Көптеген ру таңбалары белгілі бір руна әріптеріне визуалды жақын: керей руының «І» таңбасы — рунадағы «І» әріпіне ұқсас; дулаттың «○» таңбасы — «Д» немесе «О» руналарына., ал жалайырдың «V» таңбасы — «У» немесе «Ғ» әріпіне сәйкес.

2. Қолданылу мақсаты мен мағыналық мазмұны бойынша ұқсастық. Рулық таңбалардың қолданылу мақсаты:

- 1) әр рудың өзіндік белгісі, идентификаторы ретінде қолданылған;
 - 2) малға ен салу, мүлік белгілеу, көші-қон жолдары мен жайылымдарды белгілеу үшін;
 - 3) рулық иерархияны, шежірелік сабақтастықты көрсету құралы.
- Руникалық жазбалар мақсаты:
- 1) хабар, ақпарат жеткізу құралы;
 - 2) Орхон-Енисей ескерткіші жазуларында тарихи оқиғалар, билеушілердің ерлігі мен өсиеттерін жазу үшін;
 - 3) саяси және діни мазмұнды жеткізу құралы.

Қолданылу мақсатына байланысты ұқсастықтар: ру таңбалары қазақ тайпаларының рулық белгісі ретінде малға, құрал-жабдықтарға, туларға, ғимараттарға, құлпытастарға түсірілген. Бұл олардың иелік белгісі, бірегейлік символы қызметін атқарғанын көрсетеді; руникалық жазулар көне түркілердің тасқа қашап жазған тарихи деректері болып табылады. Бұл жазулар көбінесе мемлекеттің маңызды оқиғаларын, билеушілердің ерліктерін, рухани құндылықтарын баяндаған.

Мағыналық ұқсастықтар: (кесте 4).

Кесте 4 - Ру таңбалары мен руна жазуы арасындағы ұқсастықтың мысалы

Ру таңбасы	Мағынасы мен қолданылуы	Руна жазуы	Мағыналық қызметі
Таңба – рудың ар-намысы мен ерекшелігін білдіреді. Таңба арқылы рудың тарихы, ата-тегі анықталған.	Таңба шежіре, рәміз, мөр қызметін атқарған.	Руналар – мағыналық жазу жүйесі, әріп емес дыбыстар мен мағыналарды бейнелейді.	Руна жазуы рухани, саяси мәнге ие: батырлықты, ел бірлігін сипаттайды.

Рулық және руникалық таңбаларға ортақ мәдени негіз:

- 1) екі жүйе де ежелгі түркілік мәдениеттен тамыр алады;
- 2) ру таңбалары руна жазулары жойылғаннан кейін де қолданылып, визуалды жазу элементі ретінде сақталған;
- 3) екеуі де ұлттық жады мен тарихи сабақтастықтың айнасы ретінде қызмет етеді.

Қазіргі жаңа кезеңде ру таңбалары – этностық бірегейліктің символы, халықтың өткенін танудың визуалды коды болып табылады. Ал руникалық жазбалар – түркі халықтарының жазу мәдениетінің шыңы, тарихи мұра ретінде танылады. Рулық таңбалар мен руникалық жазулар арасындағы байланыс – мәдени, тарихи, символдық сабақтастық арқылы көрініс тауып, екеуі де өз дәуірінде ақпаратты жеткізу мен этностық танымды білдірудің құралы болғандығын дәлелдейді.

Ру таңбалары руна жазуларынан ықшам, көркем әрі жеке ру деңгейіндегі рәміз болса, руналар – мемлекеттік, қоғамдық деңгейдегі тарихи ақпарат тасымалдаушысы (транслятор) қызметін атқарады. Аталған деректер қазақ ру таңбалары мен көне түркі жазулары арасындағы тарихи сабақтастықтың айқын дәлелі болып табылады, бұл байланыс – ежелгі түркілік болмыстың үзілмеген жібі, ұлттың визуалды жады мен семиотикалық мәдениетінің айнасы.

Көне түркі жазуы, руникалық таңбалар және қазақ руларының таңбалары арасындағы байланыс лингвистикалық, тарихи және семиотикалық тұрғыдан қарастырылуы мүмкін. Бұл үш жүйе де символдық мағынаға ие, ақпарат жеткізуші әрі танымдық функция атқаратын таңбалар болып табылады.

Аталған жұмысымызды лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында ру таңбалары мен көне түркі жазуы арасындағы байланыс графикалық ұқсастық, фонетикалық сәйкестік және семантикалық мән негізінде зерттелді.

Руникалық жазулар да, рулық таңбалар да абстрактілі символдық белгілерге негізделген. Түркі жазуының әріптері қарапайым геометриялық пішіндерден тұрады (тік сызықтар, үшбұрыштар, нүктелер, доғалар), ал қазақ руларының таңбалары да осыған ұқсас қарапайым символдар болып келеді.

Қазақ ру-тайпаларының таңбалары мен көне түркі руна жазуының әріптерін салыстыруымыздың басты мақсаты – олардың шығу тегін, даму барысын және ықтимал байланыстарын анықтау. Бұл зерттеу қазақ халқының мәдениеті мен жазба дәстүрінің терең тамырларын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытқа дейін қазақ ру-тайпаларының таңбалары толық зерттелген жоқ. С.Аманжоловтың, Ж.Артықбаевтың еңбектерінде кей ру таңбалары айтылған. Осындай ғылыми мақалаларда таңбалардың түркі жазуымен байланысы туралы деректер кездеседі. Н.А.Аристов: «егер біз бүкіл түркі халықтарының таңбаларын толықтай зерттегенде, олардың ортақ тарихын білуге жол ашылатын еді» деп жазған [90, с. 283]. Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының таңбаларын жан-жақты зерттесек, әрбір ру мен тайпаның тарихи байланыстарын анықтауға мүмкіндік туар еді. Таңбалардың астарында үлкен мән-мағына бар, әрі ұлттық кодымыз ретінде де қарастыруға болады. Сондай-ақ таңбаның руна жазуымен байланысы, сонау сақ, ғұн тайпаларындағы таңбалардың басқа түрік халықтарына мұрагерлік жолмен берілуі, жаңа тайпалар пайда болғанда олардың таңбаны қалай алатыны әлі де толық зерттелуді талап етеді. Соған орай О.Сүлейменов орхон-енисей жазбааларында таза әріптермен қатар «өтпелі кезеңнің иероглифтері де сақталып, қолданыста болғандығына назар аударып, нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Ол «Ең қызықты құбылыс – өтпелі кезеңнің алфавиттері. Олардың таңбалар құрамында «таза» әріптермен қатар әріп-иероглифтер де бар. Бұлар жазу процесін жеңілдету үшін, әрі детерминант ретінде, яғни жазудың мағынасын бейнелі түрде түсіндіретін қызметтік белгілер ретінде қолданылады. Орхон-Енисей алфавитінде бірнеше әріп иероглифтер сақталып қалған: – äb – үй, киіз үй (әріптік мағынасы




– ұяң еріндік дауыссыз), – ja – 1) күн, 2) садақ (әріптік мағынасы – j қатаң сөздерде) және т.б. Мәтінде бөлек қолданыла отырып, олар бүкіл сөзді-ұғымды білдіретін иероглифтерге айналды. Жазбаша сөздің құрамында негізгі дыбысты белгіледі. Палеографтар түркі жазуының осы бірегей ерекшелігіне назар аудармағандығын атап көрсетеді [91, с. 118].

Бұл тақырыпты зерттеу барысында салыстыру мен салғастыру негізінде кесте құрастырдық. Ол үшін дереккөз ретінде Сәрсен Аманжоловтың «Қазақ тілі диалектологиясы мен мәселелері» атты еңбегі қарастырылды [111]. С.Аманжолов – қазақ тайпалары мен олардың таңбаларын зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерінде қазақ руларының таңбалары мен олардың мағыналары туралы мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, Мұхамеджан Тынышпаевтың «История казахского народа» еңбегі пайдаланылды [112].

М.Тынышпаев қазақ халқының тарихы мен рулық құрылымы туралы зерттеулер жүргізіп, оның еңбектерінде қазақ руларының таңбалары мен олардың ноғай, башқұрт және Қазан татарларының ру таңбаларымен салыстырмалы талдауы жасалған. Ру таңбаларының ежелгі руна жазуына төркіндес екенін көрсету мақсатында Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегінен көне түркі жазбалары V-X ғасырлар аралығында түркі тайпаларының тасқа қашап жазған мәтіндері болып табылатын Орхон-Енисей Жазба ескерткіштерінде қоланылған алфавиті негізге алынып, салғастырылды [113].

Төменгі 5 кестеде қазақ руларының таңбалары мен Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде қолданылған алфавиттік таңбалар арасындағы ұқсастық пен байланысты көрсетуге тырыстық:

Кесте 5 - Ру таңбалары мен ежелгі Орхон-Енисей Жазба ескерткіштерінде қоланылған алфавиттермен салыстыру кестесі

Ру атауы	Рулық таңба (С.А.Аманжолов)	Рулық таңба (М.Тынышпаев)	Орхон-Енисей Жазба ескерткіштерінде қоланылған алфавит (Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М.)	
			Таңбалар	Мағынасы/ Әріптік сәйкестігі
1	2	3	4	5
Қаңлы	I	I	┆	Сь
Ысты	I	I	┆	Сь
Тілік	I	»	┆	Сь
Сыйқым	I; L; 		┆; 	Сь; Л
Қыпшақ	II	II	┆ қосарланған әліп	Сь
Керейт	II; 	X	┆ қосарланған әліп; 	Сь;Дь
Тама	II	II	┆ қосарланған әліп	Сь
Қоңырат			)	Нн
Санглы (саңлы)			)	Нн
Маңғатай		 /Маңғытай	)	Нн
Алшын		-	^	Шш
Найман			>;  ; 1	О,у,ұ;нт;П
Қарасақал			^;  /↓↑	Шш;Ғғ/Ққ






5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Жаныс		>	>	О, у, ұ;
Масқар				ы, и, і
Беріш	>		>; <>; 2	О, у, ұ; Ққ; а, е
Шөмекей			)	Нн
Алтын			^; MN	Тт; ө, ү
Бекболат	»	-	^	Тт
Шеркеш	у	у*, 5	у; 5	Ль; 3з
Есентемір	<	у, <	у; <	Цц
Жүй	т	-	т/↑	Ғғ/Ққ
Жағалбайлы	т	т	т/↑	Ғғ/Ққ
Телеу	т + ↑	т	т; т/↑	Сь; Ғғ/Ққ
Сіргелі	+; ++	т, 5, 8	х	Дь
Төртқара	+	+; т	х; т	Дь; Ғғ
Сунақ	т	-	-	-
Бағаналы	т, 5, 8	у, т, х, 5	у, т, х; 5	Ль; Сь; Дь; Чч
Мансыр	<	Масқар	-	-
Алаша	т	т	-	-
Шекті	т, 5	т, 5	т; ↑	А, е; Ққ
Жаппас	т	т, х, 5	т; х; 5	А, е; Дь; Ль
Таз (дар)	т	т	т, 5	Ө, Ү
Әлім	т	-	т	Нч
Тарақты	т, 5	-	т; 5	Гг; л
Жалайыр	т, 5	т, 5	т	лт
Саржомарт	)	Сарыжомарт	)	Н
Шанышқылы	↓ ↑	↓ ↑	↓ ↑	Ққ

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Бастаңбалы	У	-	У	Ль;
Шымыр	У	У	У	Ль;
Шапырашты	У	У, ∇	У; <∇	Ль;Ққ
Дулат	○	□	○	нт
Табын	○	р*, м*, о, л	р; м; ○; л	йь;лт ; нт; Сь
Арғын	○○	○○, о, о	○	нт
Рамадан	○	○	р	йь
Абдан(Албан)	○	Адбан ○	х	Бь, е
Кердері	○	Q	q	йь
Шынқожа	○	Қожа ○	х	Бь, е
Қоралас	○	-		
Суан	○	○	х	Бь, е
Ботбай	○ ○	○	х	Бь, е
Самбет	○	-	-	-
Сарыүйсін	□	□	■	Шш
Адай(ядай)	σ + ψ	-; ↓	δ; x / ρ; ↓	б/дь/Зз ;Ққ
Матай	т	т	т	Кк
Қаракесек	т	т	)	Нн
Сыдыр	т	Садыр ○	т	Кк
Керей	т	х; +	х; 1; l	Дь; П; Сь
Уақ	т	т, х	-; x	; Дь
Балталы	т	т	р	йь
Қаракерей	т	т	т	Ғғ
		Кете- +, í;	х; l	Дь; Сь
Ошақты	△	△	<∇	Ққ
		Байбақты- т	т	Зз
		Жоғы т, X	т; x	Ы,и,і; Дь
		Ойық- »	∧	Тт

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Терістамғалы -о		нт
		Тана- I		Сь
		Қызылқұрт- 	Ү; 	Ль; Шш
		Ысық- 		ң
		Төре- 	€; M	Гг; лт
		Қаратамыр- 		Ы,и,і; Сь
		Шүрен- 		Шш

Ру таңбаларының көпшілігі көне түркі руналық жазу белгілерімен тікелей немесе метафоралық түрде ұқсас. Бұл графикалық негіздің ортақтығы – тарихи және мәдени байланыс нәтижесі. Таңбалар – тек белгі ғана емес, этностық сәйкестік пен тарихи жадының көрінісі. Қазақ руларының таңбалары мен көне түркі руникалық жазулары арасындағы графикалық ұқсастық олардың ортақ визуалды-символдық негізділігін көрсетеді.

Ру таңбалары мен көне түркі руникалық жазулары арасындағы визуалды-символдық ұқсастық бар екені анық. Қазақ руларының таңбалары мен көне түркі руникалық әріптері арасындағы графикалық ұқсастық – кездейсоқ сәйкестік емес, тарихи-мәдени сабақтастықтың айқын дәлелі. Бұл визуалды параллельдер мынадай тұжырымдарға негіз болады:

- Ортақ символдық негіз. Қазақ рулық таңбалары мен Орхон, Енисей жазбаларындағы түркі руналары бірдей геометриялық элементтерге сүйенеді – тік және көлденең сызықтар, үшбұрыштар, доғалар мен нүктелер. Бұл ортақ мәдени семиотиканың жалғастығын көрсетеді.

- Мағыналық сабақтастық. Таңбалар тек таңба емес, ру атауы мен мағынасының, рухани болмысының көрінісі. Мысалы, «I» таңбасы – Керей руының мінезіне сәйкес қарапайымдылық пен тік мінезді көрсетсе, ал «П» таңбасы Қоңырат руының құрылымдық беріктігін бейнелейді.

- Тарихи жалғастық. Ру таңбалары ежелгі түркі мәдениетінің мұрасы ретінде қазіргі қазақ этносына жетіп, рулық сана мен бірегейлік символына айналды. Бұл – түркілік жазу мәдениетінің жойылмай, жаңа формада сақталғандығының нұсқасы, көрінісі.

- Семиотикалық функциясы. Таңбалар ескерткіштік сипатта ғана емес, әлеуметтік, саяси өмірде де идентификатор ретінде қызмет етіп, тілдік емес қарым-қатынас құралы, ақпарат жеткізу құралы болған.

- Көркемдік-когнитивтік ерекшелік. Ру таңбаларының қарапайымдылығы мен қайталануы көркемдік символизмге ие, сонымен қатар когнитивтік жеңілдікті қамтамасыз етеді (есте сақтау, тану, айыру).

Қазақ рулық таңбалары – көшпелі мәдениеттің, жазу өнерінің және этникалық өзін-өзі танудың көне символы. Олардың түркі руна жазуларымен байланысы түркі халықтарының ортақ тарихи санасы мен мәдени жадының жалғастығы екендігін дәлелдейді. Бұл таңбалар бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық мұраны танудың визуалды кілті бола алады.

Қазақ ру-тайпаларының таңбалары мен көне түркі руна жазуының әріптері арасындағы ұқсастықтарды зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

Графикалық ұқсастықтар. Қазақ руларының таңбалары мен көне түркі руна әріптері арасында айқын графикалық ұқсастықтар байқалады. Мысалы, «Қаңлы» руының «І» таңбасы мен руна жазуындағы «Сь» әрпі, «Қыпшақ» руының «ІІ» таңбасы мен қосарланған «Сь» әрпі арасындағы сәйкестіктер олардың ортақ шығу тегін немесе бір-біріне ықпалын көрсетуі мүмкін.

Тарихи сабақтастық. Көне түркі руна жазуының қалыптасуына түркі және қазақ халқының ру-тайпаларының таңба-белгілері елеулі әсер еткен деген пікірлер бар. Зерттеушілер М.Қашқари, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Марғұлан жинаған көне түркі және қазақ тайпаларының таңба-белгілері түркі руна жазуына өте ұқсас екендігі анықталған. Бұл ұқсастықтар көне түркі жазуының пайда болуында ру-тайпа таңбаларының рөлін көрсетеді.

Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастық мынадай негіздерге сүйенеді:

- ортақ таңбалық сипатқа ие;
- белгілі бір ақпаратты сақтауға және жеткізуге арналған;
- түпкі негіздерінде рухани-мәдени мазмұн, дүниетаным жатыр;
- рулық таңбалар жазу жүйесінің бастау көздерінің бірі ретінде қарастырылады;
- екі жүйе де мәдени жадты тасымалдаушы қызметін атқарған.

Мәдени және этникалық сәйкестік. Ру таңбалары мен руна жазуының әріптері арасындағы ұқсастықтар қазақ халқының мәдениеті мен жазба дәстүрінің терең тамырларын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл таңбалар тек ру белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар жазу жүйесінің элементтері ретінде де қолданылғанын аңғартады.

Адамзаттың тарихи даму жолында жазу мен таңбалар жүйесі – ақпаратты сақтау, тарату және ұрпаққа жеткізу үшін пайда болған маңызды құралдар. Соның ішінде рулық таңбалар (таңба, тамға) көне түркі мәдениетінің, соның ішінде қазақ халқының тарихи-рухани болмысын бейнелейтін алғашқы семиотикалық жүйелердің бірі болып саналады.

Рулық таңбалар әрбір ру мен тайпаның өзіне тән белгісі, кісілік коды ретінде қолданылған. Олар тек меншік белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар сол рудың шығу тегі, тарихи жады мен этникалық болмысының көрінісі болды. Мұндай таңбалар малға ен салуда, құрал-саймандарда, тастар мен киімдерде,

тіпті архитектуралық құрылымдарда кездесіп отырған.

Ал жазу жүйесінің қалыптасуы адамзат санасының күрделеніп, ойды дәл әрі тұрақты түрде жеткізу қажеттігінен туындады. Көне түркі жазуы Орхон-Енисей жазбалары бұл тұрғыда түркі халықтарының тарихындағы жазудың алғашқы үлгілерінің бірі саналады. Мұнда әрбір әріп те бір белгі, яғни таңба болып табылады.

Ғалымдар (мысалы, Ә.Қайдар, Н.Уәли, С.Аманжолов және т.б.) жазудың тарихи бастауын рулық таңбалардан іздеуге болатынын айтады. Себебі таңбалар арқылы ойды бейнелеу, белгілермен ақпарат беру – жазуға апаратын алғашқы қадам. Уақыт өте келе бұл қарапайым рәміздік белгілер жүйесі күрделеніп, фонетикалық дыбыстарды белгілейтін әріптерге айналды. Сондықтан жазу мен рулық таңбалар арасында тарихи-мәдени сабақтастық бар, бұл сабақтастық қазақ халқының жазба мәдениеті мен ұлттық болмысының қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Қорыта айтқанда, қазақ ру-тайпаларының таңбалары мен көне түркі руна жазуының әріптері арасындағы ұқсастықтар олардың ортақ мәдени және тарихи тамырларын көрсетеді. Бұл зерттеу қазақ халқының мәдениеті мен жазба дәстүрінің қалыптасуындағы ру-тайпа таңбаларының маңыздылығын айқындайды.

Жұмыстың бұл бөлімінде біз тәжірибелік зерттеуді сауалнама нәтижелеріне эмпирикалық талдау жүргізу арқылы жалпы ұлттық рухани (тіл, әдебиет, бейнелеу өнері, дін) және материалдық (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шаруашылық жүргізу) мәдениетімізді көрсететін таңбаларды (тілдік таңба, символ) анықтау, соның ішінде тақырыбымызға қатысты, ежелгі жазу үлгілері мен бүгінгі күнге дейін жеткен таңбалар (рулық таңбалар, ою-өрнек) арасындағы байланысты тарихи салыстыра отырып, семантикалық аясын талдауға бағытталған.

Сауалнама сұрақтары ұлттық мәдени таңбалар мен кодтардың тілдік санада қалай көрінетінін анықтауға бағытталған және сұрақтарының формасы еркін жауап беру (open-ended) мен танымдық бағыттағы сапалық зерттеу сұрақтарына сәйкес келеді.

Сауалнама «Google forms» платформасында жасақталып, ашық сұрақтарға негізделген, олар респонденттің еркін ойлау қабілетін, мәдени білімін, тілдік санасын ассоциативті жауаптар негізінде зерттеуге бағытталған.

Эксперименттік ассоциативті сауалнама жүргізу әдісі, тілдік сана мен оның ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып саналады, өйткені ол белгілі бір этнос өкілдеріне тән әлем бейнесінің ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Эмпирикалық сауалнамаға негізделген ассоциативті эксперименттің әдістемелік аппараты дәстүрлі. Ол, ең алдымен, эмпирикалық әдістің процедуралары аясында орындалды:

- нақты және теориялық материалдарды жинау, тіркеу, жүйелеу;
- зерттеудің алғышарттары мен логикалық негізіне сәйкес фактілерді жіктеу.

Теориялық зерттеулер дереккөздерден алынған ақпаратты зерттеу және жалпылау, теориялық талдау және синтез, абстракция, модельдеу арқылы жүзеге

асырылды.

Сауалнама сұрақтарына берілген респонденттердің жауаптары барлық ассоциациялардың қосындысын, оның ассоциативті өрісін құрайды. «Ассоциативті өріс – неғұрлым кең лексика, ең кең диапазондағы ассоциативті байланыстармен біріктірілген сөздерді қамтитын білім (әлеуметтік, тарихи, психологиялық ұқсастық, контраст, ұқсастық және т.б.). Сөздің ассоциативті өрісіне ядро (ең жиі кездесетін реакциялар) және периферия жатады» [114]. Сонымен сөздің ассоциативті өрісі – бұл тілдік бірліктердің осы тілде жүзеге асырылатын байланыстарының (реакциялардың) жиынтық желісі. Осыған байланысты ассоциативті эксперименттің басты артықшылығы оны қолданудың қолжетімділігі екенін атап өткен жөн, өйткені оны бір уақытта субъектілердің үлкен тобымен жүргізуге болады. Ассоциативтік теория жалпы адамзаттың сана-сезімін зерттеуге жол ашқан бірден бір тиімді тәсіл екені анық.

Эксперименталды сауалнама жауаптарында пайда болған ассоциациялар негізінде респонденттердің вербалды ассоциациялары анықталады, яғни адамның ойы вербалданып, жауабы кері реакция болады. Қатысушы сұрақтарға жауап бере отырып, өзінің тілдік санасында ұлттық мәдениетті қалай бейнелейтінін көрсетеді.

Респонденттердің жауаптарының саналуандығынан олардың білімін, сөздік қорының байлығын, тіпті олардың қоғамның қай тобының өкілі екенін де анықтауға болады.

Сауалнаманы өткізу әдісі:

1. Респондент таңдауы:

- әртүрлі жас тобы, аймақтық өкілдер, ұлт өкілдері
- рулық таңбалар туралы сұрақ болғандықтан, қазақ ұлты өкілдерінен алынғаны тиімді.

2. Сауалнама жүргізу тәсілі:

- жазбаша немесе онлайн түрде
- әр сұраққа еркін жауап беруге мүмкіндік жасау
- жауаптарды талдау: семантикалық, символдық, жиілік талдау

Қорытынды талдау әдістері:

1. Контент-талдау.

2. Ассоциативтік өріс құру: мысалы, «шаруашылық» деген сөзге қандай таңбалар байланыстырылды?

3. Семиотикалық талдау: таңбалардың белгілер жүйесіндегі орнын анықтау.

Сауалнама 6 сұрақтан құралды, сауалнама сұрақтары таңбалар, рулық таңбалар және қазақ халқы үшін киелі болып саналатын ұғымдар туралы респонденттердің ассоциациясы негізінде тұжырымдама жасауға бағытталып құрастырылды.

Бұл сауалнаманың мақсаты – қазақ ру атаулары мен руникалық жазу арасында ұқсастық бар екендігі туралы қатысушылардың түсініктері мен ассоциацияларын анықтау. Бұл сауалнама арқылы келесі аспектілерді зерттеуге болады:

Ұлттық рухани және материалдық мәдениеттегі таңбалар мен символдарды анықтау: қатысушыларға ұлттық мәдениетімізді бейнелейтін таңбалар мен символдарға қатысты қойылған сұрақтар олардың мәдени мұра туралы білімдерін бағалауға, ұлттық бірегейлікті көрсететін элементтерді тану деңгейін анықтауға көмектеседі.

Респонденттердің ру таңбалары туралы білім деңгейін бағалау: қатысушылардың өз руының таңбасын білуі және оның мағынасын түсінуі олардың тарихи және мәдени санасының дамуын көрсетеді. Бұл деректер ру таңбаларының қазіргі қоғамдағы маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Рулық таңбалар мен руникалық жазулар арасындағы байланыс туралы түсініктерді зерттеу: қатысушылардың ру таңбалары мен руникалық жазулар арасындағы ұқсастықтар мен байланыстар туралы пікірлері олардың осы тақырыптағы білімдері мен түсініктерін анықтауға көмектеседі. Бұл сұрақтар арқылы тарихи жазу жүйелері мен қазіргі таңбалар арасындағы сабақтастықты қабылдау деңгейін бағалауға болады.

«Мәдени код» және «тілдік код» ұғымдарын түсіну деңгейін анықтау: қатысушылардың осы ұғымдарды қалай түсінетінін сұрау арқылы олардың мәдениеттану және тіл білімі саласындағы білімдерін бағалауға болады. Бұл сұрақтар мәдени және тілдік құбылыстарды түсіну деңгейін анықтауға көмектеседі. Жалпы алғанда бұл сауалнама қазақ ру атауларының руникалық жазулардан бастау алатыны, немесе ұқсастығы туралы қоғамның түсінігін, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен тарихқа деген қызығушылық пен білім деңгейін зерттеуге бағытталған. Бірінші сауалнама сұрақтарының мәтіні қосымшада берілген (Қосымша А).

Сауалнамаға жауап берген респонденттер саны – 320 (үш жүз жиырма) адам. Бұл сауалнамада респонденттердің жасы, жынысы сияқты жеке мағлұмат жинақталмады, сұрақтар қазақ тілінде жасалды. Сауалнаманы сараптау барысында респонденттердің жауаптары ассоциативтік өрістерге жіктеліп, азаю ретімен кесте мен диаграммада орналастырылды.

1-сұрақ. Ұлттық рухани (тіл, әдебиет, бейнелеу өнері, дін) және материалдық (әдет-ғұрып, салт- дәстүр, шаруашылық жүргізу) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз? Бұл сұрақты жасақтаудың мақсаты қазақтың ұлттық рухани және материалдық мәдениетінің көрсеткіші болатын таңбаларды анықтау және сол таңбалардың қазіргі таңда қаншалықты сақталғандығын, олардың бүгінгі таңдағы тілдегі бейнеленуін анықтау болатын (кесте 6).

Кесте 6 - Ұлттық рухани (тіл, әдебиет, бейнелеу өнері, дін) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Ә)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші	
1	2	3
Ұлттық тіл	87	27,19%
Туыстық қатынастары мен атаулар	77	24,06%

1	2	3
Әдебиет	71	22,19%
Наным-сенімдер, тыйым сөздер	43	13,44%
Қазақы мәдениет	26	8,13%
Дін	11	3,44%
Ғылым	5	1,56%
Сауалнама сұрағына жауап берген респонденттер саны	320	

Талдау барысында респонденттердің жауаптары ауқымды және алуан түрлі болды, соған байланысты жұмыста ұлттың рухани көрсеткіштерін: тіл, әдебиет, бейнелеу өнері, дінмен байланысты туындаған ассоциациялар қамтыды.

Респонденттердің жауаптарына сүйенсек, ұлттық рухани мәдениетіміздің таңбасы – *ұлттық тіліміз*, мұндағы ассоциацияның пайыздық көрсеткіші – 27,19%. Бұл көрсеткіш ұлттық рухани мәдениеттің басты тірегі тіл екенін нақты айғақтайды. Респонденттер қазақ тілін ұлттың болмысын, танымын, рухын бейнелейтін басты таңба деп түсінген. Бұл тілдің рухани код ретінде маңызын көрсетті.

Қазақ халқының туыстық қатынастары мен отбасы құндылықтары, отбасы мүшелеріне қатысты атаулар (ата, әже, әке, ана, шеше, бауыр, аға, апа, қарындас, сіңлі, жеңге, жезде, құда, нағашы, қандас, немере, шежіре) ұлтты рухани таңбалауда маңызды деп танылды, бұл ассоциацияның пайыздық көрсеткіші – 24,06% құрады. Қазақ халқының туыстық қатынастары мен дәстүрлі атаулары ұлттың рухани таңбасында ерекше орын алатынын көрсетеді. Бұл – отбасы, шежіре, туыскандылық, ата-баба дәстүрі секілді рухани байланыстың тілдік таңбалары. Мысалы: ата, әже, аға, апа, құда, нағашы, шежіре сияқты атаулар ұлттық код ретінде ерекше бағаланған.

Қазақ халқының әдебиеті, оның ішінде Абай, Абай жолы, қара сөздер, жырлар, айтыс, аңыздар, ертегілер, өсиет, толғау, «Батырлар жыры», «Қырымның қырық батыры», «Қорған жырау» сияқты әдеби шығармалар, эпсана, қазақтың халық әндері – аталу жиілігі бойынша үшінші болды – 22,19%. Әдебиет ұлттың рухани жадын, тарихын, дүниетанымын жеткізетін басты символдық құрал ретінде бағаланған.

Келесі орында маңызды ұлттық рухани мәдениетіміздің таңбасы болып қазақтың наным-сенімдері мен тыйым сөздері (13,44%) анықталды. Қазақ халқының наным-сенімдері мен тыйым сөздері – рухани-мәдени тәжірибенің тілдік формасы ретінде бағаланады. Бұл категория – ұлттық құндылықтар жүйесінің сақтаушысы.

Қазақы мәдениет (8,13%) деген де ассоциациялар аталды. Қазақы мәдениетке қатысты ассоциациялар – әдет-ғұрып, тұрмыс, өнер және бейнелеу құралдары арқылы қалыптасқан тұрмыстық мәдениеттің тілдік кодтары ретінде ұсынылған. Бұл контексте салт-дәстүрлер, киім, ұлттық тағамдар, үй жабдықтары сияқты элементтер қарастырылуы мүмкін.

Қазақтың философиясы, яғни ұлттық танымы – *din* (3,44%) деген жауаптар да кездесті. Дінді ұлттық рухани мәдениеттің философиялық-рухани жүйесі ретінде қабылдағандар саны аз болғанымен, ол да рухани таңбалаудың маңызды бөлігі.

Ғылым (1,56%) ретінде ұлттық рухани таңба бола алады деген де жауаптар да кездесті. Ғылымды ұлттың рухани таным көзі ретінде көрсеткен респонденттер үлесі аз. Дегенмен бұл заманауи көзқарас пен рухани кодтың жаңғыруын көрсететін элемент.

Сауалнаманың бірінші сұрағына жинақталған жауаптары талдай келе:

Ұлттық тіл (27,19%) – ұлттық рухтың негізі, басты таңба ретінде танылған.

Туыстық жүйе мен әдебиет – ұлттың тарихи жады мен рухани мұрасы ретінде маңызды.

Наным-сенімдер мен қазақы мәдениет – ұлттық философияның және тәжірибенің символы. Дін мен ғылым ұлттық рухани мәдениеттің концептуалдық бағыттары ретінде аталған.

Бұл сауалнама нәтижесі бойынша респонденттер ұлттық рухани мәдениеттің таңбаларын негізінен тіл, әдебиет, туыстық жүйе, және наным-сенімдер арқылы танитынын көреміз. Бұл – қазақ халқының дүниетанымы мен рухани болмысын айқындайтын басты тілдік кодтардың жиынтығы.

2-сұрақ. Ұлттық материалдық (әдет-ғұрып, салт- дәстүр, шаруашылық жүргізу) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз? (кесте 7).

Кесте 7 - Ұлттық материалдық (әдет-ғұрып, салт- дәстүр, шаруашылық жүргізу) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Б)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші	
Салт-дәстүр	97	30,31%
Жазу, ру таңбалары, рәміздер, символдар	57	17,81%
Қолөнер	47	14,69%
Жалпы тұрмыстық зат атаулары	39	12,19%
Әдет-ғұрып	26	8,13%
Ескерткіштер	21	6,56%
Ұлттық аспаптар	17	5,31%
Ұлттық ойындар	9	2,81%
Білмеймін	7	2,19%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	320	

Респонденттердің жауаптарын талдай келе ұлттық материалдық мәдениетіміздің көрсеткіші ретінде *салт-дәстүрлерлер* (30,31%) және *жазу, ру таңбалары, рәміздер* (Ту, Өнұран, Елтанба) және *рәміздік символдар* (қыран бүркіт, жылқы, тұлпар, барыс, күн мен бүркіт, бөрі, жылқы, қыран, жарты ай, айшық, Ұмай ана, тау, жайлау, кең дала) – 17,81% көрсеткіші анықталды.

Салт-дәстүрге байланысты жауаптарда респонденттер қазақтың ұлттық тойларына аса үлкен мән берген (шілдехана, қырқынан шығару, қыз ұзату, той, тұсау кесер, беташар, бесік той, қазан майлар, енші беру, құда түсу, сырға салу, үкі тағу, атастыру, сүндет той, құдалық) аталды. Респонденттер қазақ халқының дәстүрлі тойларын – шілдехана, тұсаукесер, қыз ұзату, сүндет той, беташар, құдалық, енші беру, үкі тағу, сырға салу, атастыру, қазан майлар – ұлттық мәдениеттің тірегі ретінде бағалаған. Бұл рәсімдер тек тұрмыстық құбылыс емес, рухани кодты материалдық формада жеткізетін символдар ретінде қабылданған.

Қолөнер деп жауаптардың – 14,69% байланысты болып, қолөнердің де маңызын атап өткен респонденттер саны бар. Бұл категория ұлттық материалдық мәдениеттің негізгі және көрнекті таңбасы ретінде айқындалды. Қазақтың қолөнері – ұлттық нақышта жасалған зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар, ою-өрнектер арқылы ұлттық эстетиканы материалдық тұрғыдан танытатын маңызды таңба ретінде бағаланған.

Сауалнаманың келесі ассоциациялар өрісі тұрмыстық жалпы зат атаулары, қазақтың ұлттық материалдық таңбасының көрсеткіші деп 12,19% респондент жауап берген. Мұндағы әрбір элемент бөлек фәлсафа, өйткені мұнда аталған – Киіз үй, қамшы, ер жүген, жебе, бесік, тұмар, жеті қазына, ұлттық киім, кимешек, кәжекей, сәукеле, шаңырақ, ертоқым, кереге, уық, асық атты тұрмыстық заттар әр қазақ баласы үшін маңызды. Мұнда киіз үй, шаңырақ, бесік, ер-тоқым, қамшы, жебе, тұмар, ұлттық киімдер (сәукеле, кимешек, кәжекей), асық, жеті қазына сияқты заттар ұлттың рухани-материалдық өмір сүру формасын білдіретін символдар ретінде ұсынылған. Бұл заттардың әрқайсысы тәжірибелік қолданыспен қатар, терең философиялық мәнге ие, яғни материалдық мәдениеттің тілі ретінде қызмет атқарады.

Әдет-ғұрып. Мұнда қазақ баласының адамгершілігі, үлкенге деген сыйластығы жақсы қылықтарымен таңбаланады, мысалы қазақтың тізе бүгу әдебі, ас қайтару, бата беру, құран бағыштау сияқты ғұрыптарының өзі моралдық Ұлттық кодты дәріптеудің бірден бір жолы екендігінің көрсеткіші болып саналады. Респонденттердің әдет-ғұрып ұлттық материалдық мәдениетті таңбалайды деген көрсеткіші – 8,13%-ға тең болды. Тізе бүгу, бата беру, ас қайтару, құран бағыштау сияқты ғұрыптар – қазақтың адамгершілік, этикалық нормаларын көрсететін және қоғамдағы моральдық кодты жеткізетін материалдық іс-әрекет формасындағы рухани таңбалар ретінде бағаланған.

Ескерткіштер. Алтын адам, әулиелер, киелі жерлер мен атаулар, Түркістан, Маңғыстау өңірі, Абат Байтақ, Қожа Ахмет Яссауи, Есет ата сияқты киелі жер мен есімдер, тарихи ескерткіштер деп атаған респонденттердің жауаптарының көрсеткіші – 6,56%, тарихи-мәдени мұра ретінде ұлттық сана мен тарихи жадының материалдық көрінісі болып есептеледі.

Ұлттық аспаптар. Қобыз, домбыра, жетіген, сазсырнай деп айтқан ассоциациялық жауаптардың көрсеткіші – 5,31%-ға теңдесіп, мұндағы қобыз, домбыра, жетіген, сазсырнай – музыкалық құралдар ғана емес, ұлттық сезім мен дүниетанымды дыбыстық таңбалар арқылы жеткізетін материалдық-рухани символдар ретінде қабылданған.

Ұлттық ойындар. Респонденттердің 2,81%-ы ұлттық ойындарды көрсеткен. «Ойын-сауық» – қазақ әдет-ғұрпының мәдениетін жасаушы, ұйымдастыруды талап ететін таңба болып табылады деген жауап алынып, мұнда қыз қуу, көкпар, ақсүйек, алтыбақан ойындары аталды. Бұл ойындар ұлттық рухты шындайтын әрі қоғамдық бірлікті сақтайтын мәдени таңбалар ретінде ұсынылған. «Ойын-сауық» – ұйымдастыруды талап ететін мәдени іс-әрекет ретінде қазақтың материалдық-рухани мәдени кодын бейнелейді.

320 адамның ішінен «білмеймін, бұл сұраққа жауап беруге қиналамын» деген 7 респондент кездесті, олардың үлесі –2,19%. Респонденттердің шағын тобы сұраққа жауап беруге қиналған. Бұл ұлттық материалдық мәдениетке байланысты білім мен таным деңгейінің әртүрлілігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ұлттық материалдық мәдениет – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, тұрмыстық заттары, қолөнері, рәміздері мен өнер туындылары арқылы бейнеленетін нақты әрі символдық мәнге ие таңбалар жүйесі. Респонденттердің берген жауаптары бұл мәдениеттің терең танымдық әрі рухани мәнге ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар мұнда қазақ халқының материалдық мәдениетінде салт-дәстүр, таңба, қолөнер, тұрмыстық заттар ең жиі ассоциация тудырған элементтер ретінде анықталды.

Жалпы қорытындылай келе, мұнда салт-дәстүр (30,31%) – қазақтың ұлттық материалдық мәдениетінің негізгі тірегі болып танылып, рәміздер мен символдар, тұрмыстық заттар және қолөнер – ұлттық болмысты материалдық түрде бейнелейтін әрі рухани мәні терең таңбалар болып, ал әдет-ғұрып пен ұлттық ойындар, аспаптар – тұрмыс пен руханиятты ұштастыратын материалдық мәдени кодтар ретінде көрініс тапты. Бұл нәтижелер қазақ халқының ұлттық материалдық мәдениеті рухани құндылықтармен тығыз байланыста екенін және оны тілдік таңбалар мен нақты заттық символдар арқылы тануға болатынын дәлелдейді. Респонденттердің жауаптарының негізінде еліміздің ұлттық рухани таңбасы болып ұлттық тіліміз – қазақ тілі, отбасылық құндылықтар мен туыстық қатынастар, отбасындағы атаулардың мәні, әдебиет, наным-сенім, тыйымдар, мәдениетіміз бен дініміз танылады деп айтуға болады.

Қазақ елінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпы, ру таңбасы, рәміздер, символика, қолөнер туындылары, жалпы тұрмыста қолданылатын заттар, ұлттық ойындар, ескерткіштер мен ұлттық аспаптар – ұлтымыздың материалдық мәдениетін танытушы таңбалар ретінде анықталды.

Бұл ассоциациялар қазақ халқының материалдық мәдениетіндегі таңбалық жүйенің көпқырлы әрі әлі де санадан өшпеген екенін көрсетеді.

3- сұрақ. «Өз руыңыздың таңбасын білесіз бе?»

Бүгінгі таңда қазақтардың басым бөлігі өз руын құрметтейді, біледі, таниды, мақтан етеді. Ал кейбір респонденттер өз руын біледі, бірақ руының таңбасын білмейді (кесте 8).

Кесте 8 – Өз руыңыздың таңбасын білесіз бе? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-В)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші
«Ия»	231 (72,19%)
«Жоқ»	89 (27,81%)
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	320

Респонденттердің басым көпшілігі (72,19%) өз руының таңбасын білетіндігін көрсетті. Бұл қазақ қоғамында рулық сана мен шежірелік танымның әлі де болса берік сақталғанын, әрі ұлттық идентификацияның бір көрсеткіші ретінде маңызды рөл атқаратынын білдіреді. Ал 27,81% респондент өз руының таңбасын білмейтінін көрсеткен. Бұл көрсеткіш заманауи урбанизация, ассимиляция немесе мәдени мұраның ұмыт қалуы сынды факторлардың әсерін көрсетуі мүмкін. Бұл топтың басым бөлігін жас буын, немесе қалалық ортада өскен респонденттер құрауы ықтимал. Бүгінгі таңда қазақтардың басым бөлігі өз руын құрметтейді, біледі, таниды, мақтан етеді. Ал кейбір респонденттер өз руын біледі, бірақ руының таңбасын білмейді. Бұл сұрақтың талдауының нәтижесі рулық таңбалар қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінде маңызды таңбалық жүйе екенін растайды.

4-сұрақ. «Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында қандай байланыс, ұқсастық бар деп ойлайсыз? Ондай ұқсастық пен байланысты қандай белгілері арқылы анықтауға болады?» (кесте 9).

Кесте 9 - Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында қандай байланыс, ұқсастық бар деп ойлайсыз? Ондай ұқсастық пен байланысты қандай белгілері арқылы анықтауға болады? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Г)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші	
«Ұқсастық бар»	238	74,38%
«Білмеймін »	36	(11,25%)
«Айырмашылық бар»	28	(8,75%)
«Ұқсастық жоқ»	14	(4,38%)
« жауап беруге қиналамын »	4	(1,25 %)
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	320	

Респонденттердің 238-і, яғни 74,38% ру таңбалары мен руникалық жазбалар арасында ұқсастық бар деп жауап берді. Бұрынғы руна жазбалары бүгінгі күнге дейін ру таңбалары арқылы жеткен және оларды респонденттер таниды. Берілген жауаптардың арасында:

- Байланыс бар деп ойлаймын. Руникалық жазбалардың маңыздылығы зор болғандықтан, уақыт өте келе ол рулық таңбаларға айналды деп ойлаймын.

- Рулық таңбалар олардың ортаазиялық қайшысында, руникалық жазбалар олардың скандинавиялық аймағында пайда болды. Бұл жазбалардың

тарихындағы белгілер мен тасбетіне түскен нұсқаларында түрлі ерекшеліктерді байқау арқылы ұқсастықты анықтау мүмкін.

- Рулық таңбалар руникалық жазбалардан алынды деп ойлаймын.
- Рулық таңбалар руникалық жазбалардың бір бөлігі болып табылады.
- Рулық таңба мен руникалық жазбалардың арасында ұқсастық бар, екеуі де - жазу түрі, рулық таңба- сол жазудың бізге жеткен белгісі.
- думаю племена которые раньше жили на территории Казахстана (Саки, гуны и тд) писали на рунике и с тех пор наверное осталось.
- Олар өте ұқсас болып келеді, тіптен ажырату жағы қиындау.
- Рулық таңбалар- ата-бабамыздың мекендеген жеріне байланысты қалыптасқан таңбалар. Ал руникалық таңбалар- бүкіл түркілерге қатысы бар таңбалар.
- Рулық таңбалар, әдетте, руникалық жазбалармен жазылады.
- Ия, екеуінің арасында байланыс бар. Руникалық жазбалар бұл көне түркі жазбалары және де кейбір иероглифтер мен рулық таңбаларға ұқсайды» деген жауаптар бар. Осы ұқсастықтардың басым бөлігі руна жазулары мен ру таңбалары графикалық жағынан ұқсайды деген жауаптар басым болды. Мысалы,
 - Бар, мысалы, таз руының таңбасы «ә» дыбысының таңбалануына ұқсайды.
 - Біздің заманымызға дейін тасқа қашап жазған жазбалар мен таңбалар, көне түркі руна жазуларының бірталайы көне түркі және қазақ халқының таңба ,белгілерінің негізінде жасалынды.
 - Алаша руының "үү" таңбасы, руна жазуындағы "у" (л) және "ү" (ш) деген дыбыстық мағынаны танытады, тағы сол сияқты таңбалар мен руна жазуларында дыбыстық ұқсастықтары да көп.
 - Жазу реті бірдей,
 - Көне ескерткіштердегі пиктографикалық таңбалар рулық таңбаларға өте ұқсас келеді.
 - Руникалық жазбалар бұл көне түркі жазбалары және де кейбір иероглифтер мен рулық таңбаларға ұқсайды.
 - Кейбір иректер мен сызықтар, және олардың мағыналары рулық таңбаларға ұқсайды.
 - Латын жазуының таралуына байланысты қолданыстан шыққан. Руналық жазудың таңбалары сына тәрізді сүйірленіп, негізінен, металл, тас, ағашқа жазылған. Бұл әліпбидің құрамы, таңбалануы уақыт өткен сайын өзгеріп отырған.
 - Руникалық жазбалар рулық таңбаларға ұқсас иероглифтер, белгілі бір астарлы мағынасы бар.

- Пішіндері ұқсас, сол кездегі тасқа қашалып жазылып салынуына да байланысты деп ойлаймын», космологиялық символдар тәріздес-«ай мен күн, жұлдыз секілді белгілер, Айшыққа ұқсайды, ағашқа, күнге, жұлдызша суретіне ұқсас» деген жауаптар да болды.

Респонденттердің «ою-өрнекке ұқсастығы бар» деген жауаптары да бар «ұқсастығы бар, ол бұрынғы дәуірде тасқа қашалып салынған оюларда немесе әшекей бұйымдарға таңбаланып салуында көрінеді, олар шамамен бір уақытта

қалыптасты деп ойлаймын», «өрнектері бірдей, гүлге ұқсайды», «кейбір таңбалар жануарлардың бейнесіне ұқсайды», «жолбарысқа ұқсатамын, құсқа ұқсайды, жануарларға ұқсас бейнелер арқылы» деген де жауаптар кездесті.

Респонденттердің жауаптарының арасында «білмеймін», «жауап беруге қиналамын» деген респонденттер саны – 36 адам (11,25%). Мұндай жауаптар олардың өз ұлттық құндылығын толық танып білмеуінен немесе сұрақты түсінбеуінен болуы мүмкін. Мұндағы «руна жазуы мен ру тайпаларының таңбалары арасында айырмашылық бар» деген жауаптардың үлесі – 28 (8,75%).

«Ру таңбалары мен руникалық жазбалардың бір-бірінен айырмашылықтары да, ұқсастықтары да бар деген жауаптар:.

- бұрынғы руналық жазу мен кейінгі руналық жазу қызметі жағынан да, тілі жағынан да бір-бірінен ерекше. Бұрынғы руналық жазу қару-жараққа, тасқа жазылған. Олардың тілі негізінен біркелкі және өте ескі, көне герман тілдерінің ешбіріне сәйкес келмейді. Сонымен бірге ол сиқырлау мақсатында да қолданылған сияқты. Ал кейінгі руналық жазуда көне скандинавия тілдерінің ескерткіштері (тастағы мемориалдық жазулар) жазылған.

- таңбалық, символдық ұқсастықтар бар, айырмашылық та бар» деген жауаптар болды. Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар өзара ұқсас болса да, олардың орасында айырмашылықтары да бар екені анықталды.

Жауаптардың негізінде руна жазуы мен ру тайпаларының таңбалары арасында – «ұқсастық жоқ» деген адамдар саны – 14 (4,38%) адамға теңесті.

Сауалнама қоғамның басым бөлігі ру таңбалары мен руникалық жазулар арасында байланыс бар деп санайтынын көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі (74,38%) рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында тарихи және графикалық ұқсастық бар деген пікірде. Бұл ұқсастық таңбалық белгілердің сыртқы пішіні, дыбыстық сәйкестігі, пиктографиялық және символдық мазмұны арқылы айқындалады. Бұл рулық символиканың көне жазба дәстүрмен сабақтас екеніне сенімділік жоғары екенін білдіреді.

Сонымен қатар, 8,75% айырмашылық бар деп есептеп, ру таңбалары мен руна жазуларының өзіндік ерекшелігін ескерткен. Зерттеу нәтижелері ұлттық мәдени кодтың тарихи тереңдігін, символдық жүйенің сабақтастығын көрсетіп, ұлттық сана мен таным деңгейінің жоғары екенін байқатады.

Берілген жауаптарға сүйеніп, респонденттердің көпшілігі руна жазуы мен ру таңбаларының шығу төркінінің өзара сабақтастығына күман келтірмейтіндіктерін анықтауға болады. Осындай сауалнамалар ұлттық жадыны жандандыру мен тарихи сана қалыптастыруда маңызды құрал бола алады.

5-сұрақ. «Мәдени код» деген ұғымды қалай түсінесіз? (кесте 10).

Кесте 10 - Мәдени код дегенді қалай түсінесіз? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Ғ)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші	
Салт-дәстүрлер, ұлттық құндылықтар, наным-сенімдер, әдет-ғұрып	136	42.5%
Ұлттың, қоғамның дүниетанымы, ұстанымы, идеяларының жиынтығы, құндылықтар, ұлттық қасиет	71	22.19%
Белгі, белгілерлердің жиынтығы, символдар жүйесі, таңба	32	10%
Мінез-құлық, генетикалық код, норма, этика	21	6.56%
Рухани-мәдени түйін, өзіндік мәдени болмыс, ерекшелік, идентификация, мәдениеттің басты айнасы	14	4.38%
Өнер, өнер туындылары	12	3.75%
Білмеймін, жауап беруге қиналамын	11	3.44%
Материалдық бұйымдар	8	2.5%
Тіл	5	1.56%
Діни көзқарас	3	0.94%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	320	

Мәдени код ұғымына қатысты жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдай отырып, респонденттердің бұл ұғымға деген түсінігінің кең және көпқырлы екенін байқаймыз. Сауалнамаға барлығы 320 адам қатысып, олардың жауаптары төмендегідей 10 түрлі категорияға жіктелген. Әрбір жауап тобының пайыздық үлесі арқылы мәдени код ұғымының қандай қырлары басым екенін саралауға болады:

- Салт-дәстүрлер, ұлттық құндылықтар, наным-сенімдер, әдет-ғұрып – 136 жауап (42,5%). Бұл ең көп таңдалған жауап. Бұл мәлімет респонденттердің басым бөлігі мәдени кодты ұлттың дәстүрлі рухани мұрасы мен мәдени тәжірибесімен тікелей байланыстыратынын көрсетеді. Яғни мәдени код олардың түсінігінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тарихи және рухани сабақтастықты білдіреді. Бұл мәліметтен респонденттердің мәдени кодты тарихи сабақтастық, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани-мәдени тәжірибе ретінде түсінетінін көреміз. Бұл түсінік қоғамдық санада мәдени кодтың тіршілікте нақты көрініс табатын дәстүрлі болмысқа негізделгенін көрсетеді.

- Ұлттың, қоғамның дүниетанымы, ұстанымы, идеяларының жиынтығы, құндылықтар, ұлттық қасиет – 71 жауап (22,19%), бұл топтағылар мәдени кодты рухани-философиялық көзқарастар мен идеялар жүйесі ретінде көреді. Бұл респонденттер мәдени кодты тек салт-дәстүр емес, ұлттың ұжымдық санасы мен дүниетанымын қалыптастыратын факторлар ретінде қабылдайды. Бұл топ мәдени кодты философиялық-рухани деңгейде қабылдайды және оны ұжымдық сана мен менталитеттің көрінісі деп есептейді. Мұндай көзқарас мәдени кодтың ішкі мазмұндық қырларына мән бергендердің көп екенін көрсетеді.

- Белгі, белгілердің жиынтығы, символдар жүйесі, таңба – 32 жауап (10%), мұнда мәдени код таңбалық жүйе, символдар мен белгілер жиынтығы ретінде қарастырылған. Бұл көзқарас мәдени кодты мәдени коммуникация құралы ретінде түсінуге бейім респонденттерге тән. Бұл респонденттер мәдени кодты

мәдени коммуникация мен ақпарат жеткізудің көрнекі құралы деп таниды. Бұл көзқарас рулық таңбалар, руникалық жазбалар, ою-өрнек, символдар сияқты көрнекі мәдени белгілерге ерекше назар аударатынын байқатады.

- Мінез-құлық, генетикалық код, норма, этика – 21 жауап (6,56%), респонденттердің бұл жауаптары мәдени кодты ұлттың қалыптасқан жүріс-тұрыс нормалары, этикасы және мінез ерекшеліктерімен байланыстырады. Сондай-ақ генетикалық код ұғымы арқылы кей респонденттер мәдени кодты биологиялық немесе табиғи мұра ретінде қарастырады. Бұл көзқарас мәдениетті адамның жүріс-тұрысы, тәртіп нормалары, мінез-құлық үлгілері арқылы түсіндіруге бағытталғанын білдіреді. Кейбір респонденттер генетикалық мұра ретінде қабылдай отырып, мәдени кодты биологиялық тұрғыда да сабақтастық құралы деп бағалайды.

- Рухани-мәдени түйін, өзіндік мәдени болмыс, ерекшелік, идентификация, мәдениеттің басты айнасы – 14 жауап (4,38%), бұл жауаптар мәдени кодты ұлттың мәдени идентификациясының өзегі, ерекшелігін айқындайтын басты белгісі ретінде қарастыратын респонденттерді көрсетеді. Олар үшін мәдени код рухани болмыстың түйініретінде анықталды. Бұл көзқарас мәдени кодты ұлттың рухани айнасы, мәдени болмыстың шоғырланған формасы ретінде көреді.

- Өнер, өнер туындылары – 12 жауап (3,75%), бұл респонденттер мәдени кодты өнер арқылы көрініс табатын құбылыс деп санайды. Яғни ұлттық музыка, сурет, қолөнер сияқты шығармашылық арқылы мәдени кодты жеткізу мүмкін деп есептейді. Бұл респонденттер мәдени кодтың музыка, бейнелеу өнері, қолөнер сияқты шығармашылық арқылы көркем түрде жеткізілуіне ерекше мән береді.

- Білмеймін, жауап беруге қиналамын – деп жауап берген 11(3,44%) респонденттер мәдени код ұғымына қатысты анық түсінікке ие емес екенін көрсетеді. Бұл – мәдени код туралы ақпараттың толық таралмағанын немесе оның абстрактілігі қиындық тудыратынын білдіруі мүмкін. Бұл көрсеткіш мәдени код ұғымының кейбір адамдар үшін абстрактілі және күрделі екенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл жауаптар мәдени білім мен таным деңгейін арттыру қажеттігін де көрсетеді.

- Материалдық бұйымдар – 8 жауап (2,5%), мұнда мәдени код материалдық мәдениетпен, яғни ұлттық киімдер, тұрмыстық заттар, құрылыс үлгілері арқылы көрінеді деген көзқарас бар. Бұл көзқарас мәдени кодтың күнделікті өмірдегі көрнекі көріністеріне назар аударады.

- *Тіл* – 5 жауап (1,56%), бұл аз жауап санына қарамастан маңызды аспект. Тіл мәдени кодтың басты таратушысы ретінде қарастырылса да, респонденттердің аз бөлігі ғана тілге назар аударған. Бұл тілдің рөлінің жеткілікті бағаланбауы немесе сауалнамада басым тақырыптардың өзге жаққа бағытталуы мүмкін. Тіл мәдениетті жеткізудің негізгі құралы болғанымен, бұл жауаптың төмен пайызды көрсеткіші тілдің рөлінің толық бағаланбағанын көрсетеді.

- Діни көзқарас – 3 жауап (0,94%), респонденттер мәдени код пен діннің байланысын нақты көрсеткендер аз болғанымен, кей респонденттер үшін наным-

сенім жүйесі мәдени кодтың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл – мәдени кодтың сенім, дін арқылы да көрініс табатын құбылыс екенін көрсететін, аз болса да маңызды пікір.

Респонденттердің көпшілігі мәдени кодты рухани және тарихи құндылықтармен (салт-дәстүр, әдет-ғұрып) байланыстырады, бұл ұлттық мәдени мұраның қоғамдық санада берік орын алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, рухани-философиялық, символдық және мінез-құлықтық аспектілер де кеңінен танылған, бұл мәдени кодтың көпқырлы әрі кешенді ұғым екенін дәлелдейді. Тіл мен материалдық мәдениеттің төмен пайызбен бағалануы, осы салаларда ақпараттандыру мен танымдық жұмыстардың арту қажеттігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижесі мәдени кодтың ұлттық болмысты сақтаудағы және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудегі рөлін айқын сипаттап, ұлттық өзіндік сана деңгейінің жоғары екенін танытады. Жауаптардың әртүрлілігі мәдени кодтың кешенді ұғым екенін және әр адамның өз тәжірибесі мен түсінігіне сай оны әртүрлі қабылдайтынын көрсетеді.

6-сұрақ. «Тілдік код» деген ұғымды қалай түсінесіз? (кесте 11).

Кесте 11 – Тілдік код дегенді қалай түсінесіз? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Д)

Сауалнама сұрағының ассоциациялық өрісі	Жауаптардың көрсеткіші
Символдар, таңбалар, белгілер, рәміздер, бейнелер жиынтығы	100 (31,25%)
Ұлттық ерекшелік	56 (17,5%)
Мәдениеттің айнасы	45 (14,06%)
Қарым-қатынас құралы	42 (13,13%)
Қоғамның, қауымдастықтың дүниетанымы, құндылықтары	31 (9,69%)
Ақпарат тарату құралы	23 (7,19%)
Тіл, әліпби, ана тіліміз, қазақ тілі, тілдік құралдар	13 (4,06%)
бұл сұрақтың жауабын білмеймін	10 (3,13%)
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	320 респондент

Бұл сұраққа респонденттердің жауаптарды жинақтағанда, бірінші ассоциация «Тілдік код» – *таңба/символ арқылы бейнеленеді*» деген 100 респондент (31,25%), жауаптарының басым бөлігі «тілдік кодтың белгілер мен таңбалар арқылы әр тілдің өзіне тән, басқаларға ұқсамайтын ерекшеліктерін сипаттайтын, көрсететін белгілері болады;

- белгілі бір сөздің немесе күрделі нәрсенің, әдеби шығарманың, фильмнің семантикалық мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін белгі;

- бұл белгілі бір өзгерту жасау үрдісінде пайда болатын белгілі таңбалар жиынтығын анықтау үшін пайдаланылатын арнайы символдар.

- тілдік код жаңа сөздерді жасау немесе аудару үшін қолданылатын тілдік жасаулардан құрастырылатын бір өзгерту жасау үрдісін білдіреді;

- коммуникация үшін жасалған белгілер;

- тілдік код дегеніміз, әдетте, жеке тілдіктерді жазу үшін қолданылатын арнайы белгілерден тұрады. Олар программалау тілдеріндегі инструкциялар, белгілер, операторлар және басқа элементтерді қамтып алады;

- тілдік код дегеніміз бір елдімекенде өмір сүретін адамдар қана түсінетін ұғымдар, тек сол тілге тән ауызекі ұғымдар, реалиялар, тілдік таңбалар;

- символдар, тілдік код дегенім ол тілдің таңбалануы, ол таңба, яғни бір сөзді естігенде сіздің ойыңызға келетін ұғымдар, - бұл тілдің белгілі бір қоғамда немесе топта қолданылатын символдық жүйесі;

- бұл белгілі бір тілдің таңбалар жүйесі мен құрылымдық ережелерінің жиынтығы» деген контексте жазылған. Бұл жауап «тілдік код» ұғымын формальды, құрылымдық тұрғыдан қарастыратын респонденттердің көп екенін көрсетеді. Олар тілдік кодты кодтау, таңбалау, символизация ұғымдарымен байланыстырады.

«Тілдік код» бұл «ұлттық ерекшелік» деген жауаптардың үлесі – 56 жауап (17,5%) болды, мұндағы жауаптардың ерекшелігі «ұлтты басқалардан ерекшелейтін тілдік сипаты»; «әр елді ұлт ретінде анықтаушы ерекшелік»;

- белгілі бір ұлттың бірыңғай ерекшелігі, тарихының көрінісі, басқа ұлттан тілдік айырмашылығымыз, ол әрқашан адамдарды жақындастырады және ұлттың мінезін көрсетеді;

- ұлтты ұлт ретінде танытатын негізгі категориялар: тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі мен мәдениеті.

- белгілі бір ұлттың тіл арқылы берілетін қазынасы; белгілі бір ұлттың тілін ерекшелейтін тілдік сипаты; белгілі бір ұлттың тіліндегі өзіне тән өзгешелігі, сол тілді танытатын сөз түрлері.

- белгілі бір ұлт (қоғам) өкілдерінің қалыптастырған ортақ тіл білімі» деген мысалдардан көрініс табады.

«Мәдениеттің айнасы» – 45 адам (14,06%) респондент жауап берді.

- қоғамның, қауымдастықтың дүниетанымы, құндылықтары; бұл тілдің белгілі бір қоғамда немесе топта қолданылатын символдық жүйесі, яғни адамдардың ойларын, сезімдерін және ақпараттарын жеткізу үшін қолданатын белгілер мен ережелер жиынтығы;

- бұл тілдің белгілі бір қоғамда, ортада немесе мәдениетте қабылданған жүйелі, символикалық мәндері мен ережелерінің жиынтығы. Ол адамның ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау тәсілдерін анықтайды. Тілдік код қоғамның тілдік нормалары, сөздердің мағыналары, грамматикалық құрылымы мен сөйлеу мәдениетін қамтиды. Бұл код арқылы адам белгілі бір топқа немесе мәдениетке тиесілі екенін көрсетіп, қоғаммен өзара түсіністік орнатады;

- белгілі бір тілдік қауымдастыққа тән сөздер мен сөйлеу тәсілдері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, қоғамның мәдениетін, дәстүрін, ойлау жүйесін және дүниетанымын көрсететін ерекше тілдік белгілер жүйесі. Тілдік кодтар арқылы адамдар бір-бірін таниды, түсінеді және белгілі бір ортақ құндылықтарды сақтайды. Мысалы, қазақ тілінде «қонақасы» деген сөз тек қонақтарға арналған арнайы дастарханды білдіреді және қонақжайлықты көрсететін ұлттық дәстүрді білдіретін тілдік код болып табылады. Сондай-ақ, «сәлем беру», «бата беру»

сияқты ұғымдар қазақ халқының салт-дәстүрін, тәрбиелік ұғымдарын айқындайды. Тілдік кодтар тек күнделікті сөздер ғана емес, олар әрбір сөздің артында тұрған мәдени мән-мағынаны көрсетеді. Осылайша, тілдік кодтар – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіп қана қоймай, сол қауымдастықтың мәдениетін сақтауға және дамытуға ықпал ететін маңызды құрал».

Тілдік кодты қарым-қатынас құралы ретінде ұғынғандар:

- Қарым-қатынас құралы – 42 адам (13,13%). «Ол адамның ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау тәсілдерін анықтайды; адамның ойлау, қарым-қатынас жасау, мәдениетті сақтау және бір-бірімен байланысу тәсілдерін анықтайды. Мысалы, қазақ тіліндегі «қош келдіңіз», «жақсы», «алғыс білдіру» сияқты сөздер мен тіркестер ұлттық мәдениет пен құндылықтарды көрсететін тілдік кодтар болып табылады; өзара түсінісуі үшін қолданылатын тілдік құралдарының жүйесі не жиынтығы»

- Ақпарат тарату құралы – 23 адам (7,19%). «Белгілі бір тілдің сөздік құрамы, грамматикасы, сөйлеу мәнері арқылы ақпаратты жеткізу мен мәдени ерекшеліктерді танытатын жүйе; белгілі бір тілдің сөздік құрамы, грамматикасы, сөйлеу мәнері арқылы ақпаратты жеткізу мен мәдени ерекшеліктерді танытатын жүйе; Тіл арқылы ақпаратты беру, қабылдау және сақтау тәсілдерінің жүйесі; белгілі бір мәдениетке тән ойды, ақпаратты немесе хабарды жеткізуге арналған, сол мәдениеттің негізгі элементтерін қамтитын тілдік таңбалар жүйесі;

- белгілі бір тілдің құрылымдық элементтері арқылы ақпаратты жеткізу және түсіну жүйесі; белгілі бір тілдің лексикалық, грамматикалық және мағыналық жүйесі арқылы ақпаратты беру және мәдени ерекшеліктерді жеткізу тәсілі». Бұл топтағылар үшін тілдік код – коммуникативтік құрал. Олар «код» ұғымын ақпарат беру, түсінісу тұрғысынан қарастырады (жалпы 65 адам, 20,31%).

- «тілдік код» – ана тілі, сөз арқылы таңылады; «тілдік код – ол біздің қазақ тіліміз; тілдік код – қазақ тіліміз, ән, ауыз әдебиеті, әліппе, шежіре, жыр, айтыс; белгілі бір халықтың, қоршаған әлемді өз тілі арқылы бейнелеуі; тілдік код – белгілі бір жерді мекен ететін халықтың тілі» деген 13 респондент 4,06% пайызды құрайды.

- «бұл біздің ана тіліміз; Қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі; біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан «Ана тіліміз» дейміз.

- Қазақтар «Ананың тілі» деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу – әрине, мақтаныш, әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды; ұлтымыздың қарым-

қатынасын басқа елмен жақсарту мақсатында біздің ұлттық код есебіне қасиетті тілімізді жатқызамыз; ана тілі.

- Тіл – халықтың жаны, сәні, бары, кескіні, халықтық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін оның ана тілі.

- Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс». Бұл жауаптар тілдік кодты нақты тіл, жазу жүйесімен байланысты қарастырған. Олар «код» ұғымын «лингвистикалық құралдар» деп түсінеді.

Жауап бермегендер немесе «білмеймін» деп жауап бергендер саны – 10 адам (3,13%). Бұл респонденттер «тілдік код ұғымын түсінбеген», не анықтамасын бере алмаған.

Жалпы жауаптарды қорытындылай келе, респонденттердің ең үлкен тобы – (31,25%) тілдік кодты «таңбалар мен рәміздер жиынтығы» ретінде қабылдайды, бұл тіл мен кодтың техникалық жақтарын түсіну деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

- «Ұлттық-мәдени мазмұнды» таңдағандардың үлесі – 41,25%. Бұл тілдің «мәдениетпен тығыз байланысы» жайлы түсініктің кең таралғанын білдіреді. «Тілдік код – белгілі бір ұлттың немесе қауымның тілді қолдану арқылы өз ойын, сезімін, дүниетанымын жеткізетін және ұлттық бірегейлігін танытатын жүйесі. Ол тілдің лексикасы, грамматикасы, фразеологиясы, мағыналық құрылымдары мен рәміздік белгілерін қамтиды.

- Тілдік код адамның қоғамдағы қарым-қатынасын ғана емес, сол ұлттың мәдениетін, дәстүрін, тарихи тәжірибесін және рухани құндылықтарын сақтайды. Мысалы, қазақ тіліндегі «шаңырақ», «жеті қазына», «қасиетті қара жер» сияқты ұғымдар тілдік код арқылы ұлттық болмысты танытады. Тілдік код – ұлттық мәдениеттің айнасы».

- «Коммуникативтік және ақпараттық құрал» ретінде қарастырғандар – 20,31% – олар үшін тілдік код «ақпарат алмасу құралы». «бұл белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың өзара қарым-қатынаста қолданатын сөйлеу құралдары мен ережелерінің жүйесі»

- Тілдік код ұғымын толық білмейтіндер – 3,13%, бұл сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі ұғымнан хабардар екенін көрсетеді.

Сауалнамаға 320 респондент қатысып, олардың «тілдік код» ұғымына қатысты көзқарастары түрлі ассоциациялық өрістер бойынша топтастырылды. Нәтижелерді саралай келе, респонденттердің бұл ұғымды әртүрлі қырынан түсінетіні анықталды. Жауаптар төрт негізгі бағытта топтастырылып, олардың үлес салмағы төмендегідей қорытындыланды:

1. Семиотикалық тұрғы (таңбалар мен белгілер жүйесі ретінде): Респонденттердің (100 жауап, (31,25%) ең үлкен тобы тілдік кодты таңбалар, символдар, белгілер мен рәміздер жиынтығы ретінде қабылдайды. Бұл көзқарас тілдік код ұғымының формальды және құрылымдық аспектілерін көрсетеді. Бұл

топ үшін тілдік код – ақпаратты таңбалау, кодтау, символдық жүйе арқылы жеткізу процесі. Мұндай түсінік, әсіресе, тілдің семиотикалық және техникалық жағына көңіл бөлетін респонденттерге тән.

2. Ұлттық-мәдени мазмұн (ұлттық ерекшелік, мәдениет көрінісі). Бұл бағытқа «ұлттық ерекшелік» – 56 жауап (17,5%), «мәдениеттің айнасы» – 45 жауап (14,06%) және «қоғамның дүниетанымы мен құндылықтары» – 31 жауап (9,69%) топтары кіреді. Бұл топтағы респонденттер үшін тілдік код ұлттың рухани, мәдени болмысын айқындайтын маңызды категория ретінде көрінеді. Олар тілдік кодты ұлттың тарихи, мәдени тәжірибесі, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын білдіретін құрал ретінде бағалайды.

3. Коммуникативтік және ақпараттық құрал ретінде 65 жауап (20,31%) тіркелді. «Қарым-қатынас құралы» – 42 жауап (13,13%) және «ақпарат тарату құралы» – 23 жауап (7,19%) берген респонденттер тілдік кодты коммуникация мен ақпарат алмасу құралы ретінде қарастырады. Олар үшін тілдік код – адамдар арасындағы түсіністік пен ақпарат жеткізу процесінің негізі.

4. Лингвистикалық құрал ретінде (нақты тілдік форма). Бұл топ респонденттері (13 жауап, 4,06%) үшін тілдік код – ана тілі, қазақ тілі, әліпби, ауыз әдебиеті және тілдік құралдар. Олар тілдік кодты нақты лингвистикалық бірліктермен байланыстырып, тілдің ұлттық деңгейдегі көрінісі деп таниды.

5. Ұғымды білмейтіндер – 10 жауап (3,13%). Сауалнамаға қатысушылардың аз ғана бөлігі тілдік код ұғымын түсіндіре алмай, жауап беруге қиналғанын білдірген.

Жалпы алғанда, сауалнама «Тілдік код» ұғымының көпқырлы әрі күрделі мазмұнға ие екенін көрсетті. Респонденттер бұл ұғымды семиотикалық, ұлттық-мәдени, коммуникативтік, және лингвистикалық қырларынан түсінді. Ең жиі кездескен түсінік – таңбалар мен символдар жиынтығы ретінде қарастыру (31,25%). Сонымен қатар, тіл мен ұлттық ерекшелік, мәдени құндылықтар арасындағы байланысты терең түсінетіндер үлесі де жоғары (41,25%). Бұл тілдік код ұғымының мәдениетпен сабақтастығы туралы түсініктің кеңінен таралғанын дәлелдейді. Респонденттердің тек 3,13%-ы ғана бұл ұғымнан хабарсыз екенін көрсеткен, бұл көпшіліктің тілдік код туралы хабардар екенін және оны түрлі интерпретациялық деңгейде ұғынатынын көрсетеді.

Сауалнама нәтижесі «тілдік код» ұғымын зерттеу мен оны қоғамға түсіндіру жұмыстарының өзектілігін айғақтайды.

Тарау, тарауша тақырыптарына сәйкес ассоциативті эксперимент бүгінгі таңдағы тілдегі таңбаның бейнесі мен ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау мақсатында өткізілді. Тілдік сананы қайта құрудың бірқатар әдістерінде ассоциативті эксперимент ерекше орын алады, өйткені ол осы халықтың психикалық лексиконын, ауызша жадысы мен мәдени стереотиптерді анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің бұл бөлімдегі экспериментіміздің міндеті – тілдік-мәдени кодтық сипаттағы архетиптік тұжырымдардың танымдық процесін қазақ-ағылшын тілдері материалдары негізінде құрып, қазақ және ағылшын концептосфераларындағы әмбебап, ерекше таңбаларды анықтау. Осы

тұжырымдамалардың ассоциативті өрісін анықтап, олардың жалпы және ерекше танымдық белгілерін сипаттама беру.

Бұл сауалнама қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетіндегі таңбалар мен символдарға, сонымен қатар рулық таңбалар мен мәдени код ұғымына қатысты ассоциативтік түсініктерді анықтау мақсатында құрастырылған. Сауалнама респонденттердің мәдени таным көкжиегін, тарихи мұраға көзқарасын, және таңбалық жүйелерді тану деңгейін зерттеуге бағытталған.

Сауалнама нәтижелерінің негізгі бағыттары:

1. Ассоциативтік өрістерге жіктеу. Сауалнамада еркін жауаптар алынғандықтан, олар ассоциациялық өрістерге жіктеліп, жиілік пен маңыздылыққа қарай сұрыпталған. Бұл әдіс респонденттердің ойлау бағыты мен мәдени сана деңгейін тиімді анықтауға мүмкіндік берген.

Мазмұндық қорытынды:

1. Таңбалар мен символдарға қатысы. Респонденттер ұлттық рухани және материалдық мәдениеттің негізгі таңбаларын атап өткен. Бұл таңбалар: тілдік таңбалар (сөздер, атаулар), ою-өрнек, символдар, қасиетті жануарлар мен табиғат элементтері, ұлттық киім мен тұрмыстық заттар. Бұл респонденттердің мәдени белгілерді күнделікті өмірде қолданатынын және тарихи санада олардың орны бар екенін білдіреді.

2. Рулық таңбаларға көзқарас. Өз руының таңбасын білетіндер көп, алайда мағынасын барлығы бірдей білмейді. Бұл тарихи сана мен руға қатысты таным деңгейінің әркелкілігін көрсетеді.

Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасындағы ұқсастықтар туралы сұрақта респонденттер:

- пішіндік және мазмұндық ұқсастықтар,
- символдық мән,

- тарихи сабақтастық сияқты факторларды атап өткен. Бұл ежелгі жазба мен таңбалардың байланысы туралы қызығушылық бар екенін, бірақ толық ғылыми түсініктің қалыптаспағанын көрсетеді.

3. Мәдени код туралы түсінік, сауалнамадағы мәдени код ұғымына жауаптар көп қырлы, оның ішінде салт-дәстүр, дүниетаным, символдар, этика, өнер, тіл және басқа элементтер бар. Сауалнамаға қатысушылардың 42.5%-ы салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды баса айтты. Бұл ұғымның әртүрлі түсінілетінін, бірақ негізінен рухани құндылықтармен байланысты екенін көрсетті.

4. Тілдік код туралы түсінікті анықтау үшін берілген сұрақтағы жауаптар арқылы респонденттердің тіл мен мәдениетті байланыстыратын таңбалар жүйесіне мән беретіні байқалады. Тіл мәдениетті жеткізудің басты құралы ретінде танылған.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында респонденттердің қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетіндегі таңбалар мен символдарға, сондай-ақ рулық таңбалар мен мәдени код ұғымына деген көзқарастары мен түсініктері анықталды. Нәтижелер көрсеткендей, респонденттер мәдени

таңбалар мен кодтарды жоғары бағалайды және оларды күнделікті өмірде, тарихи санада маңызды деп есептейді.

Таңбалар мен символдарға қатысы жауаптарында респонденттер ұлттық мәдениеттің негізгі таңбаларын атап өтті, олардың ішінде тілдік таңбалар (сөздер, атаулар), ою-өрнектер, қасиетті жануарлар мен табиғат элементтері, ұлттық киім мен тұрмыстық заттар бар. Бұл олардың мәдени белгілерді күнделікті өмірде қолданатынын және тарихи сананың ажырамас бөлігі ретінде қарастыратынын көрсетеді.

Рулық таңбаларға көзқарасқа қатысты сұраққа берілген жауапта көптеген респонденттер өз руының таңбасын білетінін, бірақ олардың мағынасын толық түсінбейтінін көрсеткен. Бұл тарихи сана мен руға қатысты таным деңгейінің әркелкілігін көрсетеді. Рулық таңбалар мен көне түркі руникалық жазбалары арасындағы ұқсастықтар туралы сұраққа респонденттер пішіндік және мазмұндық ұқсастықтарды, символдық мәнді және тарихи сабақтастықты атап өтті. Бұл ежелгі жазба мен таңбалардың байланысы туралы қызығушылықтың бар екенін, бірақ толық ғылыми түсініктің қалыптаспағанын көрсетеді.

Мәдени код туралы түсінік. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 42,5%-ы мәдени код ұғымын салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтармен байланыстырады. Бұл ұғымның әртүрлі қабылданатынын, бірақ негізінен рухани құндылықтармен байланыстылығын көрсетеді.

Тілдік код туралы түсінік. Респонденттер тілдік код ұғымын әртүрлі қырынан түсінетінін көрсетті. Олардың ішінде ең үлкен топ (41,25%) тілдік кодты ұлттық ерекшелік пен мәдениеттің айнасы ретінде қарастырады, ал 31,25% оны таңбалар мен символдар жүйесі ретінде қабылдайды. Бұл тіл мен мәдениетті байланыстыратын таңбалар жүйесіне респонденттердің мән беретінін және тілдің мәдениетті жеткізудің басты құралы ретінде танылатынын көрсетеді.

Мәдени таңбалар мен кодтар респонденттер үшін маңызды және құнды болып табылады. Рулық таңбаларға қызығушылық жоғары болғанымен, олардың семантикасына терең талдау жасайтындар аз. Мәдени код туралы түсінік әртүрлі деңгейде болғанымен, рухани-ұлттық мазмұны басым.

Сауалнама респонденттердің ұлттық мәдени сана деңгейін арттыруға, тарихи мұраны тануға және оны сақтау жолдарын іздеуге ынтасы бар екенін көрсетті.

Қазақ халқының ру таңбалары – ұлттың мәдени және тілдік кодтарының ажырамас бөлігі. Әрбір руға тән бұл белгілер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ мәдениетінің бірлігі мен тарихи сабақтастығын, ұлттық бірегейлігін айқындайтын символдар ретінде қызмет етеді.

Ру таңбаларының маңыздылығы олардың көне түркі жазуымен және руникалық әліпбимен ұқсастығынан байқалады. Зерттеушілер қазақ ру таңбалары мен руникалық әліпби арасындағы байланысты атап өтіп, бұл таңбалардың ежелгі жазу жүйелерімен сабақтастығын көрсетеді.

Сонымен қатар ру таңбалары қазақтың дүниетанымы, философиясы, космологиясы және мифологиясымен тығыз байланысты. Олар ата-

бабаларымыздың әлемді қабылдау ерекшеліктері мен рухани құндылықтарын бейнелейді. Мысалы, кейбір ру таңбаларының шеңбер пішінінде болуы қазақтардың космологиялық түсініктерімен үндеседі.

Тілдік тұрғыдан алғанда, ру таңбалары қазақ тілінің байлығы мен таңбалық жүйесінің күрделілігін көрсетеді. Тіл ұлттың мәдени коды ретінде қарастырылса, ру таңбалары осы кодтың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Кез-келген ұлттық тіл мағыналы ақпарат беру құралы бола отырып, ұлттық сипаттағы, өмір салтындағы, дүниетанымындағы халыққа тән ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл, атап айтқанда, тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасында болып жатқан заңды әрі прогрессивті құбылыс.

2.3 Таңбалар мен жазулар мәдениетті танытудың заманауи құралы

Көшпенді қазақ халқының тарихында маңызды рөл атқарған таңбалар қазіргі таңда ұмытылып барады. Ата-бабаларымыз бұл таңбаларды қандай мақсатта қолданған және бүгінгі таңда жеткен таңбалар шынайы ма деген сұрақ туындайды.

Таңбалардың пайда болуы шамамен неолит дәуірінің соңғы кезеңі мен энеолит дәуірінің басына сәйкес келеді. Алғашында олар әр рудың немесе тайпаның меншігін білдіретін белгі ретінде қолданылған. Энеолит дәуірінде таңбалар жылқыларға басылып, жануарлардың иесін көрсету үшін пайдаланылған. Уақыт өте келе, бұл таңбалар әр ру мен тайпаның ерекшелігін көрсететін символдарға айналды. Қазіргі таңда әр мемлекеттің елтаңбасы болса, өткен замандарда таңбалар рулар мен тайпалардың шығу тегін сақтау үшін қолданылған. Сонымен қатар таңбалар рулар арасындағы туыстық байланыстарды анықтауға да қызмет еткен.

Таңба – бұл ең алдымен рудың немесе тайпаның символы, индикаторы. Сонымен қатар ол жеке меншікке иелік мән беру үшін де қолданылды. Көбінесе мал мен тұрмыстағы қолданыс заттарға және ескерткіштерде де салынып, жеке белгі, қолтаңба рөлін атқарды. Таңбалар жерлеу дәстүрінде де кездеседі. Адамның аты-жөнімен бірге оның қай ру мен тайпадан шыққанын көрсету үшін құлпытасқа сол елдің таңбасы бейнеленген. Сондықтан көптеген ру мен тайпаның өзара қарым-қатынастары үшін бұл ерекше белгілер үлкен маңызға ие болған.

Көне дәуірлерде ру-тайпалар өздеріне тиесілі жерлерге, мал жайылымдарына, тау-тастарға, обаларға, жалпы табиғатқа өз таңбаларын салып, сол арқылы өздерінің көшіп-қонатын аймақтарын немесе шекараларын белгілеген. Бұдан басқа XVIII-XIX ғасырлардағы архивтік құжаттардан рулар мен тайпалардың таңбаларды сот істерінде немесе басқа құжаттық жұмыстарда мөр ретінде қолданғанын көруге болады. Таңбалар бірнеше мыңжылдықтар бойы Еуразияның дала халықтарына – сақтар, сарматтар, ғұндар, Селжүк түріктері және Алтын Орда кезеңінде Орта Азия елдеріне, Шығыс Еуропа және Таяу Шығыс, Кавказ және Закавказье жерлеріне кеңінен таралып, жаңа мазмұнға ие болды, яғни «хан мөрі бар құжат», «(ақша) салығы» деген сөздермен қатар қолданыла бастады. Таңба сөзінен кейінірек кеден саласының термині «тамга»

сөзі пайда болады. Бұл терминнің басқа тілдерге (соның ішінде орыс тіліне) енген түркі тілдерінде айқын танымалдығы, мысалы, жазудан өзгеше, түбегейлі жаңа белгі жүйесі ретінде таңбалардың түркі тілінен шыққандығының дәлелі деп санауға болады. Орыс тілінде ол «тамга» сөзі «тавро» немесе «стигма» деген формада қолданысқа енген.

Таңбалар ежелден қасиетті әрі киелі саналған. Түркі халықтарының бәріне ортақ таңбалар қазақ дәуіріне дейін көне түркі тайпалары – оғыз, сақ, үйсіндерде де болған. Оғыз тайпаларының таңбалары туралы Махмұд Қашқаридың еңбектерінде орта ғасырлық деректерде жазылған. Сондай-ақ түркі халықтарының құрамына кіретін башқұрт, түрік, әзербайжан, түрікмен, қазақ, қырғыз халықтарында да таңба белгілері әлі бар.

Таңба – түркі халықтарының рулық туыстығының белгісі. Қазақ руларының таңбасында қарапайым геометриялық фигуралар (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, бұрыш және т.б.), қасиетті пиктограммалар, құстар мен жануарлар, тұрмыстық заттар, еңбек құралдары, қару-жарақ пен жылқы атауы, кейде әр түрлі алфавиттердің әріптері болды. Көшпелі қоғамның ыдырауымен таңбалар біртіндеп жойылып, қолөнер өрнектері, заманауи сауда белгілері мен елтаңбалардың символикасы сияқты мамандандырылған салаларда қолданыла бастады.

Көшпелі қазақ тұрмысында таңба меншік белгісінің функциясын атқарды. Шекарасы сызылып, қазығы қағылмаған жайылымдық жерде мыңғырған мал аралас жайылған. Аралас жатқан малдан өзінікін ажырата алу үшін бабаларымыз төрт түліктің бәріне ен салып таңбалаған.

Рулық қауымдастықтардың таңбалары, рулық таңбаның жалпы элементін сақтап, оларды рулық маркерлер ретінде пайдаланды. Басқаша айтқанда, «бренд» ұғымы қазақ санасында ежелгі түркі дәуірінен бастау алып, таңба бейнесінде қолданысқа ие болды. Демек таңбалар мен брендтердің қалыптасу процесінің негізінде мүлікті сәйкестендіру, тиімді позициялау, шаруашылық жүргізуші субъектінің өндірістік-коммерциялық қызметінің тиімділігін арттыру сияқты бірыңғай алғышарттар жатыр. Сондықтан ежелгі заманнан бері адамдар арнайы заңнамалық актілердің көмегімен «авторлық құқықты», қолөнершінің құпиясын, ерекше шеберлігін қорғауға тырысты.

Қазіргі тұтынуға бренд дегеніміз – бұл тек заттың маркасы (Бренд атауы) емес, психологиялық ресурстарға (құндылыққа) ие тауар/ қызмет/фирма және ол туралы идеялар жиынтығы емес (қауымдастықтар немесе бренд мифі), идеялар, бейнелер жүйесі (бренд имиджі). Бұл мәселені қарастыру бізге бренд түпкілікті негіз болып табылатын қатынастар тізбегін құруға мүмкіндік береді.

Бүгінде ұлттық жаңғыру үдерісі барысында халықтық білімнің маңызы артып, көптеген қазақтар өздерінің түп-тамырына қызығушылық танытуда. Осы орайда, ру таңбалары белгілі бір презентациялық, трансляциялық рөл атқара бастады. Олардың тарихи-танымдық маңызы зор болғандықтан, таңбаларды дұрыс түсініп, орынды пайдалану қажеттілігі туындады, бұл қазіргі заманның талабына айнала бастады. Қазіргі таңда таңбалар сәндік элементтерге айналып, киім-кешек пен жеке заттарды безендіруде қолданылады. Бұл жаңа үрдіс

жаһандану әсерінен «Nomadizm» атты заманауи көзқараспен үйлесіп, қазақ халқының өміріне қайта оралуда. Ежелгі түркі таңбалары қазіргі заманғы брендтерге айналып, бүкіл әлемде танылуда.

Бренд – өнімге деген көзқарасты анықтайтын маңызды психологиялық фактор. Д.Олвидің пікірінше, бренд – тауардың, қызметтің немесе фирманың қасиеттерінің материалдық емес сомасы (ағылшын брендінен-стигма. Бастапқыда Америкада бренд-сиырларды таңбалауға арналған ыстық темір және малдың дәніне немесе құлағына стигма салу) [115].

Таңбалар мен таңбалық белгілерді зерттеу екі ғасырдан астам уақыт бойы жүргізіліп келеді. Алайда қазіргі қазақ қоғамында қазақы брендті дамытуды қолға алып, сол бағытта біршама жұмыстар жүзеге асырылуда. Мысалы, әулеттің шежіресін ұрпақтар санасында бекітіп таныту мақсатында декорға салып, үй төріне ұлттық құндылықтың атрибуты ретінде іліп қою, киім үлгілері (футболка т.б.) мен автомашиналарға ру таңбалары мен өз руалының аттарын, нақыл және қанатты сөздерді қазақша, латынша жазу, әшекей бұйымдары мен аксессуарларға (сағат,сөмке, т.) рулық таңбаларын брендтік логотип ретінде пайдалану, т.б. (сурет 1-4).



Сурет 1 - Киімге қазақ нақыл сөздері, үндеу, өлең жолдарын латын әріптерімен жазу үлгілері



Сурет 2 - Киімге латынша жазу үлгілері



Сурет 3 - Шежіренің «Бәйтерек», «Тұмар» декор атрибуты ретіндегі бейнеленуі



Сурет 4 - Жазу мен таңбалардың бүгінгі таңдағы киім мен аксессуарларда қолданылуы

Киім сұхбаттасушыға коммуниканттың жеке басы туралы көптеген ақпарат береді. Мысалы, оның жасы, ұлты, кәсібі, мәртебесі, жеке қасиеттері, қызығушылықтары мен қатынастары, т.б. Бұл вербалды емес қарым-қатынастың бір аспектісі, яғни мағлұматты киімге жазу арқылы білдіру.

Қазіргі әлемде мәдениеттердің тоғысуы мен өзара әрекеттесуі қазақ елінде «ұлттық мәдениет» ұғымына қызығушылық артуда. ХХІ ғасырдың басындағы мәдени өзгерістердің негізгі векторларын анықтаған жаһандану үдерісі ұлттық мәдениетке өз әсерін тигізді. Соның нәтижесінде «мәдениеттер деформациясы» пайда болды, нақтырақ айтқанда, екі немесе бірнеше мәдениетке жататын, тіптен ешбір мәдениетке жатпайтын, этникалық дүниетанымның тұтастығы мен эксклюзивтілігі сезімін жоғалтқан адамдар тобы да пайда болды. Жеке, ұлттық, діни немесе субмәдениеттерден басым болатын ортақ мәдени идеялар мен құндылықтарды қалыптастыруда әлеуметтік интеграция қажеттілігі туындады. Бір жағынан, мәдениеттер арасындағы байланыс процестері қажет болса, екінші жағынан ұлттық негізде өзін-өзі айқындау қажеттілігі қазіргі әлемнің маңызды мәдени детерминанттарына айналды. Бұл процестердің іске асырудің бір жолы болып, жаһандық және ұзақ мерзімді тренд ретінде анықталған этникалық стиль айқындалып отыр.

Қазіргі әлем жаңа сапаға – трансмәдениетке, яғни көп мәдениетті танып-білген жеке тұлғаның виртуалды иелігіне айналды. Қазіргі таңдағы қазақ жастары әлемдік деңгейде түрлі мәдениет, көзқарас, дүниетанымнан хабардар тұлға болып табылады.

Жаңа сән нормалары адамдарды қызығушылықтары мен құндылықтары бойынша біріктіреді, ал жас, әлеуметтік, ұлттық, жыныстық критерийлер осы құндылықтардың құрамдас бөлігі болып табылады, олар бір-бірімен динамикалық деңгейде өзара әрекеттеседі. Бұл ретте дизайнердің де, тұтынушының да даралығы, оның ішінде ұлттық өзін-өзі сәйкестендіру тақырыбы барған сайын белсенді дамып келеді, этникалық-мәдени қажеттілік спектрі белсенді түрде кеңейіп келеді. Осыған сәйкес ұлттық киімнің коммуникативті қызметі жаңа мағынаға ие болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ұлттық киімнің танымалдылығының «бум»-мын атап өтуге болады, оны тек мерекелер мен мерекелерде ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездестіруге болады. Ел президенті Қ.Тоқаев: «Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында ғана болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты» [116], – деп ұлттық мәдениетімізді ұдайы дәріптеу керектігін айтып өткен болатын.

Жаһандану заманының мәдениеттер тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ қоғамы өзінің ұлттық болмысын сақтауға күш салып жатыр. Мысалы, қазақ отбасыларында ұлттық мерекелерді дәстүрлі қазақша киім кию, ұлттық

нақыштағы бұйымдарды жасау, т.б. Бұл туралы ғалым Ж.Манкеева: «қазақтың ұлттық киімінде ұлттық эстетикалық талғамдары, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастары өзіндік ерекшеліктерімен айқын көрініс табады... Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық, т.б.) және жалпыұлттық ерекшеліктерді де бейнелейді. Киім арқылы, әсіресе сол киім иесінің қандай әлеуметтік экономикалық топқа жататынын айқындауға болатындығын» атап өтеді [52, б. 310].

Туған халқының өткенін білмей, мәдениетінен сусынданбай, әдебиеті мен өнерін ұғынбай ұлт болашағын қалыптастыру мүмкін емес. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек» [117] деп ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге шақырды. Осыған орай елімізде «Ұлттық сезім» жобасы 2023 жылдың 1 желтоқсанынан бастау алып, кеңінен таралды. Жобаның мақсаты – ұлттық мәдениетті насихаттай отырып, ұлттық бірегейлікті жандандыру, құндылықтарды бойына сіңірген отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Жоба аясында 2023 жылдың желтоқсанында Қазақстан аумағында ұлттық костюмнің салтанатына арналған және қазақ мәдениетін насихаттауға бағытталған флешмоб ұйымдастырылды. Аталған шара бойынша көптеген мекемелер ұлттық дресс-код күндерін жариялап, апта сайын және ай сайын үздіктерді анықтап отырды. Қазіргі уақытта үлкен жобаға айналған бастама мәдени байлық пен дәстүрге көңіл бөліп, ұлттық бірлікті нығайту мақсатында түрлі жұмыстар атқарып жатыр. Ұлттық киім арқылы ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, тарихқа құрмет көрсетіледі. Бұл тренд біздің тарихи және мәдени мұрамызды сақтау мен ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қарапайым өмірде жастар арасында дәстүрлі шапандар мен қамзолдар киіп жүру жиі кездеседі. Мысалы, қыздардың қазақы тақия, ұлттық нақыштағы жилет киюі, оюлы әшекей бұйымдар тағуы трендке айналды. Жастардың киім кию үлгілері этностық стильге бейімделіп, белгілі бір нақыштардың қолдануы ұлттық иммунитетті күшейтетіні сөзсіз.

Этникалық стиль әртүрлі елдердің жастарын біріктіретін және мәдениетаралық байланысты арттыратын құралға айналып отыр. Бүгінгі таңда отандық дизайнерлердің киім үлгілерінде қазақтың ұлттық ою-өрнектерін кеңінен қолданады.

Қазіргі ұрпақ қазақстандық қолөнершілердің бірегей өнер туындыларын коллекцияларға біріктіру мүмкіндігін пайдалана отырып, өзінің ұлттық тамыры мен мәдени кодтарына жүгінуден ұялмайды. Бүгінгі таңда мұндай мәдени кодтар Қазақстанның қазіргі заманғы сән индустриясы арқылы әлемдік деңгейдегі және халықаралық танымалдылыққа әкеледі.

Сән адамдардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі бағалауына айтарлықтай әсер етеді. Ол жеке даралығымызды білдіруге және белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі екенімізді көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда өзімізді таныту мен бағалау тек сыртқы келбетке ғана емес, ішкі қасиеттер мен құндылықтарға да негізделуі тиіс.

Сән бұл өзін-өзі танытудың құралы және біздің құндылығымызды анықтайтын факторлардың бірі бола алады. Киім таңбалаушы құрал, ол жеке тұлғаның сыртқы келбеті, символдық жүйелердің бүкіл иерархиясын бейнелейді: 1) әлеуметтік саралау, 2) жыныстық, 3) жас-топтық, 4) эротикалық сипаттамалар, 5) мінездемелік ерекшеліктер, 6) беделді-мәртебелік және рөлдік ерекшеліктерді көрсетті.

Киімнің таңбалық қасиетін қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдерінен көре аламыз: қаз. ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек; орыс. по одежке встречают, по уму провожают, ағылш. clothes make the man, Kleider machen Leute [118]. Киім таңбалаудың белгі жүйесі ретінде экспрессивті құралдардың құрылымына ие (түсі, пішіні, бөліктері, оның ішінде киімге жазу) және «олардың фондық ортамен өзара әрекеттесуі – бұл таңбалық коммуникативті жүйеде ұйымдастырылған ақпараттық тілдің бір түрі» [119]. Киім белгілер мен таңбалар жүйесі бола отырып, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне, яғни «білімнің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін игеру» процесіне ықпал етеді [120]. Сән стандарттарына еліктей отырып, адам өзінің пікірі мен жағдайын көрсетеді. Сән мәдени код ретінде жеке тұлғаны, жеке өзін-өзі анықтауды қалыптастыратын ортаға айналады.

Жеке және топтық идентификацияланудың маңызды құралы – киімдердегі жазулар мен графикалық кескіндер. Қазіргі заманда мәдениетті тану мен тарату формалары өзгеріп, жаңа, креативті тәсілдермен толықты. Солардың бірі – киімдегі жазулар мен таңбалар арқылы мәдени кодты жеткізу. Бұл үрдіс тек сән үлгісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық, тарихи және рухани мәнді мазмұнды визуалды түрде бейнелейтін маңызды құралға айналып отыр.

Киім – адам болмысының сыртқы көрінісі ғана емес, белгілі бір мәдениет пен ұстанымның бейнесі. Ал киімге салынған жазулар, рулық таңбалар, символдар, салт-дәстүрге қатысты ұғымдар сол мәдениеттің терең мәнін көрсетеді. Бұл тұрғыда таңба мен жазу семиотикалық жүйе ретінде қарастырылады. Олар тек әшекей не сәндік элемент емес, ақпарат таратушы, мәдени жадтың көрінісі. Мысалы, қазақы нақыштағы ою-өрнектер мен тамғалар қазіргі заманғы жейделерде, сырт киімдерде жиі қолданылып жүр. Бұл арқылы ұлттық болмысты заманауи контексте көрсетуге мүмкіндік туады. Қазақтың мақал-мәтелдері, нақыл сөздері, көне түркі жазуларының үзінділері футболка, худи секілді күнделікті киімдерде орын ала бастады. Бұл – рухани жаңғыру мен мәдени қайта түлеудің заманауи көрінісі. Сондай-ақ, мұндай элементтер:

- жастар арасында ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттырады;
- киімді тек тұрмыстық бұйым емес, мағыналық символ ретінде қабылдауға ықпал етеді;
- ұлттық брендтер арқылы ел имиджін қалыптастыруға да әсер етеді.

Киімдегі жазу мен таңба – мәдени коммуникацияның жаңа формасы. Ол дәстүр мен заман ағымын ұштастырып, ұлттық рухты визуалды деңгейде танытады. Осы арқылы киім тек сән емес, мәдениет пен танымның киілетін мәтініне айналады.

С.Белдер – қазіргі заманғы өнердегі денені бейнелеу туралы кітаптың авторларының бірі. Ол жазуы бар футболкалар оның иесінің жеке басының бір бөлігін тікелей бейнелеудің сыртқы құралы екенін айтады. Футболка немесе қандай да бір жазуы бар киім адамды белгілі бір өнімді тұтынушы ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір идеялардың дәріптеушісі ретінде белгілейді [121,122]. Басқаша айтқанда, жазуы бар футболка немесе киім – денені сыртқы әсерлерден қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар адамның жеке және әлеуметтік өмірінің жекелеген аспектілерін, кодталған ақпарат арқылы тасымалдаушы. Мұндай футболкалардағы немесе қандай да бір киімдегі мәтіндерге ғылыми тұрғыда талдау жасауға болады. Ондағы мақсат – жазулардың лингвистикалық және семиотикалық, яғни оның символдық, өзіндік ерекшелігін анықтау.

Киім таңбаның функциясын орындайды. Ол адамның мәртебесінің көрсеткіші бола алады. Көбінесе бұл оның иесінің еркінен тыс қалдырған ізі болып саналады. Киім – бұл ең алдымен адамның бейнесімен өзара әрекеттесу процесінде оқылатын таңбалар мен белгілерден тұратын мәтін. Көбінесе киім адамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетеді: кедей киім – кедей адам, қымбат киім – бай адам. Бұл рас, қазіргі уақытта индустриалды дамыған елдерде киімнің таңба ретіндегі рөлі, өткен ғасырлармен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді. Қазіргі уақытта байлар өте қымбат киінбеуі мүмкін, бірақ кедей өзінің материалдық мүмкіндіктерінен жоғары киіне алмайды.

Киім – бұл иесінің талғамын анықтаушы, яғни басқалар оны мәтін ретінде оқи алатын таңба. Әрине ешкім өзінің киім кию үлгісімен талғамсыздығын көрсеткісі келмейді, бірақ белгі – бұл мәртебенің еріксіз көрсеткіші, сондықтан ол киімді киіп тұрған адамның қалауына қарамастан оқылады. Киімде көрінетін нашар талғам көбінесе алынған білімнің сипаты мен деңгейін, адамның жалпы мәдениетін білдіретін мәтін ретінде оқылады.

Бүгінгі таңда киімге жазудың бірнеше жолы бар. Киімге жазудың көптеген түрлердің бірі – киімдерге жазуды басып шығару. Жазу немесе сурет, таңба салынған киім – бұл индивидтің өз ойын білдіру, сезімдерін, эмоцияларын, өмірге немесе дүниетанымға деген көзқарасты, хобби мен оның қалауларын көрсетудің тәсілі. Мұндай киім киген адамға қарап, оның не ойлап тұрғанын, оны не қызықтыратындығын (дүниетанымынан хабардар боласыз) көре аласыз. Жазуы бар футболка, жейде әлемге өзінің үндеуін жеткізеді және ол иесінің жақсы немесе жаман ойының көрсеткіші болады. Жазулар арқылы адам зорлық-зомбылыққа, құмарлыққа шақыра алады немесе ішкі сұлулыққа, тазалыққа, үйлесімділікке шақырып, осындай аз ғана үлесімен, әлемді сәл болса да жақсартып алады.

Футболкалардағы заманауи жазулардың пайда болу тарихы күрделі. Осындай ыңғайлы және кең таралған киімге жазуларды кім бірінші болып қолдануды ұсынғаны туралы пікірталастар әлі де тоқтамайды. Ежелгі матаға сурет салу өнерінің жақтаушылары барынша маталарға сурет салу кез-келген киімдегі сызбалар мен жазулар сол суретшілерден бастау алады деп санайды. Ал PR және шебер жарнама берушілер ойлап тапқан таза жарнамалық қадам

деген қарсы пікір айтады. Басқалары футболкалардағы гүлдер, көгершіндер, бүкіл әлемдегі бейбітшілік деген жазуларды хиппилер ойлап тапқан дейді. Жалпы «қызық» футболкалар адамзаттың керемет өнертабысы деп айтуға болады. Жазуы бар киімнің семантикалық мазмұны болады, бұл тек күнделікті киюге ыңғайлы киім ғана емес, ол ақпарат тасымалдаушысы.

Футболкаға немесе басқа киімдерге жазуды келесі мақсатта қолданады:

1) сән ретінде қолданылуы;

2) шок тудыратын, адамға соққы жасайтын контентті жазу үшін, яғни көңіл аударту құралы ретінде қолданысқа енді. Футболкадағы сурет немесе жазу неғұрлым батыл болса, соғұрлым көп адамдар сізге назар аударады. Біреулерде мұндай жазулар шок тудырса, келесі адамда теріс, ал басқа бір адамда мұндай жазуды киіп жүруге батылдық тапқан адамға деген құрмет сезімін де тудыруы мүмкін;

3) ерекшелену мақсатында;

4) әзіл-оспақ мазмұнды;

5) футболкаларды қызмет еткізу, жарнама арқылы табыс табу;

6) телефон нөмірі немесе логині бар футболка жаңа достар табудың дәлелденген тәсілі ретінде қолданылады [122, р. 652].

Футболкаларға әртүрлі жазуларды қолдану киімді безендірудің тәсілі ғана емес, сонымен қатар ол көпшіліктен ерекшеленуге және айналаңыздағы адамдарға көңіл-күй мен өмірлік ұстанымыңыз туралы айтуға мүмкіндік береді. Адамдардың өзін-өзі көрсетуге бейім екендігі туралы теория бұрыннан мәлім. Мұны сыртқы келбет пен киімімен жасауға болады. Ең оңай жолы – әріптермен, сөздермен және суреттермен әлемге өз хабарламаңызды белгілеу. Бұл – жартастағы жазулар сияқты ескі де әлі де жұмыс істейтін әдіс. Өз ойыңызды жазып немесе ойыңызға сәйкес суретті тауып үстіңізге кию арқылы, сіз өзіңізге пікірлес адамдарды табу үшін, ал қарсылартарды аулақ жүруге хабардар ететін құрал ретінде де қызмет ете алады. Сондай-ақ қызықты футболкалар жарнамалық мақсатта кеңінен қолданылады. Кез келген азды-көпті ірі компания өз логотипі бар футболкаларды қызметкерлер үшін де, қарапайым адамдар үшін де шығаруға тырысады. Бүгін күлкілі жазулары бар футболкалар танымал бола бастады: «әжесінің баласы», «мен достарыма өтірік айтпаймын», т.б.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда киімдегі ағылшын тіліндегі жазулар аббревиатураларды көп қолданумен, тыныс белгілері мен емле ережелерін елемеумен, фонетикадағы қателіктермен, күрделі грамматикалық құрылымдарды қолдана алмауымен сипатталады. Соған байланысты тіл жанашырлары тілді сақтау мақсатында мұндай ауызекі тілде жазылған мәтіндік хабарламаларды жоюды талап етеді.

Халықаралық қарым-қатынас құралы және планетадағы ең көп таралған тілдердің бірі ретінде ағылшын тілі киімдегі жазулардың негізгі тілі ретінде таңдалуда. Ағылшындар «arreal» деп атайтын барлық жаңа туындылар бірден әлемдік масштабқа ие болды. Бұндай жазуы бар футболканың өте танымал болу себептерінің бірі, гардеробтың әмбебап бөлігі болумен қатар, жазудың семантикалық мазмұны бірқатар коммуникативті мәселелерді шешетіндігімен де

байланысты. Қазақстанда «тақырыптық» футболкалар өте танымал, олар ұлттық нақышта безендірілген болуы мүмкін немесе шетелдік тақырыпта болуы да мүмкін, өйткені біздің қоғам – жаһандану заманының тұрғындары. Мұны жастардың үлкен санаты шет тілін жақсы білетіндігімен түсіндіруге болады (атап айтқанда, ағылшын тілі), сондықтан киімге жағымсыз оқиғаларды жазу сирек кездеседі.

Латын тіліндегі алғашқы жазуларды жергілікті дизайнерлер қолдана бастады. Латын әліпбиінің соншалықты тартымды болып, танымал болғаны соншалық, латын әліпбиінің қазақ тілінде жазған ұрандары мен жазулары шетелдік дизайнерлердің киімінде пайда болды. Осылайша біз латынша және ағылшын тіліндегі жазулардың Қазақстанға енуі жыл сайын белсенді түрде жалғасып келе жатқаны туралы айта аламыз. Жазуларға қызығушылық сәнге айналды, бұл жастар қоғамында құрылған стереотиптер, идеалдар. Киімдеріне шетелдік жазуларды қосу арқылы жасөспірімдер белгілі бір жолмен американдық мәдениетке, өмір салтына қосылады. Латын әліпбиіндегі ағылшын және қазақ жазуларына, әсіресе жаңа жазуларға қатысты әлеуметтік айырмашылықтар бар.

Қазіргі жастардың киімдеріндегі сан алуан жазулардың болуының негізгі себептері жаһандану процесімен байланысты. Жастар жазулары бар футболкаларды өздері таңдайды, олардың мағынасын түсінеді, ағылшын, түрік, тіпті қытай тілін жақсы біледі. Жастардың футболкаларындағы лайықты жазулар келесідей көрінеді: «*Get the 1\$ Diamond*», (*1 долларға Гауһар алыңыз*), «*Beautiful stranger (әдемі бейманыс)*», «*Shining star (жарқыраған жұлдыз)*». Көбінесе футболкаларда комикс кейіпкерлері, аниме, қуыршақ жүздері бейнеленген. Жазулардың мазмұны мен типі адамның жасына қарай өзгереді. Балада бұл жай ғана «Әкесінің баласы», «Әжесінің еркесі», «Мен әкеге ұқсаймын, бірақ анамның қызымын!», «Біздің үйдің төресі!», жасөспірімде бұл команданың немесе көшенің нөміріне дейінгі барлық сөз тіркестерін қамтитын жазулар болуы мүмкін.

Ересектер киімге олардың жасына сәйкес келмейтін немесе ұятсыз нәрсе жазылуы мүмкін екенін түсініп, жазуы жоқ киімдерді таңдауға тырысады, әдемі, ұстанымды және стильді болуды көздесе, ал жасөспірімдердің ерекшелігі – түстер мен көңілді әріптерге қарау.

«Адам қандай да бір жазуы бар киім кигенде, ол бір затты айтқысы келеді» деген ұстаным бар, мұндай футболка «сөйлейтін» нәрсе болып саналады. Тіпті футболка ұрандар мен мәлімдемелерге арналған «таза тақта» ретінде қызмет етеді. Футболкалардағы мәтіндердің психологиялық әсерінің күші жазудың мағынасымен ғана емес, сонымен қатар жазудың графикалық дизайнымен – стильмен, қаріппен, кегльмен, сызбамен, түстермен және әріптермен безендірумен анықталады.

Психология тұрғысынан жазуды қабылдауға оның түсі маңызды әсер етеді, мәтіндік баспа психологиялық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің мәні болып табылады. Киімдегі жазба ақпараттың ауызша тасымалдаушысы бола отырып, өзінің тілдік ерекшеліктеріне ие. Жазулардың тілі стилі жағынан ұқсас болады,

көбінесе жазудың мазмұнын сөйлеушінің өзі анықтайды. Киімдегі жазу тек сәндік элемент емес, ол әртүрлі семантикалық мазмұнға ие коммуникативті құрал, ол қоғамның өнімі бола отырып, киімдегі жазулар өте серпінді, үнемі өзгеріп отырады. Көбінесе олар біраз уақыттан кейін өзектілігін жоғалтатын кейбір мәселелерді көрсетеді, олардың орнына қоғамдағы жаңа ағымдар пайда болады, бұл бірден киімдегі жазулардан көрінеді. Қазіргі киімдердегі «Qazakh republic» тіркесінің көптігі бүгінде патриоттық сипаттағы немесе этностильдегі киім кию сәнді екенін ескертеді.

Психологтар киімнің танымалдылығын шетелдік жазулармен қазақстандық бұқаралық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін көрсететін менталитет феномені деп аталатын құбылыспен байланыстырады. Мысалы, екі алфавитті – кириллица мен латын әліпбиін салыстырмалы түрде еркін пайдалану. Әрине бұл жағдайда шектеулер де бар. Шетелдік алфавитті оқығандардың көпшілігі көзбен танылған фонемаларды әрдайым дұрыс айта бермейді. Оқылғанның мағынасын сирек түсінеді. Сондықтан көптеген атаулар құлаққа жағымды фонемалар болып қала береді. Кириллицадағы мәтіндерге қарағанда шет тіліндегі жазулар киімге көбірек сәйкес келеді. Екі алфавиттегі жазулармен берілген ойынды оқырман оңай қабылдайды. Сонымен қатар оқырманға оның «керемет мәдени құзыреттілігін», хабардарлығын және тіпті «ілгері болуын» еске салады, әрі киімдегі жазу ақпараттың ауызша тасымалдаушысы бола отырып, өзіндік тілдік сипатымен де ерекшеленеді. Алайда түрлі жазулары бар киімді киюді бәрі бірдей құптамайды. Кейбіреулері оны жақсы көреді, басқалары тек суреттері мен ою-өрнектері бар футболкалар киеді. Бірақ көпшілігі киімдегі жазуларды оқығанды ұнатады, дегенмен тізімді тек «жақсы» және «әзіл» жазулармен шектейді. Бірақ барлық қолданушылар бірауыздан шет тілдеріндегі ұрандардың көптігін ескере отырып, қолайсыз жағдайға түспеу үшін киген жейдеде не жазылғанын білумен қатар, балалар киіміне ерекше назар аударуды, ата-аналар оны таңдауда жауапкершілік таныту қажеттігін ескертеді.

Киімдегі жазулар мен графикалық бейнелер мәдениетті таратудың маңызды құралы болып табылады. Олар адамның жеке басын көрсетіп қана қоймай, белгілі бір идеялар мен құндылықтарды насихаттайды. Мысалы, жазуы бар футболкалар иесінің жеке көзқарастарын, қызығушылықтарын немесе белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын білдіреді. Бұл тәсіл киімді тек сән элементі ретінде емес, сонымен қатар мәдени кодтарды жеткізуші құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша киімдегі жазулар мен бейнелер арқылы мәдениетті тарату қазіргі қоғамда өзін-өзі білдіру мен әлеуметтік коммуникацияның маңызды аспектісіне айналып отыр.

Кез-келген халықтың маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның киімі. Қазақ ұлттық костюмі – бұл әр түрлі дәуірлер мен ұрпақтардың дәстүрлері тоғысқан, көшпелі халықтың қиялының барлық қырлары бейнеленген, халықтың эстетикалық мұраттары, оның өмір салты, кәсібі көрініс тапқан өнер түрі. Қазақтың киімдері ғасырлар бойы өзгергенімен, оның негізгі белгілері біздің заманымызда да сақталып қалды, әрі ол өзінің символизмімен, терең

мағынасымен ерекшеленеді. Сондықтан «ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деген мақал әрдайым орынды.

Жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу – басты қағидаттарымыздың бірі. Сондықтан ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды ұлттық кодты дәріптеу арқылы жаңғырту – соңғы жылдардың басты тақырыбы. Көптеген елдерде халықтардың тарихи және мәдени мұраларын құрметтеу адамдардың өміріндегі басты құндылыққа айналды. Ұлтымыздың қайталанбас ерекшелігін жария ету мақсатында ұлттық нақыштағы киім киюден басқа тағы бір келесі тренд белең алуда. Ол біздің жастарымыздың кеудешелері, жейделері немесе тағы да бір өздеріне ыңғайлы киімдерінің кеудесіне этникалық ерекшелікті көрсететін ұлттық оюлар, таңбалар мен символдар, тіпті өздерінің руларының таңбалары мен ұрандарын, үндеулерді жазып кию. Өздерінің ұлттық болмысын дәріптеу мақсатында жастар футболкаларына, худилерине қазақ әріптерімен «*Бақытты болу менің мақсатым!*», латын әріптерімен қазақ сөздерін ұрандатып: «*qazaq republik, bakytty bol, bai bol!*» т.б. Бұдан басқа ру таңбасын, атауын жазып алу да сәнді. Мысалы, «*+/Кете*», орыс тілінде «*Я найманка!*», «*Керейдің ұлы!*», т.б. Қазір жастар арасында өзінің шежіресін де жазып алып, мақтан етіп жүру де жиі кездеседі. Сол себепті киімге таңба немесе жазу, біріншіден, сәннің көрінісі, екіншіден, оның мән мағынасының болуы да өте маңызды.

Ал қазақ халқының ұлттық кодын дәріптеу мақсатымен киімге қазақы нақыл сөздер жазу сияқты тәжірибені, яғни өздерінің этникалық ерекшелігін көрсету деген ұстанымды тек қазақтар ғана емес, тіпті біздің елде тұратын басқа ел өкілдері де түбегейлі қолдау үстінде. Оның мысалы ретінде, елімізде тұратын өзге ұлт өкілдері де қазақтың салт-дәстүрлерін құрметтеп, оларды өз өмірлерінде қолдануда. Мысалы, орыстың қыздары ұзатылу тойында сәукеле кию салтын орындап жүр. Қазақстанда туған неміс ұлтының өкілдері Германияда ұлттық мәдениетіміздің көрінісі – Наурыз мейрамын, қазақ ән-күйлерін, тағамдарын (киіз үй, қазы-қарта, ет асу, қымыз, саумал дайындау, т.б.) салт-дәстүрлерін дәріптеп насихаттауда.

Қазіргі таңда қазақ жастары ұлттық мәдениетті дәріптеуде ерекше белсенділік танытуда. Олар киімдеріне ұлттық ою-өрнектерді, ру таңбаларын, нақыл сөздер мен ұрандарды бейнелеп, өздерінің этникалық ерекшеліктерін мақтанышпен көрсетуде. Бұл үрдіс ұлттық бірегейлікті нығайтып қана қоймай, мәдени мұрамызды жаңғыртуға да ықпал етеді. Жастардың бұл бастамалары ұлттық құндылықтарды сақтап, жеті атасын, руын білуге бағыттайды.

Ұлттық сипаттағы киім үлгілерінің қоғамдағы маңызын анықтау мақсатында үштілді сауалнама жүргіздік. Бірінші сауалнама «Қазіргі таңдағы жеке тұлғалардың киім кию үлгісі және жазуы бар киім кию тұлғаның мәдени деңгейінің көрсеткіші бола алады ма?» деген сұраққа жауап алу мақсатында жасақталды. Сауалнама еркін түрде эмпирикалық талдау жасауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы алынған жауаптар респонденттердің ішкі ойлары мен ассоциацияларын, нанымдары мен көзқарастарын түсінуге көмектеседі. Ғылыми тұрғыдан алғанда, ассоциативті сауалнамалар әлеуметтік және мәдени

құбылыстарды зерттеуде маңызды құрал болып табылады. Респонденттердің сауалнамаға берген жауаптары арқылы зерттеушілер адамдардың белгілі бір тақырыптарға қатысты жасырын ойлары мен сезімдерін анықтап, сол арқылы қоғамдағы мәдени үрдістер мен өзгерістерді талдай алады. Біздің бұл сауалнамamız киімдегі жазулар мен белгілердің қабылдануын зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеу киімдегі мәтіндер мен символдардың адамдардың мәдени сәйкестігі мен өзін-өзі білдіруіндегі рөлін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай сауалнамалар арқылы киімдегі жазулардың қоғамдағы мәдени құндылықтар мен нормаларды қалай бейнелейтінін анықтауға болады.

Бұл екінші сауалнаманың негізгі мақсаты – «Адамдар өздерінің киімдеріндегі лого, слоган, символ, бейлелер немесе қандай да бір жазулар жеке тұлғаның мәдени құндылықтарының бейнеленуі және оның ойының көрсеткіші ретінде қызмет ете алады ма?» деген сұрақтың жауабын табу. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы киім үлгілері мен олардың үстіндегі жазулардың жеке тұлғаның мәдени деңгейін көрсетуіндегі рөлін зерттеу. Сауалнама арқылы респонденттердің киімдегі жазулар мен белгілерге деген көзқарастарын, олардың мағынасын қалай түсінетінін және бұл элементтердің мәдени сәйкестікті білдірудегі маңыздылығын анықтау көзделеді, яғни бұл зерттеу киімдегі мәтіндер мен символдардың адамдардың өзін-өзі танытуы мен қоғамдағы мәдени құндылықтарды бейнелеудегі ықпалын талдауға бағытталған.

Сауалнамада тоғыз сұрақ қамтылды. Сауалнама қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құрастырылды. Сауалнамаға барлығы 800 респондент жауап беріп, мұнда 11 елдің өкілі қатысып, зерттеуге өз үлестерін қосты.

Сауалнаманың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалу мақсаты – зерттеудің ауқымын кеңейту, мәдени және тілдік әртүрлілікті ескеру, сондай-ақ нәтиженің сенімділігі мен объективтілігін арттыру. Аудитория кеңейіп, әртүрлі мәдени топтардың көзқарасын салыстыру мүмкін болады.

Сауалнаманың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалуы зерттеудің инклюзивті, көпмәдениетті және ғылыми дәлдікке негізделген әдіспен жүргізіліп отырғанын көрсетеді. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің ауқымын, сенімділігі мен қолдану аясын кеңейтеді әрі әртүрлі мәдениет өкілдерінің көзқарасын ескеруге мүмкіндік берді.

Екінші сауалнама сұрақтарының мәтіні қосымшада берілген (Қосымша-Е).
Сауалнаманың 1-сұрағы. *Жасыңыз/Возраст/Age?* (кесте 12).

Кесте 12 - Жасыңыз/Возраст/Age? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша - Ж)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптардың көрсеткіші	
-10-17жас аралығында	108	13,5%
-17-25 жас аралығында	529	66,13%
-25-40 жас аралығында	79	9,88%
40-70 жас аралығында	84	10,5%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800	

Бұл деректерден сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (66,13%) 17-25 жас аралығындағы жастар екенін көреміз. Бұл жас тобының жоғары үлесі зерттеу тақырыбына деген қызығушылықтың осы топта айқын көрінетінін немесе осы жастағы адамдардың сауалнамаға қатысуға белсенділік танытқанын көрсетеді.

10-17 жас аралығындағы қатысушылар 13,5% құрайды, бұл да елеулі көрсеткіш. Бұл топтың қатысуы жасөспірімдердің киімдегі жазулар мен белгілерге деген қызығушылығын немесе олардың мәдени өзін-өзі білдіру тәсілдерін зерттеуге мүмкіндік береді.

25-40 жас аралығындағы респонденттер 9,88% болса, 40-70 жас аралығындағы қатысушылар 10,5% құрайды. Бұл топтардың салыстырмалы түрде төмен үлесі олардың зерттеу тақырыбына деген қызығушылығының төмендеуін немесе осы жастағы адамдардың сауалнамаға қатысуға аз уақыт бөлгенін көрсетуі мүмкін.

Жалпы алғанда, бұл жас ерекшеліктері бойынша бөлініс зерттеудің негізгі мақсатты аудиториясының жастар екенін және олардың киімдегі жазулар мен белгілер арқылы мәдени өзін-өзі білдіруіне ерекше назар аудару қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, басқа жас топтарының да пікірлері маңызды, себебі олар киімдегі жазулардың қабылдануы мен маңыздылығы туралы жан-жақты түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Сауалнаманың 2-сұрағы. Жынысыңыз қандай?/Пол/Sex? (кесте 13).

Кесте 13 - Жынысыңыз қандай? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-3)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптардың көрсеткіші	
Әйел	615	77,56%
Ер	185	22,44%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800	

Сауалнамаға қатысқан 800 респонденттің жыныстық құрамын талдау барысында төмендегідей нәтижелер анықталды:

Әйелдер: 615 респондент (77,56%), Ерлер: 185 респондент (22,44%).

Бұл деректерден сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігін әйелдер құрайтынын көруге болады. Әйелдердің жоғары үлесі олардың киімдегі жазулар мен белгілерге деген қызығушылығының немесе осы тақырыпқа қатысты пікір білдіруге деген белсенділігінің жоғары екенін көрсетуі мүмкін.

Ерлердің қатысуы 22,44% құрайды, бұл да елеулі көрсеткіш. Бұл олардың да киімдегі жазулар мен белгілерге қатысты пікірлері мен көзқарастарының маңызды екенін және зерттеу барысында ескерілуі тиіс екенін білдіреді.

Жалпы алғанда, бұл жыныстық құрам бойынша бөлініс зерттеудің нәтижелерін талдау кезінде гендерлік аспектілерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Әйелдер мен ерлердің киімдегі жазулар мен белгілерге деген көзқарастары мен қабылдауы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан бұл айырмашылықтар зерттеу барысында назарға алынуы тиіс.

3-сұрақтың мәтіні. Қай елдің өкілісіз?/ Төмендегі жауаптарыңыз қай елдің мәдениетіне жатады?/Представителем какой страны вы являетесь?/К культуре какой страны относятся ваши ответы, приведенные ниже?/Which country do you represent?/For which country's culture do your answers below pertain? (кесте 14).

Кесте 14 - Қай елдің өкілісіз?/ Төмендегі жауаптарыңыз қай елдің мәдениетіне жатады? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша II)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптардың көрсеткіші	
Қазақстан	721	90,13%
АҚШ	45	5,63%
Ресей	21	2,63%
Өзбекстан	3	0,38%
Индия	3	0,38%
Азербайджан	1	0,13%
Израиль	1	0,13%
Вьетнам	1	0,13%
Пәкістан	1	0,13%
Қытай	1	0,13%
Жапон	2	0,25%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800	

Сауалнамаға қатысқан 800 респонденттің елдік құрамын талдау барысында төмендегідей нәтижелер анықталды: Қазақстан: 721 респондент (90,13%), АҚШ: 45 респондент (5,63%), Ресей: 21 респондент (2,63%), Өзбекстан: 3 респондент (0,38%), Үндістан: 3 респондент (0,38%), Әзербайжан: 1 респондент (0,13%), Израиль: 1 респондент (0,13%), Вьетнам: 1 респондент (0,13%), Пәкістан: 1 респондент (0,13%), Қытай: 1 респондент (0,13%), Жапония: 2 респондент (0,25%).

Бұл мәліметтерден сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі Қазақстан өкілдері екенін көруге болады, бұл жалпы үлестің 90,13%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш зерттеудің Қазақстанда жүргізілгенін немесе осы елдің тұрғындары арасында кеңінен таратылғанын көрсетеді.

АҚШ, Ресей және басқа елдердің өкілдері аз мөлшерде қатысқанымен, олардың қатысуы зерттеуге халықаралық тұрғыдан әртүрлілік қосады. АҚШ-тан 5,63%, Ресейден 2,63% респонденттердің қатысуы бұл елдердегі киімдегі жазулар мен белгілерге деген көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік береді.

Өзге елдерден қатысқан респонденттердің (Өзбекстан, Үндістан, Әзербайжан, Израиль, Вьетнам, Пәкістан, Қытай, Жапония) үлесі өте аз болғандықтан, олардың деректері жалпы талдауға айтарлықтай әсер етпеуі мүмкін. Дегенмен бұл мәліметтер әртүрлі мәдениеттердегі киімдегі жазулар мен белгілердің қабылдануы туралы қосымша түсінік береді. Жалпы алғанда бұл елдік құрам бойынша бөлініс зерттеудің нәтижелерін талдау кезінде географиялық және мәдени аспектілерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Әртүрлі елдердегі респонденттердің киімдегі жазулар мен белгілерге деген көзқарастары

мен қабылдауы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан бұл айырмашылықтар зерттеу барысында назарға алынуы тиіс.

4-сұрақтың мәтіні. Сіздің ұлтыңыз қандай?/Какая у вас национальность?/What is your nationality? (кесте 15).

Кесте 15 - Сіздің ұлтыңыз қандай?/Какая у вас национальность?/What is your nationality? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-К)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптардың көрсеткіші	
Қазақ	701	87,6%
АҚШ	45	5,6%
Лач	1	0,1%
Орыс	36	4,5%
Жапондық	3	0,4%
Индия	3	0,4%
Азербайджан	2	0,3%
Тай	2	0,3%
Татар	2	0,3%
Өзбек	1	0,1%
Молдаван	1	0,1%
Неміс	1	0,1%
Украин	1	0,1%
Шешен	1	0,1%
Вьетнамдық	1	0,1%
Пәкістандық	1	0,1%
Қытай	1	0,1%
Латын	1	0,1%
Еврей	1	0,1%
Башқұрт	1	0,1%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800 респондент	

Сауалнамаға қатысқан 800 респонденттің ұлты бойынша жауаптары төмендегідей бөлінді: қазақтар – 701 адам (87,6%), АҚШ азаматтары – 45 адам (5,6%), орыстар – 36 адам (4,5%), жапондықтар – 3 адам (0,4%), үнділер – 3 адам (0,4%), әзербайжандар – 2 адам (0,3%), тайлықтар – 2 адам (0,3%), татарлар – 2 адам (0,3%), өзбектер – 1 адам (0,1%), молдавандар – 1 адам (0,1%), немістер – 1 адам (0,1%), украиндар – 1 адам (0,1%), шешендер – 1 адам (0,1%), вьетнамдықтар – 1 адам (0,1%), пәкістандықтар: 1 адам (0,1%), қытайлар – 1 адам (0,1%), латынамерикалықтар – 1 адам (0,1%), еврейлер – 1 адам (0,1%), башқұрттар – 1 адам (0,1%).

Бұл нәтижелер сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері екенін көрсетеді, бұл Қазақстанның жалпы демографиялық құрылымына сәйкес келеді. Сауалнамаға қатысқан басқа ұлт өкілдерінің үлесі төмен болғанымен, олардың қатысуы зерттеуге әртүрлі мәдени көзқарастарды қосуға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлілік киімдегі жазулар мен белгілердің мәдени қабылдануын жан-жақты талдауға септігін тигізеді. Алайда кейбір

ұлттардың өкілдері (мысалы, АҚШ азаматтары) Қазақстанның этникалық құрамында ресми түрде тіркелмеген немесе өте аз үлеске ие. Сондықтан бұл көрсеткіштерді интерпретациялау кезінде сақ болу қажет, себебі олар зерттеу әдістемесі мен деректерді жинау тәсілдеріне байланысты болуы мүмкін.

5-сұрақ. Киімдерде қолданылатын қандай жазуларды білесіз? Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің қандай түрлерімен таныссыз? /Какие надписи вы знаете, используемые на одежде?/What kind of inscriptions used on clothes do you know ?/ С какими типами надписей или символов вы знакомы, такими как логотипы, слова или фразы на одежде?/ What types of inscriptions or symbols on clothes, such as logos, words or phrases, are you familiar with? (кесте 16).

Кесте 16 - Киімдерде қолданылатын қандай жазуларды білесіз? Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің қандай түрлерімен таныссыз? (Диаграммалық көрсеткіш-Қосымша-Қ)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптардың көрсеткіші	
бренд, логотип	437	54,6%
үндеу, нақыл сөздер, мақалдар	161	20,1%
білмеймін, жазусыз киім киемін	65	8,1%
тауар ретінде, қолдану нұсқаулығы, өлшем туралы мағлұмат береді	56	7%
суреттер, бейнелер	21	2,6%
араб тіліндегі жазу немесе қазақ тіліндегі діни жазулар	22	2,8%
елді мекен, патриоттық суреттер, ту, елтаңба бейнеленген	12	1,5%
ру атаулары	15	1,9%
мультфильм, кино атаулары	6	0,75%
дөрекі сөздер	5	0,6%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800 респондент	

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, киімдегі жазулар мен белгілердің келесі түрлері анықталды:

Бренд атаулары мен логотиптер. Респонденттердің 54,6%-ы киімдегі бренд атаулары мен логотиптерді атап өтті. Бұл көрсеткіш брендтердің танымалдылығы мен олардың тұтынушылар арасында кеңінен танылуын көрсетеді. Мұнда бренд атаулары: ADIDAS, ZARA, CHANEL, Born qazaq, fendi, polo, nike, Harvard, America, Oxford. Бренд – ол маркетингтік әдіс, яғни жарнама. Сол жарнама бренд арқылы бір әлеуметтік немесе қаржылық жағдайды меңзейді, таңбалайды, мысалы, бұрын «Balenciaga» деген жазуды тіптен танымайтын едік, ал қазір ол байлық пен сәндегі үлкен танымал компанияның бренді, ол молшылық пен байлықты таңбалайды.

Брендтердің басты ерекшелігі олар сән әлеміне тікелей байланысты. Әр сәнді заттың құндылығы уақыт сайын өзгеріп отырады, мысалы, бұрын Кеңес өкіметі кезіндегі бренд – магнитофонның атауы «Романтик», қазіргі уақытта «Romantic» гүл салонының сауда желісі ретінде таңбаланады немесе қазіргі заманауи отандық «Qazaq republic» брендин қазақтар ғана емес, тіпті

шетелдіктер де сүйсініп киеді. Мұндай бренд немесе логотип белгілі бір әлеуметтік жағдайды немесе уақытты таңбалай алады.

Үндеулер, нақыл сөздер мен мақалдар. 161 (20,1%) респондент киімде әртүрлі нақыл сөздер, мақалдар және үндеулер кездесетінін айтты. Бұл элементтер киім арқылы белгілі бір ойды немесе көзқарасты білдіруге мүмкіндік береді. Төмендегідей жауаптар аталды: jurttyn balasy, ozine sen, omir ozen, qazaq republic, qazaq pop art, besh livers club, byl omir, jana tolkyn, kulimde, jeltoksan, birlik, jaksy kunder, ozine senimdi bol, en syly, dara bala,

- Bari jaqsy bolady,
- Qazaz republic, born qazaq, 1465,
- My life, my rules,
- Kop soz boq soz,
- Көбіне қысқа цитата, мотивацияға толы сөздер немесе бренд аттары жазылады,

- Sen , kúlimde;
- мотивациялық тіркестер;
- Қазақша сөйле; Аз сөз алтын
- әжесінің еркесі;
- Әлемнің «керемет» деген университеттерінің атауымен (Oxford, Harward, Yale)

- Түрлі брендтердің логотиптерін(gucci, chanel, dior, prada, nike, adidas)
- QAZAQ REBUBLIC
- Ағылшынша сөз тіркестері бар сөздер (just do it),
- Кобине ағылшынша жазылады, казакша жазылсы екен дим былай СК, QR бар,

- Hundreds of manufacturing brands: Adidas, Patagonia, DSG, Polo....
- Get out of the kitchen and on to the Pickleball Court;
- Don't tread on me;
- Bridge Day event;
- Let's go Brandon;
- Support local libraries;
- I see them everyday while walking, at the stores, in restaurants, at the gym.
- Words expressing the man's nature or character, nationality, favorite team's name, motto-деп түрленеді.

Мұндағы жауаптарды сараласақ, қазақша жазулардан басқа, латынша жазылған қазақша брендтердің атаулары, нақыл сөздер көп кездеседі. Мұндай жазулар ұлттық тілді дәріптеу мен құрметтеу, мақтан тұтумен қатар, өскелең ұрпақ, басқа ел өкілдеріне, айналасындағы қоғамдық ортаға өзінің өмірлік ұстанымын, ойын қорықпай, мақтана паш ету мақсатын көрсетеді. Өйткені бұл әрекеттің түпкі мазмұны – ұлтжандылыққа, патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ал ағылшын тіліндегі жауаптардың мақсаты мен міндеттері жоғарыда аталған пайымдаулармен мазмұндас.

Жазусыз киім немесе белгісіз жазулар. 65 (8,1%) қатысушы киімдерінде жазулардың жоқтығын немесе оларға мән бермейтінін мәлімдеді. Бұл топ

минимализмді немесе бейтарап стильді ұстанатындарды қамтуы мүмкін. Мұндай адамдардың киім кию үрдісінде классикалық және «минимализм» стильдерін ұстанып, жаңа ағымдарға талпынбайтыны аңғарылады. Классика әрқашан өзекті, әрі ол дәрекі жазу сияқты «казустардан» сақтандырады. Сауалнамаға жауап берген респонденттердің арасында бұндай жауаптардың болуы, орта жастағы респонденттердің болына болуы мүмкін. Бұл жаста адам баласы өмірдегі өз орнын анықтап, өзін-өзі таныту немесе табу мақсатын көздемейді, еліктеу немесе көзге түсу мақсатында сәнқой да болмайды, әдетте бұл жаста адам баласы өзінің қоғамдағы, әлемдегі орнын тауып, нық қадам басып, өмір сүреді.

Қолдану нұсқаулығы мен өлшем туралы мәліметтер. Респонденттер саны 56 (7%) құрап, олар киімдегі жазулардың тауар ретінде қолдану нұсқаулығы мен өлшем туралы ақпарат беретінін атап өтті. Мұндағы жауаптар:

- в основном бывает каждый этап ухода за одеждой и бельем обозначается группами знаков на ярлыках:

- режимы стирки обозначены фигуркой в виде таза и могут содержать числовые обозначения, эквивалентные допустимой температуре воды;

- кружок содержит информацию о химчистке: стандарты и условия, по которым ее можно производить;

- утюг на ярлыке – значок глажки белья, зная расшифровку которого, можно не бояться испортить ткань;

- квадрат обозначает этапы барабанного отжима и сушки;

- треугольник на ярлыке подскажет можно ли отбеливать вещь специальными средствами.

- тауар этикеткасы латын, кирилл, араб әліпбиімен таңбаланады,

- X, XL, L, M, S, XS, XXS,

- «Fashion» , "made in China" , "made in Turkey"- мұнда респонденттер тек этикеткадағы жазуға ғана мән беріп немесе тіптен ешқандай жазу немесе суретсіз киім киетіндіктен осындай жауап берген деген ұйғарымқа келуге болады.

Суреттер мен бейнелер. 21 (2,6%) респондент тіл қатып, киімде әртүрлі суреттер мен бейнелердің болатындығын көрсетті. Мұнда латын әліпбиімен геометриялық өрнектер, адам мен жануарлар, өсімдіктер, шежіре ағашын бейнелеу, оюлар мен қазақы нақыштағы бейнелер салынған киімдер туралы мағлұмат аталды.

Патриоттық белгілер: респонденттердің 1,5%-ы елдімекен атаулары, ту немесе елтаңба сияқты патриоттық белгілердің киімде кездесетінін айтты. Бұл сұраққа 12 респондент төмендегідей жауап берген:

- АҚШ штаттарының атауымен (California, Florida, Nevada)

- American flag;

- ту, елтаңба, Қазақстан елтаңбасы, Туған жерім – Атырауым!

- Туған өлкем – Ақтөбем!

- моя Алматушечка! – деген қазақы нақыштағы мысалдар да «Ұлттық сезім» атты жаңа үрдістің бастамасына түрткі болған әрекет деп ойлаймыз. Бұл

– өте маңызды да көкейкесті мәселелердің бірі. Ұлтжандылыққа, бірлікке, ата-бабаларымызға құрмет көрсетіп, ежелгі салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып, дәріптеп, жеке ерекшелігімізді танытуға, елімізге деген сүйіспеншілігімізді молайтып, қазақы түсінікті қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Діни жазулар. Қатысушылардың 2,8%-ы араб немесе қазақ тіліндегі діни мазмұндағы жазуларды байқағанын мәлімдеді. Мұнда «Махаббат», «Аллаху акбар», «Әлхамдулилла» деген арабша жазулар кездесті, мұндай мысалдар адамның діни ұстанымын таңбалайды. Бұны да бүгінгі замандағы тренд деп айтуға болады.

Ру атаулары. Респонденттердің 1,9%-ы киімде ру атауларының болуын атап өтті. Бұл бүгінгі ел азаматтарының өз руларын танып, шежіресі мен тарихын білуге талпынысын көрсетеді. Өйткені әр рудың таңбасының тарихы өте терең, мағыналы, сакралды, киелі. Әр рудың таңбасы – символ, ежелгі жазудың бүгінге жеткен сарқыншағы, ұлттық тамырымызды танып, сақтап қалуға деген ұмтылысының нәтижесі, «Ұлттық сезім» атты жана үрдістің (тренд) бастамасы. Қазіргі жастар отырыстарға, отбасылық, топтық жарыстарда кеуделеріне өз руының атауын, таңбасын жазып киюі арқылы өздерінің бұл әлемдегі орнын анықтауға тырысады. Рудың таңбасын таныған соң оны басқа рулардың таңбаларымен салыстырып, сәйкестендіруге кіріседі. Мұндай қызығушылық өз шежіресімен танысып, кейбір рулар арасындағы таңбалық ұқсастықты тауып, зерттеуге алып келеді.

Мультфильм және кино атаулары. Қатысушылардың 0,75%-ы киімде танымал мультфильм немесе кино атауларының кездесетінін айтты. Мультфильм суреттері көп жағдайда балалардың немесе жасөспірімдердің киімдерінде кездеседі. Олар баланың жас ерекшелігіне сай ерекше жарқын, бояуы қанық, түрлі-түсті болып келеді. Ал кино атаулары респонденттердің жас ерекшелігі мен қызығушылықтарының көрсеткіші ретінде анықталды.

Дөрекі сөздер. Респонденттердің 0,6%-ы киімде дөрекі немесе бейәдеп сөздердің болуын байқағанын мәлімдеді. Жауаптар арасында «Fuck off» деген де мысал айтылған. Әрине дөрекі сөздері бар киімді жасөспірімдер өздеріне айналадағылардың көңілін аудару үшін немесе өзіне сенімді ересек максималистер киюі әбден мүмкін. Ал американдық немесе басқа да бір шетелдік үшін дөрекі сөз жазылған киімді кию жаңалық емес, ол күнделікті жайт болуы да мүмкін. Шет елдерде «self-expression» деп аталатын үрдіс бұрыннан бар, «адамдар не киемін, не жазамын, қандай суреті бар, нені бейнелеймін, қалай боянамын немесе қандай түсті киім киген дұрыс болады» деген сұрақтарға жауап іздеп әуре болмайды, АҚШ-тың өмірлік ұстанымы «бостандық», ол ұстаным барлық өмір тараптарында көрініс тапқан, өзіне ұнағанды жасап, айтып өмір сүреді. Ал біздің елде бұл жағдайға көзқарас толықтай керісінше. Біз үшін киім де, сөз де, жүріс-тұрыс та «адал бол, адам бол, ұят болады» деген ұстанымдар басты орында тұрады. Үстіміздегі киім, ондағы жазу – айналамызды қоршаған қоғам үшін де, өзіміз үшін де маңызды таңбалаушы құбылыс. Адамдардың өзге тілде жазылған балағат сөздері бар киімнің мазмұнын білмей киіп жүруі сирек те болса кездеседі.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, киімдегі жазулар мен белгілердің әртүрлілігі және олардың тұтынушылар арасындағы қабылдануы мәдени және әлеуметтік көзқарастарды білдіруде маңызды рөл атқаратынын байқауға болады. Бренд атаулары мен логотиптер ең танымал болса, нақыл сөздер мен мақалдар да айтарлықтай орын алады. Сонымен қатар, кейбір респонденттер киімдегі жазуларға мән бермейтінін немесе жазусыз киімді таңдағанын көрсетті.

Бұл нәтижелер киімдегі жазулар мен белгілердің әртүрлілігін және олардың тұтынушылар арасында әртүрлі қабылданатынын көрсетеді. Бренд атаулары мен логотиптер ең танымал болса, нақыл сөздер мен мақалдар да айтарлықтай орын алады. Сонымен қатар, кейбір респонденттер киімдегі жазуларға мән бермейтінін немесе жазусыз киімді таңдағанын көрсетті. Қорытындылай келе, киімдегі жазулар мен белгілердің тұтынушылардың мәдени және әлеуметтік көзқарастарын білдірудегі маңыздылығын айқындайды, олардың өзіндік ерекшеліктерін, мәдениетін және әлеуметтік ұстанымдарын көрсету құралы ретінде маңызды орын алады.

Сауалнаманың 6-сұрағы. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілер қандай мақсат немесе мағына бар деп ойлайсыз? (өз ойларыңызды білдіріңіз)/Как вы думаете, каковы цели или значения, стоящие за рисунками или маркировкой, такими как логотипы, слова или фразы на одежде? (выразите свои мысли)/Do you think what are the purposes or meanings behind designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing? (express your thoughts) (кесте 17).

Кесте 17 - Киімдегі логотиптер, сөздер мен сөз тіркестері сияқты жазулар немесе таңбаларда қандай мақсат, мағына бар деп ойлайсыз? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-Л)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптар саны	
жарнама, маркетинг	242	54,8%
жеке индивид, бренд	196	24,5%
идеологияны білдіру (діни) мақсатында	82	10,3%
мода, сән	85	10,6%
«білмеймін»	55	6,9%
«маңызды мағлұмат бермейді»	38	4,8%
өмірлік ұстанымын көрсету	56	7%
киімнің сапасын, құндылығын көрсету	23	2,9%
мәдениетті дамыту үшін	23	2,9%
әлеуметтік жағдайды көрсету	27	3,4%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800 респондент	

Сауалнаманың бұл сұрағына жауап берген респонденттердің сұрақтарын қорытындылау арқылы төмендегі нәтижелерді талдай отырып, киімдегі логотиптер, сөздер мен таңбалардың мағынасы мен мақсаты туралы қоғамның көзқарасын түсінуге болады. Талдауды келесі негізгі бағыттар бойынша қарастыруға болады:

Коммерциялық мақсаттағы белгілер (жарнама, маркетинг, бренд) – 438 жауап (54,8%). Киімдегі логотиптер мен жазулардың ең үлкен үлесі жарнама, маркетинг (242 жауап, 30.3%) және жеке брендті білдіру (196 жауап, 24.5%) деп қабылданған. Бұл адамдардың көбінесе киімдегі жазуларды бизнестің, брендтің бір бөлігі немесе маркетингтік құрал ретінде көретінін көрсетеді. Брендтік заттарды кию арқылы адам белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсеткісі келуі мүмкін.

Мәдени және идеологиялық мағынасы (идеология, мәдениет, өмірлік ұстаным) – 161 жауап (20,1%) берілді. Респонденттердің 82-сі (10,3%) киімдегі белгілер идеологияны білдіру (діни немесе басқа наным-сенімдер) мақсатында қолданылатынын айтты. Бұл көрсеткіш қоғамда идеологиялық және діни символдардың маңыздылығын айқындайды. Сонымен қатар, 56 респондент (7%) киім арқылы өзінің өмірлік ұстанымын көрсететінін айтқан. 23 адам (2,9%) мәдениетті дамыту үшін деп көрсеткен. Бұл топтағы жауаптар киімнің адамның құндылықтарын, мәдениетін және өзін-өзі тану жолын көрсетуге көмектесетінін білдіреді.

Әлеуметтік және материалдық көрсеткіштер (сапа, құндылық, әлеуметтік жағдай) – 50 жауап (6,3%) адам жауап берді. Киімдегі белгілерді әлеуметтік жағдайдың көрсеткіші деп қабылдаған респонденттер саны 27 (3,4%), ал киімнің сапасы мен құндылығын білдіреді деген жауап саны 23 (2,9%) болды. Бұл көрсеткіштер кейбір адамдар үшін брендтер мен логотиптер материалдық жағдай мен мәртебені көрсету құралы екенін білдіреді.

Сән және тренд (мода) – 85 жауап (10,6%) анықталды. Респонденттердің 85-і (10,6%) киімдегі белгілерді жай ғана мода немесе сән элементі деп санайды. Бұл киімдегі жазулар мен логотиптердің көбінесе трендке байланысты таңдалатынын көрсетеді.

«Мағынасы жоқ» деп санайтындардың саны – 55 адам (6,9%) бұл сұраққа «білмеймін» деп жауап берсе, 38 адам (4,8%) киімдегі белгілердің маңызды ақпарат бермейтінін айтқан. Бұл адамдар киімдегі жазулар мен белгілерге көп мән бермейтінін көрсетеді.

Жалпы жауаптарды қорытындылай келе, киімдегі логотиптер мен белгілердің жарнамалық, маркетингтік және брендтік рөлі басым (54,8%). Бұл қазіргі тұтынушылық қоғамда брендтер мен маркетингтік стратегиялардың үлкен ықпалы бар екенін көрсетеді. Киім арқылы мәдениет, идеология және өмірлік ұстаным көрсетілетінін айтқан адамдар саны да айтарлықтай (20,1%). Бұл адамдар үшін киім тек сән емес, сонымен қатар өзін-өзі таныту құралы болып табылады. Киімдегі логотиптер мен жазулар әлеуметтік және материалдық жағдайды көрсету үшін қолданылады (6,3%), яғни кейбір адамдар үшін брендтік киім – статустың көрсеткіші. Киімдегі белгілерді жай ғана сән ретінде қабылдайтындар (10,6%) да аз емес, бұл олардың трендтерді басты орынға қоятынын білдіреді. Жауап берушілердің 11.6%-ы киімдегі жазулар мен белгілерге мән бермейді немесе олардың мағынасын білмейді.

Сауалнама нәтижелері «киімдегі логотиптер, жазулар мен символдар адамның мәдени құндылықтарын көрсетуге және оның ойының көрсеткіші

бола алады ма? деген сұраққа «иә, бірақ әртүрлі мақсатта» деген жауап бере алады. Киімдегі мәтіндер мен белгілер адамның өзін-өзі танытуына, әлеуметтік мәртебесін көрсетуіне, мәдени сәйкестікті білдіруіне, тіпті идеологиялық және діни көзқарастарын айқындауына көмектесе алады. Сонымен қатар олар маркетинг пен сәннің де бір бөлігі болып табылады.

7- сұрақ. «Сіздің киіміңізде қандай да бір жазулар бар ма? Логотиптер, сөздер, сөз тіркестері сияқты жазулардың немесе таңбалардың қандай түрлері сіздің киіміңізде бар?/ Есть ли какие-нибудь надписи на вашей одежде? >> Какие типы рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы, есть на вашей одежде? /Do you have any inscriptions on your clothes? >> What do you typically wear?» (кесте 18).

Кесте 18 – Сіздің киіміңізде қандай да бір жазулар бар ма? Логотиптер, сөздер, сөз тіркестері сияқты жазулардың немесе таңбалардың қандай түрлері сіздің киіміңізде бар? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-М)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптар саны	
логотип, бренд атаулары жазылған	370	46,3%
қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұрандар мен үндеулер жазылған	253	31,6%)
киімімде жазу, суреттер, бейнелер жоқ, ұнатпаймын	35	4,4%
суреттер мен бейнелер бар	84	10,5%
өзінің туған елі, жері, қаласы сияқты жазулар бар	58	7,3%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800 респондент	

Сауалнамаға 800 респондент жауап берді. Олардың киіміндегі жазулар мен таңбаларға деген көзқарасы әртүрлі. Мысалы, «*Логотиптер мен бренд атаулары*» деп жауап бергендер саны – 370 жауап (46.3%). Көптеген адамдардың киімінде бренд атаулары мен логотиптер кездеседі. Бұл коммерциялық және маркетингтік трендтің қаншалықты ықпалды екенін көрсетеді. Брендтік киімдер адамның статусын көрсетуге, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын білдіруге немесе сәнділікті ұстануға мүмкіндік береді. Танымал брендтер адамдарға сенімділік пен өзіндік стильді көрсету құралы ретінде әсер етуі мүмкін.

Келесі топта «*Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұрандар мен үндеулер*» деп жауап берген респонденттердің саны – 253 (31,6%) жауапты құрап, мұнда киімдегі қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұрандар адамның ойын, өмірлік ұстанымын, сенімдерін көрсету құралы бола алады деген қорытындыға келуге болады. Бұл адамдар өздерінің көзқарасын, философиясын немесе мінезін көрсету үшін осындай жазулары бар киімдерді таңдайды. Мұндай элементтер мәдени сәйкестік пен ұлттық құндылықтарды білдіруі мүмкін. Кейбір жағдайларда ұрандар әлеуметтік немесе саяси идеяларды жеткізу мақсатында қолданылады.

«*Киімінде жазулар мен бейнелер мүлде жоқ*» деп жауап берген респонденттердің 35-і (4,4%) киімінде жазулар мен суреттерді ұнатпайтынын айтқан. Бұл топтағы адамдар минимализмді, классикалық стильді немесе

брендтер мен жазуларға мән бермеуді жөн көреді. Олар үшін киім – жай ғана ыңғайлылық пен сапа көрсеткіші болуы мүмкін.

«Суреттер мен бейнелер бар» деп 84 жауап анықталды, оның ішінде киімінде графикалық бейнелер мен суреттер бар адамдардың үлесі 10.5%-ды құрады. Бұл топтағы респонденттер көбінесе эстетикаға, шығармашылыққа мән беретіндігі көрінді. Бейнелер белгілі бір өнер стилін, музыкалық жанрды, кино немесе анимация мәдениетін көрсетуі мүмкін.

«Өзінің туған елі, жері, қаласы жазылған» 58 жауап анықталып, 7.3% респондент өзінің туған жеріне, еліне байланысты жазулары бар киімдерді киеді екен. Бұл – патриотизм мен ұлттық сәйкестікті білдірудің көрінісі. Мұндай киімдер көбінесе спорттық, туристік немесе арнайы шараларға байланысты болуы мүмкін.

«Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер және ұрандардың қолданысы» – (31,6%), киімнің адамның ойы мен ұстанымдарын көрсетуге ықпал ететінін дәлелдейді. Жазулар мен бейнелерді ұнатпайтындардың (4,4%) минимализмді ұстанатын, трендтерге мән бермейтін адамдар болып анықталды. Суреттер мен бейнелердің қолданысы (10,5%) эстетикалық талғамға және шығармашылыққа бағытталған. Өзінің туған жеріне байланысты жазуларды (7,3%) көбінесе патриоттық сезімдері басым адамдар тандайды.

Қорытындылай келе, сауалнама жауаптарының нәтижесі киімдердегі жазулар мен таңбалардың әртүрлі әлеуметтік және мәдени мәндерге ие екенін көрсетеді. Логотиптер мен бренд атауларының ең көп кездесуі (46,3%) адамдардың коммерциялық және маркетингтік трендтерге әсерін, сондай-ақ брендтік киімнің әлеуметтік статус пен өзіндік стиль көрсету құралы ретінде қолданылатынын айқындайды. Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мен ұрандардың қолданылуы (31,6%) киімдердің адамның жеке ойы мен өмірлік ұстанымын білдіру үшін маңызды құрал болып табылатынын дәлелдейді. Бұл элементтер мәдени сәйкестік пен ұлттық құндылықтарды көрсетуге де ықпал етуі мүмкін.

Сондай-ақ, жазулар мен бейнелерді ұнатпайтындардың (4,4%) минимализм мен классикалық стильге жақын екені байқалады, ал суреттер мен бейнелерді қолданатын адамдар (10,5%) эстетикалық талғам мен шығармашылықты бағалайды. Өзінің туған жеріне байланысты жазуларды таңдайтындар (7,3%) патриотизм мен ұлттық сәйкестікті көрсетуге басымдық береді.

Осылайша, сауалнама нәтижелері киімдегі жазулар мен таңбалардың тек сәнділік элементі ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік, мәдени және жеке ерекшеліктерін көрсету құралы ретінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

8-сұрақ. «Сіз киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұнына назар аударасыз ба?/Обращаете ли вы внимание на содержание рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы на одежде?/Do you pay attention to the content of designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing?» деген сұраққа 800 респондент

жауап беріп, оның 546 (68,25%) респонденті - «ия», 254-і (31,75%) «жоқ» деп жауап берген (кесте 19).

Кесте 19 - Сіз киімдегі логотиптер, сөздер мен сөз тіркестері сияқты жазулар мен таңбалардың мазмұнына назар аударасыз ба? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-Н)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптар саны
«ия»	546 (68,25%)
«жоқ»	254 (31,75%)
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	780 респондент

Сауалнамаға 800 респондент жауап берді. Олардың 68,25%-ы (546 адам) киімдегі логотиптер, сөздер немесе белгілердің мазмұнына мән беретінін айтса, 31,75%-ы (254 адам) оған назар аудармайтынын көрсетті.

«Киімдегі жазуларға назар аударатындар» саны – 546 респондент (68,25%). Көпшілік (шамамен үштен екісі) киімдегі логотиптер мен жазулардың мағынасына мән береді. Бұл топқа жататын адамдардың себептері әртүрлі болуы мүмкін:

- жеке стиль мен өзін-өзі таныту, адамдар белгілі бір логотиптерді, сөздерді немесе белгілерді өз көзқарасы мен мәдени сәйкестігін көрсету үшін таңдайды.

- мәдени және идеологиялық маңызы киімдегі жазулар адамның белгілі бір құндылықтарға бейімділігін немесе қоғамдық мәселелерге деген көзқарасын білдіруі мүмкін.

- киім сапасы мен беделі кейбір адамдар белгілі брендтерді немесе символдарды олардың сапасымен байланыстырады.

- әлеуметтік сәйкестік, адамдар белгілі бір субмәдениетке, спорттық клубқа, университетке немесе кәсіби қауымдастыққа жататынын көрсету үшін жазулары бар киімді таңдайды. Бұл көрсеткіш киімдегі логотиптер мен мәтіндердің адамдар үшін маңызды коммуникативтік құрал екенін көрсетеді.

«Киімдегі белгілерге назар аудармайтындар» саны – 254 респондент (31,75%) құрады. Респонденттердің үштен бірі киімдегі жазулар мен белгілерге мән бермейтінін айтқан. Мұның бірнеше ықтимал себебі бар:

- киімдегі жазуларды маңызды деп есептемеу адамдар үшін киім негізінен жайлылық пен функционалдылық құралы болуы мүмкін.

- минимализмді ұстану олар үшін артық жазулар мен логотиптер стильдік артық элемент болып көрінуі мүмкін.

- тек сапа мен ыңғайлылықты ойлау кейбір адамдар үшін бренд те, жазу да маңызды емес, бастысы киімнің материалы мен қолдануға ыңғайлылығы.

«Сән мен трендтерге қызықпау» кейбір адамдар сән индустриясындағы белгілер мен мәтіндерге мән бермей, практикалық киімдерді таңдауы мүмкін. Бұл көрсеткіштер киімдегі мәтіндер мен символдар барлық адамдар үшін

маңызды бола бермейтінін, кейбіреулері үшін олардың ешқандай рөл атқармайтынын көрсетеді.

Адамдардың басым бөлігі (68,25%) киімдегі жазуларға назар аударады, бұл олардың мәдени, әлеуметтік немесе эстетикалық маңызға ие екенін көрсетеді. Қалған 31,75%-ы киімдегі белгілерге мән бермейді, бұл олардың киімге деген көзқарасы функционалдылық пен жайлылыққа көбірек негізделгенін білдіреді. Киімдегі мәтіндер мен символдар жеке тұлғаның өзін-өзі танытуына және мәдени сәйкестікті көрсетуіне ықпал ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады. Алайда бұл фактор барлық адамдар үшін маңызды болмауы мүмкін, өйткені киімді тек практикалық немесе ыңғайлы киім ретінде қабылдайтын топ бар.

Бұл зерттеу киімдегі логотиптер, жазулар мен белгілер адамдардың өзін-өзі танытуына, мәдени құндылықтарын бейнелеуіне және әлеуметтік топтарға сәйкестігін көрсетуіне ықпал ететінін дәлелдейді. Алайда кейбір адамдар үшін бұл фактор маңызды емес, және олар киімді тек оның сапасы мен ыңғайлылығына қарай таңдайды.

9-сұрақ. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұны сіздің мәдениетіңізді көрсете алады деп ойлайсыз ба?(өз ойларыңызды білдіріңіз)/Считаете ли вы, что содержание рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы на одежде, может отражать вашу культуру?(выразите свои мысли)/Do you think the content of designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing can reflect culture?(express your thoughts) (кесте 20).

Кесте 20 – Киімдегі логотиптер, сөздер мен сөз тіркестері сияқты жазулар немесе таңбалардың мазмұны сіздің мәдениетіңізді көрсете ала ма? (Диаграммалық көрсеткіші-Қосымша-Н)

Респонденттердің жауаптары	Жауаптар саны	
келіседі	514	64,25%
келіспейді	124	15,5%
бренд немесе сауда маркаларын көрсету	26	3,5%
«мүмкін»	32	4%
«кейде»	28	3,5%
«жауап беруге қиналамын»	66	8,25%
сұрақты түсінбеген	10	1,25%
Сауалнаманың осы сұрағына жауап берген респонденттер саны	800	

Сауалнамаға 800 респондент жауап берді. Олардың ішінде 514 адам (64,25%) киімдегі логотиптер, сөздер мен белгілер мәдениетті бейнелей алады деп санайды. Қалғандары бұл пікірге күмәнмен қарайды немесе басқа көзқарасты ұстанады. Мысалы, «*киімдегі жазулар мәдениетті көрсете алады*» деп келіскендер – 514 респондент (64,25%). Респонденттердің басым бөлігі киімдегі жазулар мен белгілер мәдени сәйкестікті бейнелей алады деп санайды. Бұл пікірдің бірнеше себептері болуы мүмкін:

- ұлттық және мәдени ерекшеліктерді көрсету. Киімдегі жазулар адамның шыққан жерін, мәдени мұрасын немесе ұлттық бірегейлігін айқындай алады (мысалы, ұлттық нақыштар, дәстүрлі жазулар);

- идеологиялық және философиялық көзқарастарды білдіру. Киімдегі белгілер адамның өмірлік ұстанымдарын, діни сенімдерін немесе саяси көзқарастарын көрсетуі мүмкін;

- қоғамдық қозғалыстар мен субмәдениеттердің ықпалы. Белгілі бір қауымдастықтар немесе субмәдениеттер (хип-хоп, рок, спорт, көше сәні) өз стилі арқылы мәдениетке ықпал етеді.

Бұл нәтиже киімдегі мәтіндер мен логотиптер адамның мәдени сәйкестігін көрсету құралы болуы мүмкін екенін көрсетеді.

«Киім мәдениетті көрсетпейді» деп санайтындар – 124 респондент (15,5%). Бұл топтағы адамдар киімдегі жазулар мен логотиптер мәдениетті көрсетпейді деп есептейді. Мұның себептері:

- киім жеке стильдің бөлігі, бірақ ол мәдениетке міндетті түрде байланысты емес.

- жаһандану әсері, брендтер мен сән трендтері мәдени шекараларды жойып, барлығын біркелкі ете алады.

- адамның мәдениеті тек сыртқы көрініс арқылы анықталмайды, оның ойлау жүйесі, өмір салты және құндылықтары маңыздырақ.

Бұл нәтиже кейбір адамдар киімдегі жазулардың мәдениетке қатысын көрмейтінін немесе маңызды деп санамайтынын көрсетеді.

«Киім тек бренд немесе сауда маркасын көрсетеді» деп есептейтіндер – 26 респондент (3, 25%). Бұл адамдар үшін киімдегі жазулар тек коммерциялық мақсатты білдіреді. Мұнда маркетинг пен жарнама – танымал брендтер адамның стилін немесе материалдық жағдайын, бірақ мәдениетті көрсетпейді.

Трендтер мен сән құбылыстары – брендтер сәнге айналады, бірақ мәдениеттен алшақ болуы мүмкін. Бұл нәтиже брендтердің мәдениеттен гөрі коммерциялық мақсатта жасалғанына сенетін топ бар екенін көрсетеді.

«Мүмкін» деп жауап бергендер саны 32 респондент (4%) болды, бұл топ нақты бір пікір білдірмей, жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін деп санайды. Кейбір киім үлгілері мәдениетті көрсетеді, бірақ барлығы бірдей емес. Киім иесінің ниетіне байланысты, кейбіреулер мәдени сәйкестікті ойлап киінеді, ал кейбіреулер сәнді ғана көреді.

«Кейде» деп жауап бергендер – 28 респондент (3,5%). Бұл топ белгілі бір контекстке байланысты шешім қабылдайды:

- ресми және дәстүрлі киімдер мәдениетті көрсете алады, ал күнделікті киім әртүрлі стильдерге сай болуы мүмкін.

- белгілі бір жағдайларда (ұлттық мерекелер, мәдени шаралар) киім мәдениеттің бөлігіне айналады.

«Жауап беруге қиналамын» деп 66 респондент (8,25%) жауап берген. Бұл адамдар үшін киім мен мәдениет арасындағы байланыс анық емес. Респонденттер мәдениеттің нақты анықтамасына байланысты әртүрлі пікірде

болуы мүмкін. Мүмкін киімнің адам өміріндегі рөлі туралы ойланбаған болуы да мүмкін.

«Сұрақты түсінбегендер» саны – 10 респондент (1,25%). Бұл адамдар сауалнамадағы сұрақты түсінбегендіктен нақты жауап бере алмаған.

Қорытындылай келе, киімдегі жазулар мен логотиптер мәдениетті көрсете алады деп санайтындардың көрсеткіші – 64,25%. Бұл адамдар үшін киім өзін-өзі таныту мен мәдени сәйкестікті бейнелеудің маңызды бөлігі болып анықталған. Респонденттердің 15,5%-ы бұл пікірмен келіспейді, себебі киім олардың мәдениетіне қатысы жоқ деп санайды. Брендтер тек коммерциялық мақсатта деп санайтындар (3,25%) мәдени байланысы бар деп ойламайтындар деп тұжырымдауға болады. Ал киім мәдениеттің көрсеткіші бола алады, болуы мүмкін екендігі туралы айтқан (4%) және кейде байланысты деп есептеген респонденттер (3,5%) мәдени контекстке байланысты шешім қабылдауы мүмкін деп түйіндеуге болады. Респонденттердің 8,25% жауап беруге қиналса, 1,25%-ы сұрақты түсінбеген.

Осы респонденттердің ішіндегі 49 (6,13%) ағылшын тілді респонденттердің жауаптарын қарастырсақ, мұндағы 39 (4,88%) респондент «ия» деп оңды жауап берген, мысалы, «That's an obvious statement that inscriptions on clothes represents cultures as well for example the biblic cross represents Christianity culture if inscribed on a T-shirt majority of Christian people will attract to that particular piece of clothing/».

Киімдегі жазулар мәдениеттерді де бейнелейтіні анық, мысалы, киелі кітаптағы крест христиандық мәдениетті бейнелейді, егер футболкаға жазылған болса, ол христиандардың көпшілігінің назарын аудартады.

- Ya, inscriptions on clothes can be a beautiful and cultured look./ - Иә, киімдегі жазулар әдемі және мәдениеттің көрінісі болуы мүмкін;

- Yes definitely. I can give the example of the Arabic marking or logos for example on clothing they can help other learn more about certain cultures./ - Иә, әрине. Мен араб таңбалы немесе логотипті киімдерге мысал келтіре аламын, олар басқаларға нақты бір мәдениеттер туралы көбірек білуге көмектесе алады;

- Yes I do. Even something as simple as color can depict a culture. For example, some gangs in the States will wear certain colors for representation. The representation isn't always positive./ -Иә, мен келісемін. Тіпті түс сияқты қарапайым нәрсе мәдениетті бейнелей алады. Мысалы, Штаттардағы кейбір бандалар өздерін таныту үшін белгілі бір түстерді киеді. Бірақ көрсеткіш әрдайым оң бола бермейді;

- Yes it can. Sometimes people wear clothes with religious inscriptions like images of God or their mantras, etc. So, yes, inscriptions on clothes can be manifestation of culture/ - Иә, болады. Кейде адамдар діни жазулары бар киімдерді киеді. Мысалы, Құдайдың бейнелері немесе олардың мантралары және т.б. Сонымен иә, киімдегі жазулар мәдениеттің көрінісі болуы мүмкін.

- Yes, definitely which is why I ignore them/ -Иә, әрине, сондықтан мен оларды елемеймін.

- Yes, inscription have a meaning, so if meaning positive or negative it can make some problems, because someone can have different opinion about the meaning/ -Иә, жазудың мағынасы бар, сондықтан мағынасы оң немесе теріс болса, ол кейбір проблемаларды тудыруы мүмкін, себебі бір ойға қатысты біреудің пікірі әртүрлі болуы мүмкін,

- Yes, those who tend to wear expensive logos are seen as rich, compared to those who don't wear expensive logos/ -Иә, қымбат логотиптерді киюге бейім адамдар қымбат логотиптерді кимейтіндермен салыстырғанда бай болып саналады.

- Yes. American society puts a lot of emphasis on name recognition/ -Иә, Американдық қоғамда атауларға(логотиптерді, брендтерді) көп көңіл бөледі.

- Yes. People who are not interested in status or popularity generally do not wear clothing with symbols or inscriptions/ - Иә. Мәртебесі мен танымалдылыққа қызығушылық танытпайтын адамдар, әдетте таңбалар немесе жазулары бар киім кимейді.

-Yes. Political statements, culturally important words or phrases or logos or symbols./ -Иә. Саяси мәлімдемелер, мәдени маңызды сөздер немесе сөз тіркестері, логотиптер, рәміздер мәдениеттің көрсеткіші болады.

-Yes. The words on clothes you are wearing express your identity and characteristics as much as the cloth styles/ -Иә. Сіз киетін киімдегі сөздер өзіңіздің жеке ерекшелігіңізді, киіміңіздің матасына дейін сіздің стиліңізді көрсетеді.

-Yes. They sure can. Sometimes, logos on clothing items can be a reflection of the culture of the country in which they're made./ - Иә. Олар, әрине, білдіруі мүмкін. Кейде киімдегі логотиптер сол елдің мәдениетінің көрінісі болуы мүмкін.

-Young people pay attention to words on the clothes as many of them understand English and Chinese or translate via mobile phones whereas the folks do not focus on inscriptions./ Жастар киімдегі сөздерге назар аударады, өйткені олардың көпшілігі ағылшын және қытай тілдерін түсінеді немесе ұялы телефондар арқылы аударады, ал кейбір адамдар жазуларға назар аудармайды,

- 2 (4,08%) респондент «толық емес», яғни толық келісе алмаймыз, «білдіруі мүмкін» деп жауап берген:

- Not entirely. Often times, what is written in Japanese-English is totally inappropriate in the US culture but people in Japan think it's cool. But it's also vice versa. It is more of pop culture, rather than traditional culture, that tries to take in what's cool now but pay less attention to in-depth understanding of the traditional part of the culture/ - Толық емес. Көбінесе жапон-ағылшын тілдерінде жазылғандар АҚШ мәдениетінде мүлдем орынсыз, бірақ жапониядағы адамдар мұны керемет деп санайды. Бірақ бұл, керісінше, дәстүрлі мәдениеттен гөрі поп-мәдениет қазіргі кездегі керемет нәрсені қабылдауға тырысады, бірақ мәдениеттің дәстүрлі бөлігін терең түсінуге аз көңіл бөледі.

- Clothing nor the logos they come with cannot make me who I am, My inner self and kindness, lovingness towards others are what will make me who I am but not logos or types of clothing/ - Киім де, олармен бірге келетін логотиптер де мені кім екенімді, ішкі болмысымды және мейірімділігімді, басқаларға деген

сүйіспеншілігімді көрсете алмайды, бұл мені кім етеді, бірақ логотиптер немесе киім түрлері емес.

Ағылшын тілді респонденттердің 5-уі (7,14%) «жоқ» деп жазып, келесідей комментарий жазады: - No, but I think people who wear them believe they do/ Жоқ, бірақ, менің ойымша, оларды киетін адамдар солай деп санайды.

- On some level yes, however, simply putting words and logos does not mean the brands will become relevant. There are many marketing strategies involved before people start associating words, logos, and brand identity together/ Кейбір деңгейде, иә, дегенмен, жай ғана сөздер мен логотиптерді қою брендтердің өзекті болатынын білдірмейді. Адамдар сөздерді, логотиптерді және бренд сәйкестігін біріктіре бастағанға дейін көптеген маркетингтік стратегиялар болды.

- 2 (4,08%) респондент «білмеймін» деп жауап берген: I do not know how much these inscriptions reflect the culture, but they have a certain semantic load. However, often these inscriptions do not make sense at all/ Бұл жазулардың мәдениетті қаншалықты бейнелейтінін білмеймін, бірақ олардың белгілі бір мағыналық жүктемесі бар. Алайда көбінесе бұл жазулардың мағынасы мүлдем болмайды.

- «кейде» - 1 (2,04%) респондент жауап жазады: As I said sometimes. But till now, here i have not seen anything like that/ Мен айтқанымдай, тек кейде..., Бірақ осы уақытқа дейін мен мұндайды көрген емеспін.

Сауалнама нәтижелері киімдегі логотиптер, жазулар мен белгілер адамның мәдениетін көрсетуі мүмкін, бірақ бұл барлық адамдар үшін бірдей мағынаға ие емес екенін дәлелдейді. Көпшілік үшін киім мәдени сәйкестікті, ұлттық ерекшелікті, субмәдениетті немесе өмірлік ұстанымдарды білдіруі мүмкіндігіне ие екендігі анықталды. Бірақ кейбір адамдар үшін киім тек сән, жайлылық немесе коммерциялық құрал болып анықталған.

Сауалнаманың осы сұрағына қатысты өз еліміздің, Ресей және АҚШ елдерінің өкілдерінен алынған сұрақтарды сараптай келе, адамдар киіміндегі қандай да бір таңба, жазу, сурет, тіпті олардың киім кию стилі немесе қандай да бір киім атрибуттары адам мәдениетінің көрсеткіші бола алады деген тұжырымға келдік. Адам баласы киімге белгілі бір жазу, ою, сурет немесе тағы да басқа мағлұмат таңбалау арқылы қоғамға, ортаға, тіпті әлемге өзінің ойын жеткізе алады, яғни жазуы бар киім – ол мағлұматты таратушы құрал.

Бұл нәтижелер киімдегі жазулар мен логотиптердің мәдениетті бейнелеу рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беріп, киімдер мәдениетті бейнелейтін көрсеткіш ретінде қызмет ете алатындығы анықталды.

Жалпы сауалнама бойынша қорытындылайтын болсақ, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, киімдегі логотиптер, сөздер, сөз тіркестері және символдар адамның өзін-өзі танытуының маңызды құралы бола алады. Сауалнамаға қатысқан 800 респонденттің басым бөлігі (68,25%) киімдегі жазулар мен белгілердің мазмұнына назар аударатынын атап өтті. Бұл адамдардың күнделікті өмірде өздерінің сыртқы келбеті арқылы белгілі бір ойды жеткізуге немесе белгілі бір мәдени қауымдастыққа жататындығын білдіруге тырысатынын көрсетеді.

Сонымен қатар респонденттер 64,25%-ы киімдегі жазулар мен логотиптер мәдениетті бейнелей алады деп санайды. Бұл жауаптар киімнің тек сән мен функционалдық элемент қана емес, адамның мәдени және әлеуметтік ұстанымдарын білдіретін құрал екенін дәлелдейді.

Сауалнама барысында респонденттер киімдегі жазулардың әртүрлі мақсатта қолданылатынын көрсетті:

- көпшілігі логотиптер мен бренд атауларын жарнама және маркетинг құралы ретінде қабылдайды;

- бір бөлігі киімді жеке тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын символ ретінде қарастырады;

- кейбіреулер идеологиялық немесе діни сенімдерді білдіру мақсатында жазулар мен белгілерді пайдаланады;

- басқалары киімдегі жазуларды әлеуметтік мәртебе, мәдени құндылықтар және өмірлік ұстанымдарды көрсету құралы ретінде қабылдайды.

Киімнің мәдениетпен байланысы туралы сөз қозғасақ, зерттеу барысында киімдегі жазулар мен белгілердің адамның мәдениетіне тікелей немесе жанама түрде ықпал ететіні анықталды. Респонденттердің көпшілігі киімнің ұлттық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді бейнелеуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Мысалы, ұлттық нақыштағы жазулар мен символдар адамның этникалық немесе аймақтық бірегейлігін көрсетуі мүмкін, ал белгілі бір философиялық, діни немесе мотивациялық сөз тіркестері оның өмірлік ұстанымдарын білдіруі мүмкін. Киімдегі жазулар тек мәдени сәйкестікті білдірумен шектелмей, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастырудың және белгілі бір көзқарастарды насихаттаудың құралына айналуы мүмкін. Бұл әсіресе әлеуметтік қозғалыстар, экологиялық мәселелер немесе саяси идеяларды қолдауға бағытталған киімдерде көрініс табады.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, киімдегі мәтіндер мен логотиптердің адамның мәдениетінің көрсеткіші бола алатынын айтуға болады. Олар адамның ұлттық, әлеуметтік, идеологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін көрсетуге көмектеседі. Сонымен қатар киімдегі жазулар заманауи қоғамда өзін-өзі таныту және коммуникация құралына айналып отырғанын байқауға болады.

Бүгінгі таңда жаһанданудың әсерінен сән индустриясы әртүрлі мәдениеттердің элементтерін біріктіріп, жаңа стильдер мен трендтер қалыптастыруда. Соған қарамастан киімдегі жазулар мен белгілердің мәдени маңызы әлі де өзекті болып қала береді. Бұл зерттеу киімнің тек сән немесе күнделікті қажеттілік емес, мәдени құндылықтар мен тұлғалық ерекшеліктерді білдіретін құрал екенін дәлелдейді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Тіл – ұлттың мәдени кодын сақтайтын және оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды таңбалау құралы. Тарихи тұрғыдан алғанда, жазу мен рулық таңбалар ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен сақтауда үлкен рөл атқарған. Олардың арасындағы сабақтастық – мәдени жалғастықтың және таңбалық жүйенің эволюциясын көрсететін маңызды факторлардың бірі.

Руникалық жазу мен ру таңбаларының тарихи-салыстырмалы талдауы олардың тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір этностың өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын символдық мәнге ие екенін көрсетеді. Бұл жазба мәдениетінің дамуындағы маңызды кезеңдерді бейнелейді және көне жазу үлгілерінің қазіргі таңбалық жүйелерге ықпалын айқындайды және ежелгі руна жазулары қазіргі қазақ ру атауларының таңбаларында көрініс тапқандығы салыстырмалы және салғастырмалы кесте мен сауалнама негізінде анықталды.

Қазіргі таңда таңбалар мен жазулар мәдениетті танытудың заманауи құралы ретінде кеңінен қолданылады. Олар ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны насихаттау және жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшеліктерді айқындау үшін маңызды рөл атқарады. Брендтік логотиптер, ұлттық символдар, әлеуметтік қозғалыстарға қатысты жазулар мен бейнелер – барлығы да қоғамның мәдени санасын қалыптастыруға және мәдени ақпаратты таратуға ықпал етеді.

Демек таңбалар мен кімдегі жазулар – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің, тарихи жадының және рухани құндылықтардың көрсеткіші. Олар дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық мәдениетті сақтау мен таратудағы маңызды құралға айналып отыр деген тұжырым екінші сауалнама негізінде дәлелденді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті сақтап, оны кеңінен танытудың жаңа жолдарын іздеу маңызды міндеттердің біріне айналды. Сол жолдардың бірі – таңбалар мен жазуларды киім үлгілері арқылы көрсету. Бұл үрдіс мәдениеттің заман талабына сай трансформацияланып, киім арқылы сөйлейтін семиотикалық кеңістікке айналғанын білдіреді.

Киімдегі таңбалар мен жазулар – ұлттың рухани коды, тарихи жады мен дүниетанымының көрінісі. Олар арқылы ұлттың өткені мен болашағы арасындағы сабақтастық үзілмей, жаңа буынға эстетикалық әрі танымдық тұрғыдан жеткізіледі. Бұл – тек сән үрдісі емес, мәдениет пен рухани мұраны жаңа формада ұсынудың тиімді тәсілі.

Осылайша, жазу мен таңба – тек ақпарат құралы ғана емес, мәдениетті танытудың, сақтаудың және таратудың заманауи құралына айналып отыр. Ал киім – сол ақпаратты жеткізуші «тірі мәтін» рөлін атқарады. Сондықтан да ұлттық болмысты тану мен танытуда киімдегі жазулардың маңызы арта түсуде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл мен таңбалар жүйесінің өзара байланысы – адамзат мәдениетінің, тарихи жадысының және әлеуметтік дамуының негізі болып табылады. Тіл – ең әмбебап, тиімді әрі күрделі таңбалар жүйесі ретінде мәдени ақпаратты сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің ең басты құралы. Таңбалар мен белгілер адамның дүниетанымы мен өмір сүру тәжірибесін бейнелейді, әрі олар тек белгілі бір жүйе аясында ғана мағынаға ие болады. Әрбір таңба мәдени мәнге ие бола отырып, қоғамның рухани келбетін, салт-дәстүрін және қарым-қатынас формаларын қалыптастырады. Сондықтан таңбаларды, соның ішінде тілдік таңбаларды ғылыми тұрғыдан, тарихи және мәдени контексте қарастыру – семиотикалық зерттеулердің өзекті бағыты болып табылады.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің барлық қырларын бейнелейтін, сақтайтын және тарататын әмбебап құрал. Мәдениет пен тіл арасындағы байланыс бөлшек пен бүтіннің қатынасындай: тіл – мәдениеттің ішкі бөлшегі ғана емес, сонымен қатар оны объективтендіріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін таңбалар жүйесі.

Тіл – ұлттың мәдени коды, ал әрбір халықтың тілі – сол халықтың ұлттық болмысын танудың кілті. Бұл бағытта жүргізілетін зерттеулердің мазмұны терең, әдістері сан алуан, және олар ұлттық өзіндік ерекшелікті тануға, сақтауға, дамытуға қызмет етеді.

Мәдени код – бұл мәдениет таңбаларының ақпараттық жүйесі (оның символдары, артефактілері) немесе өзінің хронотопындағы белгілі бір этникалық контексте белгілі бір маңызы бар мәдениет тілі. Код-мәдениеттің құрамдас бөлігі.

Тілдік код пен мәдени код-тарихи өзара сабақтастықта ортақ мақсатқа бағытталған куммулятивті құбылыс. Ал, бұл өз кезегінде тіл мен, мәдениеттің мазмұн мен тұлғалық формалық тығыз байланысы ретінде тілдік-мәдени кодтың қалыптасуына, ал тілдік-мәдени код кейіннен ұлттық кодтың қалыптасуына алып келеді.

Тілдік-мәдени код – бұл тілдік код пен мәдени кодтың өзара бірлігі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлттық дүниетанымның, танымдық тәжірибенің, рухани және материалдық мұраның көрсеткіші. Тіл сөйлеушінің ішкі әлемін ғана емес, тұтас этностың тарихи, әлеуметтік және мәдени болмысын танытатын ерекше феномен ретінде әрекет етеді.

Тілдің мәдени эволюциясындағы таңбалар (руникалық таңбалар, рулық таңбалар, символдар, жазу) – мәдениетті дамытудың құралы әрі тілдік-мәдени кодтың негізінде ұлттық кодты қалыптастырушы.

Жазу мен рулық таңбалар арасындағы тарихи сабақтастық – қазақ халқының рухани болмысы мен мәдени жадын сақтаудың маңызды тетігі. Қазақтың тілдік және мәдени коды – ұлттың сан ғасырлық тәжірибесі мен дүниетанымының, тарихи-рухани сабақтастығының айғағы. Ежелгі түркі руникалық жазулары мен ру таңбалары – тек ақпарат жеткізудің амалы ғана емес, ұлттың болмысын,

рухын, ойлау жүйесін бейнелейтін киелі белгілер, ұлттың дүниетанымын қалыптастырып, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұраны жеткізушілер.

Қазақ халқы үшін жазу мен таңбаның сакралды сипат алуы кездейсоқ емес – бұл ұлттың өзін-өзі тануға, тарихи жадыны сақтауға және мәдени тұтастықты нығайтуға бағытталған терең дәстүрінің көрінісі. Мұндай мәдени кодтар ұлттың төл келбетін айқындайды және оның рухани даму жолындағы бағыт-бағдарын анықтайды. Сондықтан қазақтың мәдениеті мен қоғамдық құрылымын тереңірек түсіну үшін жазу мен таңба, тіл мен рулық жүйе арасындағы байланысты тану – тарихи сананы жаңғыртудың маңызды алғышарты. Осы тарихи сабақтастықты сақтау мен зерттеу – қазақ руханиятының болашағы үшін аса маңызды.

Ру таңбалары мен руникалық жазулар арасындағы тарихи-салыстырмалы талдау олардың мағыналық және пішіндік сабақтастығын, сонымен бірге мәдени жалғастық пен ұлт жадысындағы орнын айқындайды. Бұл таңбалар тек өткеннің естелігі емес, бүгінгі мәдени кодтың бір бөлігі ретінде өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді.

Олай болса, қазақ рулық таңбалары – көшпелі мәдениеттің, жазу өнерінің және этникалық өзін-өзі танудың көне символы. Олардың түркі руна жазуларымен байланысы түркі халықтарының ортақ тарихи санасы мен мәдени жадының жалғастығы екендігін дәлелдейді. Бұл таңбалар бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық мұраны танудың визуалды кілті бола алады.

Руникалық жазу мен ру таңбаларының тарихи-салыстырмалы тілдік сипатын талдауға арналған зерттеу мен сауалнама нәтижелері қазақ халқының рухани-мәдени дүниетанымындағы таңбалық жүйелердің маңыздылығын терең көрсетеді. Бұл таңбалар – ұлттың тарихи жадысын, мәдени бірегейлігін және тілдік ерекшелігін бейнелейтін маңызды құралдар.

Сауалнама респонденттерінің жауаптарына сүйене отырып, қазақ халқының мәдени кодтары – салт-дәстүр, дүниетаным, символдар, тіл және ұлттық құндылықтар арқылы көрініс табатыны анық байқалды. Респонденттердің көпшілігі тілдік кодты ұлттық ерекшеліктің, мәдениет айнасының және коммуникацияның басты құралы ретінде таныған. Ал ру таңбалары мен руникалық жазулар арасындағы пішіндік және мазмұндық ұқсастықтар олардың тарихи сабақтастығын растай түседі.

Ру таңбалары – тек руға тән белгі емес, ол қазақтың көне жазу мәдениетімен, дүниетанымымен, философиялық және космологиялық көзқарастарымен тығыз байланысты таңбалар жүйесі. Бұл таңбалар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдени-рухани код ретінде ұлттық бірегейлікті сақтау мен жаңғыртуда ерекше рөл атқарады.

Тілдік және мәдени тұрғыда қарастырғанда, ру таңбалары қазақ халқының тілдік жүйесі мен семиотикалық байлығын айқындайды. Олар сөзбен қатар бейнелі және символдық түрде ақпарат жеткізудің, рухани мән-мағына берудің көрінісі.

Қорытындылай айтқанда, ру таңбалары мен руникалық жазулар – қазақ халқының мәдени және тілдік кодтарының ажырамас бөлігі. Бұл таңбалар тарихи тамырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін рухани байланысты жалғастырып

келеді. Оларды зерттеу мен тану – ұлттық сананы жаңғырту мен болашақ ұрпаққа рухани мұраны жеткізудің басты жолдарының бірі.

Зерттеудің екінші бөлімінде қарастырылған таңбалар мен жазулардың тарихи және заманауи мәдениеттегі рөлі қазақ халқының рухани, тілдік, этникалық ерекшеліктерін тануда маңызды екені анықталды. Киімдегі жазулар мен белгілер қазіргі заман қоғамында өзін-өзі танытудың, ұлттық бірегейлікті көрсетудің, әрі мәдени ақпаратты жеткізудің тиімді құралына айналып отыр.

Сауалнама нәтижелері адамдардың киім арқылы өз болмысын білдіруге, белгілі бір мәдени қауымдастыққа тиесілілігін көрсетуге тырысатынын көрсетті. Киімдегі логотиптер мен жазулар – тек сәндік элемент емес, тұлғалық ерекшелік пен мәдени ұстанымның белгісі. Сонымен қатар, бұл жазбалар ұлттық нақыштарды, тарихи сана мен рухани құндылықтарды танытатын маңызды мәдени код ретінде қызмет етеді.

Жалпы, таңбалар мен жазулар қазіргі қоғамда тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жадын, мәдени бірегейлігін және рухани мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды мәдени тетікке айналған. Олар дәстүр мен жаңашылдықтың арасын жалғай отырып, жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтау мен танытудың заманауи формасына айналып отыр.

Зерттеу барысында таңбалар мен жазулардың — соның ішінде киімдегі мәтіндер мен белгілердің — тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани, мәдени және тарихи болмысын бейнелейтін маңызды семиотикалық құрал екендігі анықталды. Киімдегі жазулар мен логотиптер қазіргі жаһандану дәуірінде өзін-өзі таныту, мәдени сәйкестік пен ұлттық бірегейлікті білдірудің жаңа формасына айналып отыр.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, адамдар киім арқылы өздерінің ішкі дүниесін, өмірлік ұстанымдарын, этникалық және мәдени ерекшеліктерін бейнелеуге ұмтылады. Зерттеуге қатысқан респонденттердің басым бөлігі (68,25%) киімдегі жазулар мен белгілердің мазмұнына назар аударатынын, ал 64,25%-ы олардың мәдени мәнге ие екенін атап өтті. Бұл қазіргі қоғамда киімнің тек сән мен қажеттілік емес, сонымен қатар мәдени коммуникацияның құралына айналғанын дәлелдейді.

Таңбалар мен жазулар -соның ішінде ру таңбалары мен руникалық жазулар -қазақ халқының тарихи жадын, рухани мұрасын және этникалық бірегейлігін сақтаудың және ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі ретінде көрініс табады. Олардың тарихи-салыстырмалы талдауы ру таңбалары мен руникалық жазулардың арасында мағыналық және формалық сабақтастықтың бар екенін көрсетті. Бұл сабақтастық бүгінгі мәдени кодтар мен ұлттық символиканың негізінде өз жалғасын табуда.

Қазақтың рулық таңбалары - тек әлеуметтік құрылымның белгісі емес, ол - көне жазу жүйесінің, дүниетанымның, философиялық және рухани көзқарастардың көрінісі. Олар бүгінгі күнге дейін символдық мәнін жоғалтпай, ұлттық сананың көрінісі ретінде маңызды мәдени кодқа айналып отыр. Сонымен қатар, бұл таңбалар заманауи сән индустриясында да жаңа формаларда өмір

сүріп, жастар арасында ұлттық сана мен рухани жалғастықтың қалыптасуына ықпал етуде.

Киімдегі жазулар мен белгілердің семиотикалық және мәдени мағынасы — олардың идеологиялық, әлеуметтік, діни және этникалық мәндерін айқындайды. Бұл таңбалар заманауи қоғамда адам мен мәдениет арасындағы байланысты жаңа деңгейге шығарады. Әсіресе жастар арасында өзін-өзі таныту, жеке ерекшелігін көрсету және белгілі бір мәдени топқа жататындығын білдірудің басты құралы ретінде киім ерекше орын алады.

Сондықтан да, жазулар мен таңбалар- ұлттық бірегейлік пен мәдени жалғастықты бейнелейтін, тарихи жадыны сақтайтын, әрі мәдени құндылықтарды қазіргі заманға бейімдей отырып жеткізетін маңызды құралдар. Киім болса — осы ақпаратты тасымалдаушы «тірі мәтін», яғни халықтың рухани кодын визуалды түрде жеткізетін символдық платформа.

Зерттеу қазақ тілінің және таңбалар жүйесінің мәдени ақпаратты жеткізу мен сақтаудағы рөлін тереңірек ашып көрсетті. Тілдік-мәдени код ұғымын ғылыми негізде қарастыра отырып, бұл жұмыс ұлттық сананы жаңғырту, мәдени тұтастықты сақтау және қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттың болмысын таныту жолында маңызды үлес қосады.

Осылайша, тіл, таңба және жазу- өзара тығыз байланысты, ұлттық болмыстың негізі саналатын, ұрпақтан ұрпаққа мәдениет пен руханиятты жеткізетін біртұтас жүйе. Бұл жүйені зерттеу мен оны күнделікті өмірде ұтымды қолдану — қазақ халқының тарихи және мәдени кодын сақтап қалудың негізгі алғышарты.

Түйіндей келе, таңбалар мен жазулар - тілдік, мәдени, тарихи және рухани тұрғыда ұлттың бет-бейнесін көрсететін қуатты құрал. Оларды ғылыми негізде зерттеп, күнделікті өмірде ұтымды қолдану - ұлттық сана мен мәдени тұтастықты сақтаудың маңызды алғышарты.

Бұл диссертациялық зерттеу қазақ тілінің ұлттық мәдениетті таңбалық тұрғыдан танытушы және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші басты құрал ретіндегі рөлін жан-жақты талдай отырып, тілдік-мәдени код ұғымының ғылыми негіздерін ашып көрсетеді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттық болмысты, рухани-материалдық құндылықтарды, тарихи жадыны сақтаушы әрі трансляциялаушы семиотикалық жүйе. Осы арқылы тіл – ұлттың рухани болмысының коды, ал оның негізінде жасалған таңбалар мен жазулар – сол руханияттың сыртқы көрінісі.

Зерттеу нәтижелері бірнеше маңызды тұжырымдарды айқындайды:

Тілдік таңбалар – ұлттың дүниетанымы мен мәдени санасының айнасы. Олар арқылы тарихи жад, рухани-материалдық мәдениет, ұлттық идеология және әлеуметтік нормалар тасымалданады.

Мәдени таңбалар- белгілі бір этнос пен қоғамның тарихи, әлеуметтік және рухани тәжірибесін бейнелейтін, мәдени ақпаратты жеткізуге, сақтауға және түсіндіруге қызмет ететін символдар мен белгілер жүйесі. Олар тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өнер, киім үлгісі, сәулет, тұрмыстық заттар сияқты мәдени

көріністер арқылы өрнектеліп, сол қоғамның дүниетанымын, құндылықтарын және әлеуметтік нормаларын білдіреді.

Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы – тарихи негізде дәлелденіп, олардың біртұтас семиотикалық жүйе ретіндегі қызметі сараланды. Бұл байланыс тіл мен мәдениеттің бірін-бірі толықтырып, ұлттық кодты қалыптастырудағы рөлін нақтылайды.

Тілдік-мәдени код ұғымы – тілдік код пен мәдени кодтың синтезі арқылы ұлттың рухани-материалдық болмысын трансляциялаушы ақпараттық-семиотикалық жүйе ретінде сипатталды.

Ру таңбалары мен руникалық жазулар – қазақ халқының ежелгі таңбалық мәдениетінің көрінісі ретінде тарихи сабақтастықты көрсететін таңбалық жүйелер. Олар қазіргі заманғы тіл мен мәдениетте де ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды қызмет атқарады.

Киімдегі жазулар мен таңбалар – қазіргі қоғамда өзін-өзі тану мен танытудың, ұлттық рухты сақтаудың заманауи тәсілі. Олардың тілдік-мәдени код ретіндегі әлеуеті сауалнама негізінде айқындалып, қазіргі заманда мәдениетті танытудың маңызды құралы екені дәлелденді.

Болашақ зерттеулерге ұсыныстар:

Рулық және руникалық таңбалардың тілдік, мәдени, философиялық астарларын антропологистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика тұрғысынан тереңдете зерттеу;

Ұлттық киімдер мен ою-өрнектердің таңбалық құрылымын қазіргі заманауи мәдени коммуникацияға енгізу жолдарын ғылыми тұрғыда талдау;

Мәдени кодтың визуалды және вербалды деңгейде трансляциялану механизмдерін кроссмәдениет контекстінде қарастыру.

Қорытынды түйін:

Тілдік-мәдени код – ұлттың рухани-мәдени болмысын бейнелейтін, тарихи жады мен құндылықтарды сақтауға және таратуға арналған күрделі таңбалық жүйе. Ол – ұлттық идеяның, болмыстың, дүниетанымның, эстетикалық талғам мен моральдық құндылықтардың коды. Осы кодты сақтау, жаңғырту, заманауи формада тарату – ұлттық болмысты сақтаудың ең тиімді жолы.

Тіл – халықтың жаны, таңбалар – сол жанның ізі. Ал мәдени код – сол жан мен ізді біріктіретін рухани көпір.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Адамчик В.В. Всемирный энциклопедический словарь / гл. ред. М.В. Адамчик; гл. науч. ред. – Мн.: Современный литератор, 2004. – 1640 с.
- 2 Эко У., Моррис Ч.У. Основания теории знаков. Семиотика. – М., 1983. – С. 37-51.
- 3 Соссюр Фердинанд де. Курс общей лингвистики. – М., 1999. – 296 с.
- 4 Ельмслев Л. Прологомены к теории языка // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1960. – Вып. 1. – С. 264–389.
- 5 Мустафин А.А. К вопросу о ключевых понятиях теории знаков Чарльза Пирса и Чарльза Морриса // Вестник БГУ. - 2022. - №3 <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-klyuchevykh-ponyatiyah-teorii-znakov-charlza-pirsa-i-charlza-morrisa> 20.04.2025.
- 6 Попова Д. Знаковая ситуация в лингвосемиотике // Вестник ВГУ. Серия Гуманитарные науки. - 2005. - №2. - 109 с.
- 7 Сейітханұлы Ш., Самашев С. Алтай қазақтарының рулық таңбаларына шолу // Қазақстан археологиясы. - 2024. - №3(25). – Б. 262–273.
- 8 Мектеп-Тегі А. Тасқа бәдізделген тарих. Шежіре. - 2016 <https://urker.kazgazeta.kz/news/52896> 17.04.2024.
- 9 Кашқари М. Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. - Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1960. – Т. 1. - 499 с.
- 10 Akçokraklı O., Otar İ. Kırım'da Tatar Tamgaları. - Haz: Ünver Sel; Ankara: KDKY, 1996. - 56 s.
- 11 Tietze A. Tarihi ve Etimolojik Türkiye Türkçesi Lugatı. Historical and Etymological Türkiye Turkish Dictionary. Sprachgeschichtliches und etymologisches Wörterbuch des Türkei-Türkischen. - İstanbul, 2002. - 555 p.
- 12 Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. - Алматы: Абди компани, 2010. - 168 с.
- 13 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі / құрастырған А. Құралұлы; жалпы редакциясын басқарған Ғ. Халықұлы. - Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. - 368 б.
- 14 Ысқақов А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. - 240 б.
- 15 Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихы грамматикасы = Краткая сравнительная -историческая грамматика монгольских-казахских языков = Монгол-казах хэлний харьцуулсан-түүхэн хэлзүй. - Өлгий, 1973. - 172 б.
- 16 Қожанұлы О. Түркі халықтары оның ішінде // Түркология. - 2006. - №1. –81 б.
- 17 Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и кара-киргизов, на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, атакже исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. -

1894. - Вып. 3-4. - С. 391–486.

18 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. - Астана: Фолиант, 2017. - 728 б.

19 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 416 с.

20 Что такое семиотика. Предмет. Возникновение и развитие. <https://nebovoblakah.narod.ru/Semiot.html> 19.03.2024.

21 Ивин А.А., Никифоров А.Л. Словарь по логике. - М.: Туманит; Изд. центр ВЛАДОС, 1997. - 384 с.

22 Нестерова О.Е. Сен-Жерменский. Символ: арх. 19 октября 2022. Мир 1679 - Социальное обеспечение // Большая российская энциклопедия: в 35 т. / гл. ред. Ю.С. Осипов. - 2015. - Т. 30. - С. 183-184.

23 Аверина О.Р., Байков Н.М. Экстремистская символика в интернет-пространстве как фактор угрозы социализации молодежи // Власть и управление на Востоке России. - 2017. - №3(80). - С. 79-86.

24 Кремлёв Н.Т. Символика социальная // Социологический словарь / отв. ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичёв. - М., 2014. - С. 413-414.

25 Кармин А.С., Новикова Е.С. Культурология. - СПб.: Питер, 2004. - 38 с.

26 Кассирер Э. Познание и действительность / пер. с нем.Б. Столпнера и П. Юшкевича. - М.: Гнозис, 2006. - 454 с.

27 Древнетюркский словарь / под ред. В.М. Наделяева, Д.М. Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М. Щербака. - Ленинград: Наука, 1969. - 676 с.

28 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы, 2005. – 272 б.

29 Соссюр Фердинанд де. Курс общей лингвистики. – М., 1999. – 296 с.

30 Сусов И.П. Введение в языкознание. - М.: Восток - Запад, 2006. - 382 с.

31 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.

32 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: МТДИ, 2010. - 608 б.

33 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 103 б.

34 Камешева Г.Қ. Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары: 10.02.02., филол. ғылым. канд... дис. – Астана, 2007. – 128 б.

35 Сатылғанқызы Ж.Әлем тілдерінің түбі бір. - 2017. https://mtdi.kz/rd/til_sayasaty/id/153/q/1 12.04.2024.

36 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Арыс, 2024. - 1021 б.

37 Хасенов Б. Гуманитарлық ғылымдағы ұлы жаңалық // «Серікбол Қондыбай және түркі мифологиясының зерттелуі» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2022. – Б. 167-181.

38 Бекмағанбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Қызылорда, 1999. - 157 б.

39 Лотман Ю.М. Символ в системе культуры // Избранные статьи. - М.; Таллинн: Александра, 1992. – Т. 1. – С. 191-199.

40 Тен Ю.П. Символ в межкультурной коммуникации: автореф. ...док.

- философ. наук: 09. 00. 13. - Ростов-на-Дону, 2008. - 46 с.
- 41 Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 400 б.
- 42 Темирбеков С. Введение в культурологию: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 453 с.
- 43 Daniel L. Дэниел Эверетт и лингвокультурология // Слово.ру: балтийский акцент. - 2017. - Т. 8, №3. - С. 94-103.
- 44 Уайт Л.А. Символ: Начало и основа человеческого поведения. Антология исследований культуры. Символическое поле культуры. «Культурология. XX век». – СПб.: Центр гуманитарных инициатив, 2011. – С. 173–188.
- 45 Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм: XV–XXIII вв. – М.: Весь мир, 2006. - Т. 2. – 105 с.
- 46 Крысько В.Г. Этнопсихологический словарь. - М.: МПСИ, 1999. - 122 с.
- 47 Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім; Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. - 509 б.
- 48 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 107 б.
- 49 Аюпов Н. Тенгрианство как открытое мировоззрение. – Алматы, 2012. – 356 с.
- 50 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / жалпы ред. басқарған э.ғ.д., проф. Е. Арын. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. - 569 б.
- 51 Межуев В.М. Идея культуры. Очерки по философии культуры. – М.: Прогресс-Традиция, 2006. – 408 с.
- 52 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 53 Bayadilova-Altybayeva A.B., Tektigul Zh., Sadykova S., Trusheva A., Orazova A. Language symbols for conveying culture // XLinguae. – 2023. – Vol. 16, №1. – P. 19-24.
- 54 Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: Высш. шк., 2005. – 310 с.
- 55 Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. - 1985. - №10. – Б. 13-26.
- 56 Дәңзидэма Будаева С.В. Язык как средство трансляции культуры в процессе межкультурной коммуникации // Научно-практический журнал «Гуманизация образования». Современные проблемы культурологии. – 2014. - №6. – Б. 26-46.
- 57 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 320 б.
- 58 Арын М. Бес анық / құрастырушы және жауапты шығарушы Е. Арын. – Павлодар, 2011. - 622 б.
- 59 Авакова Р. Фразеологиялық семантика. - Алматы, 2002. – 286 б.
- 60 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қаз.Университеті, 1999. –

309 б.

- 61 Волков А.А. Язык и мышление: Мировая загадка. - М., 2007. – 157 с.
- 62 Гарсия Д. Мировоззрение. Новая монадология. - Изд. 2-е, испр. и перераб. - М., 2004. – 169 с.
- 63 Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. - 344 б.
- 64 Темирбеков С. Введение в культурологию: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 453 с.
- 65 Буевич А. А. Код: понятие и его варианты в гуманитарных дисциплинах // Вестник МДПУ имени И. П. Шамякина. - 2014. - №2(43) <https://cyberleninka.ru/article/n/kod-ponyatie-i-ego-varianty-v-gumanitarnykh-distiplinah> 19.04.2025.
- 66 Лав Н. Когниция и языковой миф // *Studia Lingüistica Cognitiva*. Язык и познание: Методологические проблемы и перспективы. – М.: Гнозис, 2006. – Вып. 1. – С. 105–134.
- 67 Лотман Ю.М. Культура и взрыв // Семиосфера. – СПб.: Искусство, 2000. – 704 с.
- 68 Гукетлова Ф.Н. Зооморфный код культуры в языковой картине мира: дис. ...док. филол. наук: 10.02.20.– М., 2009. – 431 с.
- 69 Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира. Ин-т славяноведения и балканистики / отв. ред. В. Н. Топоров. – М.: Наука, 1990. – 207 с.
- 70 Толстой Н.И., Толстая С.М. О Словаре «Славянские древности». Славянские древности. – М.: Индрик, 1995. – С. 5-14.
- 71 Толстая С.М. Пространство слова. Лексическая семантика в общеславянской перспективе. – М.: Индрик, 2008. – 528 с. К понятию культурных кодов // Славянская этнолингвистика <http://ethnolinguistica-slavica.org> 19.04.2025.
- 72 Ковшова М.Л. Анализ фразеологизмов и коды культуры // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 2008. – Т. 67, №2. – С. 60–65.
- 73 Пименова М.В. Проблемы когнитивной лингвистики и концептуальных исследований на современном этапе // Ментальность и язык: коллективная монография / отв. ред. М. В. Пименова. Серия «Концептуальные исследования». – Кемерово: КемГУ, 2006. - Вып. 7. – 236 с.
- 74 Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М.: Гнозис, 2002. – 283 с.
- 75 Телия В.Н. От редактора // Фразеология в контексте культуры. – М.: Языки русской культуры, 1999. – С. 8–10.
- 76 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 321 б.
- 77 Барт Р. Основы семиологии // Структурализм: «за» и «против». – М.: Прогресс, 1975. – 178 с.
- 78 Мынбаева А.П., Кудасбекова А.Б. Лингвистикалық кеңістіктегі мәдени код пен тілдік код // Вестник Казнпу им. Абая, серия Филология». – 2020. -

№4(74). // <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.27> 12.04.2024.

79 Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Наука, 1996. – 288 с.

80 D'Andrade Roy G., Richard A., Shweder Robert A. Cultural Meaning Systems. LeVine. Cultural Theory. Essays on Mind, Self and Emotion. – Cambridge; L.; N.Y.; New Rochelle; Melbourne; Sydney: Cambridge University Press, 1984. – P. 88-115.

81 Селіванова О.О. Лінгвістична енциклопедія. – Полтава: Довкілля, 2010. – 769 с.

82 Толстая С.М. К понятию культурных кодов // Сборник статей к 60-летию А.К. Байбурина. – СПб.: Studia Ethnologica AB, 2007. – С. 23-31.

83 Кассирер Э. Логика наук о духе. Избранное. Опыт о человеке. - М.: Гардарики, 1998. - 784 с.

84 Лосев А.Ф. Знак. Символ. Миф. – М.: МГУ, 1982. – 682 с.

85 Фуко М. Слова и вещи. Археология гуманитарных наук / пер. с франц. В. Визгин, Н. Автономова. – М.: Прогресс, 1977. – 488 с.

86 Моррис Ч.У. Основания теории знаков // Семиотика. – М.: Радуга, 1983. – С. 45-98.

87 Гарсия Д. Мировоззрение. Новая монадология. - Изд. 2-е, испр. и перераб. - М., 2004. – 136 с.

88 Таңбалар әлеміндегі мәдени жарылыс., 2019 ж. <https://egemen.kz/article/213053-tanhbalar-alemindegi-madeni-dgarylys> 11.09.2024.

89 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

90 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. - 1896. - Вып. 3-4. – С. 277- 456.

91 Сүлейменов О. Язык письма. Взгляд в доисторию - о происхождении письменности и языка малого человечества. Тип книги: Букинистика. - 1998.

92 Мусаев А.Д. О происхождении древнетюркского рунического письма из родовых тамг // Астраханские краеведческие чтения. - Астрахань, 2011. - Вып. 3. - 338 с.

93 Ольховский В.С. Тамга (к функции знака). Историко- археологический альманах. - Армавир, 2001. - С. 5-86.

94 Аманжолов А.С. Генезис тюркского рунического алфавита. – Алматы: Мектеп, 2003. – 135 с.

95 Тектігүл Ж.О. Жазудың ақпараттық қарым-қатынасқа ықпалы // Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында өткізілген «Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция» халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті баспа орталығы, 2018. – 184 б.

96 Tektigul Zh., Bayadilova-Altybayeva A.B., Sadykova S., Iskindirova S., Kushkimbayeva A., Zhumagul D. Language is a Symbol System that carries Culture //

International Journal of Society. Culture & Language. – 2022. - Vol 1, №1. – 202 p.

97 Алимбаев А.Е. Көне түркі әдеби мұралары – мәңгілік ел идеясының жаршысы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2019. - №1. – Б. 190-196.

98 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. - Алматы: Санат, 1996. - 127 б.

99 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: “Аруна Ltd” ЖШС, 2005. – 133 б.

100 Қазақ елінің байырғы жазу таңбалары., 2013ж. <https://e-history.kz/kz/historical-education/show/12828> 11.01.2024.

101 Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы, 2007. – 114 б.

102 Қасиманов С. Қазақ халқының кол өнері. - Алматы: Қазақстан, 1969. – Б. 39-42.

103 Ешметова Б.Б. Көне ру таңбаларының идеографиядағы орны. Шығыс өркениеті контексіндегі түркі әлемінің мұрасы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / жауапты ред. Д.Т. Көптілеуова. – Алматы, 2012. – 356 б.

104 Салғарин Қ. Қазақтың қилы тарихы. - Алматы, 1992. – 109 б.

105 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алматы, 1959. – 138 с.

106 Марғұлан Ә. Найман, керей, оңгіттердің жазулары // Ақиқат. – 1993. - №7. – Б. 70-76.

107 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. - Ташкент, 1925.

108 Востров В.В., Мұқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. - Алматы, 1968. – 91 б.

109 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 344 б.

110 Тулумбаев В.З. Башкирские тамги и их названия: Лингвистическое исследование: автореф. ...канд. филол. наук: 10.02.02. - Уфа, 2001. - 28 с.

111 Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері: оқу құралы. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. - 536 б.

112 Тынышпаев М. История казахского народа / составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. - Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. - 224 с.

113 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп» баспасы, 1971. - 272 б.

114 Российский гуманитарный энциклопедический словарь.https://humanities_dictionary.academic.ru/1258 18.04.2024.

115 Котлер Ф. Маркетинг менеджмент. – Алматы, 2000. - 417 с.

116 "Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе" - Тоқаев ұлттық киім туралы. 2023. // <https://massaget.kz/news/tek-merekede-emes-udayyi-kip-jurse-tokaev-ulttyik-kim-81229/> 13.02.2024.

117 Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің басымдықтарын айқындап берді., 2022. // <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halky-assambleyasy-kyzmetinin-basymdyktaryn-aykyndap-berdi-2934340> 01.03.2024.

118 "Clothes Make People (Kleider machen Leute)" by Gottfried Keller (1874) - one of the most famous German-language stories now available in English,. 2018. // <https://www.prosperosisle.org/spip.php?article907#:~:text=In%20addition%20to%20its%20quite,thirties%20or%20forties%20of%20that> 19.04.2024.

119 Михайлова М.Н. История надписей // http://vk.com/club_48531783/ 11.07.2024.

120 Васильев А.А. История надписи на одежде. - Минск, 2009. - 352 с.

121 ИONOBA O.E. Социальное конструирование смыслов в теории координированного управления смыслообразованием: автореф. ...канд. социол. наук: 22.00.01., М., 2010. – 33 с.

122 Efremova A.E. "Talking" clothing as a new way of communication: the manifestation of English language in Russian postmodernism reality // Neophilology. - 2022. - Vol. 8, №3. - P. 652-662.


ҚОСЫМША А

Сауалнама 1

Бірінші сауалнама сұрақтарының мәтіні

1. Ұлттық рухани (тіл, әдебиет, бейнелеу өнері, дін) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз?
2. Ұлттық материалдық (әдет-ғұрып, салт- дәстүр, шаруашылық жүргізу) мәдениетімізді көрсететін қандай таңбаларды (тілдік таңба, символ) атар едіңіз?
3. Өз руыңыздың таңбасын білесіз бе? Егер де өз руыңыздың білсеңіз, оны атай аласызба? Оның мағынасын білесізбе?
4. «Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында қандай байланыс, ұқсастық бар деп ойлайсыз? Ондай ұқсастық пен байланысты қандай белгілері арқылы анықтауға болады?»
5. «Мәдени код» деген ұғымды қалай түсінесіз?
6. «Тілдік код» деген ұғымды қалай түсінесіз?

ҚОСЫМША Ә



Сурет Ә.1 - Сауалнаманың 1-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Б



Сурет Б.1 - Сауалнаманың 2-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі


ҚОСЫМША В



Сурет В.1 - Сауалнаманың 3-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі.

ҚОСЫМША Г

4-сұрақ. Рулық таңбалар мен руникалық жазбалар арасында қандай байланыс, ұқсастық бар деп ойлайсыз? Ондай ұқсастық пен байланысты қандай белгілері арқылы анықтауға болады?



Сурет Г.1 - Сауалнаманың 4-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Ғ



Сурет Ғ.1 - Сауалнаманың 5-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі.

ҚОСЫМША Д



Сурет Д.1 - Сауалнаманың 6-шы сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Е

Сауалнама 2

«Ұлттық сезім» бастамасы негізінде ұйымдастырылған сауалнама сұрақтарының мәтіні:

1. Жасыңыз/Возраст/Age

2. Жынысыңыз/Пол/Sex

3. "Қай елдің өкілісіз?/ Төмендегі жауаптарыңыз қай елдің мәдениетіне жатады?/Представителем какой страны вы являетесь?/К культуре какой страны относятся ваши ответы, приведенные ниже?/Which country do you represent?/For which country's culture do your answers below pertain?

4. Сіздің ұлтыңыз қандай?/Какая у вас национальность?/What is your nationality?/

5. Киімдерде қолданылатын қандай жазуларды білесіз? Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің қандай түрлерімен таныссыз? /Какие надписи вы знаете, используемые на одежде?/What kind of inscriptions used on clothes do you know ?/ С какими типами надписей или символов вы знакомы, такими как логотипы, слова или фразы на одежде?/ What types of inscriptions or symbols on clothes, such as logos, words or phrases, are you familiar with?


6. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілер қандай мақсат немесе мағына бар деп ойлайсыз? (өз ойларыңызды білдіріңіз)/Как вы думаете, каковы цели или значения, стоящие за рисунками или маркировкой, такими как логотипы, слова или фразы на одежде? (выразите свои мысли)/Do you think what are the purposes or meanings behind designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing? (express your thoughts)

7. Сіздің киіміңізде қандай да бір жазулар бар ма? > > Логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулардың немесе белгілердің қандай түрлері сіздің киіміңізде бар?/ Есть ли какие-нибудь надписи на вашей одежде? >> Какие типы рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы, есть на вашей одежде? /Do you have any inscriptions on your clothes? >> What do you typically wear?

8. Сіз киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұнына назар аударасыз ба?/Обращаете ли вы внимание на содержание рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы на одежде?/Do you pay attention to the content of designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing?


9. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұны сіздің мәдениетіңізді көрсете алады деп ойлайсыз ба?(өз ойларыңызды білдіріңіз)/Считаете ли вы, что содержание рисунков или маркировок, таких как логотипы, слова или фразы на одежде, может отражать вашу культуру?(выразите свои мысли)/Do you think the content of designs or markings, such as logos, words, or phrases on clothing can reflect culture?(express your thoughts) ".

ҚОСЫМША Ж



Сурет Ж.1 - Сауалнаманың 1-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі


ҚОСЫМША 3



Сурет 3.1 - Сауалнаманың 2-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі


ҚОСЫМША II

3-сұрақ. Кай елдің өкілісіз?/ Төмендегі жауаптарыңыз қай елдің мәдениетіне жатады?/ Представителем какой страны вы являетесь?/ К культуре какой страны относятся ваши ответы, приведенные ниже?/ Which country do you represent?/ For which country's culture do you



Сурет И.1 - Сауалнаманың 3-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі


ҚОСЫМША К



Сурет К.1 - Сауалнаманың 4-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Қ


5-сұрақ. Киімдерде қолданылатын қандай жазуларды білесіз? Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің қандай түрлерімен таныссыз? /



Сурет Қ.1 - Сауалнаманың 5-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі.


ҚОСЫМША Л

6-сұрақ. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілер қандай мақсат немесе мағына бар деп ойлайсыз? (өз ойларыңызды білдіріңіз)/



Сурет Л.1 - Сауалнаманың 6-шы сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі


ҚОСЫМША М



Сурет М.1 - Сауалнаманың 7-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Н


8-сұрақ. Сіз киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұнына назар аударасыз ба?



Сурет Н.1 - Сауалнаманың 8-ші сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі

ҚОСЫМША Ң

9- сұрақ. Киімдегі логотиптер, сөздер немесе сөз тіркестері сияқты жазулар немесе белгілердің мазмұны сіздің мәдениетіңізді көрсете алады деп ойлайсыз ба? (өз ойларыңызды білдіріңіз)



Сурет Ң.1 - Сауалнаманың 9-шы сұрағына берілген жауаптарының диаграммадағы пайыздық көрінісі